

Алғысөз

Құрметті сатып алушы! Таңдап алған CHANGAN автокөлігіңіз құтты болсын! Сізді CHANGAN маркасын қалайтын клиенттеріміздің қатарынан көргенімізге қуаныштымыз. Әр шығарылған CHANGAN автокөлігінің озық инженерлік технологиялары мен жоғары конструкциясы – біздің зор мақтанышымыз.


Бұл нұсқаулық сізге жаңа CHANGAN автокөлігіңіздің функцияларын таныстырады және оны пайдалануға әрі техникалық қызмет көрсетуге көмектеседі. Бұл нұсқаулықпен мұқият танысып шығыңыз, өйткені онда берілген ақпарат сізге көлікті жүргізуден максималды ләззат алуға мүмкіндік береді.

Пайдалану нұсқаулығы басылымға жіберілген сәтте өзекті болды. Алайда Changan Automobile клиент қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында өнімді және/немесе нұсқаулықты үздіксіз дамытып әрі жақсартып отырады. Сондықтан алдын ала ескертпестен, қажетіне қарай осы нұсқаулыққа өзгертулер енгізіп отыру құқығын сақтап қаламыз. Өз автокөлігіңіздің сипаттамасы мен конфигурациясын басқа нұсқаулықтардың мазмұнымен салыстырып, солардың айырмашылығы негізінде өтемақы талап етпеуіңізді сұраймыз. Changan Automobile Co., Ltd. пайдалану нұсқаулығының авторлық құқық иесі және бұл нұсқаулыққа түсінік беру құқығын сақтап қалады. Компанияның қағаз жүзіндегі рұқсатынсыз нұсқаулықтың ешқандай бөлімін қолдануға немесе кез келген мәтінде, соның ішінде жекелеген дәйексөздерді немесе басқа да басылымдар мен материалдардағы дәйексөздерді көрсетуге болмайды.

Өндіруші автокөлігіңізге техникалық қызметті CHANGAN өкілетті сервис орталығында көрсетуге кеңес береді. Сапарыңыз сәтті болсын!




© Chongqing Changan Automobile Co., Ltd.
Қыркүйек 2024 ж.



1 Капот	7 Электр әйнеккөтергіші бар терезе	13 Айнала шолу жүйесінің бұйырлық камерасы
2 Алдыңғы тұрақ радары	8 Шығатын есік тұтқасы	14 Жарықдиодты фара (таяу/шалғай жарық)
3 Күндізгі жүріс жарығы	9 Отын құю аузының люгі	15 Алдыңғы сүйреу құлақшасына арналған саңылау қақпағы
4 Алдыңғы әйнектазартқыш	10 Шиналы тұтас дөңгелек	16 Айнала шолу жүйесінің алдыңғы камерасы
5 Панорамалы төбе	11 Қаңқасыз есік	
6 Сыртқы артқы көрініс айнасы	12 Металл түстес күңгірт әрleme	



- | | | |
|---------------------------------|--|------------------------------------|
| [17] Star flame артқы тұтас шам | [20] Айнала шолу жүйесінің артқы камерасы | [23] Электржетекті жүксалғыш есігі |
| [18] Артқы өйнектазартқыш | [21] Тұманға қарсы артқы шам | [24] Артқы тұрақ радары |
| [19] Қосымша спот-сигнал | [22] Нөмір белгісінің көмескі жарығының шамы | |



- | | | |
|--|--|---|
| 1 Автокөлік есігін іштен ашу түймесі | 8 Алдыңғы төбе шырағы | 15 Электр айнеккөтергіштің ауыстырып қосқышы |
| 2 Ауа дефлекторы | 9 Апаттық жарық сигналын беру жүйесінің ажыратқышы | 16 Орталық құлыптың ауыстырып қосқышы |
| 3 Құнқағар | 10 Руль астындағы ауыстырып қосқыш | 17 Көп функциялы руль |
| 4 Ұсақ-түйек тартпасы | 11 Шынайы көрініспен толықтырылған проекциялық дисплей | 18 Сымсыз зарядтау панелі |
| 5 Ортаңғы дисплей | 12 Құнқағар | 19 Шынтақаяныштағы ұсақ-түйек бөлімін ашу түймесі |
| 6 Ішкі артқы көрініс айнасы | 13 Көп функциялы рульдегі басқару түймелері | 20 Стақанқойғыш |
| 7 Электржетекті құнқағар қалқа ауыстырып қосқышы | 14 Динамик | |

Бақылау шамдары мен индикаторлар

Шанақ жабдығының индикаторлары

-  Таяу жарықтың қосылу индикаторы
-  Габарит шамдарының қосылу индикаторы
-  Сол жақ бұрылыс көрсеткішінің индикаторы

-  Шалғай жарықтың қосылу индикаторы
-  Артқы тұман шамының қосылу индикаторы
-  Оң жақ бұрылыс көрсеткішінің индикаторы

Күш қондырғысының индикаторлары

-  Автокөліктің қозғалысқа дайындығының индикаторы
-  Зарядтау құрылғысының жалғану индикаторы
-  Тартқыш батарея зарядының төмен деңгейінің индикаторы
-  Күш қондырғысының ақаулығының бақылау шамы
-  Күш қондырғысының қуатын шектеу бақылау шамы

-  Аккумулятор батареясының бақылау шамы
-  Зарядталу күйінің индикаторы
-  Тартқыш электрқозғалтқыштың бақылау шамы
-  Тартқыш аккумулятор батареясының бақылау шамы

Шасси жүйесінің индикаторлары

-  ABS жүйесіндегі ақаудың бақылау шамы
-  Шинадағы қысымның бақылау шамы

-  Электрлі тұрақ тежегішінің (EPB) бақылау шамы
-  Тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің бақылау шамы

 Қауіпсіздік жастықтары жүйесіндегі ақаудың бақылау шамы

 Тұрақтылықты динамикалық бақылау жүйесінің өшу индикаторы

 Электрлі руль күшейткішіндегі (EPS) ақаудың бақылау шамы

 Еңістігі қозғалысты бақылау жүйесіндегі (HDC) ақаудың бақылау шамы

Жүргізушіге көмектесетін интеллектуалды жүйелердің индикаторлары

 Көзден таса аймақтарды бақылау жүйесінің (BSD) индикаторы

 Жол белгісінің индикаторы

 Ескертуші белгінің индикаторы

 Қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту жүйесінің (LDW) индикаторы

 Автоматты шұғыл тежеу жүйесінің (AEB) индикаторы

 Фаралар жарығын автоматты түрде ауыстырып қосу жүйесінің индикаторы

 80 Бейімделетін круиз-контроль (ACC) индикаторы

 Электрлі тұрақ тежегішінің (EPB) индикаторы

 Тұрақтылықты динамикалық бақылау жүйесінің қосылу индикаторы

 Тежеу жүйесіндегі ақаудың бақылау шамы

 Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының индикаторы

 80 Круиз-контроль индикаторы (CC)

 Тыйым салушы белгінің индикаторы

 Максималды жылдамдықты шектеу аймағының соңы белгісінің индикаторы

 Бағдаршам индикаторы

 Автоматты түрде күрт тежеу жүйесінің (AEB) ажырау индикаторы

 Біріктірілген бейімделетін круиз-контроль (IACC) индикаторы

Мазмұны

ЖҮРГІЗУ АЛДЫНДАҒЫ ДАЙЫНДЫҚ1

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ.....1

Пайдалану нұсқаулығы	1
ҚОЗҒАЛЫСТЫ БАСТАУ АЛДЫНДАҒЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ	6
ЖОҒАРЫ КЕРНЕУГЕ ҚАТЫСТЫ ҚАУІПСІЗДІК БЕЛГІЛЕРІ	
МЕН ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ.....	7

АВТОКӨЛІК КІЛТІ.....9

Кілт туралы жалпы мәлімет	9
Механикалық кілт	9
Мобильді телефонның BLUETOOTH-кілті	10
Электрондық кілт.....	10
Кілтсіз кіру жүйесі.....	13

АВТОКӨЛІКТІ ОТАЛДЫРУ ЖӘНЕ СӨНДІРУ17

АВТОКӨЛІК ҚУАТЫН ҚОСУ / АВТОКӨЛІКТІ ОТАЛДЫРУ /	
АВТОКӨЛІК ҚУАТЫН СӨНДІРУ	17
Орталық құлып жүйесі.....	19
Балалардың есікті ашуынан қорғау құрылғысы ..	22
Соқтығысу кезінде есік құлыптарын ашу.....	22

ҚОЗҒАЛЫС КЕЗІНДЕ АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ ҚҰЛЫПТАУ	22
ЭЛЕКТР ӘЙНЕККӨТЕРГІШ ЖҮЙЕСІ	23
ЭЛЕКТРЖЕТЕКТІ КҮНҚАҒАР ҚАЛҚА	27
АЛДЫҒЫ БӨЛІК КАПОТЫ	32
ЖҮКСАЛҒЫШ ЕСІГІ	33

САЛОН ЖАБДЫҒЫ..... 38

КҮНҚАҒАР.....	38
ҰСАҚ-ТҮЙЕК ТАРТПАСЫ.....	38
Орталық консольдегі шынтақтаяныш	39
Алдыңғы жүксалғыш	39
ЭЛЕКТР ҚУАТЫНЫҢ РОЗЕТКАСЫ.....	40
USB-АҒЫТПАЛАР	41
Мобильді телефонды сымсыз зарядтау	42

ОРТАЛЫҚ ДИСПЛЕЙ..... 45

ИНТЕРФЕЙС ЭКРАНЫ.....	45
ТЕЗ РЕТТЕУ ТАҚТАСЫНЫҢ БАСҚАРУ ЭЛЕМЕНТТЕРІ.....	46
БАПТАУЛАР	46
ЭКРАНДЫ БҰРУ.....	47

КЛИМАТ-КОНТРОЛЬ ЖҮЙЕСІ 49

НЕГІЗГІ БАСҚАРУ ОПЕРАЦИЯЛАРЫ.....	49
-----------------------------------	----

ДЕФЛЕКТОРЛАРДЫ ЭЛЕКТРЛІ РЕТТЕУ ✖	54	БАТПАҚ ЖОЛМЕН ҚОЗҒАЛУ	109
АРТҚЫ СЕНСОРЛЫ ЭКРАН.....	56	БЕТКЕЙЛЕРМЕН ҚОЗҒАЛЫС	109
Артқы сенсорлы экран	56	ЖҮРІС РЕЖИМІН ТАҢДАУ	110
ЖҮРГІЗУ ҚАУІПСІЗДІГІ	59	РУЛЬ ДӨҢГЕЛЕГІ ЖӘНЕ СЕЛЕКТОР	
Орындықтар	59	ТҰТҚАСЫНЫҢ КҮЙІ	112
Қауіпсіздік белбеулері	66	Руль	112
Қауіпсіздік жастықтары	75	Селекторды ауыстырып қосу	114
Балалардың қауіпсіздігі.....	90	ӘЙНЕКТАЗАРТҚЫШТАР ЖӘНЕ АРТҚЫ КӨРІНІС	
ДАУЫСТЫҚ КӨМЕКШІ.....	99	АЙНАЛАРЫ.....	117
СЦЕНАРИЙЛЕР.....	99	Әйнектазартқыш және әйнекжуғыш	117
МИКРОЯДРОЛЫҚ ЖОҒАРЫ ЖИІЛІКТІ		Сыртқы артқы көрініс айналары	119
ИМПУЛЬСТІ ҚЫЗДЫРУ	105	Ішкі артқы көрініс айнасы.....	123
АВТОКӨЛІКТІ ЖҮРГІЗУ	107	АВТОКӨЛІКТІҢ КҮЙІ ЖӘНЕ ЖАРЫҚТЫ БАСҚАРУ	
ЖҮРГІЗУ БОЙЫНША КЕҢЕСТЕР.....	107		124
Жоғары жылдамдықпен қозғалу	107	Автокөліктің күйі	124
Тәуліктің қараңғы мезгілінде жүргізу	107	Дыбыстық ескертулер мен нұсқамалар.....	125
Жаңбырлы ауа райында жүргізу	107	Сыртқы жарықтар	126
Су кедергісін еңсеру	108	Салон жарығы.....	129
		ВИЗУАЛДЫ ҚОСАЛҚЫ ЖҮЙЕ	130

Қосымша шынайылықтың проекциялық дисплейі	130
Айнала шолу жүйесі	132
АВТОКӨЛІКТІ ТҰРАҚҚА ҚОЮ ЖӘНЕ БАСҚАРУ	
КЕЗІНДЕГІ КӨМЕК	134
Алдыңғы және артқы дискілі тежегіштер	134
Электрлі тұрақ тежегіші (EPB)	135
Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесі (AUTO HOLD).....	138
Тежегішті блоктау жүйесі (ABS)	140
Бағыт тұрақтылығын сақтайтын электрондық жүйе (ESR)	140
Тежеу күшін бөлудің электрондық жүйесі (EBD)	141
Бос айнарудан сақтау жүйесі (TCS)	141
Өрге қозғалысты бастауға көмектесетін жүйе (HNC).....	141
Еңістен түсуге көмектесетін жүйе (HDC).....	142
Жайлы тоқтау (CST).....	142
Рульмен басқаруды электрлі күшейткіш (EPS) ..	142
КРУИЗ-КОНТРОЛЬ	144

Бейімделетін круиз-контроль (ACC)	144
Кіріктірілген бейімделетін круиз-контроль (IACC)	159
ҚОСАЛҚЫ ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕЛЕРІ	176
Автоматты шұғыл тежеу жүйесі (АЕВ)	176
Артқы жүріспен қозғалу кезіндегі шұғыл тежеу жүйесі (RCTB)	183
Қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту жүйесі (LDWS).....	186
Арттан соқтығысу туралы ескерту жүйесі (RCW)	192
Жол қатарын қатаң сақтау жүйесі (ELKS)	201
Цифрлық бейнежазғыш.....	204
ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕРДІ ҚҰЛАҚТАНДЫРУДЫҢ	
АКУСТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ	206
АВТОКӨЛІКТІ ЗАРЯДТАУ ЖӘНЕ ЗАРЯДЫНЫҢ	
БІТУІ	208
ЗАРЯДТАУ ЖӘНЕ ЗАРЯДЫНЫҢ БІТУІ.....	208
Баяу зарядтау	208
Тез зарядтау.....	211

ЗАРЯДТАУ ТОГЫН РЕТТЕУ	213	АУАНЫ КОНДИЦИЯЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ СҮЗГІСІН АУЫСТЫРУ	239
АВТОКӨЛІКТІҢ ҚУАТЫН СЫРТҚЫ ТҰТЫНУШЫМЕН БОСАТУ	214		
КҮТІМ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ	217	ЖҰМЫСТЫҚ СҰЙЫҚТЫҚТАРҒА АРНАЛҒАН БАҚТАР	240
МЕРЗІМДІК ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ КЕСТЕСІ	217	Салқындату сұйықтығы	240
БАҚЫЛАУ ТІЗІМІ	221	Тежегіш сұйықтығы	241
Техникалық қызмет көрсету кезіндегі сақтық шаралары	221	Әйнекжуғыш сұйықтығы	242
Тартқыш аккумуляторлық батареяға қызмет көрсету	223	ЭЛЕКТР ЖАБДЫҒЫ	244
Тұрақта ұзақ уақыт тұру	224	Сақтандырғыштар блогы	244
Ай сайынғы тексеру	224	Аккумулятор батареясы	245
Күнделікті тексеру	225	ДӨҢГЕЛЕКТЕР МЕН ШИНАЛАР	247
АВТОКӨЛІКТІ ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ ОҒАН КҮТІМ ЖАСАУ	227	Шиналар	248
Шанақ және сыртқы бөлшектер	227	Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPMS)	253
Жарық	235	Дөңгелектер	257
Әйнектазартқыш щеткалары	236	ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДАҒЫ ІС-ӘРЕКЕТТЕР 258	
		Төтенше қызметтерді шақыру жүйесі (ECALL) *	258

АПАТТЫҚ СИГНАЛ БЕРУ ЖҮЙЕСІ ЖӨНЕ ҚҰРАЛДАР ЖИНАҒЫ	259
АВТОКӨЛІКТІ СҮЙРЕТУ	260
ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫ СЫРТҚЫ ҚОРЕК КӨЗІНЕН ОТАЛДЫРУ	265
АВТОКӨЛІКТІ КӨТЕРУ ЖӨНЕ ДОМКРАТПЕН КӨТЕРУ	266
АВТОКӨЛІК СИПАТТАМАЛАРЫ	269
АВТОКӨЛІК ТАҢБАЛАСЫ	269
ЭЛЕКТР ЖЕТЕКТІҢ МОДЕЛІ МЕН СЕРИЯЛЫҚ НӨМІРІ ...	269
ТӨЛҚҰЖАТТЫҚ ТАҚТАЙША	269
АВТОКӨЛІКТІҢ СӘЙКЕСТЕНДІРУ НӨМІРІ (VIN)	269
ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР	271
ӨЛШЕМДЕРІ	271
АВТОКӨЛІК МАССАСЫ	273
АВТОКӨЛІКТІҢ ПАЙДАЛАНУШЫЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ	273
ЖҰМЫСТЫҚ СҰЙЫҚТЫҚТАР МЕН МАЙЛАУ МАТЕРИАЛДАРЫ	274
ЭЛЕКТРЛІ ЖЕТЕКТІҢ СИПАТТАМАЛАРЫ	275
ТАРТҚЫШ АККУМУЛЯТОР БАТАРЕЯСЫНЫҢ СИПАТТАМАЛАРЫ	275
ДӨҢГЕЛЕКТЕР МЕН ШИНАЛАРДЫҢ СИПАТТАМАЛАРЫ	276

ОҚИҒАЛАР ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР ТІРКЕГІШІ (EDR)	277
ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР ТІЗІМІ	278
АПАТТЫҚ-ҚҰТҚАРУ ЖҰМЫСТАРЫ КЕЗІНДЕ ШАНАҚТЫ КЕСУ АЙМАҚТАРЫ	281

Жүргізу алдындағы дайындық

Сақтық шаралары

Пайдалану нұсқаулығы

Өз автокөлігіңіздің сипаттамасы мен конфигурациясын басқа нұсқаулықтардың мазмұнымен салыстырып, солардың айырмашылығы негізінде өтемақы талап етпеуіңізді сұраймыз. Біз қажеттілікке қарай нұсқаулыққа өзгертулер енгізу құқығын сақтап қаламыз және өзгертулері енгізілген осы нұсқаулықтың баспа нұсқасын жеке ұсынбаймыз (соңғы жаңартылған нұсқалар осы нұсқаулықтың электрондық нұсқасына негізделетін болады).

Компанияның қағаз жүзіндегі рұқсатынсыз нұсқаулықтың ешқандай бөлімін қолдануға немесе кез келген мәтінде, соның ішінде жекелеген дәйексөздерді немесе басқа да басылымдар мен материалдардағы дәйексөздерді көрсетуге болмайды.

Автокөлікті пайдаланғанда және жүргізгенде автокөлік пайдаланылатын елдегі заңдар мен ережелерді сақтаңыз.

Автокөлікті сатқанда немесе оны үшінші тұлғаға басқару үшін табыстағанда автокөліктің жаңа иесіне автокөлікпен бірге осы нұсқаулықты да табыстаңыз. Бұл нұсқаулық автокөліктің ажырамас бөлігі саналады.

Бұл нұсқаулықты мұқият әрі толық оқып шығып, «Қауіпті», «Ескерту»

және «Назар аударыңыз» деген тақырыпшалар астындағы мәліметтерге айрықша көңіл бөліңіз, себебі олар сізге жарақат алу және автокөлікті зақымдау ықтималдығын барынша азайтуға көмектеседі.



«ҚАУІПТІ» бөлімінде берілген нұсқауларды сақтамау салдары ауыр жарақаттарға немесе өлімге жетелеуі мүмкін. Жарақат алу немесе өлім қаупін болдырмау немесе азайту үшін берілген нұсқауларды қатаң орындау керек.

 Ескерту

Автокөліктің және/немесе оның жабдығының бүліну қаупін болдырмау үшін «ЕСКЕРТУ» бөліміндегі нұсқауларды орындаңыз. Автокөліктің және/немесе оның жабдығының бүліну қаупін болдырмау үшін «ЕСКЕРТУ» бөліміндегі нұсқауларды орындаңыз.

 Ескертпе

Бұл бөлімде автокөлікті пайдалануды және оған қызмет көрсетуді жеңілдетуге қажетті қосымша пайдалы мәліметтер келтірілген.

⊘ Бұл белгі «Мұны істемеңіз», немесе «Оған жол бермеңіз», немесе «Бұлай жасауға қатаң тыйым салынады!» дегенді білдіреді.

⚠ Бұл белгі «Қауіпті! Жоғары кернеу! Электр тогы соғуы мүмкін! Бөлшектеуге қатаң тыйым салынады! Техникалық қызметті тек мамандар көрсетуге тиіс!»

 Ескертпе

Өрлеменің ішкі панельдері су өткізбейтін материал болмағандықтан, автокөлікті пайдалану кезінде ылғалдың кіруіне мүлдем жол беруге болмайды. Әсіресе, әйнекке үлдір жапсырғанда, салонды тазалағанда, сұйықтығы бар

ашық ыдыстарды орналастырғанда және т.с.с. кездерде ішкі электрондықтық блоктарға ылғалдың кіруіне жол бермеу шараларын қолдану керек, өйткені бұл автокөлікте ақау тудыруы мүмкін.

 Ескерту

- Автокөліктен шыққанда, қозғалтқышты сөндіріп, есіктерді құлыптамас бұрын, селектор тұтқасы тұраққа қою (P) қалпында тұрғанын тексеріп алыңыз.
- Автокөлік жүруге дайын күйде тұрғанда, оны ешбір жағдайда қараусыз қалдырмаңыз. Автокөліктің жүруге дайын тұрғанын аспаптар

тақтасындағы индикаторынан READY байқауға болады.

- Еркін қозғалыс кезінде энергияны рекуперациялау функциясымен қамтамасыз етілетін тежеу күші аккумулятор батареясының заряд деңгейі артқан сайын азая береді. Заряд деңгейі 100 %-ға жеткенде, энергияны рекуперациялау функциясы ажырайды. Созылмалы ылдилар алдында жылдамдықты баяулатыңыз.
- Егер Changan Automobile өкілетті сервис орталығының мамандары диагностикалау кезінде электр тогының жылыстағанын анықтаса, электр тогының соғу қаупін

болдырмау үшін автокөлікті пайдалануды тоқтатыңыз.



Қауіпті

Жоғары вольтті жүйеде және жоғары вольтті тартқыш аккумулятор батареясында жасалатын кез келген жұмыстар осы автокөлік үшін орнатылған стандарттар мен қағидаларға сай жүзеге асырылуы керек.

Автокөліктің кенеттен сөніп қалуын болдырмау үшін автокөлік кілттерін автокөліктен тыс жерде сақтаңыз (әсіресе бұл иммобилайзері/кілтсіз оталдыру жүйесі бар автокөліктерге қатысты).

Өрт шыққан жағдайда қауіпті аймақтан кетіңіз, өрт қызметіне қоңырау шалып, автокөлік өртеніп жатқанын хабарлаңыз.

Автокөлік тартқыш аккумулятор батареясымен жабдықталғанын құтқарушыларға міндетті түрде айтыңыз.

Аксессуарлар, бөлшектер модификациялар

қосалқы
және

Автокөлік құрылғысын өзгертпеңіз. Бұның салдары автокөлікті басқаруға, динамикалық сипаттамаларына, қауіпсіздігіне және қызмет ету мерзіміне теріс әсерін тигізуі мүмкін, сондай-ақ заңды бұзуы мүмкін. Өндірушінің кепілдік міндеттемелері автокөліктің құрылымына қолдан

өзгерту енгізуден туындаған пайдалану сипаттамаларының кез келген істен шығуына, бұзылуына және ақауына қолданылмайды.

Автокөліктің бөлшектерін айырбастағанда, біздің компания ұсынатын түпнұсқа қосалқы бөлшектерді пайдаланыңыз. Кері жағдайда автокөлікке берілген кепілдіктің күші жойылады.

Автокөлікті және тартқыш аккумулятор батареясын кәдеге жарату

Автокөлікті кәдеге жарату қажет болған жағдайда міндетті түрде Changan Automobile өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Тартқыш аккумулятор батареясы — литий-ионды батарея, оны қалдықтарды қайта өңдеуге маманданған компания кәдеге жаратуы керек.

Тартқыш батареяны жөндеу немесе ауыстыру қажет болғанда тартқыш аккумулятор батареяларын жөндеуге және ауыстыруға тиісті мүмкіндіктері бар сатудан кейін қызмет көрсетуші сервис

орталығына жүгіну керек. Автокөлікті кәдеге жарату мерзімі жеткенде, оны автокөліктерді кәдеге жаратуға маманданған кәсіпорынға тартқыш батареяны бөлшектеу үшін өткізу керек. Тартқыш батареяның иесі (аккумулятор батареяларын жалға беретін компания және басқа да пайдаланушы ұйымдар) батареяны арнаулы қайта өңдеу орындарына өткізуге тиіс. Батарея иесі батареяны басқа ұйымдарға немесе жеке тұлғаларға бергенде, өндірушінің рұқсатынсыз шешкенде немесе бөлшектенгенде (өйткені қоршаған орта ластанады немесе жазатайым оқиғалар орын алады) өз мойнына жауапкершілік алады.

Белгілеуі

Белгілеуі	Ашып жазу	Белгілеуі	Ашып жазу
л	литр	А	ампер
мл	миллилитр	В	вольт
км	километр	Вт	ватт
м	метр	кГц	килогерц
см	сантиметр	кПа	килопаскаль
мм	миллиметр	кВт-с	киловатт-сағат
мин	минут	кВт / айн/мин	бір минут ішіндегі айналым кезіндегі киловатт
с	секунд	°С	Цельсий градусы
мс	миллисекунд	%	пайыз
кг	килограмм	Н·м	ньютон-метр
км/сағ	километр/сағат	(°)	градус
айн/мин	айналым/минут	(')	минут

Қозғалысты бастау алдындағы сақтық шаралары

Автокөлікке отырмас бұрын

- Барлық терезе, сыртқы және жарықтандыру аспаптары таза екеніне көз жеткізіңіз
- Шинада зақымданған жердің және протекторда қыстырылып қалған бөгде заттардың бар-жоғын тексеріп шығыңыз. Шиналарда қысымның нормаға сәйкес келетінін тексеріңіз.
- Артқа жүрмес бұрын, автокөліктің артында кедергілер жоқ екенін тексеріп алыңыз.
- Тежегіш және салқындатқыш сұйықтықтың деңгейі нормаға сәйкес келетінін тексеріңіз.

Автокөлікті алдында

- Автокөлікке отырып, барлық есікті құлыптаңыз.
- Дұрыс отыру үшін орындықтың, арқалықтың және бассүйегіштің қалпын реттеңіз.
- Сыртқы артқы көрініс айналарын қажетті күйге орнатыңыз.
- Салондағы барлық жолаушының қауіпсіздік белбеуін таққанына көз жеткізіп алыңыз.
- Автокөліктің қуат көзін қосқанда, орталық дисплейде қандай да бір бақылау шамы жанып тұрғанын тексеріп алыңыз.

оталдыру

Автокөлікті кейін

- Автокөлік қозғалысы кезінде тежегіш педалін басқанда бөтен дыбыстар естілсе (қатты үйкелген дыбыс, металдың қажалған дыбысы), дереу маңайдағы Changan Automobile өкілетті сервис орталығына барып тексертіңіз.

Тартқыш аккумулятор батареясын пайдалану кезіндегі сақтық шаралары

- Тартқыш батарея автокөлік шанағының астында орналасқан. Ой-шұңқырлы жерлермен жүргенде автокөліктің астын жолдың қырларына сырып алмас үшін және тартқыш батареяны зақымдамас үшін көлікті абайлап жүргізіңіз.

- Қызмет ету мерзімін ұзарту тартқыш батареяның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында зарядтау тогы батареяның заряды температурасына байланысты реттеледі, сәйкесінше зарядтау ұзақтығы да өзгереді.
- Қалыпты жағдайдағы тартқыш батареяның зарядына жүргізу мәнері, жол жағдайлары, температура және автокөліктің қосулы электрспаптарының саны сияқты факторлар әсер етеді, олар өз кезегінде, электр тарту күшінің жүріс қорының артуына немесе кемуіне алып келеді.
- Батареяның химиялық қасиеттеріне байланысты оның сыйымдылығы пайдалану уақыты өткен сайын төмендейді, сәйкесінше электр


тарту күшінің жүріс қоры да қысқарады. Бұл қалыпты жағдай. Электр тарту күшінің жүріс қоры білінбей қысқаратын болса, Changan Automobile өкілетті сервис орталығына хабарласып, оның қалыпты қысқару диапазоны шегінде тұрғанына көз жеткізіп алыңыз.

Жоғары кернеуге қатысты қауіпсіздік белгілері мен қауіпсіздік шаралары


Электрмобильдің кейбір компоненттері жарақат алу себебіне айналуы мүмкін. Ондай компоненттерде ескерту белгілері бар. Автокөлік қуаты қосылып тұрғанда ондай компоненттерді ұстауға қатаң түрде тыйым салынған, әйтпесе, электр тогының соғу қаупі туындайды.

Электржетек жүйесі

Контроллерге техникалық қызмет көрсету қақпағының және электржетек жүйесінің электрқозғалтқышының тарату қорабының қақпағында мынадай ескертуші белгілер бар.




Жоғары вольтті кабельдің түстік таңбаланымы



Жоғары вольтті кабельдердің оқшауламасы қызғылт-сары түсті.

Тартқыш аккумулятор батареясы

Тартқыш батареяның корпусында мынадай ескертуші белгілер бар.




Электр жылытқыш

Электр жылытқыштың корпусында мынадай белгілер бар.

Компрессор

Компрессордың корпусында мынадай ескертуші белгілер бар.





Автокөлік кілті

Кілт туралы жалпы мәлімет


Автокөлік үшін үш түрлі кілт қарастырылған.

- Механикалық кілт: басқа кілттерде ақау болғанда автокөлік есігінің құлпын механикалық кілтпен ашуға болады.
- Электрондық кілт: есіктердің, соның ішінде жүксалғыш есігінің құлпын ашу және жабу, сондай-ақ автокөліктің тұрған жерін анықтау үшін пайдаланылады.


Механикалық кілт

Төменде есіктердің құлыптарын механикалық кілтпен ашу және жабу реті сипатталған.

- Құлыпты ашу: жүргізуші есігінің сыртқы тұтқасының алдыңғы жағын басып, оны толық тартыңыз. Механикалық кілтті жүргізуші есігінің құлпындағы саңылауға салып, оң бағытқа бұраңыз. Тұтқаны жіберіп, есік құлпын ашу үшін оны қайта тартыңыз.
- Құлыптау: жүргізуші есігінің сыртқы тұтқасын тартып, механикалық кілтті құлыптағы саңылауға салып, теріс бағытқа бұрағанда есік құлыптанады.



Механикалық кілт нөмірі оның штрих-коды бар тілімшесіне жазылған. Кілт нөмірі бар тілімшені сенімді жерде сақтаңыз. Механикалық кілт жоғалған жағдайда Changan Automobile өкілетті сервис орталығына тілімшеде көрсетілген кілт нөмірімен жүгініп, жаңа кілтке тапсырыс беріңіз.




Ескертпе

Механикалық кілтті автокөліктен тыс жерде сақтау керек, өйткені төтенше жағдайларда сол кілтті пайдалануға болады.

Мобильді телефонның Bluetooth-кілті

Электрондық кілт



Кілт түймелері

: құлыпты ашу түймесі.

Жүргізуші есігінің және барлық есіктердің құлпын ашу үшін пайдаланылады. Есіктердің әйнектерін қашықтан ашу үшін осы түймені 2 секундтан артық басып тұрыңыз.

: құлыптау түймесі.

Жүргізуші есігін және барлық есіктерді құлыптау үшін пайдаланылады. Есіктердің әйнектерін қашықтан жабу үшін осы түймені 2 секундтан артық басып тұрыңыз.

: жүксалғыш есігін ашу не жабу үшін осы түймені 2 секунд ішінде қатарынан екі рет басыңыз.

: автокөліктің тұрған жерін анықтау түймесі.

Кілттің көмегімен автокөліктің тұрған жерін анықтау

Автокөлік тұраққа қойылғанда (селектор тұтқасы D не R күйіне қойылмаған), автокөлікті іздеу функциясын қосу үшін электрондық кілттегі автокөліктің тұрған жерін анықтау түймесін немесе есіктерді құлыптау түймесін 2 секунд ішінде екі рет басыңыз. Дыбыс сигналы естіледі де апаттық жарық сигналын беру жүйесінің шамдары жыпылықтап, автокөліктің тұрған жерін көрсетеді.

Апаттық жарық сигналын беру жүйесінің шамы жыпылықтап тұрғанда кілттегі құлып ашу түймесін бассаңыз автокөліктің қуат көзі қосылып, есіктердің құлыптары ашылады.


Әйнеккөтергіштерді қашықтан басқару

Электрондық кілттегі есіктердің құлын ашу не жабу түймесін 2 секундтан артық басып тұрсаңыз, барлық есіктегі әйнектер бірге жабылады не ашылады.

Құлыпты ашу режимдер арасында ауысу:

Электрондық кілттегі есіктердің құлын ашу не жабу түймелерін бірге 4 секундтан артық басып, барлық есіктің құлын ашу режимін тек жүргізуші есігінің құлын ашу режиміне немесе керісінше ауыстыруға болады.

Кілттің қуат элементін ауыстыру




1. Корпустың төменгі бөлігі.
2. Электрондық плата.
3. Корпустың жоғарғы бөлігі.
4. Артқы қақпақ
5. Сәндік шеңбер

Электрондық кілт суретте көрсетілгендей 5 бөліктен тұрады.


Қуат элементін ауыстыру реті

1. Төмендегі суретте көрсетілгендей кілттің артқы қақпағын екі жағынан саусақпен ұстап, қақпақты төмен тартып, шешіп алыңыз, содан кейін кілттің сәндік шеңберін шешіп алыңыз.




2. Төмендегі сол жақ суретте көрсетілгендей, қатты жіңішке металл затты (біз және т.с.с.) суретте көрсетілген жерге қойып, оны иіңтірек ретінде пайдалана отырып, кілттің корпусының үстіңгі

және астыңғы бөліктерін бір-бірінен ажыратыңыз.



3. Электрондық платаны шешіп, заряды таусылған қуат элементін шығарып алыңыз.



4. Жаңа қуат элементі бар платаны орнатып, корпусың үстіңгі және астыңғы бөліктерін, сәндік шеңберді және артқы қақпақты жинаңыз.

Ескертпе

- Қуат элементін ауыстыру кезінде абай болыңыз. Электрондық платаның бетіне

қол тигізбеңіз – туындайтын статикалық электр тогы оны зақымдауы мүмкін.

- Қуат элементін ауыстырғанда олардың полюсін сақтаңыз, әйтпесе электрондық плата зақымдалуы мүмкін.
- Қашықтан басқаратын кілттің жаңа қуат элементі бұрын пайдаланылған сипаттамалардан (3 В, CR2032) өзгеше болмауы керек.
- Қуат элементін ауыстыру кезіндегі жоғарыда көрсетілген нұсқаулықтарды сақтамау салдарынан электрондық плата зақымдалуы мүмкін. Ауыстыру үшін Changan Automobile өкілетті сервис

орталығына хабарласқан жөн.

- Мобильді телефон, ноутбук және т. б. сияқты аккумуляторлары немесе металл бөлшектері бар құрылғылардың қасында электрондық кілт тұрғанда есіктердің құлпын кілтсіз ашу функциясы істемеуі мүмкін.
- Қуат элементінің жұмыс температурасының диапазоны – 20...+85 °C құрайды; көрсетілген диапазон шегінен тыс кезде электрондық кілт жұмысының тиімділігі төмендейді.

Кілтсіз кіру жүйесі

Кілтсіз ашу жүйесінің жұмысына әсер ететін шарттар. Келесі жағдайларда кілтсіз ашу жүйесі дұрыс істемеуі мүмкін. Бұл жағдайда автокөлік есіктерінің құлпын ашу/жабу үшін механикалық кілтті қолданыңыз.


- Электрондық кілт іске қосу аймағынан тыс жерде.
- Автокөлік күшті электрмагниттік толқындар шығаратын нысандардың (телевизиялық мұнаралар, электр станциялары, радиостанциялар, кең экранды дисплейлер, әуежайлар немесе басқа да нысандар) жанында тұр.

- Автокөліктің жанында радиотолқындар шығаратын электронды жабдықтар бар (ұялы телефон, дербес компьютер, қуат адаптері және т. б.) бар.
- Электрондық кілт металл затқа тиіп тұр (фольга немесе металлы бар қараңғылау үлдірі) және/немесе солардың қалқасында тұр.
- Бірнеше электрондық кілт бір-бірінің қасында бірге пайдаланылып тұр.
- Электрондық кілттің қуат элементінің заряды таусылған.

⚠ Ескертпе

Кез келген электрондық медициналық құрылғыларды (мысалы, кардиостимуляторлар) пайдаланатын жолаушылар өндірушіден құрылғы жұмысына радиотолқындар әсер ететіндігі жөнінде кеңес алуы керек. Радиотолқындар медициналық жабдықтың жұмысына күтпеген әсерін тигізуі мүмкін.

Әрекет ету аймағы



1-аймақ: автокөлік ішінде қосылу аймағы.

2-аймақ: құлыпты кілтсіз ашу функциясын қосу аймағы.

3-аймақ: құлыпты кілтсіз жабу функциясын қосу аймағы.

4-аймақ: қашықтан әрекет ету аймағы.

Кілтсіз ашу

Электрондық кілт жүйенің әрекет ету аймағында болған жағдайда ғана функция іске қосыла алады.

Қажет баптауларды реттеу үшін орталық дисплейден [Settings] (Баптаулар) – [Vehicle settings] (Автокөлік баптаулары) – [Remote key sensing unlock] (Құлыпты кілтсіз ашу) / [Remote key sensing lock] (Құлыпты кілтсіз жабу) тармағын басыңыз.

Электрондық кілт көмегімен құлыпты кілтсіз ашу

Құлыпты кілтсіз ашу: автокөлік есіктері құлыптанып тұрғанда электрондық кілтпен кілтсіз құлыптау функциясын қосу аймағынан және қашықтан әрекет ету аймағынан құлыпты кілтсіз ашу аймағына кіріңіз. Автокөлік есігінің

құлыптары автоматты түрде ашылады.

Электрондық кілт көмегімен кілтсіз құлыптау

Кілтсіз құлыптау: барлық есіктер жабық және құлыптанбай тұрған кезде электрондық кілтті алып автокөліктен алшақтаңыз. Кілтсіз құлыптау функциясы қосылатын аймақтан қашықтан әрекет ету аймағына шыққанда автокөлік есіктері автоматты түрде құлыптанады.

Автокөлікті оталдыру және сөндіру

Автокөлік қуатын қосу / автокөлікті оталдыру / автокөлік қуатын сөндіру

Автокөлік қуатын қосу

Кілтті (мобильді телефонның Bluetooth-кілтін немесе электрондық кілтті) пайдаланғанда автокөлік құлпын ашу үшін автокөліктің қуаты автоматты түрде қосылады.

Автокөлікті оталдыру

Автокөлік құлпын ашып, қуатын қосқан соң кілт автокөлік салонында болып селектор Р күйінде тұрғанда тежегіш педалін басыңыз. Бұл кезде орталық дисплейде READY индикаторы тұрақты жанып тұрады, ал

автокөлік Drive (қозғалыс) режиміне өтеді. Осыдан кейін селектордың D не R қалпын таңдап қозғалысты бастауға болады.



Автокөлікті апаттық жағдайда оталдыру: электрондық кілттің қуат элементінің заряды есіктердің құлып ашу және автокөлік қуатын қосу үшін жеткіліксіз болса, есікті механикалық кілт көмегімен ашыңыз. Автокөлікке отырған соң, 15 с ішінде электрондық кілтті суретте меңзермен көрсетілген ортаңғы шынтақтаяныштың ұсақ-

түйек бөліміндегі жерге салыңыз. Автокөліктің қуаты қосылады. Осы кезде тежегіш педалін басыңыз, автокөлік оталады.



Ескертпе

1. Егер есіктердің құлпы ашылған соң және автокөлік қуаты қосылған соң 30 секунд ішінде есікті ашпаса, есіктер автоматты түрде құлыптанып, автокөлік қуаты сөніп қалады.

2. Автокөлік қуаты соңғы рет сөндірілетін кезде кондиционер қосулы қалған болса, онда автокөлік қуатын қосқаннан кейін кондиционер автоматты түрде қосылады.

3. Автокөлік қуаты қосылған соң сыртқы жарық аспаптары үшін әдепкі бойынша AUTO режимі орнатылады. Егер осы кезде сырттағы жарық деңгейі төмен болса, автокөлік фаралары автоматты түрде қосылады.

4. Зарядтау кезінде автокөлікті оталдыру мүмкін емес.

Автокөлікті сөндіру

Автокөлікті сөндіру үшін мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Селектор Р қалпында тұрғанда, жүргізуші орындығы бос болып, барлық есіктер, соның ішінде жүксалғыш есігі жабық тұрса, есіктерді кілтпен құлыптаңыз, автокөлік автоматты түрде сөнеді.

2. Автокөлік қозғалыссыз тұрып, селектор Р немесе N күйінде болғанда, орталық дисплейден [Settings] (Баптаулар) – [Safety and maintenance] (Қауіпсіздік және қорғау) – [One-touch power off] (Бір түртіп сөндіру) тармағын басыңыз, осы кезде автокөлік автоматты түрде сөнеді.

– [One-touch power off] (Бір түртіп сөндіру) функциясын Р режимінде ғана пайдалануға болады.

– [One-touch power off] (Бір түртіп сөндіру) функциясы қосылған соң электрондық кілт көмегімен автокөлік құлпын ашуға және қайта қосуға болады.



Орталық құлып жүйесі

Есіктерді автокөлік сыртынан ашу/жабу


Автокөлік құлпын ашу/жабу тәсілі туралы толық мәліметті «Жүргізуге дайындалу – Автокөлік кілттері» бөлімінен қараңыз.



Ескерту

Механикалық кілтті тек жүргізуші есігінің құлпын апаттық ашу үшін пайдалануға болады. Жүргізуші есігінің құлпын ашқан соң оны механикалық кілт көмегімен қайтадан құлыптау қажет немесе автокөлік құлпын ашқан соң жүргізуші есігін бір рет ашу керек. Әйтпесе, автокөлік жүйесі дыбыс сигналын беріп, дисплейде жүргізуші есігі жабылмағаны

туралы хабарлама пайда болады, ал құлыптау функциясы іске қосылмайды.



Есіктердің сыртқы электрлі тұтқаларының шығуы. Автокөлік құлпын ашқан соң барлық есіктердің тұтқалары автоматты түрде сыртқа шығады. Есік тұтқасын тартып, есікті ашыңыз.

Есіктерді автокөлік ішінен ашу/жабу



1. Автокөлік есігін іштен ашу
түймесі 
2. Орталық құлып ажыратқышы 

Автокөлік есігін іштен ашу түймесі

Есік жабық әрі құлыптаулы және автокөлік қозғалыссыз тұрғанда  түймесін екі рет басып, есікті ашыңыз.

Есік жабық, бірақ құлыпталуы болмаса,  түймесін бір рет басып, есікті ашыңыз.

Балалардың ашуынан қорғайтын құрылғылары қосылған есіктерді  түймесін басу арқылы ашуға болмайды (Толық мәліметті «Жүруге дайындалу» – «Автокөлікті оталдыру және қосу» – «Есіктерді балалардың ашуынан қорғау құрылғылары» тарауынан қараңыз).

Орталық құлып ажыратқышы

 түймесін басыңыз. Түйме индикаторы жанып, барлық есіктер құлыптанады. Түйме индикаторы барлық есіктердің құлыптары ашылған соң сөнеді.

Автокөлік есігін апаттық жағдайда іштен ашу

Автокөліктің барлық төрт есігі апаттық жағдайда ашу құрылғыларымен

жабдықталған, олар әр есіктің шынтақтаянышының астында орналасқан. Егер есікті

автокөліктің  іштен ашу түймесі арқылы ашу мүмкін болмаса, есікті ашу үшін апаттық ашу құрылғыларының шеңберін тартыңыз.



Әрекеттер реті: апаттық жағдайда ашу құрылғысының шеңберіндегі қақпақта көрсетілген меңзер белгісін басып, қақпақты шешіп алыңыз да шеңберді меңзермен көрсетілген бағытқа қарай тартып, есікті ашыңыз.

Ескертпе


Апаттық ашу құрылғысы төтенше жағдайда есіктерді ашу қажет болған кезде ғана пайдаланылады. Көлікті жүргізу кезінде жол-көлік апатына және жазатайым оқиғаларға

ұшырамас үшін есіктерді апаттық жағдайда ашу құрылғысын абайлап пайдаланыңыз.

Балалардың есікті ашуынан қорғау құрылғысы

Балалардың есікті ашуынан қорғау құрылғысы қосылып тұрса, сол есікті тек автокөліктің сыртынан ғана ашуға болады.

Тиісті есіктің сақтандырғыш құрылғысын қосу не ажырату үшін орталық дисплейде [Settings] (Баптаулар) – [Vehicle settings] (Автокөлік баптаулары) – [Left rear door child safety lock] (Артқы сол жақ есіктің бала бекітпесі) / [Right rear door child safety lock] (Артқы оң жақ есіктің бала бекітпесі) түймелерін басыңыз.



Қауіпті

Егер автокөлік салонында балалар болса, балалардың есікті ашуынан қорғау құрылғысын пайдаланған жөн. Әйтпесе, автокөліктің қозғалысы кезінде бала есікті ашып жіберіп, өзіне және/немесе басқа адамдарға/жол қозғалысы қатысушыларына зиян келтіруі мүмкін.

Соқтығысу кезінде есік құлыптарын ашу


Автокөлік соқтығысқан кезде қауіпсіздік жастықтары іске қосылса, автокөлік есіктерінің құлыптары автоматты түрде ашылады.

Қозғалыс кезінде автоматты түрде құлыптау

Автокөлік жылдамдығы 3 км/с шамасынан асса, барлық төрт есіктің сыртқы тұтқалары автоматты түрде жиылады; жылдамдық 20 км/с жоғары болғанда барлық төрт есіктер автоматты түрде құлыптанады.

Есіктердің автоматты түрде құлыптау функциясын қосу не өшіру үшін орталық дисплейде [Settings] (Баптаулар) – [Vehicle settings] (Автокөлік баптаулары) –

[Automatic door locking] (Есіктерді автоматты түрде құлыптау) түймесін басыңыз.



Электр әйнеккөтергіш жүйесі



1. Әйнеккөтергіштерді құлыптау ажыратқышы
2. Алдыңғы сол жақ есіктің әйнеккөтергішінің түймесі
3. Артқы сол жақ есіктің әйнеккөтергішінің түймесі
4. Артқы оң жақ есіктің әйнеккөтергішінің түймесі

5. Алдыңғы оң жақ есіктің әйнеккөтергішінің түймесі

Әйнеккөтергіштерді құлыптау ажыратқышын  басқанда түйме индикаторы жанады, осы кезде алдыңғы жолаушы есігі мен артқы жолаушылар есігіндегі әйнеккөтергіштерді тек жүргізуші есігіндегі әйнеккөтергіш түймелерімен басқаруға болады. Әйнеккөтергіштерді құлыптау ажыратқышын тағы бір рет басыңыз. Түйме индикаторы сөнеді және әйнеккөтергіштерді құлыптау функциясы ажырайды.

Терезелерді барлық жолаушы есіктеріндегі әйнеккөтергіштердің түймелерімен ашуға және жабуға болады (автоматты және қолмен басқару режимдерінде). Есіктердегі әйнектерді автокөлік қуатын сөндіргеннен кейін 45 секунд ішінде көтеруге және түсіруге болады (осы уақыт ішінде жүргізуші есігіндегі әйнекті көтерсеңіз не түсірсеңіз немесе жүргізуші есігін ашсаңыз, онда әйнеккөтергіштердің түймесін пайдаланған сәттен бастап тағы 45 секунд ішінде барлық төрт есіктің әйнектерін көтеруді және түсіруді басқару үшін оны пайдалануға болады).

Ескертпе

Суық және ылғалды қоршаған ортада мұздың қатуына байланысты электр әйнеккөтергіштердің жұмысы қиындауы мүмкін.

Сақтандырғыштардың қызмет ету мерзімін ұзарту және әйнеккөтергіштер жүйесінің зақымдалуының алдын алу үшін бір мезгілде екі не одан көп әйнеккөтергішті бір уақытта пайдаланбаңыз.

Бір терезені бір мезгілде ашуға және жабуға әрекет жасамаңыз, әйтпесе, әйнеккөтергіш жұмыс істемей қалады.



Әйнеккөтергіштерді басқару пернесінің 3 қалпы бар:

1. Әйнекті түсіру.
2. Бейтарап қалып.
3. Әйнекті көтеру.

Әйнеккөтергіштің пернесін алға қарай бірінші қалыпқа жылжытқанда пернені жібермейінше әйнек түсе береді, ал оны алға қарай екінші қалыпқа жылжытқанда әйнектің автоматты

түрде түсіру функциясы іске қосылады.

Әйнеккөтергіштің пернесін артқа қарай бірінші қалыпқа жылжытқанда пернені жібермейінше әйнек көтеріле береді, ал оны артқа қарай екінші қалыпқа жылжытқанда әйнектің автоматты түрде көтеру функциясы іске қосылады.

Оған қоса, әйнекті түсіруді, көтеруді немесе аралық қалыпқа жылжытуды (мысалы, 50 % түсіруді) дауыс перменімен басқаруға болады.

Қысып қалудан қорғау функциясы

Әйнекті автоматты түрде көтеру/түсіру функциясы бар әйнеккөтергіштер қысып қалудан қорғау функциясымен жабдықталған. Егер әйнек көтерілу

кезінде кедергіге тап болса, ол автоматты түрде тоқтап, сәл төмен түседі. Қысып қалудан қорғау функциясының іске қосылу аймағы терезе жақтауы астында 4-200 мм шамасында орналасқан.

Қысып қалудан қорғау функциясының жұмысын уақытша тоқтату

Әйнек қысып қалудан қорғау функциясы қосылатын аймақта тұрғанда бұл функция 10 секунд ішінде екі рет іске қосылады, әйнекті автоматты түрде көтеру функциясы уақытша ажыратылады. Бұл жағдайда әйнекті көтеру немесе түсіру үшін әйнеккөтергішті қолмен басқару режимін ғана қолдануға болады. 10 секунд аяқталған соң қысып қалудан қорғау және автоматты түрде басқару функциясы қалпына келеді.

Қысып қалудан қорғау функциясының ажырауы

Келесі жағдайлар туындағанда тиісті терезенің қысып қалудан қорғау функциясы уақытша ажырайды, ал әйнекті көтеруді қол режимінде басқару функциясы қолжетімді болмайды:

1. Қысып қалудан қорғау функциясының жұмысы уақытша тоқтатылғаннан кейін ол 10 секунд ішінде көтеру кезінде іске қосылады.
2. Аккумулятор батареясының қуаты ажыратылады немесе қуат кернеуі 6 В-тан төмен түседі.

3. Сыртқы әсерден терезенің жақтауы деформацияланған, ал терезе әйнегі қысып қалудан қорғау функциясының жұмыс істеу аймағынан шығып бара жатыр.

4. Желі сигналы үзіліп жатыр.



Қысып қалудан қорғау функциясында ақау болса, көтеріліп жатқан әйнектің жолында кедергілердің жоқ екенін тексеріп алыңыз, әйтпесе, жарақат алу қатері туындайды.

Қысып қалудан қорғау функциясының инициализациясы

Әйнекті автоматты түрде көтеру және қысып қалудан қорғау функциясы істемесе, олардың инициализациясын мынадай тәсілмен орындаңыз:

1. Есіктердің жабық тұрғанына көз жеткізіңіз.

2. Әйнеккөтергіштің түймесін артқа басып тұрыңыз, әйнек толық көтеріледі.

3. Әйнеккөтергіштің түймесін алға басып тұрыңыз, әйнек толық түседі.

4. Әйнекті автоматты түрде көтеру режимін қосу үшін әйнеккөтергіштің түймесін артқа басып тұрыңыз.

Әйнек автоматты түрде көтерілмесе, баптауды аяқтау үшін 2 және 3 қадамдарды қайталаңыз.

Бұл тәсілдер нәтиже бермесе, Changan Automobile өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Қауіпті

Қысып қалудан қорғау функциясының болуына қарамастан қысып қалу қаупі сөйілмейді. Терезені жабу кезінде әйнек қозғалатын аймақта кедергілер жоқ екенін тексеріп алыңыз. Қысып қалудан қорғау функциясы келесі жағдайларда жұмыс істемейді:

- Иілгіш, жеңіл және жұқа заттар (мысалы, шынашақ) болса.
- Саңылауы 4 мм шамасынан кем болған жағдайда.

- Автоматты түрде қарсы бағытқа жүргеннен кейін бірден қолмен жапқан кезде.

Қысып қалудан қорғау функциясы көрсетілген жағдайларда қосылмайды. Терезені жапқан кезде дененің ешбір мүшесі әйнектің қозғалу аймағында тұрмағанына көз жеткізіңіз.

Электржетекті күнқағар қалқа

Электржетекті күнқағар қалқаның түймесі автокөлік қуаты қосылғаннан немесе өшірілгеннен кейін 1 минут бойы істеп тұрады. Қуатты қосқаннан енемесе өшіргеннен кейін оны тек салондағы алдыңғы төбе шырағының түймесінің көмегімен басқаруға болады.

Алдыңғы төбе шырағының түймелерімен басқару реті:



1. Күнқағар қалқаны жабу ажыратқышы 
2. Күнқағар қалқаны ашу ажыратқышы 


Электржетекті күнқағар қалқа қозғалыссыз тұрғанда  оны автоматты түрде ашу үшін ашу ажыратқышын басып тұрыңыз; оны автоматты түрде жабу үшін  жабу ажыратқышын басып тұрыңыз.

Электржетекті күнқағар қалқа қозғалыссыз тұрғанда  оны сәл ашу үшін ашу ажыратқышын басып қалыңыз; оны сәл жабу үшін  жабу ажыратқышын басып қалыңыз.

Күнқағар қалқа автоматты түрде басқару режимінде қозғалғанда қалқаның қозғалысын тоқтату үшін  ашу ажыратқышын немесе  жабу ажыратқышын басыңыз.

Орталық дисплейден басқару тәсілдері:

Күнқағар қалқа қозғалыссыз тұрғанда күнқағар қалқаны автоматты түрде ашу/жабу үшін орталық дисплейдегі [Settings] (Баптаулар) – [Vehicle settings] (Автокөлік баптаулары) – [Open sunshade] (Күнқағар қалқаны ашу) / [Close sunshade] (Күнқағар қалқаны жабу) түймесін басыңыз.



Күнқағар қалқа автоматты режимде ашылып жатқанда қалқанының жылжуын тоқтату үшін [Open sunshade] (Күнқағар қалқаны ашу) түймесін басыңыз; күнқағар қалқаны автоматты түрде толық жабу үшін [Close sunshade] (Күнқағар қалқаны жабу) түймесін басыңыз.

Күнқағар қалқа автоматты режимде жабылып жатқанда қалқанының жылжуын тоқтату үшін [Close sunshade] (Күнқағар қалқаны жабу) түймесін басыңыз; күнқағар қалқаны автоматты түрде толық ашу үшін [Open sunshade] (Күнқағар қалқаны ашу) түймесін басыңыз.

Артқы сенсорлы экраннан басқару тәсілі:



1. Күнқағар қалқаны жабу түймесі ▲
2. Күнқағар қалқаны ашу түймесі ▼

Электржетекті күнқағар қалқа қозғалыссыз тұрғанда, қалқа толық

жабық күйге өтуі үшін  белгішесін түртіңіз. Күнқағар қалқа автоматты басқару режимінде жабылып жатқанда қалқаның қозғалысын тоқтату үшін  немесе  белгішесін түртіңіз.

Электржетекті күнқағар қалқа қозғалыссыз тұрғанда, қалқа толық ашық күйге өтуі үшін  белгішесін түртіңіз. Күнқағар қалқа автоматты басқару режимінде ашылып жатқанда қалқаның қозғалысын тоқтату үшін  немесе  белгішесін түртіңіз.

Қысып қалудан қорғау функциясы

Егер жабылу сәтінде -20–80°C аралығындағы температурада күнқағар қалқа кедергіге тап болса, ол тоқтап, қарама-қарсы бағытта толық ашық күйге қозғала бастайды. Осы кезде ол басқару

түймелерінің басылуына жауап бермейді. Қалқа толық ашылғаннан кейін оның жұмысы қалыпқа келеді.

Күнқағар қалқаның қысып қалудан қорғау функциясы автоматты басқару режимінде қалқаның қозғалуы кезінде ғана қосылады.

Қайыпті

Қысып қалудан қорғау функциясының болуына қарамастан қысып қалу қаупі сөйілмейді. Күнқағар қалқаны жабу кезінде оның қозғалатын аймағында кедергілер жоқ екенін тексеріп алыңыз. Қысып қалудан қорғау функциясы келесі жағдайларда жұмыс істемейді:

- Иілгіш, жеңіл және жұқа заттар (мысалы, шынашақ) болса.
- Саңылауы 4 мм шамасынан кем болған жағдайда.

Қысып қалудан қорғау функциясы көрсетілген жағдайларда қосылмайды. Күнқағар қалқаны жапқан кезде дененің ешбір мүшесі оның қозғалу аймағында тұрмағанына көз жеткізіңіз.


Электржетекті күнқағар қалқаның инициализациясы

Егер электржетекті күнқағар қалқа дұрыс істемесе, оның инициализациясын орындау керек. Автокөліктің қуаты қосулы кезде инициализация үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:

Күнқағар қалқа толық жабылғанша жеке шырақтағы  ажыратқышын басып тұрыңыз. Күнқағар қалқа келесі циклді орындап болмайынша  ажыратқышын басып тұрыңыз: толық жабық күйге қозғалу → толық ашық күйге қозғалу → толық жабық күйге қозғалу. Инициализацияны аяқтау үшін ажыратқышты жіберіңіз.

Алдыңғы бөлік капоты

Капотты ашу



1. Капотты сәл ашу үшін аспаптар тақтасының оң жақ төменгі бөлігіндегі капот ашу тұтқасын екі рет жоғары тартыңыз.

2. Қақпақты ақырын көтеріңіз, тіреуіштер капотты автоматты түрде ұстап қалады.



Капотты жапқанда, автокөлік құлыпталып және сөніп тұруы және тұрақ тежегіші қосулы күйде болуы керек.

Капотты ашпас бұрын алдыңғы әйнектасартқыштардың алдыңғы әйнекке түсіріліп тұрғанына көз жеткізіңіз. Әйтпесе, әйнектасартқыштар немесе капот зақымдалуы мүмкін.

Капотты жабу

Капотты ысырмаға ілінгенше төмен түсіріңіз.

Екі қолды суретте меңзермен көрсетілген аймаққа (шамамен затбелгіден 100 мм қашықтыққа) қойып, капотты толық жабу үшін төмен қарай басып қалыңыз. Капоттың блок-фара орналасқан аймағындағы алдыңғы жиегінен жоғары тартып, оның сенімді бекітілгенін тексеріңіз.



⚠ Қауіпті

Қозғалысты бастамас бұрын, капот кенеттен ашылып кеткенде көріністің шектелуіне байланысты жазатайым оқиғаның және апаттың орын алуына жол бермеу үшін капоттың толық бекітілгенін тексеріңіз (орталық дисплейдегі хабарландыруға мән беріңіз).

Автокөліктің қозғалысы кезінде капоттың құлпын ашу тұтқасын тартпаңыз.

Жүксалғыш есігі

Электржетекті жүксалғыш есігі

- Жүксалғыш есігіндегі түймемен басқару:
- Ашу: автокөлік құлыптаулы және электрондық кілт жүксалғыш есігінің қасында тұр. Жүксалғыш есігінің сыртындағы ашу түймесін басыңыз.



- Жабу: жүксалғыш есігінің астыңғы жиегіндегі жабу түймесін басыңыз.



- Кілтпен басқару:
- Электрондық кілт: 2 секунд ішінде  түймесін қатарынан екі рет басыңыз.
- Орталық дисплей көмегімен басқару: селектор P не N күйінде тұрғанда орталық дисплейдегі [Settings] (Баптау) – [Vehicle settings] (Автомобиль баптаулары) – [Open tailgate] (Жүксалғыш

есігін ашу) / [Close tailgate] (Жүксалғыш есігін жабу) түймесін басыңыз.



- Жүксалғыш есігін аралық күйден ашу/жабу: егер жүксалғыш есігі аралық күйде тоқтап қалса, оны қолмен жоғары не төмен тартыңыз, осы кезде есік автоматты түрде ашылады не жабылады.

Ескертпе

Жүксалғыш есігі ашылу/жабылу бағытында қозғалған кезде оны қолмен тартпаңыз және итермеңіз.

Инициализация

Егер аккумулятор батареясын жалғаған кезде жүксалғыш есігі ашық тұрса және сіз оны ашу не жабу әрекеттерін жасасаңыз, жүксалғыш есігі автоматты түрде жабылып, күйді инициализациялауды аяқтау үшін құлыптанады.

Жүксалғыш есігінің электржетегінің ЭББ айырбастағаннан кейін жүксалғыш есігінің ашылу биіктігін инициализациялау әрекетін орындау қажет. Инициализация

жасау үшін CHANGAN Automobile өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Ашылу биіктігін баптау

Электржетекті жүксалғыш есігі максималды ашылу биіктігін сақтау функциясымен жабдықталған. Жүксалғыш есігінің ашылу биіктігін бағдарламалау процедурасы төменде сипатталған тәсілмен орындалады.

- Жүксалғыш есігін қажетті биіктікке көтеріп, жүксалғыш есігінің астыңғы жиегіндегі түймені 3 секундтан артық басып тұрыңыз. Осы кезде жүксалғыш есігінің ашылу биіктігін баптау әрекеті сәтті сақталғанын білдіретін дыбыс сигналы естіледі.



- Бапталған ашылу биіктігін сақтау үшін орталық дисплейде [Settings] (Баптаулар) – [Vehicle settings] (Автокөлік баптаулары) – [Maximum opening degree] (Максималды ашылу биіктігі) түймесін басыңыз.

Қысып қалудан қорғау функциясы

Қауіпсіздік мақсатында жүксалғыш есігі қысып қалудан қорғау функциясымен жабдықталған.

Жүксалғыш есігін ашу не жабу кезінде ол сәл кедергіге ұшыраса, қысып қалудан қорғау функциясы қосылады. Бұл кезде есік қарсы бағытқа қарай сәл жылжып, содан кейін тоқтайды.

Қысып қалудан қорғау функциясы қысқа уақыт ішінде үш реттен артық қосылатын болса, есіктің электржетегі қорғаныс режиміне өтіп, басқару түймелерінің басылуына еш жауап қайтармайды. Жүксалғыш есігін қолмен жауып, құлыптаңыз. Бұл режимнен шығу үшін 10 секундтай күтіңіз, осы функцияның жұмысы қалпына келеді.

Қысып қалудан қорғау функциясы — тек көмекші құрал. Жүксалғыш есігінің электржетегін пайдаланғанда есіктердің автоматты түрде ашылу және жабылу кезінде адамдарды қысып қалу немесе оларға соғылу ықтималдығын болдырмауға әрдайым тырысыңыз.

Қауіпті

Қысып қалудан қорғау функциясы келесі жағдайларда жұмыс істемейді:

- Иілгіш, жеңіл және жұқа заттар (мысалы, шынашақ).
- Ақырғы жабық күйге жетуге соңғы 15 мм қалғанда.

- Панорамалы төбе мен спойлер арасындағы саңылау.

Қысып қалудан қорғау функциясы жоғарыда айтылған жағдайларда іске қосылмайды, сондықтан адамдарды қысып қалу және жарақат келтіру қаупі бар. Жарақат алып қалмау үшін жүксалғыш есігін жабар алдында оның қозғалатын жолында ешқандай кедергілер және дене мүшелері жоқ екенін тексеріп алыңыз.

Қызып кетуден қорғау функциясы


Жүксалғыш есіні белгілі бір уақыт ішінде 5 реттен артық ашылып, жабылатын болса, есіктің электржетегі қорғаныс режиміне өтіп, басқару түймелерінің басылуына еш жауап қайтармайды. Электржетектің жұмысы 10 секундтан кейін қалпына келеді.

Жүксалғыш есігін апаттық жағдайда ашу

Төтенше жағдайда жүксалғыш есігін автокөлік ішінен ашуға болады. Іс-қимылдар тәртібі:

1. Артқы орындық арқалығын еңкейтіңіз де, жүксалғыш ішіне кіріңіз.


2. Жүксалғыш есігінде затбелгі қақпағын тауып, оны алып тастаңыз.



3. Апаттық ашу құрылғысының тұтқасын оңға тірелгенше басып, жүксалғыш есігін жоғары көтеріңіз.

Салон жабдығы

Күнқағар



1. Кронштейн. 2. Косметикалық айна. 3. Күнқағар.

Күнқағар жүргізушіні және жолаушыларды шағылысудан және тікелей түсетін күннің жарығынан қорғайды.

Күнқағарды түсіріп, оны кронштейннен шығарыңыз да жанға қарай бұрып қойыңыз, осылайша қапталдағы терезеден түсетін күн жарығының шағылысуын азайтасыз.

Ұсақ-түйек тартпасы



- Ашу: ұсақ-түйек тартпасының қасындағы түймені басыңыз, ұсақ-түйек тартпасы автоматты түрде ашылады.
- Жабу: ұсақ-түйек тартпасының қақпағын көтеріп, тиісінше сырт еткенше қысыңыз.



Қозғалыс кезінде соқтығысу немесе күрт тежеу жағдайында жолаушылар жарақаттанбауы үшін ұсақ-түйек тартпасы жабық тұруы керек.

Орталық консольдегі шынтақтаяныш

Шынтақтаяныштағы ұсақ-түйек
бөлімін ашу түймесі



Шынтақтаяныштың алдыңғы
бөлігіндегі түймені басып,
шынтақтаяныштағы ұсақ-түйек
бөлімін ашыңыз.

Артқы қатардағы
орындықтардың ауа
дефлекторы



Дефлекторды реттеу: ауа ағынын
өзгерту немесе ауаның берілуін
тоқтату үшін дефлектор жапқышын
жоғары/төмен немесе оңға/солға
қайырыңыз.

Алдыңғы жүксалғыш



Жүксалғышты ұсақ-түйек заттарды
сақтау үшін пайдалануға болады.

 Ескертпе

Алдыңғы жүксалғышқа 25 кг
артық жүк салуға болмайды, кері
жағдайда зақымдалуы мүмкін.

Зақым немесе жарақат алмау
үшін жүксалғышта тез тұтанатын,
жарылу қаупі бар, өткір заттар
және т.с.с. тасымалдаушы
болмаңыз.


Ескерту

Сұйықтықтар ағып, автокөлікті бүлдірмес үшін сұйықтықтарды мықты жабылған қаптамада сақтау керек. Сұйықтық ақан жағдайда, оны сүртіп алыңыз.

Алдыңғы жүксалғышқа адамдарды отырғызбаңыз. Капотты жаппай тұрып, жүксалғыш ішінде адамдар немесе жануарлар жоқ екенін тексеріп алыңыз.

Электр қуатының розеткасы

Орталық консольдегі розетка



Орталық консольдегі розетка 12 В тұрақты ток қуатын қамтамасыз етеді және оған қуаты 120 Вт-тан аспайтын электрәспаптарды жалғауға болады.

Жүксалғыш бөліміндегі розетка



Жүксалғыштағы розетка 12 В тұрақты ток қуатын қамтамасыз етеді және оған қуаты 120 Вт-тан аспайтын электрәспаптарды жалғауға болады.

Ескерту

Электрәспаптардың қуаты 120 Вт шамасынан аспауы керек, әйтпесе, розеткалардың

сақтандырғыштары істен шығады.

USB-ағытпалар

Алдыңғы қатардағы орындықтардың Type-C USB-ағытпасы



USB-ағытпа орталық консольдің төменгі бөлігінде орналасқан және Type-C интерфейсі бар мобильді құрылғыларды зарядтауға арналған.

Артқы қатардағы орындықтардың Type-C USB-ағытпасы



USB-ағытпа артқы қатардағы орындықтардың кондиционер жүйесінің дефлекторы астында орналасқан және Type-C интерфейсі бар мобильді құрылғыларды зарядтауға арналған.

 Ескертпе

Type-C USB-ағытпаларына бөтен заттарды тықпаңыз, оған су және басқа сұйықтықтарды төкпеңіз, оны бөлшектемеңіз және түрлендірмеңіз.

USB-ағытпасын пайдалану нұсқаулығы

1. USB-ағытпасы орталық консольдегі шылымтұтатқыш панелінде орналасқан.
2. USB-жинақтағыштағы суреттерді, бейнежазбаларды оқу және файлдарды басқару режимінде музыканы ойнату үшін оны салыңыз.




Мобильді телефонды сымсыз зарядтау

Автокөлік сымсыз зарядтау құрылғысымен жабдықталған, оның көмегімен сымсыз зарядтау функциясы бар мобильді телефондарды зарядтауға болады. Мобильді телефонды зарядтау жылдамдығы мобильді телефонның қабылдайтын қуатына, мобильді телефон мен зарядтау құрылғысының

арасындағы қашықтыққа және басқа факторларға байланысты.

Сымсыз қуаттау функциясын қосу және өшіру



Мобильді телефонды сымсыз зарядтау функциясы әдепкі бойынша қосулы. Бұл функцияны қосу немесе ажырату үшін орталық дисплейдегі [Comfort Cabin] (Жайлы салон) бөліміне өтіп, [Wireless charging] (Сымсыз зарядтау) ауыстырып қосқышын басыңыз.

Сымсыз зарядтау құрылғысын пайдалану



1. Сымсыз зарядтау панелі
2. Желдету саңылауы

Сымсыз зарядтау панелі орталық консольдің алдыңғы жағындағы сол жақ бүйірлік ұсақ-түйек бөлімінде орналасқан (суретте ақ жақтаумен бөлектелген). Сымсыз зарядтау функциясын пайдаланғанда телефон жылуды бұруға арналған желдету саңылауының үстінде

орналасқанына көз жеткізіп алыңыз.

Орталық дисплейдің күй жолағында сымсыз зарядтау мәртебесі көрсетіледі. Жасыл түспен жыпылықтайтын  сымсыз зарядтау белгішесі, заряд жүріп жатқанын білдіреді.

Жасыл түспен тұрақты жанып тұрған сымсыз зарядтау белгішесі, зарядтау аяқталғанын білдіреді.

Егер  белгішесі қызыл түспен жанып тұрса, онда бұл функция қазіргі уақытта қолжетімді емес.

Ескертпе

- Мобильді телефонды сымсыз зарядтау кезінде телефон қызуы мүмкін, бұл қалыпты жағдай. Егер температура тым жоғары болса, сымсыз зарядтау процесі температура

төмендемейінше тоқтатылады, одан кейін зарядтау қайта жалғасады.

- Ойлы-қырлы жолмен жүргенде мобильді телефонның сымсыз зарядталуы арагідік үзіліп, қайта жалғасып тұруы мүмкін. Мобильді телефон сымсыз зарядтау панелінен тыс жерге жылжып кетсе, оны қайтадан зарядтау аймағына орналастыру керек.
- Егер мобильді телефонда NFC функциясы қосулы болса, онда мобильді телефонды сымсыз зарядтау панеліне қойғанда NFC интерфейсінің қалқыма терезесі автоматты түрде пайда болады, бұл қалыпты жағдай.

- Тежегіш педалін басқанда және автокөлік Ready режиміне өткенде сымсыз зарядтау процесі уақытша үзіледі.
- Егер зарядтау орындалмаса, оның себебі телефонға тым қалың немесе металл тысқап кигізілгенінде болуы мүмкін.
- Автокөлік сымсыз желі арқылы жаңартылу кезінде сымсыз зарядтау функциясы істемейді.

 Ескертпе

- Сымсыз зарядтау функциясын пайдалану кезінде зарядтау аймағына чип орнатылған пластик карталарды, мысалы жеке куәліктерді немесе банк карталарын қоймаңыз, әйтпесе олар зақымдалуы мүмкін.
- Ұсақ-түйек бөліміне сұйықтық төгіп алмаңыз, себебі ол желдету саңылауы арқылы сымсыз зарядтау модуліне кіріп кетіп, модульде ақау тудыруы мүмкін.
- Сымсыз зарядтау панелінің үстіне сәндік қаптамалар орнатпаңыз, себебі жылуды бұру және телефонды

зарядтау жылдамдығы нашарлауы мүмкін.

- Мобильді телефонды сымсыз зарядтау функциясы жұмыс істеп тұрғанда металл заттар қызады. Телефонды сымсыз зарядтау панелінің үстіне қойғанда, автокөліктің зарядтау панелінің үстінде және телефонның артқы бетінде металл заттар жоқ екенін тексеріп алыңыз. Әйтпесе, металл заттар қызып, олар зақымдалуы немесе қауіпті жағдай туындауы мүмкін. Металл заттар деп бұл жерде чиптер, магниттік карталар және т. б. сияқты металл компоненттері бар заттар айтылады.

Орталық дисплей

Интерфейс экраны



Орталық дисплей қосылған соң басты экранда келесі ақпарат пайда болады:

1. НЕГІЗГІ БЕТ: кез келген интерфейстен басты бетке қайту үшін басыңыз.
2. Баптаулар: «Автокөлік баптаулары», «Жайлы салон» және басқа да бөлімдер.
3. Мәселелер диспетчері: «Мәселелер диспетчерін» ашу үшін басыңыз.
4. Кондиционер жүйесін басқару: жүргізуші жақтағы температураны реттеу, жүргізуші орындығы желдеткішінің ауыстырып қосқышы, ауаны реттеп бөлу режимдерінің ауыстырып қосқышы, сондай-ақ рециркуляция және ағындық желдету режимдерінің ауыстырып қосқыш.
5. Кондиционер жүйесін басқару экранын тез реттеу тақтасының ажыратқышы: кондиционер жүйесін басқару экранын ашу не жабу үшін басып қалу керек; кондиционер жүйесін қосу не өшіру үшін басып тұру керек.
6. Кондиционер жүйесін басқару: алдыңғы әйнекке үрлеу ажыратқышы, алдыңғы әйнектің (және сыртқы артқы көрініс айналарының) электр жылытқышының ажыратқышы, алдыңғы жолаушы орындығы желдеткішінің ауыстырып қосқышы, алдыңғы жолаушы жақтағы температураны реттеу.
7. Дауыс деңгейінің ауыстырып қосқышы.
8. Есіктің, жүксалғыш есігінің электржетегін басқару ажыратқышы:

9. Артқы әйнектазартқыштың ажыратқышы.

10. Виджеттер: музыканы, қозғалыс режимдерін, телефонды, сценарийлерді, соңғы пайдаланылған функцияларды және т. б. басқару виджеті. Саусақпен жоғары және төмен сырғытып, виджеттердің көрсетілуін ауыстырыңыз; саусақпен солға сырғытып, [Өңдеу] түймесін басыңыз да, басқа қолданбалардың виджеттерін қосыңыз.

11. Жоғарғы күй жолағы: ағымдағы уақытты көрсету, мобильді деректер желісінің күйі, бейнежазғыш жазбасы және т. б.

12. Дауыстық көмекші: дауыстық көмекшінің белгішесі және

дауыстық диалог көрсетілетін аймақ.

13. Автокөлік жылдамдығын және индикаторларды көрсету аймағы.

14. Уақыт, температура және хабарламалар орталығы: ағымдағы айды, күнді, аптаны, уақытты, температураны және хабарламалар орталығын көрсету.


Тез реттеу тақтасының басқару элементтері

Саусақты орталық дисплейдің оң жақ шетінен солға қарай жүргізіп, басқару орталығын ашыңыз, ол жерден орталық дисплейдің жарқындығын, сыртқы артқы көрініс айналарының қалпын және т. б. реттеуге болады.



Баптаулар

Баптаулар бөліміне кіру: баптаулар интерфейсіне кіру үшін төменгі тез реттеу тақтасындағы  [Баптаулар] белгішесін басыңыз.



Бұл интерфейсте жарық, автокөлік баптаулары, салон жайлылығы, электр тұтынуды басқару шынайы көрініспен толықтырылған проекциялық дисплей, қозғалыс режимдері, дисплей, дыбыс, қауіпсіздік және қорғаныс сияқты функцияларды басқаруға болады.

Экранды бұру

1-тәсіл: қолмен реттеу.

Орталық дисплей бетінде саусақты солға не оңға жылжытып, [Settings] (Баптаулар) – [Comfortable cabin] (Жайлы салон) – [Central control display rotation] (Орталық дисплейді бұру) функциясын таңдаңыз. Мұнда шкала сырғытпасының көмегімен орталық дисплейді жүргізушіге не жолаушыға қатысты бұру бұрышын қолмен реттеуге болады.

Дисплейді ортаңғы күйге қайтару үшін [Settings] (Баптаулар) – [Comfortable cabin] (Жайлы салон) – [Rotate screen to center] (Экранды ортаңғы күйге орнату) түймесін басыңыз.

Орталық дисплейді бұру бұрышы мен қалпын реттеу үшін дисплейде [Settings] (Баптаулар) – [Comfortable cabin] (Жайлы салон) – [Calibrate screen rotation] (Экран бұрылысын реттеу) түймесін басыңыз.



2-тәсіл: тез реттеу. Дисплейде шеткі сол жақ, ортаңғы немесе шеткі оң жақ қалыпқа орнату үшін орталық дисплейдің оң жағындағы виджетте [Солға], [Ортаға] немесе [Оңға] түймесін басыңыз.



3-тәсіл: дауыспен басқару.
Дауыстық көмекшіні Hi, Deeral («Сәлем, Deeral») пәрменімен қосқанда, орталық дисплейді бұру функциясын басқаруға арналған дауыстық пәрмендерді пайдалануға болады.

Климат-контроль жүйесі

Негізгі басқару операциялары

Кондиционер жүйесін орталық дисплейдегі кондиционер жүйесінің интерфейсінің немесе дауыстық пәрмендер көмегімен басқаруға болады. Кондиционер жүйесі автокөлік ішінде әртүрлі жағдайларда максималды жайлы болу үшін өзіңіз баптаған қолайлы температура мен ауа сапасын қамтамасыз етеді.

Ескертпе: кондиционер жүйесін қосу автокөліктің энергия шығынын арттырады, сондықтан оны ұтымды пайдалану керек.



1. Кондиционер жүйесінің ажыратқышы



Кондиционер жүйесін қосу/өшіру үшін осы түймені басыңыз.

2. Кондиционер жүйесін басқаратын автоматты режим

AUTO

AUTO түймесін басқанда, кондиционер жүйесі автоматты түрде басқару режиміне өтеді.

Ауаның қажетті температурасын орнатқанда кондиционер жүйесі автоматты түрде берілетін ауаның көлемін, циркуляция режимін және ауаны бөлу режимін автоматты түрде баптайды.

Автоматты түрде басқару режимін қосқаннан кейін кез келген баптауды, мысалы «Желдеткіш жылдамдығын», «Ауаны бөлу режимін» немесе «Циркуляция режимін» қолмен өзгертсеңіз, кондиционер жүйесі автоматты режимнен шығып кетеді.

3. Күйді таңдау



Салқындату режимін қосу керек болғанда, түймені басып оның күйін ❄ түріне өзгертіңіз; жылыту режимін қосу керек болса, түйменің күйін ☀ түріне өзгертіңіз; желдету режимі қажет болса, түйме күйін ➡ түріне өзгертіңіз; AUTO режимінде түйме  түрінде көрсетіледі.

4. Ауа көлемін реттеу



Сырғытпаны жылжытып, желдеткіштің айналу жылдамдығын реттеңіз. Желдеткіштің айналу жылдамдығын реттегіш шкаланың екі жағындағы желдеткіштің белгішесін басып немесе шкаланың кез келген жерін түртіп өзгертуге болады.

5. Ауа тазарту функциясы



Ауа тазарту функциясын қосу үшін осы түймені басыңыз; егер кондиционер жүйесі өшіп тұрса, онда осы түймені басқанда кондиционер жүйесі де бірге қосылады.

6. Температураны синхрондау

SYNC

Температураны синхрондау функциясын қосу/өшіру үшін осы түймені басыңыз.

7. Кондиционер жүйесінің баптаулары



Бұл түймені басқанда кондиционер жүйесін баптау мәзірі ашылады, ол жерден мына функцияларды қосуға немесе өшіруге болады: желдетіп алу үшін түймені басып тұрып әйнекті түсіру; белсенді желдету функциясын әйнектерге автоматты түрде үрлеу функциясын қосу.



Желдетіп алу үшін түймені басып тұрып әйнекті түсіру: автокөлік құлыптаулы кезде кілттегі құлып ашу түймесін басып тұрыңыз. Кондиционер жүйесі қосылып, дефлекторлар арқылы үлкен ауа ағыны беріледі, ал әйнектер

автоматты түрде түседі. Бұл режим біраз уақыттан кейін автоматты түрде сөнеді; есіктерді ашқанда да бұл режим ажырайды.

Белсенді желдету режимін қосу: автокөлік құлыптаулы кезде кілттегі құлып ашу түймесін басыңыз. Кондиционер жүйесі қосылып, дефлекторлар арқылы үлкен ауа ағыны кіреді.

Бұл режим біраз уақыттан кейін автоматты түрде сөнеді; есіктерді ашқанда да бұл режим ажырайды.

Әйнектерге автоматты түрде үрлеу: кондиционер жүйесі булануға жол бермеу үшін алдыңғы әйнекке және алдыңғы бүйір әйнектерге үрлеу функциясын автоматты түрде қосады. (Ескертпе: кондиционер жүйесі өшіп тұрса, әйнектерге автоматты түрде үрлеу функциясы қосылмайды).

Ескертпе: жоғарыда аталған функциялардың қолжетімділігі автокөлік күйіне байланысты. Олар төмен температура немесе аккумулятор батареясының төмен заряды сияқты белгілі бір жағдайларда қолжетімді болмауы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай.

8. Алдыңғы жолаушы жақтағы температураны реттеу

25,0

Температураны реттеу сырғытпасын көрсету үшін температура мәнін басыңыз. Алдыңғы жолаушы жақтағы температураны реттеу үшін сырғытпаны жылжытыңыз немесе сырғытпадағы кез келген мәнді басыңыз. Температураны реттеу диапазоны: LO (мин.), 18,0-32,0, HI (макс.).

9. Алдыңғы әйнекті жылыту



Автокөлік әйнектері буланып кетсе, алдыңғы әйнекті максималды жылыту режимін қосу үшін осы түймені басыңыз.

Кондиционер режимі қосылады және желдеткіш жоғары айналу жылдамдығымен істейтін болады. Ауаны бөлу режимі алдыңғы әйнекті жылыту режиміне ауысады, ал ауа циркуляциясы режимі ағындық желдету режиміне ауысады.

10. Кондиционер жүйесін басқару экранындағы тез реттеу түймесі



Бұл түймені басып қалып, кондиционер жүйесін басқару интерфейсіне көшіңіз.

Осы түймені басып тұрып, кондиционер жүйесін қосуға/өшіруге болады.

11. Ауа циркуляциясы режимі



Осы түймені басып ауа циркуляциясы режимін рециркуляция  мен ағындық желдету  режимдерінің арасында ауыстырыңыз.

12. Ауа ағынын бөлу режимі



Осы түймені басып, кондиционер жүйесінің көмегімен ауаны бөлу режимдерінің бірін таңдаңыз: бетке үрлеу , бет пен аяққа үрлеу , аяққа үрлеу , аяқ пен алдыңғы әйнекке үрлеу  немесе алдыңғы әйнекке үрлеу .

13. Жүргізуші жақтағы температураны реттеу

25,0

Температураны реттеу сырғытпасын көрсету үшін температура мәнін басыңыз. Жүргізуші жақтағы температураны реттеу үшін сырғытпаны жылжытыңыз немесе сырғытпадағы кез келген мәнді

басыңыз. Температураны реттеу диапазоны: LO (мин.), 18,0-32,0, HI (макс.).

14. Дефлекторларды электрлі реттеу

Smart ▶

Осы түймені басып, дефлекторлар жұмысының режимін таңдау интерфейсіне өтіңіз: интеллектуалды ауа ағыны, желпуісті ауа ағыны немесе еркін ауа ағыны.

15. Артқы кондиционер

Rear A/C

Бұл түймені басып, ауаны артқы қатардағы орындықтардың дефлекторлары арқылы беруді қосыңыз не өшіріңіз.

Дефлекторларды электрлі реттеу *

Кондиционер жүйесінің жұмыс режимдеріне (салқындату, жылыту немесе желдету) байланысты дефлекторлар арқылы ауа ағындарын бөлу схемасы әртүрлі түстермен көрсетіледі.

Ескертпе: дефлекторларды электрлі реттеу функциясы кондиционер жүйесі қосулы және ауа бөлу режимі «Бетке үрлеу» немесе «Бет пен аяққа үрлеу» күйіне қосулы кезде ғана істейді.



Электрлі ауа дефлекторларының екі режимі бар: автоматты түрде басқару және қолмен басқару.

- Автоматты түрде басқару: электрлі ауа дефлекторларының жұмыс режимдерін таңдау түймесінің көмегімен еркін ауа ағыны, интеллектуалды ауа ағыны және желпуісті ауа ағыны сияқты үш режим арасында ауысуға болады. Суретте ①, ②, ③, ④ деп белгіленген дефлекторларды

пайдаланғанда, электрлі ауа дефлекторлары қолмен басқару режиміне өтеді.

Интеллектуалды ауа ағыны: ауа ағынының бағытын автокөлік салонындағы нақты жағдайларға байланысты автоматты түрде реттеу.

Еркін ауа ағыны: дефлекторлардың жапқышы алмакезек жоғары-төмен, солға-оңға бұрылып, ауа ағынының бағытын реттеп отырады.


Желпуісті ауа ағыны: дефлекторлардың жапқыштары тік қалыпта қозғалыссыз қалады, бірақ оңға-солға бұрылып, ауа ағынының бағытын реттейді.

- Қолмен басқару режимі:
орталық дисплейде ①, ②,
③, ④ дефлекторларды
реттеу позицияларын
пайдалану: желдету
дефлекторының суретін екі
рет басып, оны
ашыңыз/жабыңыз, немесе
оның жапқыштарын жоғары,
төмен, солға не оңға бұрып,
ауа ағынының бағытын
реттеңіз.

Артқы сенсорлы экран

Артқы сенсорлы экран

Артқы сенсорлы экран артқы жолаушыларға кондиционер жүйесін, электржетегі бар құнқағар қалқаны, алдыңғы жолаушы орындығының күйін және т.б. басқаруға мүмкіндік береді.



1. Кондиционерді қосу/өшіру 

Кондиционер жүйесін немесе артқы кондиционерді қосу/өшіру үшін осы түймені басыңыз.

2. Температураны төмендету 

Температураны бір сатыға азайту үшін осы түймені басыңыз. Температураны үздіксіз азайту үшін осы түймені басып тұрыңыз. Температураны LO (мин.) деңгейіне дейін төмендетуге болады.

3. Температураны көтеру 

Температураны бір сатыға көтеру үшін осы түймені басыңыз. Температураны үздіксіз ұлғайту үшін осы түймені басып тұрыңыз. Температураны HI (макс.) деңгейіне дейін жоғарылатуға болады.

4. Желдеткіш жылдамдығын азайту түймесі 

Берілетін ауа көлемін бір сатыға азайту үшін осы түймені басыңыз. Берілетін ауа көлемін үздіксіз азайту үшін осы түймені басып тұрыңыз. Желдеткіш жылдамдығын 1-деңгейге дейін төмендетуге болады.

5. Желдеткіш жылдамдығын көбейту 

Берілетін ауа көлемін бір сатыға көбейту үшін осы түймені басыңыз. Берілетін ауа көлемін үздіксіз көбейту үшін осы түймені басып тұрыңыз. Желдеткіш жылдамдығын 8-деңгейге дейін көтеруге болады.

6. Электржетекті күн қалқасын жабу 

Күнқағар қалқаның автоматты жабылуына арналған түймені басып тұрыңыз. Күнқағар қалқаны тоқтату үшін оның қозғалысы кезінде осы түймені тағы бір рет басыңыз.

7. Күнқағар қалқаны ашу 

Күнқағар қалқаның автоматты ашылуына арналған түймені басып тұрыңыз. Күнқағар қалқаны тоқтату үшін оның қозғалысы кезінде осы түймені тағы бір рет басыңыз.

8. Алдыңғы жолаушы орындығын алдыға жылжыту 

Бұл түймені басу арқылы алдыңғы жолаушы орындығын алдыға жылжытуға болады.

9. Алдыңғы жолаушы орындығын артқа жылжыту 

Бұл түймені басу арқылы алдыңғы жолаушы орындығын артқа жылжытуға болады.

10. Артқы сол жақ орындықтың жылытқышын реттеу 

Артқы сол жақ орындықтың жылыту функциясын қосу үшін осы түймені басыңыз. Жылыту қарқынының дәрежесін таңдау үшін осы түймені ретімен баса беріңіз: 3, 2, 1 немесе «өшірулі».

11. Артқы оң жақ орындықтың жылытқышын реттеу 

Артқы оң жақ орындықтың жылыту функциясын қосу үшін осы түймені басыңыз. Жылыту қарқынының дәрежесін таңдау үшін осы түймені

ретімен баса беріңіз: 3, 2, 1 немесе «өшірулі».

Ескертпе:

Қажет емес кезде экрандағы түймелерге қолыңызды тигізбеуге тырысыңыз, себебі бұл сәйкес функциялардың (мысалы, кондиционер жүйесінің, күнқағар қалқаның және алдыңғы жолаушы орындығының) кездейсоқ іске қосылуына алып келуі мүмкін, бұл автокөлікті пайдалану жайлылығын төмендетеді.

Артқы панель түймелерін бұғаттау

Артқы панельдің бұғаттағышын қосқан кезде артқы сенсорлы экрандағы барлық түймелер басқандағы әрекет етуін доғарады.

Артқы сенсорлы экрандағы түймелерді белсендіру немесе сөндіру үшін орталық дисплейде [Settings] (Баптаулар) – [Vehicle settings] (Автокөлік баптаулары) – [Rear panel child lock] (Артқы панельді бұғаттау) түймелерін басыңыз.




Ескертпе: егер артқы сенсорлы экрандағы түймелер жұмыс істемей тұрса, орталық дисплейде артқы панельді бұғаттау функциясының қосулы тұрғанын тексеріңіз.

Жүргізу қауіпсіздігі

Орындықтар

Орындықтар туралы жалпы мәліметтер



Осы автокөлік моделіндегі орындықтың берілген күйі және орындық арқалығының көлбеу бұрышы:

- Орындық бойлық жазықтықта ілгері-кейін реттеледі, ал алдыға қарай шекті күйге

дейінгі қозғалу қашықтығы 40 мм-ді құрайды.

- Арқалықтың бастапқы көлбеу бұрышы: арқалықтың есептік көлбеу бұрышы (тік сызық пен дене сызығы арасындағы бұрыш) осы модель үшін 25°-ты құрайды.

Орындықтағы дұрыс отыру қалпы

Апат орын алған жағдайда қауіпсіздік жастығы мен қауіпсіздік белбеуі орындық бассүйегіші дұрыс қалыпта тұрғанда және дененің орындықтағы дұрыс қалпында ғана максималды қорғанышты қамтамасыз ете алады. Қозғалысты бастамас бұрын келесілерді орындауға кеңес беріледі:

- Орындықты реттеңіз және орындық пен арқалығының дұрыс қалыпта бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Арқалықты тым қатты еңкейтпеңіз.
- Жүргізуші орындығын рульден жеткілікті қауіпсіз қашықтықта болатындай етіп реттеңіз. Руль дөңгелегін қауіпсіздік жастығы жүргізушінің кеуде бөлігіне тікелей қарама-қарсы орналасатындай етіп реттеңіз.
- Арқалықтың күйін реттеңіз: отыру қалпы түзу, арқаңыз орындықтың арқалығына толығымен жанасып тұруы тиіс.

- Қауіпсіздік белбеуін дұрыс тағыңыз.

 Қауіпті

Тасымалдау ережелеріне сәйкес барлық жолаушылар өз орындарына отырмайынша қозғалысты бастамаңыз. Жолаушыларды орындықтың бүктелген арқалығына, жүксалғыш бөлімге немесе жүктің үстіне отырғызып тасымалдамаңыз.

Шұғыл тежеу немесе автокөліктің соқтығысуы нәтижесінде жарақаттардан немесе кісі өлімінен сақтану үшін қозғалыс кезінде автокөлік орындықтарының арасында тұруға немесе қозғалуға тыйым салынады.

Ешбір жағдайда жүк сөресіне ауыр немесе өткір заттар қоймаңыз.

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған орындықтарды және орындықтардың тыстамаларын модификацияламаңыз және ауыстырмаңыз, себебі бұл қауіпсіздік жастықтарының дұрыс ашылуына кедергі келтіруі немесе олардың кездейсоқ іске қосылып кетуіне алып келуі мүмкін, нәтижесінде жарақат келтіріледі.

 Қауіпті

Шұғыл тежелу немесе соқтығысу кезінде дұрыс қалыпта отырмаған немесе қауіпсіздік белбеуін тақпаған жолаушылар жарақат алуы мүмкін.

 Қауіпті

Жарақат алудан сақтану үшін орындықты реттеген кезде қолыңызды орындықтың астына немесе қозғалатын бөлшектердің жанына қоймаңыз.

Орындықтың арқалығын тым қатты шалқайтпаңыз. Егер орындық арқалығын тым қатта шалқайтсаңыз, қауіпсіздік белбеуінің бел тармағы саныңыздың үстінен сырғып кетуі мүмкін және бүкіл қысым құрсағыңызға түседі, ал белбеудің иық тармағы иығыңыздан мойныңызға ығысып кетуі мүмкін. Соқтығысқан жағдайда ауыр жарақаттар алу қаупі бар.

Қауіпсіздік жастығы үлкен күшпен ашылады. Дұрыс

отырмау немесе қауіпсіздік белбеулерін дұрыс пайдаланбау автокөлік жүргізушісінің және/немесе жолаушының басын, мойнын және дененің басқа осал бөліктерін зақымдауы мүмкін. Мұндай жарақат балаларды өлімге жетелеуі мүмкін.

Қауіпті

Автокөлік қозғалысы кезінде орындықтың қалпын реттеуге жол берілмейді. Бұл орындықтың кездейсоқ жылжып кетуінің салдарынан автокөлікті басқара алмай қалуға немесе жарақаттарға әкелуі мүмкін.

Орындықтың астына бөгде заттарды қоймаңыз. Олар орындықтың бекіту механизмін

зақымдауы және/немесе орындық күйін реттеу тұтқасын абайсызда басып қалуы мүмкін, мұның салдарынан орындық жылжып кетуі және автокөлікті басқара алмай қалуыңыз мүмкін. Сонымен қатар бұл орындықты реттеу механизмін зақымдауы мүмкін.

Ескерту

Алдыңғы орындықтарға қосымша жастықтар орналастыруға кеңес берілмейді. Орындықтағы жастықтың сәйкес келмейтін өлшемі, пішіні немесе қалпы тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің сигнал бергішінің жалғасы іске қосылуына алып келуі мүмкін.


Алдыңғы орындықты реттеу Электржетекті орындық



1. Орындық арқалығының көлбеуін реттеу ауыстырып қосқышы
2. Орындықты ілгері-кейін реттеу және орындықтың биіктігін реттеу ауыстырып қосқышы
3. Бел тіреуішін реттеу ауыстырып қосқышы

Алдыңғы орындықты дисплейдің көмегімен реттеу

Сәйкес орындықтың реттеу интерфейсіне өту үшін орталық дисплейде [Settings] (Баптаулар) – [Comfortable cabin] (Жайлы салон) түймелерін, содан кейін орындықты реттеу үшін қажетті түймені басыңыз.



Қысып қалудан қорғау функциясы

«Ұйқы» режимінде орындық күйінің ілгері-кейін қалпын және арқалықтың көлбеуін автоматты

түрде реттегенде олардың артқа жылжуы кезінде кедергі туындаса және берілген шекті мәнге жеткен жағдайда қысып қалудан қорғау функциясы іске қосылады. Бұл ретте орындық пен оның арқалығы қарсы бағытқа қарай біршама қашықтыққа жылжиды және осыдан кейін тоқтайды.

Жүргізуші орындығының жад функциясы

Жүргізуші орындығын реттеу интерфейсіне өту үшін орталық дисплейде [Settings] (Баптаулар) – [Comfortable cabin] (Жайлы салон) – [Seat adjustment] (Орындықтарды реттеу) – [Driver's seat] (Жүргізуші орындығы) түймесін басыңыз.

- Жүргізуші орындығын сәйкес келетін қалыпқа келтіріңіз, орталық дисплейде [Save driving position] (Жүргізуші орындығының күйін сақтау) түймесін басыңыз, [Save successfully] (Сақтау сәтті орындалды) көмексөзі пайда болады, және орындықтың күйі ағымдағы есептік жазбада сақталады.
- Ағымдағы пайдаланушы үшін жүргізуші орындығының күйін жадтан шақыру үшін орталық дисплейде [Restore driving position] (Жүргізуші орындығының күйін қалпына келтіру) түймесін басыңыз.

Автокөлікке жайлы міну/түсу функциясы

Автокөлікке мінуді/одан түсуді жеңілдету функциясын қосу немесе өшіру үшін орталық дисплейде [Settings] (Баптаулар) – [Comfortable cabin] (Жайлы салон) – [Seat courtesy] (Жайлы міну/түсу) түймелерін басыңыз. Жүргізуші орындығын реттеу интерфейсіне өту үшін орталық дисплейде [Settings] (Баптаулар) – [Comfortable cabin] (Жайлы салон) – [Seat adjustment] (Орындықтарды реттеу) – [Driver's seat] (Жүргізуші орындығы) түймесін басыңыз. Баптаудан кейін:

- Автокөлікті тұраққа қойыңыз, селекторды Р күйіне қойыңыз, қауіпсіздік белбеуін ағытыңыз, жүргізуші есігін ашыңыз, осыдан кейін жүргізуші орындығы

автоматты түрде түсу үшін қолайлы қалыпқа жылжиды.

- Автокөліктің құлпын ашыңыз, жүргізуші есігін ашыңыз, автокөлікке отырыңыз, жүргізуші есігін жабыңыз, сонда жүргізуші орындығы автоматты түрде жүргізуге арналған қалыпқа жылжиды.

Орындықты желдету



Алдыңғы орындықтың жастығы мен арқалығын желдету функциясын қосу үшін басқару интерфейсіне өту үшін орталық дисплейде  түймесін басыңыз немесе экранның астыңғы бөлігіндегі тез қол жеткізу түймесін басыңыз; ретімен басқан кезде желдету қарқынының дәрежесін келесі тәртіппен ауысатын болады:

«3-деңгей», «2-деңгей», «1-деңгей», «Өшірулі».

Алдыңғы орындықтардың жастықтары мен арқалықтарын желдету функциясы мобильді телефон қолданбасы арқылы қосуға болады.

«Салқын салон» режиміне кіріңіз, сонда алдыңғы орындықта адам отырға болса, алдыңғы орындықтың жастығы мен арқалығын желдету функциясы автоматты түрде қосылады.

Қауіпті

Орындықты жылыту функциясын ұзақ уақыт қолданған кезде қызып кету немесе өртену қаупі туындауы мүмкін. Орындықты жылыту функциясы ұзақ жұмыс істеген жағдайда жылыту

қарқынын ағымдағы жағдайларға сәйкес ауыстырып қосқышпен реттеңіз. Орындықтарды жылыту функциясын пайдалану кезінде келесі жолаушыларға ерекше назар аудару ұсынылады:

Егде жастағы адамдар, сәбилер, балалар, науқастар, мүгедектер және жүкті әйелдер.


Терісінің сезімталдығы жоғары жолаушылар.

Шаршау күйіндегі, мас күйдегі немесе дәрі-дәрмектердің (мысалы, ұйықтататын дәрі немесе суық тиюге қарсы дәрі) әсерінен ұйқылы күйдегі адамдар.

Ескерту

Жылытқыш қосылып тұрған кезде орындықты көрпемен, жастықпен немесе басқа да жылу оқшаулағыш заттармен жаппаңыз.

Бассүйегішті реттеу



Бұл автокөліктегі артқы орындықтардың бассүйегіштерін тек биіктігі бойынша ғана реттеуге болады.

Бассүйегішті түсірген немесе шығарып алған кезде оны бұғаттан шығару үшін бекіткіш түймесін басыңыз.

Артқы орындықтар

- Арқалықты бұғаттан шығару тұтқасын алдыға қарай тартыңыз.



- Орындық арқалығын алдыға қарай жинаңыз.
- Арқалық орнына қайтарылғаннан кейін оның

сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

- Артқы ортаңғы шынтақтаянышты түсіру үшін бауын алдыға қарай тартыңыз.



Қауіпсіздік белбеулері


Қауіпсіздік белбеулері – жүргізуші мен жолаушыларды жол-көлік оқиғалары болған кезде ауыр жарақаттардан қорғайтын тиімді құрал. Соқтығыс орын алған немесе автокөлік күрт тежеген жағдайда үлкен инерция күші пайда болады.

Мұндай жағдайда қауіпсіздік белбеулері жүргізуші мен жолаушыларды орындықтарда ұстап қалып, автокөлік салонының ішкі элементтеріне соғылудың алдын алады және кинетикалық энергияның көп мөлшерін сіңіреді, осының арқасында жүргізуші мен жолаушылардың ауыр жарақаттар алу ықтималдығы азаяды.

Қауіпсіздік белбеулерін дұрыс пайдалану – қауіпсіздік жастықтарының дұрыс жұмыс істеуі үшін маңызды шарт.

Қауіпсіздік белбеулерін дұрыс пайдаланбау және орындыққа дұрыс отырмау жүргізушінің және жолаушылардың бас, мойын және дененің басқа да қорғалмаған бөліктерінің жарақаттарына әкелуі мүмкін, себебі қауіпсіздік жастығының ашылу сәтінде өте

күшті энергия жасалып шығарылады.



Қауіпсіздік белбеуі қамтамасыз ететін максималды тиімді қорғаныш үшін қозғалысты бастамас бұрын келесілерді орындау қажет:

- Қауіпсіздік белбеуін дұрыс тағу.
- Дененің дұрыс қалпын қамтамасыз ету үшін орындықты реттеу.

⚠ Қауіпті

Қауіпсіздік белбеулері мен олардың бөліктерінің күйін үнемі тексеріп отырыңыз. Қауіпсіздік белбеулерінің зақымдалған немесе істемейтін компоненттерін дереу ауыстырыңыз.

Әр орындықтағы қауіпсіздік белбеуі тек бір адамның пайдалануына арналған.

Соқтығысу кезінде созылып кеткен қауіпсіздік белбеулерін ауыстыру қажет.

Қауіпсіздік белбеулерін өзіңіз бөлшектемеңіз және/немесе өзгертпеңіз! Ауыстыру немесе техникалық қызмет көрсету үшін Changan Automobile өкілетті

Қауіпті

сервис орталығына хабарласуға кеңес беріледі.

⚠ Ескертпе:

Тағылған қауіпсіздік белбеулері қысылып немесе шиыршықталып қалмауы тиіс.

Тағылып тұрған қауіпсіздік белбеуінің өткір немесе сынғыш заттарға жанасуына жол бермеңіз.

Тым кең киім қауіпсіздік белбеуінің қызметіне әсер етуі мүмкін.

Қауіпсіздік белбеулері таза болуы керек. Лас белбеулер белбеуді автоматты түрде

тарту құрылғысының жұмысын қиындатады.

Тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің сигнал бергіші

Аспаптар тақтасындағы тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің индикаторы жүргізуші мен алдыңғы жолаушыға қауіпсіздік белбеуін тағу қажеттігін еске салады.



Егер жүргізушінің немесе алдыңғы жолаушының қауіпсіздік белбеуі ағытылған болса, осы индикатор жанады.

Егер жүргізуші және/немесе алдыңғы жолаушы қозғалыс кезінде қауіпсіздік белбеулерімен бекітілмеген болса, тиісті орындықтың қауіпсіздік белбеуінің индикаторы жанады және бір мезгілде ескертуші дыбыс сигналы беріліп тұрады. Индикатор және дыбыс сигналы жүргізуші мен алдыңғы жолаушы қауіпсіздік белбеулерін таққан кезде өшеді.

Артқы орындықтың тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің сигнал бергіші: орталық дисплейдегі артқы орындықтың тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің индикаторы артқы жолаушыға қауіпсіздік белбеуін тағу қажеттігі туралы еске салады.



Егер артқы жолаушы қозғалыс кезінде қауіпсіздік белбеулерін тақпаған болса, тиісті орындықтың қауіпсіздік белбеуінің индикаторы жанады және бір мезгілде ескертуші дыбыс сигналы беріліп

тұрады. Индикатор мен дыбыс сигналы артқы жолаушы қауіпсіздік белбеуін таққан кезде өшеді. Егер жүргізуші/жолаушы қозғалыс кезінде қауіпсіздік белбеуін ағытатын болса, тиісті орындықтың қауіпсіздік белбеуінің индикаторы жанады және бір мезгілде ескертуші дыбыс сигналы беріледі.

Артқы орындықтың тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы сигнал беру функциясын [Settings] – (Баптаулар) – [Safety and maintenance] (Қауіпсіздік және қорғаныш) – [Rear safety belt not fastened alarm] (Тағылмаған артқы қауіпсіздік белбеуінің сигнал бергіші) түймелерін басу арқылы өшіруге болады. Жолаушыларды артқы орындықта тасымалдаған кезде артқы орындықтың тағылмаған қауіпсіздік белбеуі

туралы ескерту функциясын қосып қоюға кеңес беріледі.

Ескертпе:

Егер тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің сигнал бергішінің жұмысы жоғарыда сипатталған алгоритмге сәйкес келмесе, бұл оның ақаулы екенін көрсетеді. Changan Automobile өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Алдыңғы қауіпсіздік белбеулері жүйесі

Қауіпсіздік белбеуінің үстіңгі бекіткішінің биіктігін реттегіш

Қауіпсіздік белбеуінің үстіңгі бекіткішінің күйін жоғары және төмен бағытта реттеу үшін биіктік реттегішінің түймесін басып тұрыңыз. Орындықтың биіктігіне, орындықтың күйіне, орындық

үстіндегі дененің қалпына және
т. б. байланысты реттегішті
орнатуға болатын тік
жазықтықтағы үш күй
қарастырылған.



 Қауіпті

Жүргізушіге автокөліктің қозғалысы кезінде қауіпсіздік белбеуінің күйін реттеуге тыйым салынады.

Қауіпсіздік белбеуінің күшін шектеу

Алдыңғы орындықтардың қауіпсіздік белбеулерінің тартқыштары күшті реттей алады.

Бетпе-бет қатты соқтығыс болған жағдайда белбеудің кеудеге қысымы белгіленген мәннен асып кетсе, белбеуді тарту механизмі белбеудің кеудеге түсіретін қысымын азайту үшін белбеудің белгілі бір ұзындығын босатады.

Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштары

Алдыңғы қауіпсіздік белбеулері тіпті алдыңғы орындықтарда адам отырмаса да іске қосылатын алдын ала тартқыштармен жабдықталған.

Жеткілікті қарқынмен бетпе-бет соқтығысу кезінде алдын ала тартқыш іске қосылады, және қауіпсіздік белбеуінің таспасын тарту механизмі автоматты түрде ішіне тартып алады.

Қауіпсіздік белбеуі қолданылған жағдайда алдын ала тартқыш жүргізушінің / алдыңғы жолаушының максималды қорғанышына кепілдікті қамтамасыз етеді.

Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқышы іске қосылған кезде қатты тарсыл естіледі және түтін

мен ұнтақ бөлінеді, бұл қалыпты құбылыс болып табылады және денсаулыққа зиянды емес. Әйтсе де кейде бұл теріде тітіркенудің пайда болуына немесе тыныс алудың ауырлауына алып келуі мүмкін. Бұл жағдайда автокөлік ішін желдету, ал терінің зақымдалған аймағын сумен мұқият жуу қажет.

 Қауіпті

Алдын ала тартқыш іске қосылғаннан кейін немесе автокөлікті он жыл пайдаланғаннан кейін қауіпсіздік белбеулерін Changan Automobile өкілетті сервис орталығында ауыстырту қажет.

Кез келген тексерулер және техникалық қызмет көрсету

⚠ Қауіпті

бойынша жұмыстар Changan Automobile өкілетті сервис орталығының мамандары тарапынан жүргізілуі тиіс.

Қауіпсіздік жастықтары жүйесін модификациялауға немесе оның қандай да бір компоненттерін шешіп алуға, қауіпсіздік жастықтарының басқару блоктарына және датчиктерін соққының әсеріне ұшыратуға, сондай-ақ қауіпсіздік жастықтарын басқару электр тізбектерін зақымдауға тыйым салынады. Бұл алдын ала тартқыштардың кездейсоқ іске қосылуына немесе істен шығуына алып келуі мүмкін.

Алдын ала тартқыштарды модификациялауға немесе

⚠ Қауіпті


олардың қандай да бір компоненттерін шешіп алуға, алдын ала тартқыштарды ашуға, олардың электр сымдарын зақымдауға немесе оларды соққы әсеріне ұшыратуға тыйым салынады. Бұл алдын ала тартқыштардың кездейсоқ іске қосылуына немесе істен шығуына алып келуі мүмкін.

Қауіпсіздік белбеуін тағу

Үш нүктелі белбеудің бел бөлігін беліңізге емес, мүмкіндігінше төменірек сандарыңыздың үстіне орналастырыңыз; белбеудің иық бөлігін қолтығыңыздың астына емес, кеудеңіздің үстімен, көкірегіңізден көлденең орналастырыңыз.


Қауіпсіздік белбеуін тағу тәртібі

1. Белбеудің тоғасынан ұстап, таспасын керу механизмінен жайымен тартып шығарыңыз.
2. Белбеудің иық бөлігін иығыңыздың үстінен, ал бел бөлігін – жамбасыңыздың үстімен көлденеңінен өткізіңіз.
3. Қауіпсіздік белбеуінің тоғасын құлыпқа сұғыңыз. Өзіне тән сырт өткен дыбыс белбеудің тағылғанын білдіреді.



Қауіпсіздік белбеуін ағыту

Белбеуді ағыту үшін құлыптың қызыл түймесін басыңыз.



Балалардың қауіпсіздік белбеулерін қолдануы

Бұл автокөліктегі қауіпсіздік белбеулері ересек жолаушылардың қолдануына арналған. 12 жастан төмен балаларды тасымалдаған кезде ұлттық қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келетін арнайы бала бекіту

құрылғыларын қолдануға кеңес беріледі («Автокөлікті жүргізу – Жүргізу қауіпсіздігі – Балалардың қауіпсіздігі» бөлімін қараңыз).

Бойы бала бекіту құрылғыларын қолдануға мүмкіндік бермейтін балалар әрдайым артқы орындықтарда автокөліктің штаттық қауіпсіздік белбеулері тағылған күйде тасымалдануы тиіс.

Жүкті әйелдердің қауіпсіздік белбеулерін пайдалануы

Бел таспасын жамбасыңыздың үстімен көлденеңінен ыңғайлы етіп орналастырыңыз.

Белбеудің иық бөлігін көкірек қуысының ортасымен иық арқылы өтіп, құрсақ тұсында бүйірден түсіп тұратындай етіп орналастырыңыз.

⚠ Қауіпті

Ана мен баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік белбеуін дұрыс тағу ерекше маңызды.


Қауіпсіздік белбеуін қолданар алдында дәрігермен сәйкес сақтық шаралары бойынша кеңесіп алыңыз.

Зардап шегушілердің қауіпсіздік белбеулерін қолдануы

Дәрігердің ұсыныстарын орындаңыз. Қауіпсіздік белбеуін нақты жағдайға қарай пайдаланыңыз.

Артқы орындықтардың қауіпсіздік белбеулері

Артқы қатардағы орындықтар үш нүктелі қауіпсіздік белбеулерімен жабдықталған. Қауіпсіздік белбеуінің сәйкес құлпы артқы орындықтың жастығы мен арқалығының түйіскен жігінде орналасқан. Қауіпсіздік белбеуін қолданған кезде белбеудің тоғасын тиісті құлыпқа сұғу қажет. Артқы сол жақ және оң жақ қауіпсіздік белбеулері алдын ала тартқыштармен жабдықталған.



Артқы орындықтардың қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштары Артқы сол жақ және оң жақ қауіпсіздік белбеулері алдын ала тартқыштармен жабдықталған. Тіпті артқы сол жақ/оң жақ орындықта отырған жолаушылар жоқ болса да, алдын ала тартқыш бәрібір іске қосылады.

Жеткілікті қарқынмен бетпе-бет соқтығысу кезінде алдын ала тартқыш іске қосылады, және қауіпсіздік белбеуінің таспасын

тарту механизмі автоматты түрде ішіне тартып алады. Қауіпсіздік белбеуі қолданылған жағдайда алдын ала тартқыш жолаушының максималды қорғалуын кепілдендіреді.

Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқышы іске қосылған кезде күшті тарсыл естіледі және түтін мен ұнтақ бөлінеді. Бұл денсаулыққа зиян келтірмейтін қалыпты құбылыс болып табылады. Өйтсе де кейде бұл теріде тітіркенудің пайда болуына немесе тыныс алудың ауырлауына алып келуі мүмкін. Бұл жағдайда автокөлік ішін желдету, ал терінің зақымдалған аймағын сумен мұқият жуу қажет.



Қауіпсіздік жастықтары

Қауіпсіздік жастықтары туралы жалпы мәліметтер

Қауіпсіздік жастығы — қосымша бекіту жүйесінің (SRS) элементі.

SRS жүйесі қауіпсіздік белбеулеріне көмекші құрал және оларды толығымен алмастыра алмайды. Жүргізуші мен барлық жолаушылар қауіпсіздік белбеулері дұрыс тағуы және орындықтарда дұрыс қалыпта отыруы тиіс.

Жүргізушінің/жолаушылардың жарақаттану қаупін азайту үшін қатты соқтығыс болғанда, қауіпсіздік жастығы ашылған кезде жүргізушінің/жолаушының және автокөліктің салон қаптамасы арасында буфер пайда болады.



Қауіпті

Қауіпсіздік жастықтары сіздің автокөлігіңіздің моделі үшін арнайы іріктеліп алынған және калибрленген, оларды өз қалауыңыз бойынша ауыстыруға болмайды, ауыстырған жағдайда жүйе істен шығады.

Қауіпсіздік жастықтары іске қосылғаннан кейін немесе автокөлік 10 жыл пайдаланылғаннан кейін оның дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік жастықтарының бүкіл жүйесін ауыстыру қажет.

Қауіпсіздік жастықтарын және олармен байланысты компоненттерді өз бетіңізше модификациялауға, бөлшектеуге және орнатуға қатаң түрде

Қауіпті

тыйым салынады. Мұндай әрекеттер қауіпсіздік жастықтары жүйесінің қалыпты жұмыс істемеуіне, жүргізушінің және жолаушылардың күтілетін қорғанышын қамтамасыз ете алмауына алып келуі, сондай-ақ істен шығуы немесе апат жағдайында кездейсоқ іске қосылып кетуі мүмкін, бұл күрделі жарақаттар келтіреді!

Қауіпсіздік жастықтары жүйесінде ақаулық туындаған жағдайда диагностика жасату және жөндеу үшін Changan Automobile өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз. Жарақат алудан сақтану үшін техникалық қызмет көрсетуді өз бетіңізше орындамаңыз!

Қауіпті

Қауіпсіздік жастықтарының орналасқан жері AIRBAG белгісімен көрсетілген. Қауіпсіздік жастықтары орнатылған жерлерге ешқандай объектілер орналастырмаңыз және жапсырмалар жабыстырмаңыз.

Жолаушы мен қауіпсіздік жастығының арасына адамдарды жануарларды отырғызуға немесе бөгде заттарды орналастыруға тыйым салынады.

Қауіпсіздік жастығы іске қосылған кезде күйіп қалу немесе тұтану қаупін болдырмау үшін қозғалыс барысында темекі шекпеңіз.

Қауіпті

12 жасқа дейінгі балалар автокөліктің артқы орындығында сәйкес бала бекіту құрылғыларына отырғызылып тасымалдануы тиіс.

Қауіпсіздік жастықтарының жұмыс істеу принципі

Қауіпсіздік жастықтары тек есіктердің құлпы ашылған және автокөліктің оталдыру жүйесі қосулы күйде ғана белсенді. Қауіпсіздік жастығы қажет болған жағдайда ашылады.

Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің бақылау шамы дұрыс жұмыс істеуі тиіс.

Автокөлік шанағының зақымдану дәрежесі қауіпсіздік жастықтарының іске қосылуы үшін анықтаушы фактор болып табылмайды, және қауіпсіздік жастықтары іске қосылуы тек соқтығысу жағдайында ғана болмауы мүмкін. Қауіпсіздік жастықтары кез келген соқтығысу кезінде ашылмауы керек. Олар өзгелерімен қатар соқтығысу кезіндегі автокөліктің қозғалу жылдамдығы, соқтығысу бұрышы және соқтығысу кезіндегі баяулау жылдамдығы сияқты бірқатар факторлардың жиынтығы болған кезде ашылады.


Автокөлік қатты және пішіні өзгермейтін заттарға соқтығысқанға қарағанда,

қозғалмалы немесе пішіні өзгеретін, әсер ету күшін сіңіретін нысандарға (тосқауыл қоршауы және ағаш сияқты) соқтығысқан кезде қауіпсіздік жастығының ашылу жылдамдығы жоғарылау болады.

Егер соқтығысу шұғыл тежеу кезінде орын алса, онда соқтығысу кезіндегі соққы күші қауіпсіздік жастығының ашылуы үшін жеткілікті болмауы мүмкін, сондықтан осындай жағдайларда қауіпсіздік жастығы іске қосылмауы ықтимал.

Автокөлік бірнеше рет соқтығысқан жағдайда іске қосылу талаптары орындалған кезде қауіпсіздік жастықтары тек бір рет ғана ашылады. Шамалы соққы күшімен бірнеше рет соқтығысқан кезде қауіпсіздік жастықтары ашылмауы мүмкін (①), алайда кейінгі қатты

соқтығысу болған кезде олар ашылу үшін қажетті соққы күшіне жеткенде іске қосылуы мүмкін (②).



⚠ Қауіпті

Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ақаусыз күйіне көз жеткізіңіз. Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің бақылау шамы ақаулы болса, жөндеу үшін Changan Automobile өкілетті сервис орталығына мүмкіндігінше тезірек хабарласыңыз. Әйтпесе


Қауіпті

соқтығысқан кезде қауіпсіздік жастығы іске қосылмауы мүмкін, бұл жарақаттарға алып келеді.


Егер автокөлік су кедергісінен өтсе немесе автокөлік салонына су төгілген болса, қауіпсіздік жастықтарының басқару блогының дұрыс жұмыс істемеуінен сақтану үшін оны диагностикалау және/немесе жөндеу мақсатында Changan Automobile өкілетті сервис орталығына дереу хабарласыңыз. Әйтпесе, бұл кездейсоқ іске қосылу немесе қауіпсіздік жастықтарын ашу алгоритмін бұзу салдарынан апатқа әкелуі және/немесе жарақатқа ұшыратуы мүмкін.

SRS жүйесінің жұмыс принципі

1. Автокөлік соқтығысқан кезде SRS жүйесінің датчигі соққы күшін анықтайды. Егер ол белгіленген мәннен асып кетсе, қауіпсіздік жастығының басқару блогына жастықтардың ашылуына жауап беретін сигнал беріледі.
2. Басқару блогынан сигнал алғаннан кейін қауіпсіздік жастығы үрленіп ашылып, адам денесі мен салонның элементтері арасында қорғаныс кеңістігін жасайды.



3. Қауіпсіздік жастығы соққы күшін сіңіреді, ал қауіпсіздік белбеуі бас пен дененің жоғарғы жағын ықтимал жарақаттардан қорғайды.



4. Қауіпсіздік жастығы ашылғаннан кейін адамға тиетін әсерді азайту үшін тез жиырылады.

Қауіпті

Қауіпсіздік жастығы ашылғанда тарс өткен дыбыс естіліп, түтін шығады – бұл пиропатронды (газ генераторын) іске қосқан кездегі әдеттегі процесс.

Ашылған кезде шығарылатын ұнтақ улы емес, бірақ ол тыныс алуды қиындатады және / немесе теріні тітіркендіруі мүмкін. Салонды желдету үшін терезелерді дереу ашыңыз. Көзіңізді, барлық кесілген жерді және/немесе жараларды жақсылап жуыңыз.

Қауіпсіздік жастығы іске қосылғаннан кейін оның компоненттері қатты қызуы мүмкін. Оларға қолыңызды тигізбеңіз. Абайсызда тиіп кеткен жағдайда аллергиялық

Қауіпті

реакцияның алдын алу үшін зақымдалған тері аймағын көп мөлшерде сумен жуыңыз.

Қауіпсіздік жастығы бірден үлкен күшпен ашылады, оның салдарынан жарақат келеді, оның ішінде сызаттар, көгерулер және сүйектердің сынуы болады.

Ашылғаннан кейін қауіпсіздік жастығын ауыстыру қажет, себебі іске қосылған қауіпсіздік жастығы қайта соқтығысу жағдайында қорғанышты қамтамасыз етпейді.


SRS жүйесі ақауының индикаторы

SRS жүйесі ақауының индикаторы қызыл түсті.



Есіктердің құлпы ашылған және автокөлікті қоректендіру қосылған кезде SRS жүйесінің индикаторы шамамен 3-5 секундқа жанады, содан кейін сөнеді. Қалыпты жағдайларда SRS жүйесінің индикаторы өшірулі.

Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің компоненттері



1. Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы
2. Жүргізушінің қауіпсіздік жастығы
3. Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары
4. Бүйірлік қауіпсіздік қалқалары

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары

Алдыңғы қауіпсіздік жастығына қатысты ескертуі бар жапсырма алдыңғы жолаушының күнқағар қалқасының екі жағынан да орналастырылған. Онымен мұқият танысып шығыңыз.


Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығы

Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығы руль дөңгелегіне орнатылған және руль дөңгелегінің сәндік қаптамасындағы AIRBAG жазуымен белгіленген. Ол іске қосылудың барлық шарттары орындалған бетпе-бет соқтығысу кезінде ашылады.



Алдыңғы жолаушының алдыңғы жастығы

Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы автокөліктің аспаптар тақтасына ұсақ-түйек тартпасының үстіне орнатылған және AIRBAG жазуымен белгіленген. Ол іске қосылудың барлық шарттары орындалған бетпе-бет соқтығысу кезінде ашылады.



⚠ Қауіпті

Алдыңғы орындыққа жүріс бағытына теріс қаратылған бала бекіту құрылғысын орнатуға, сондай-ақ 12 жасқа толмаған және/немесе бойы 150 см аласа баланы алдыңғы орындықта тасымалдауға тыйым салынады, себебі ол алдыңғы қауіпсіздік жастығының іске қосылуының

⚠ Қауіпті

нәтижесінде жарақат алуы мүмкін.

Автокөлік жүріп келе жатқан кезде денеңіздің дұрыс қалпын сақтаңыз. Аспаптар тақтасына аяқтарыңызды қоймаңыз.

Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығының сәндік қаптамасын заттарды сақтауға пайдаланбаңыз.

Алдыңғы жолаушы жақтағы аспаптар тақтасына және алдыңғы әйнекке заттарды қоймаңыз. Мысалы, навигация жабдығына немесе мобильді телефонға арналған кронштейндерді немесе бекіткіштерді (соның ішінде жабысқақ таспаның көмегімен),

Қауіпті

сондай-ақ қауіпсіздік жастығы ашылатын аймақта алдыңғы жолаушы жағынан басқа жабдық сәндік әшекейлер орнатпаңыз.

Қауіпсіздік жастығының ашылуының шарттары


Төмендегі жағдайлар – алдыңғы қауіпсіздік жастығы ашылуы ықтимал соқтығысуға жүргізілген сынақ кезіндегі стандартты зертханалық жағдайлар.

Алайда нақты соқтығысқан кезде қауіпсіздік жастығының іске қосылуы соқтығысу кезінде пайда болатын баяулаудың жастықтың ашылу шарттарына сәйкес келуіне байланысты.

1. Қозғалмайтын және деформацияланбайтын бетон қабырғаға 30 км/сағ астам жылдамдықта бетпе-бет соқтығысқан кезде:




2. Автокөлік 35 км/сағ-тан жоғары жылдамдықта қозғалысыз тұрған деформацияланбайтын бетон бағанға алдымен соқтығысқан жағдайда:




3. Автокөлік өзінің қозғалу бағытының тік осінен 30°-қа ығыса отырып қозғалысыз тұрған деформацияланбайтын бетон қабырғаға алдымен соқтығысқан жағдайда, соқтығысу нүктесінде 35 км/сағ-тан жоғары жылдамдықта:

шассидің негізгі бөлігі
зақымданған кезде.



Тіпті соққы жылдамдығы салыстырмалы түрде жоғары болса да, алдыңғы қауіпсіздік жастығы төменде көрсетілген жағдайларда іске қосылмауы мүмкін. Алайда нақты соқтығысқан кезде қауіпсіздік жастығының іске қосылуы соқтығысу кезінде пайда болатын баяулаудың жастықтың ашылу шарттарына сәйкес келуіне байланысты.




Алдыңғы қауіпсіздік жастығы сондай-ақ келесі жағдайларда іске қосылуы мүмкін:

1. Баспалдаққа, жиектасқа немесе осыған ұқсас жерден көтеріліп тұрған кедергіге шыққан кезде.




2. Дөңестен түсіп, жерге соғылған кезде.



3. Терең шұңқырға немесе ойыққа түскен кезде немесе

1. Автокөліктердің бетпе-бет немесе ішінара айқасып соқтығысуы орын алған кезде:



Қозғалыс бағытында автокөлікке әсер ету азаяды, өйткені екі автокөліктің де энергия сіңіретін деформация аймақтары бар.

2. Жүк автокөлігінің артқы немесе бүйірлік бөлігімен соқтығысу жағдайында:




- 1) Жүк көлігінің қорғаныс құралы – деформацияланатын, беріктігі төмен.
- 2) Егер соқтығысу нүктесі автокөлік капотының аймағына немесе одан жоғары келсе, онда автокөлік шанағының соққы күші берілгеннен едәуір төмен болуы мүмкін және қауіпсіздік жастығының ашылу жағдайларына сәйкес келмейді.

3. Автокөлік ағашпен немесе осыған ұқсас цилиндр пішінді объектімен соқтығысқан кезде:



Алдыңғы қауіпсіздік жастығы ашылмауы мүмкін, өйткені соғылған объект құлап немесе сынып кетуі мүмкін.


4. Автокөлік сүйір бұрышпен бетон қабырғасына немесе жүрдек автомагистраль қоршауына соқтығысқан кезде:




5. Сіздің автокөлігіңіз шанағының алдыңғы және бүйірлік бөліктеріне зақым келмей, басқа автокөліктің артқы бөлігіне соқтығысқан жағдайда:




6. Сіздің автокөлігіңізге шанағының артқы және бүйірлік бөліктеріне зақым келмей артқы жақтан келіп соғылу жағдайында:




7. Автокөлік жанына аударылған немесе төңкерілген кезде:



8. Егер бүйірден тиген соққы капот немесе жүксалғыш есігінің аймағына келсе:



9. Автокөлік шарбақ сияқты икемді және деформацияланатын нысандармен соқтығысқан:



Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары

Алдыңғы есіктің табалдырығында бүйірлік қауіпсіздік жастықтары туралы ескерту ақпараты бар тақтайша орналасқан. Онымен мұқият танысып шығыңыз.

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары жүргізуші және алдыңғы жолаушы орындықтарының арқалықтарына орнатылған және арқалықтың қапталындағы тігісте AIRBAG заттаңбасымен белгіленген. Бүйірлік қауіпсіздік жастығы, іске қосу шарттары сақталғанда, бүйірден соққы тиген жағдайда ашылады, жолаушы мен ішкі әрлеу элементтері арасында буфер жасап, бұл кеуде қуысын бүйірден қорғауды қамтамасыз етеді.



⚠ Қауіпті

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған орындықтарға тысқаптар кигізбеңіз және қосымша жастықтар қоймаңыз. Орындықтардың тыстамасын өз бетіңізше өзгертпеңіз. Әйтпесе, бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының жұмысы бұзылуы мүмкін немесе олар кездейсоқ іске қосылып кетіп, бұл жарақатқа әкелуі мүмкін.

Киімді орындықтың арқалығына іліп қоймаңыз.

Бүйірлік қауіпсіздік қалқалары

Бүйірлік үрмелі қорғаныш қауіпсіздік қалқалары

салонның сәндік панельдерінде алдыңғы және артқы есіктердің ойықтарының үстінде орналасқан және ортаңғы бағанның үстіңгі бөлігінде AIRBAG белгішесімен белгіленген. Бүйірлік қауіпсіздік қалқалары жолаушылар мен автокөлік салонының ішкі элементтері арасында қорғаныс буферін жасай отырып, барлық іске қосылу жағдайын ескере отырып, бүйірмен соқтығысу жағдайында ашылады.



 Қауіпті


Қауіпсіздік қалқаларының орналасқан жерлеріне басыңызды немесе денеңізді сүйеңіз. Қалқалардың ашылу аймағы – автокөліктің бүйір терезелерінің ойықтары.

Орындықтың арқалығы мен бүйірлік есіктердің арасына ешқандай зат қоймаңыз.


Бүйірлік қауіпсіздік жастықтың ашылу шарттары

Төмендегі жағдайлар – бүйірлік қауіпсіздік жастығы ашылуы ықтимал соқтығысуға жүргізілген сынақ кезіндегі стандартты зертханалық жағдайлар. Алайда нақты соқтығысқан кезде қауіпсіздік жастығының іске қосылуы соқтығысу кезінде пайда болатын баяулаудың жастықтың ашылу шарттарына сәйкес келуіне байланысты.

1. Массасы 950 кг-нан жоғары көлік құралы 30 км/сағ-тан жоғары жылдамдықта автокөлікпен автокөлік бортына тік бұрышпен соқтығысқан жағдайда.



2. Соқтығысу кезінде 35 км/сағ-тан жоғары жылдамдықпен бүйірмен сырғу салдарынан диаметрі 254 мм-ден үлкен қозғалыссыз тұрған және деформацияланбайтын бетон бағанға соғылғанда.




Сонымен қатар бүйірлік қауіпсіздік жастығы келесі жағдайларда ашылуы мүмкін:

1. Баспалдаққа, жиектасқа немесе осыған ұқсас жерден көтеріліп тұрған кедергіге соғылған кезде.




2. Дөңестен түсіп, жерге соғылған кезде.




3. Терең шұңқырға немесе ойыққа түскен кезде немесе

шассидің негізгі бөлігі
зақымданған кезде.




4. Автокөлік аласа кедергіге (мысалы, жиектасқа немесе баспалдаққа) шығып кеткенде.




Тіпті соққы жылдамдығы салыстырмалы түрде жоғары болса да, бүйірлік қауіпсіздік жастығы төменде көрсетілген жағдайларда іске қосылмауы мүмкін. Алайда нақты соқтығысқан кезде қауіпсіздік жастығының іске қосылуы соқтығысу кезінде пайда болатын баяулаудың жастықтың ашылу шарттарына сәйкес келуіне байланысты.


1. Басқа көлік құралы қозғалыс бағытына перпендикуляр бағытта бүйірімен келіп, автокөліктің алдыңғы (алдыңғы әйнек алдында) немесе артқы бөлігін соққан кезде.



2. Автокөлік басқа көлік құралымен бүйір жағынан, белгілі бір бұрышпен соқтығысқан кезде. Көлік құралының соқтығысу кезіндегі жылдамдығы салыстырмалы түрде төмен.



3. Автокөлік жанына аударылған немесе төңкерілген кезде.



4. Автокөлік салмағы жеңіл нысанмен (мысалы, мотоцикл) бүйірлеп соқтығысқан кезде.



5. Жіңішке бойлық бағандарға бүйірімен соғылған кезде.



Балалардың қауіпсіздігі

Балаларды тасымалдау
қағидалары



12 жастан кіші немесе бойы 150 см-ге дейінгі балаларды артқы орындықта міндетті түрде бала бекіту құрылғысын пайдалана отырып тасымалдау керек.

Бойы бала бекіту құрылғыларын қолдануға мүмкіндік бермейтін және жасы 3-тен асқан балалар әрдайым артқы орындықтарда

автокөліктің штаттық қауіпсіздік белбеулері тағылған күйде тасымалдануы тиіс.

Балаларды автокөлікте қараусыз жалғыз қалдырмаңыз, себебі олар келесі әрекеттерді істеуі мүмкін:

- есікті ашып жіберіп, басқа адамдарға немесе жол қозғалысы қатысушыларына қауіп төндіруі;
- автокөліктен жүріс бөлігіне шығып кетуі және жол қозғалысына кедергі келтіруі, бұл жарақаттарға немесе кісі өліміне алып келеді;
- абайсызда автокөлікті қозғалысқа келтіріп қойып, жазатайым жағдайлар мен жарақаттар қаупін төндіруі.

Жабық автокөліктің іші қызып кетіп, балалар көліктен шыға алмай қалған жағдайда бұл олардың ауыр жарақаттар алуына немесе тіпті өліміне әкелуі мүмкін. Бала автокөлікке бөтен адамдардың кіріп кетуі ықтималдығына байланысты басқа да жарақаттар алуы мүмкін.



Қауіпті

Балаларды автокөлікте қараусыз жалғыз қалдыруға тыйым салынады.

Автокөлік қозғалысы кезінде баланы тізеге отырғызып немесе қолға алып тасымалдауға тыйым салынады.

Бір қауіпсіздік белбеуін екі және одан көп балаға немесе ересек адам мен балаға тағуға тыйым салынады.

Қауіпсіздік белбеуінің күйін ауық-ауық тексеріп отырыңыз, өйткені бала қозғалғанда белбеу ығысып кетуі мүмкін.

Баланы бекіту құрылғылары

Ұлттық қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келетін бала бекіту құрылғысын қолдануға кеңес береміз.

Тиісті бала бекіту құрылғысын таңдау және сатып алу кезінде баланың бойын, жасын және салмағын ескеру қажет.

Бала бекіту құрылғысы құрылғы өндірушісінің нұсқауларына қатаң сәйкестікте орнатылуы және пайдаланылуы тиіс.

Қозғалыс бағытына қарсы қаратып орнатылатын бала бекіту құрылғыларын алдыңғы қауіпсіздік жастығымен қорғалған алдыңғы орындыққа орналастыруға тыйым салынады.

Массасы 18 кг-ға дейінгі 3 жасқа дейінгі балаларды тасымалдау

үшін қозғалыс бағытына қарсы қаратылып орнатылатын бала автоорындықтарын қолдануға кеңес беріледі.



Қауіпті

Бала бекіту құрылғысының астына немесе артына жастықтарды немесе басқа заттарды төсеуге тыйым салынады.

Егер бала бекіту құрылғысы күн сәулесінің тікелей әсеріне ұшыраса, онда қауіпсіздік белбеуі мен құрылғының өзі қызып, бала күйіп қалуы мүмкін. Қолданар алдында орындық тысқабы мен құлпының температурасын тексеріңіз.

Егер сіз бала бекіту құрылғысын пайдалануды жоспарламасаңыз, оны бекіту жүйесі немесе қауіпсіздік белбеуі арқылы автокөлікке бекітіңіз немесе автокөліктен шешіп алыңыз.

Қауіпті

Егер қауіпсіздік жүйесі немесе бекіту жүйесі ЖКО кезінде зақымдалған немесе ақаулы болса, диагностикалау және/немесе жөндеу үшін Changan Automobile өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Қауіпті

Баланың бойы мен салмағына сәйкес келетін бала бекіту құрылғысын қолданыңыз.

ISOFIX бекіту жүйесін тек ISOFIX жүйесімен жабдықталған бала бекіту құрылғылары үшін пайдаланыңыз.

ISOFIX бекіту жүйесіне ISOFIX жүйесімен жабдықталмаған қауіпсіздік белбеулерін, бала орындығын немесе кез келген басқа құрылғыны жалғамаңыз.

Қауіпті

Бала бекіту құрылғысын тек екінші қатардың шеткі орындықтарына ғана орнатуға болады. Бала бекіту құрылғысын алдыңғы жолаушы орындығына орнатуға қатаң түрде тыйым салынады.

Бала бекіту құрылғысын орнатпас бұрын артқы орындықтың арқалығының сенімді бекітілгенін тексеріңіз.

Бала бекіту құрылғысын орнатқаннан кейін оның сенімді

Қауіпті

бекітілгеніне көз жеткізу үшін оны ілгері-кейін, солға және оңға қарай жұлқып көріңіз. Рұқсат етілген люфт 25 мм-ден аспауы тиіс.

Әр қолданар кезде бала бекіту құрылғысының мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

Үш нүктелі қауіпсіздік белбеуімен бекітілетін құрылғылар үшін қауіпсіздік белбеуі құрылғы арқылы бұралмай өтетінін, ал қауіпсіздік белбеуінің тоғасының белбеудің құлпына бекітілгенін тексеріңіз.

ISOFIX жүйесінің белгісі


ISOFIX – артқы орындыққа бала бекіту құрылғысын бекітуге арналған стандартты жүйе.



Автокөлікте ISOFIX стандартына сәйкес келетін бала бекіту құрылғыларының бекіту нүктелері орнатылған. ISOFIX белгісі бала бекіту жүйесінің бекіту нүктелерін тез табуға көмектеседі.


ISOFIX бекіткіштері бар бала орындықтарының байлау белбеулеріне арналған бекіту қапсырмаларының орналасуы

Үстіңгі байлау белбеуінің бекіткіші артқы орындықтың артқы бөлігіне кіріктірілген.



ISOFIX бекіткіштері бар бала орындықтарының астыңғы бекіту қапсырмаларының орналасуы

Астыңғы бекіту нүктелері артқы орындық жастығы мен арқалығының түйіскен жерінде орналасқан және орындықтың қаңқасына бекітілген. Қолданар алдында қайырып ашу үшін сәндік қақпақтың үстіңгі шетін басыңыз.



⚠ Қауіпті

Бір бекіткішке бірден бірнеше бала бекіту құрылғысын бекітпеңіз. Жүктеменің дұрыс бөлінбеуінен бекіткіш сынып кетуі мүмкін, бұл баланың ауыр жарақаттарына немесе тіпті өліміне алып келеді.

⚠ Ескерту

Бала бекіту құрылғысын автокөліктің орындығына сенімді бекіту үшін бассүйегішті көтеріп қою немесе шешіп алу қажет болуы мүмкін.

Егер бала бекіту құрылғысы жоғарғы бекіту нүктесінде белбеумен бекітілетін болса, онда белбеуді бассүйегіштің екі бағыттауышының арасымен өткізу керек.

Бала бекіту құрылғысын орнатпас бұрын ISOFIX бекіту нүктелеріне еркін қол жететінін тексеріңіз.

⚠ Ескерту

ISOFIX бекіту жүйесіне ISOFIX жүйесімен жабдықталмаған қауіпсіздік белбеулерін, бала орындығын немесе кез келген басқа құрылғыны жалғамаңыз.

Бала бекіту құрылғыларының қолданылуы

А.1 кестесі. Отыратын орынға байланысты бала бекіту құрылғыларының қолданылу мүмкіндігі

Салмақ санаты	Отыратын орын		
	Алдыңғы жолаушы орындығы	Артқы шеткі орындық	Артқы ортаңғы орындық
0 тобы (10 кг-ға дейін)	X	U/L	X
0+ тобы (13 кг-ға дейін)	X	U/L	X
I тобы (9-18 кг)	X	U/L	X
II тобы (15-25 кг)	X	U/L	X
III тобы (22-36кг)	X	U/L	X

Жоғарыдағы кестедегі шартты белгілер:

U: орындық осы салмақ тобына мақұлданған әмбебап санатты бала бекіту құрылғысын орнатуға жарайды.

OUF: осы салмақ тобына мақұлданған және қозғалыс бағытына қаратылып орнатылатын әмбебап бала бекіту құрылғысын орнатуға жарайды.

L: бала бекіту құрылғыларының белгілі типін орнатуға жарайды. Мұндай бекіту құрылғылары автокөліктердің нақты модельдеріне арналған болуы немесе жартылай әмбебап санатына жататын болуы мүмкін.

B: орындық осы салмақ тобына мақұлданған кіріктірілген бала бекіту құрылғысын орнатуға жарайды.

X: орындық осы салмақ тобының бала бекіту құрылғыларын орнатуға жарамайды.

А.2 кестесі. ISOFIX бекіткіші бар бала бекіту құрылғыларын орнату

Салмақ санаты	Өлшем классы	Бекіткіш типі	Автокөліктегі ISOFIX бекіту нүктелерінің орналасуы		
			Алдыңғы жолаушы орындығы	Артқы шеткі орындық	Артқы ортаңғы орындық
Бесік	F	ISO/L1	X	IL	X
	G	ISO/L2	X	IL	X
		(1)	X	X	X
0 тобы (10 кг-ға дейін)	E	ISO/R1	X	IL	X
		(1)	X	X	X
0+ тобы (13 кг-ға дейін)	E	ISO/R1	X	IL	X
	D	ISO/R2	X	IL	X
	C	ISO/R3	X	IL	X
		(1)	X	X	X
I тобы (9-18 кг)	D	ISO/R2	X	IL	X
	C	ISO/R3	X	IL	X
	B	ISO/F2	X	IUF	X
	B1	ISO/F2X	X	IUF	X

	A	ISO/F3	X	IUF	X
		(1)	X	X	X
II тобы (15-25 кг)		(1)	X	X	X
III тобы (22-36кг)		(1)	X	X	X

(1) ISO/XX (A-G) өлшемдеріне сәйкес жіктелмеген бала бекіту құрылғыларына қатысты және қолданылатын салмақ санаты үшін автокөлік өндірушісі автокөлікке жарайтын және әрбір отыратын орын үшін ұсынылған ISOFIX бала бекіту жүйесін сипаттауы тиіс.

(2) Жоғарыдағы кестедегі шартты белгілер:

IUF: осы салмақ тобына мақұлданған және қозғалыс бағытына қаратылып орнатылатын ISOFIX бекіткіші бар әмбебап бала бекіту құрылғысын орнатуға жарайды.

IL: ISOFIX бала бекіту құрылғыларының белгілі типін орнатуға жарайды. Мұндай бекіту құрылғылары автокөліктердің нақты модельдеріне арналған болуы немесе жартылай әмбебап санатына жататын болуы мүмкін.

X: орындық берілген салмақ тобының және/немесе берілген өлшем классының ISOFIX бекіткіштері бар бала бекіту құрылғыларын орнатуға жарамайды.

Балалардың есікті ашуынан қорғау құрылғысы

«Қозғалысқа дайындық» –
«Автокөлікті оталдыру және

өшіру» – «Балалардың есікті ашуынан қорғау құрылғылары» тарауын қараңыз.

Дауыстық көмекші

Автокөлік функцияларын басқару дауыстық пәрмендердің көмегімен жүзеге асырыла алады, ал дауыстық көмекшіні Hi, Deeral («Сәлем, Deeral») пәрменінің көмегімен белсендіруге болады.

Сценарийлер

- Сценарийлер интерфейсіне кіру үшін орталық дисплейден [App center] (Қолданбалар орталығы) – [Scenario mode] (Сценарийлер) түймелерін басыңыз.



- Басқару аймағы: таңдалған режимді басқару.
 - Таңдау аймағы: қажетті сценарийді таңдау үшін саусағыңызбен жоғары немесе төмен жүргізіңіз.
 - Шығу түймесі: интерфейстен шығу үшін осы түймені басыңыз.
- Салонды бақылау режимі**
 - Егер салонды бақылау режимі қосұлы болса, автокөлікте отырған жолаушыларды

орталық дисплейден көре аласыз.

- Салонды бақылау режимін қосу/өшіру

«Сценарийлер» интерфейсіне кіріңіз және [In-vehicle care] (Салонды бақылау) түймесін басыңыз, содан кейін «Қос.» не «Өшір.» түймесінің көмегімен бұл режимді белсендіріңіз немесе сөндіріңіз. Сондай-ақ бұл режимді дауыстық пәрмендердің көмегімен белсендіруге/сөндіруге болады.

- Салонды бақылау режимін қосқаннан кейін бұл режимдегі бейне экранын  түймесін басу арқылы кішірейте аласыз.

• **Инкогнито режимі**

1. Егер инкогнито режимі қосулы болса және телефон автокөлікке Bluetooth арқылы қосылған болса, онда кіріс телефон қоңырауы кезінде шақыру интерфейсі орталық дисплейде жасырылады. Bluetooth бойынша телефон қоңырауларына арналған аудиоарна автоматты түрде телефонға ауыстырылады, ал кіріс қоңырауының әуені мен автокөлік тарапынан дауыстық көмексөздер автоматты түрде өшіріледі.
2. Инкогнито режимін қосу/өшіру.



Инкогнито режимін қосқаннан кейін автокөлік тарапындағы Bluetooth аудиоарналасы

автоматты түрде өшеді.
Мобильді телефондағы кіріс
қоңырауына жауап беріңіз.

• **Салонның температурасын отыру функциясы** **тұрақты ұстап**

1. «Салонның тұрақты температурасын ұстап отыру» функциясы үшін кәдімгі режим және энергия үнемдеу режимі қарастырылған. Бұл режимдердің кез келгенін белсендірген кезде кондициялау жүйесі автоматты түрде AUTO режиміне ауысады. Жүргізуші автокөліктен шыққан және оны кілттің көмегімен құлыптаған кезде ауаны кондициялау жүйесі салондағы берілген

температураны ұстай отырып, жұмыс істеуін жалғастырады.

2. Салонның тұрақты температурасын ұстау режимін қосу/өшіру.

Автокөлік салонындағы температураны басқарудың кәдімгі режимін қосу үшін «Сценарийлер» интерфейсіне кіріңіз және [Climate control cabin] (Салонның тұрақты температурасын ұстау) түймесін, содан кейін [Normal mode] (Кәдімгі режим) түймесін басыңыз. Бұл функцияны өшіру үшін түймені және бір рет басыңыз.

3. Егер кәдімгі режим белсендірілген күйде жүргізуші автокөліктен шықса және оны кілттің көмегімен құлыптаса, орталық дисплей қосулы күйінде қалады, ал кондиционер жүйесі,

мультимедиа функциялары (аудио, бейне), орындықтарды реттеу және автокөліктің басқа функциялары жұмыс істеуін жалғастырады. Салонның тұрақты температурасын ұстау режиміне назар аударыңыз.

4. Жүргізуші энергия үнемдеу режимінде автокөліктен шықса және оны кілттің көмегімен құлыптаса, орталық дисплейде салондағы температураны көрсететін сәйкес интерфейс көрсетіліп тұрады. Осы кезде орталық дисплейдің көмегімен автокөлік функцияларын басқару мүмкін емес болады.

Ескертпе:

- Кәдімгі режим мен энергия үнемдеу режимі бір мезгілде қосыла алмайды.
- Егер тартқыш аккумулятор батареясының заряд деңгейін 10 %-дан төмен түссе, салонда тұрақты температураны ұстау функциясы автоматты түрде өшеді.
- Орталық дисплейді қоректендіруді бір рет басу арқылы өшіру функциясы қолданылған жағдайда салонда тұрақты температураны ұстау функциясы автоматты түрде өшеді.

1. Жуу режимін қосқаннан кейін жуу кезінде автокөліктің зақымдануының алдын алу үшін автокөлік жүйесі барлық терезелерді жабады, әйнектазартқышты автоматты басқару функциясын өшіреді, зарядтау ағытпасының люгін бұғаттайды және т. б.
2. Автокөлікті жуу режимін белсендіру/сөндіру
 - 1) Автокөлікті жуу режимін қосу немесе өшіру үшін «Сценарийлер» интерфейсіне кіріңіз, [Car wash mode] (Автокөлікті жуу режимі) түймесін, содан кейін «Қос.» немесе «Өшір.» түймесін басыңыз.

- **Автокөлікті жуу режимі**

- 2) Жуу режимінен шығу үшін [Exit Car wash mode] (Автокөлікті жуу режимінен шығу) түймесін басыңыз.

 Ескертпе:

- Автокөлікті автоматты конвейерлі әдіспен жуу кезінде жуу режимін қосқаннан кейін селектордың N күйіне қолмен ауыстырып қосуға болады.
- Егер автокөліктің жылдамдығы 10 км/сағ-тан асатын болса, жуу режимі автоматты түрде өшеді.

• Демалу режимі


1. Демалу режимін қосқаннан кейін демалу кезінде автокөлік салонында жайлы жағдайларды қамтамасыз ету үшін автокөлік жүйесі автоматты түрде есіктерді құлыптайды, әйнектерді көтереді, орындық күйін реттейді, бой жаздыратын музыка қосады және кондиционер жүйесін автоматты режимге ауыстырады, сондай-ақ оятқыш бойынша ояту функциясын белсендіреді.

2. Демалу режимін қосу/өшіру

Демалу режимін қосу немесе өшіру үшін «Сценарийлер» интерфейсіне кіріңіз, [Nap mode] (Демалу режимі) түймесін, содан кейін «Қос.» немесе «Өшір.» түймесін басыңыз. Демалу немесе салонның тұрақты температурасын ұстау режимін сондай-ақ дауыстық пәрмендердің көмегімен қосуға немесе өшіруге болады.

3. Демалу режимін баптау

Rain (Жаңбырдың дыбысы), Birdsong (Құстардың сайрауы) немесе Sea waves (Теңіз толқындары) түймесін басу арқылы демалу режимінде музыка түрін беруге болады.



Демалу режимінің аяқталу уақытын  түймесін басу арқылы белгілеуге болады.

 түймесін басу арқылы демалу режимінде музыка дыбысының деңгейін реттеуге болады.

 түймесін басу арқылы орталық дисплейді және ішкі/сыртқы жарықты өшіруге болады.

Ескертпе:

- Демалу режимі аккумулятор батареясының заряд деңгейі 20 %-дан асатын, барлық төрт есік, сондай-ақ жүксалғыш есігі жабық және селектор Р күйіне қойылған болса ғана белсендіріле алады.
- Тежегіш педалін басқан жағдайда автоматты түрде демалу режимін шығу орын алады.

• Кемпинг режимі

1. Егер жолаушылар автокөлік ішінде ұзақ уақыт бойы қалатын болса, кемпинг режимін қосыңыз, сонда автокөлік салон ішінде жайлы ортаны қамтамасыз етуге азырақ энергия тұтынатын болады.
2. Кемпинг режимін қосу/өшіру.

Кемпинг режимін қосу немесе өшіру үшін «Сценарийлер» интерфейсіне кіріңіз, [Camping mode] (Кемпинг режимі) түймесін, содан кейін «Қос.» немесе «Өшір.» түймесін басыңыз. Кемпинг немесе салонның тұрақты температурасын ұстау режимін сондай-ақ дауыстық пәрмендердің көмегімен қосуға немесе өшіруге болады.

• **Аудиовизуалды интеграция**

1. Аудиовизуалды интеграция «Жұлдызды аспан астында алаудың жанында» және «Салқын салон» режимдерін қамтиды.
- 1) «Жұлдызды аспан астында алаудың жанында» режимі: жұлдыздардың астында оттың жанындағы отырыстың жайлы атмосферасын, жылу сезімін және оттың сытырлаған дыбысын қалыптастырады және әртүрлі мини-ойындар ойнауға мүмкіндік береді.
- 2) «Салқын салон» режимі: қар басқан және мұз құрсауындағы кеңістіктегі отырыс атмосферасын, салқындық және қар мен мұздың сықырын қалыптастырады және әртүрлі

мини-ойындар ойнауға мүмкіндік береді.

2. 1. Сәйкес интерфейске кіру үшін «Сценарийлер» интерфейсіне кіріңіз және [Audio-visual integration] (Аудиовизуалды интеграция) түймесін, содан кейін [Campfire and star] (Жұлдызды аспан астында алаудың жанында) түймесін басыңыз.
2. Сәйкес интерфейске кіру үшін [Snow cabin] (Салқын салон) түймесін басыңыз.
3. Ағымдағы сценарийден шығу үшін «Артқа» түймесін басыңыз.
3. Аудиовизуалды интеграцияның әртүрлі режимдерінде максималды жайлылықты қамтамасыз ету үшін автокөлік жүйесі

салондағы температураны, берілетін ауаның көлемін, орындықтарды желдету қарқынын және т. б. автоматты түрде реттейді. Сондай-ақ интерфейстегі мини-ойындардың көмегімен қажетті атмосфераны қалыптастыру болады.

• **Жарықты музыкалық қойылым**


1. «Жарық шоуы» режимін қосқаннан кейін автокөліктің сыртқы жарық аспаптары музыка ырғағымен жыпылықтайды және автокөліктің сыртқы динамиктеріне автоматты ауыстырып қосу орындалады.
2. «Жарық шоуы» режиміне кіру 1-кіру тәсілі: «Сценарийлер» интерфейсіне кіріңіз және [Music

and light show] (Жарық шоуы) түймесін басыңыз. Жарықты басқару интерфейсіне кіру үшін «Қос.» түймесін басыңыз және жарықты музыкалық қойылымды іске қосу үшін осы интерфейсте

 түймесін басыңыз. 2-кіру тәсілі: музыка ойнату интерфейсіне кіру үшін орталық дисплейдің бас экранында

 виджетін басыңыз, содан кейін жарықты музыкалық қойылымды іске қосу үшін осы интерфейсте  түймесін басыңыз.

3. Жарықты музыкалық қойылым режимін белсендірмес бұрын келесі шарттардың сақталғанына көз жеткізіңіз:



4. Жарықты музыкалық қойылымды іске қосудың алдында 15 секундтық кезең орындалады, оның барысында жарық аспаптары өшіріледі, әйнектер түсіріледі және мультимедиа көздерінің дыбыс күші реттеледі.



Микроядролық жоғары жиілікті импульсті қыздыру

Микроядролық жоғары жиілікті импульсті қыздыру функциясын (бұдан әрі «импульсті қыздыру») қосқаннан кейін тартқыш аккумулятор батареясы тез қызады, бұл төмен температуралар жағдайларында автокөліктің пайдаланушылық сипаттамалары мен қолданылу жайлылығын жақсартады.

Функцияны қосу

1. Тартқыш аккумулятор батареясының температурасы тым төмен, ал оның заряд деңгейі жеткілікті кезде жүргізуші бірінші рет есіктердің құлпын ашқан және автокөлікке отырған кезде импульсті қыздыру функциясы автоматты түрде қосылады.
2. Орталық дисплейде импульсті қыздырудың анимацияланған индикаторы көрсетіліп тұрған кезде импульсті қыздырудың баптаулар интерфейсіне кіру үшін анимацияланған индикаторды басыңыз, содан кейін селектордың Р күйі таңдалып тұрғанда импульсті қыздыру функциясын қосу үшін «Импульсті қыздыру» түймесін басыңыз.



Функцияны өшіру

1. Функцияны өшіру үшін тежегіш педалін басыңыз.
2. Функцияны өшіру үшін автокөлікті құлыптаңыз және өшіріңіз.

3. Тартқыш аккумулятор батареясы қызған немесе оның заряд деңгейі тым төмен кезде функция автоматты түрде өшеді.
4. Зарядтау пистолеті зарядтау ағытпасына сұғылған кезде функция автоматты түрде өшеді.

Ескертпе:

Импульсті қыздыру функциясын қосқан кезде өзіне тән дыбыс естіліп тұрады, бұл қалыпты құбылыс. Импульсті қыздыру функциясын қозғалыс кезінде қолдану мүмкін емес.

Автокөлікті жүргізу

Жүргізу бойынша кеңестер

Жоғары жылдамдықпен қозғалу

- Шиналарда тиісті қысымды ұстап отырыңыз.
- Қозғалыс жылдамдығы неғұрлым жоғары болса, алдыда жүріп бара жатқан көлік құралына дейінгі қашықтық соғұрлым үлкен болуы тиіс.
- Алдыда жүріп бара жатқан көлік құралына дейін қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз.
- Тау асуынан өту, ұзын көлік құралынан басып озу немесе

тоннельге кіру кезінде жылдамдықты азайтыңыз және руль дөңгелегін мықтап ұстаңыз, өйткені автокөлікке бүйірден соғатын жел әсер етуі мүмкін.



Тәуліктің қараңғы мезгілінде, жаңбырлы ауа райында, терең сумен / батпақпен және сырғанақ жолдармен жүрген кезде жоғары жылдамдықпен қозғалуға кеңес берілмейді.

Тәуліктің қараңғы мезгілінде жүргізу

- Жоғары жылдамдықпен жүруден аулақ болыңыз және алдағы көлік құралына дейінгі қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз.

- Қозғалысты бастамас бұрын көзді қарықтыру әсерін азайту үшін артқы көрініс айналарын реттеңіз.
- Қозғалысты бастамас бұрын жарық жақсы түсуі және алысты көру мүмкіндігі үшін фаралардың тазалығын тексеріңіз.
- Қозғалысты бастамас бұрын таяу және шалғай жарық фараларының, бұрылыс көрсеткіштерінің, дыбыс сигналының және басқа жабдықтардың ақаусыз күйде екеніне көз жеткізіп алыңыз.

Жаңбырлы ауа райында жүргізу

- Шағын жылдамдықпен қозғалыңыз және алдыда жүріп бара жатқана көлік

құралына дейін қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз: нөсер жауын кезінде көру мүмкіндігі нашарлайды және тежеу жолы ұзарады.

- Қозғалысты бастамас бұрын әйнектазартқыштардың жұмысын тексеріңіз.
- Қозғалысты бастамас бұрын шиналардың күйін тексеріңіз. Шиналардың нашар күйі автокөліктің бүйірге сырғуына немесе жол-көлік оқиғасына алып келуі мүмкін.
- Тежегіш дискінің және қыспақтардың беттерін тежеу жүйесінің қалыпты жұмысын қалпына келтіргенге дейін құрғату үшін қозғалыс кезінде тежегіш педалін бірнеше рет басыңыз.

Қауіпті

Жаңбырлы және ылғалды ауа райында жүру кезінде автокөлігіңізді жол қозғалысының басқа қатысушыларына көрінетін қылу үшін фаралардың таяу жарығын қосыңыз.

Су кедергісін еңсеру

- Жоғары вольтті компоненттерге су кіріп кетпеуі үшін қозғалыс кезінде терең шұңқырлардан және су басқан аймақтардан аулақ жүруге тырысыңыз.
- Жылдамдықты барынша төмендетіңіз; екі жақтың да (сол жақ және оң жақ) дөңгелектерінің су кедергісінен бір уақытта өтуін

қамтамасыз етуге тырысыңыз; автокөлік дөңгелектерінің тайғанауына жол бермеу үшін тежегіш педалін баспаңыз.

- Кешіп өтетін су кедергісінің шекті тереңдігінен және қозғалыс жылдамдығын асырмаңыз, себебі су электр жүйесін және редукторды зақымдауы мүмкін.
- Су кедергісінен өткеннен кейін тежеу механизмдерін кептіру үшін бірнеше рет тежегіш педалін басыңыз.

Батпақ жолмен қозғалу

- Жоғары жылдамдықпен қозғалудан және күрт үдеулерден сақтаныңыз.
- Қатты тозған шиналарды қолданудан сақтаныңыз.
- Батпақ жолмен ұзақ қашықтықтарға ұзақ жол жүргеннен кейін автокөлікке қызмет көрсету жүргізу қажет.



Беткейден төмен түскенде бейтарап беріліспен еркін жүріспен қозғалуға қатаң түрде тыйым салынады.

Беткейлермен қозғалыс


Беткеймен жоғары қозғалған кезде өрді анағұрлым тиімді бағындыру үшін акселератор педалін басу дәрежесін көлбеудің тіктігін және автокөлік жылдамдығын есепке алып таңдау қажет.

Жүріс режимін таңдау

Жүру режимдерінің сипаттамасы


Автокөлікте төрт жүру режимі қарастырылған: үнемді, жайлы, спорттық және пайдаланушылық. Жүру режимін таңдау үшін орталық дисплейде [Settings] (Баптаулар) – [Driving mode] (Басқару режимі) бөліміне өтіңіз.

Үнемді режим




Бұл режимде автокөліктің үдеуі жатық, ал акселератор педалін жіберген кезде айқын баяулау сезіледі. Руль дөңгелегіне түсетін күш орташа, ал тежеу тиімділігі күнделікті жүру жағдайларында күтілетін тиімділікке сәйкес келеді. Бұл режимде жоғары энергия үнемді және энергия тиімділігі қамтамасыз етіледі.

Жайлы режим



Бұл режимде автокөліктің үдеу динамикасы орташа, ал акселератор педалін жіберген кезде әлсіз баяулау сезіледі. Руль дөңгелегіне түсетін күш орташа, ал тежеу тиімділігі күнделікті жүру жағдайларында күтілетін тиімділікке сәйкес келеді. Бұл режимде жоғары жүргізу жайлылығы қамтамасыз етіледі.

Спорттық режим



Бұл режимде автокөліктің үдеу динамикасы жоғары, ал акселератор педалін жіберген кездегі баяулау мардымсыз. Руль дөңгелегіне түсірілетін күш ұлғайтылған, ал тежегіш педалін басқандағы реакция жайлы режиммен салыстырғанда тезірек орын алады, бұл жүргізуден спорттық сезім алуды қамтамасыз етеді. Бұл режим жүргізушілерге әлдеқайда динамикалық жүргізуден ләззат алуға мүмкіндік береді.

Пайдаланушылық режим



Бұл режимде белгілі бір дәрежеге дейін автокөліктің жүріс сипаттамаларын баптай аласыз.

- Үдеу режимі: Economy (үнемді) – жатық үдеу, Standard (стандартты) – орташа үдеу, Stronger (қарқынды) – анағұрлым қарқынды үдеу.
- Руль күшейткішінің режимдері: Comfort steering (Рульді жайлы басқару) – руль дөңгелегіне азын-аулақ күш

түсіріледі, Standard steering (Рульді стандартты басқару) – руль дөңгелегіне орташа күш түсіріледі және Sport steering (Рульді спорттық басқару) – руль дөңгелегіне ұлғайтылған күш түсіріледі.

- Энергияны рекуперациялау деңгейі: Standard (Стандартты) – акселератор педалін жіберген кезде жатық баяулау, Stronger (Күшейтілген) – акселератор педалін жіберген кездегі баяулау анағұрлым қарқынды және Custom (Пайдаланушылық) – акселератор педалін жіберген кездегі баяулау қарқынын реттеуге мүмкіндік береді.
- Шұғыл тежеу режимі: Comfort (Жайлы) – тежелу тиімділігі күнделікті жүріс үшін күтілетін

тиімділікке сәйкес келеді, Sport (Спорттық) – тежегіш педалінің басылуына реакция Жайлы режиміндегімен салыстырғанда тезірек, ал баяулау спорттық автокөліктердегі секілді анағұрлым қарқынды.

Ескертпе:

1. Тартқыш батареяның заряд деңгейі толық немесе жоғары деңгейде болған кезде акселератор педалін жіберген кездегі баяулау қарқыны әр жүру режимінде азаяды және энергияның жұмсалуына қарай біртіндеп қалпына келеді.
2. Егер акселератор педалін жіберген кезде энергияны рекуперациялау әсерінен

баяулау қарқыны жоғары болса, автоматты түрде стоп-сигналдар қосылады.

Руль дөңгелегі және селектор тұтқасының күйі

Руль

Руль күйін реттеу

1. Руль бағанын реттеу механизмін құлыптан шығару үшін рульді реттеу иінтірегін төмен тартыңыз.



2. Рульді қажетті күйге келтіріңіз.
3. Руль дөңгелегін бекіту үшін иіңтіректі жоғары қарай тартыңыз.

Ескертпе:

Қозғалысты бастамай тұрып сенімді бекітілгенін тексеріп алу үшін руль дөңгелегін жоғары-төмен ырғап көріңіз.

Қауіпті

Автокөліктің қозғалысы кезде руль дөңгелегінің бұғаттау иіңтірегін босатуға тыйым салынады.

Рульдегі түймелер

1.  : круиз-контрольдің берілген жылдамдығын қалпына келтіру/ұлғайту.
2.  : круиз-контрольдің берілген жылдамдығын белгілеу/азайту.
3.  : айнала шолу жүйесінің ауыстырып қосқышы.
4.  : алдыда жүріп бара жатқан автокөлікке дейінгі қашықтықты азайту.
5.  : алдыда жүріп бара жатқан автокөлікке дейінгі қашықтықты көбейту.
6.  : 1-пайдаланушылық баптау түймесі.

- Басып қалу: жеке таңдалған 1-функцияны орнату/қолдану.
 - Ұзақ басу: жеке таңдалған 2-функцияның түймесі.
7.  : 2-пайдаланушылық баптау түймесі.
 - Басып қалу: жеке таңдалған 1-функцияны орнату/қолдану.
 - Ұзақ басу: жеке таңдалған 2-функцияның түймесі.
 8.  : дыбыс күшін ұлғайту.
 9.  : дыбыс күшін азайту / дыбысты өшіру.
 10.  : алдыңғы композицияға ауысу / телефон қоңырауына жауап беру.

11.  : келесі композицияға ауысу / телефон қоңырауын аяқтау.
12.  : ойнату/үзіліс.
13.  : орталық дисплейде виджеттерді ауыстырып қосу.
14.  : дауыстық көмекші.

Руль дөңгелегін жылыту



Кондиционер жүйесін басқаруға арналған интерфейске кіру үшін орталық дисплейде  түймесін басыңыз, содан кейін руль дөңгелегін жылыту функциясын қосу немесе өшіру үшін  түймесін басыңыз.



Руль дөңгелегін жылытуды жеке қалауларыңызға сәйкес реттеуге болады. Егер руль дөңгелегін

жылыту функциясын пайдалану кезінде жайсыздық сезінсеңіз, оны өшіріп қойыңыз.

Селекторды ауыстырып қосу

R, N және D күйлерінің арасында ауыстырып қосу руль дөңгелегінің оң жағындағы руль астындағы ауыстырып қосқыштың көмегімен, ал Р тұрақ күйін қосу – иіңтіректің ұшындағы Р түймесін басу арқылы жүзеге асырылады.

Селектор күйін таңдаған кезде орталық дисплейде сәйкес күйдің индикаторы көрсетіледі, және селектор қажетті күйге ауысады.

Егер жаңа күйге ауыстыру орындалмай тұрса, жүйе дауысты және мәтінді көмексөздер шығарады, ал селектор ағымдағы күйінде қалады.




Автокөлік келесі жағдайларда селекторды автоматты түрде Р күйіне ауыстырады:

- Автокөліктің қоректендіру көзі өшіріледі.
- Зарядтау немесе разрядтау пистолеті сұғылады.
- Жүргізуші селектордың Р күйінен өзге кез келген күйінде автокөліктен шығады.

Таңдалған күйдің индикаторы

Селектордың ағымдағы таңдалған күйі (P, R, N, D) туралы ақпарат орталық дисплейде көрсетіледі.



Селектордың күйлері туралы жалпы мәлімет

Селектордың Р күйі

- Тұрақ күйі: автокөлік тоқтағаннан кейін селектор тұтқасын Р күйіне ауыстыру және автоматты түрде электрлі тұрақ тежегішін қосу үшін руль астындағы берілістер ауыстырып қосқышының ұшындағы Р түймесін басыңыз.

Артқы жүріс күйі (R)

- Артқы жүріс күйін қосу үшін руль астындағы берілістер ауыстырып қосқышын екі күйге жоғары жылжытыңыз.

Бейтарап күй (N)

- Бейтарап күйді қосу үшін руль астындағы берілістер ауыстырып қосқышын бір күйге жоғары немесе төмен жылжытыңыз.

Қозғалыс күйі (D)


- Қозғалыс күйін қосу үшін руль астындағы берілістер ауыстырып қосқышын екі күйге төмен жылжытыңыз.

Ескертпе: селектор күйін таңдаған кезде тежегіш педалін басу қажет.

Әйнектазартқыштар және артқы көрініс айналары

Әйнектазартқыш және әйнекжуғыш

Әйнектазартқышты басқару иінтірегі



Әйнектазартқыш түймесінің  екі режимі бар: әйнекті тазалау және жуу.

Тазалау: әйнекті тазалау функциясын қосу үшін әйнектазартқыш түймесін жеңіл басыңыз.

Жуу: жуу функциясын қосу үшін әйнектазартқыш түймесін басып тұрыңыз.


Әйнектазартқыш түймесін басқаннан кейін орталық дисплейде алдыңғы және артқы әйнектазартқыштардың функцияларын баптауға мүмкіндік беретін тез қол жеткізу интерфейсі пайда болады.



Алдыңғы әйнектазартқыш

Щеткаларды бір рет жүргізу үшін әйнектазартқыш түймесін жеңіл басыңыз да, бірден жіберіңіз.

Әйнектазартқыштың жұмыс режимін беру үшін орталық дисплейде [Settings] (Баптаулар) – [Vehicle settings] (Автокөлік баптаулары) – [Front wiper] (Алдыңғы әйнектазартқыш) түймесін таңдаңыз.



LO: үлкен интервалмен үздіксіз тазалау.

HI: қысқа интервалмен үздіксіз тазалау.

AUTO: әйнектазартқыш жұмысының интервалын автоматты түрде реттеу.

Front wiper (Алдыңғы әйнектазартқыш) тармағында AUTO режимінде әйнектазартқыштың іске қосылу сезімталдығын баптауға болады.

Алдыңғы әйнектазартқышты сондай-ақ дауыстық пәрмендердің көмегімен басқаруға болады. Дауыстық көмекшіні белсендіргеннен кейін келесі пәрмендерді айтыңыз:

Activate the front wipers («Алдыңғы әйнектазартқышты қос»).

Deactivate the front wipers («Алдыңғы әйнектазартқышты өшір»).

Алдыңғы әйнекжуғыш

Әйнектазартқыштың түймесін толық басыңыз, жуғыш алдыңғы әйнекке су бүрке бастайды, ал әйнектазартқыш әйнекті тазалайды.

Әйнектазартқыштың OFF (Өшір.) режимінде әйнектазартқыш түймесін жіберіңіз – жуғыш су бүркінін доғарады, ал әйнектазартқыш аз уақыт ішінде және бірнеше жұмыстық циклді орындайды.

LO (үлкен интервал), HI (қысқа интервал) немесе AUTO (автоматт.) режимінде әйнектазартқыш түймесін жіберіңіз – жуғыш су бүркіні

доғарады, ал әйнектазартқыш дәл сол режимде тазалауын жалғастырады.

Артқы әйнектазартқыш

Артқы әйнектазартқышты белсендіру үшін орталық дисплейде [Settings] (Баптаулар) – [Vehicle settings] (Автокөлік баптаулары) – [Rear wiper] (Артқы әйнектазартқыш) түйесін басыңыз.





Артқы әйнектазартқышты белсендіру: артқы әйнектазартқыш үзік режимде жұмыс істейді.

Артқы әйнекті жуу: артқы әйнекжуғыш түймесін басып тұрыңыз. Жуғыш су бүрке бастайды, ал артқы әйнектазартқыш әйнекті тазалауын жалғастырады. Артқы әйнекжуғыштың түймесін жіберіңіз. Жуғыш су бүркүді доғарады, ал артқы әйнектазартқыш аз уақыт ішінде және бірнеше жұмыстық цикл орындайды, содан кейін бастапқы режимде әйнекті тазалауын жалғастырады.

Артқы әйнектазартқышты сондай-ақ дауыстық пәрмендердің көмегімен басқаруға болады.

Дауыстық көмекшіні белсендіргеннен кейін келесі пәрмендерді айтыңыз:

Activate the rear wipers («Артқы әйнектазартқышты қос»).

Deactivate the rear wipers («Артқы әйнектазартқышты өшір»).



Ескерту

Жуу сұйықтығының деңгейі төмен болғанда әйнекжуғышты қосуға тыйым салынады, себебі бұл әйнекжуғыштың электрқозғалтқышының зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Егер әйнек беті құрғақ немесе оны мұз/қар басып тұрған болса, әйнекті сызып алмау және щеткаларды зақымдамау үшін әйнектазартқышты қоспаңыз.


Қоршаған орта температурасы 0 °C-тан төмен болса, қатпайтын жуу сұйықтығын қолданыңыз.

Сыртқы артқы көрініс айналары

Артқы жүрісті қосқан кезде сыртқы айналарды автоматты түрде еңкейту жүйесі

1. Орталық дисплейде [Settings] (Баптаулар) – [Comfort cabin] (Жайлы салон) түймелерін басу арқылы артқы жүрісті қосқан кезде айналарды автоматты түрде еңкейту жүйесінің интерфейсіне кіріңіз.

2. Артқы көрініс айналарын баптау режимін кіріңіз және Rearview mirror reversing assist («Артқы жүріспен қозғалу кезінде айналарды еңкейту») функциясын қосыңыз/өшіріңіз.
3. Бұл функцияны қосқан жағдайда артқы жүріс таңдалған кезде сыртқы артқы көрініс айналары автокөлік бұған дейін соңғы рет артқы жүріспен қозғалған кезде сақталған күйіне автоматты түрде орнатылады, олай болмаса, артқы көрініс айналарының күйі артқы жүріспен қозғалу кезінде автоматты түрде реттелмейді.



Қозғалысты бастамас бұрын сыртқы айналардың күйін олардан автокөліктің борттары және автокөліктің артындағы кеңістіктің бір бөлігі көрініп тұратындай етіп реттеп алыңыз.



Сыртқы артқы көрініс айналары дөңес пішінді, сондықтан оларда көрінетін объектілер олардың шын мәніндегі пішінінен кішірек болып көрінеді. Артқы жақтағы автокөлікке дейінгі қашықтықты

Қауіпті

айнадағы кескіннің негізінде бағаламаңыз, әйтпесе жол-көлік оқиғасының қаупі жоғарылайды.


Сыртқы артқы көрініс айналарын автокөлік жүріп келе жатқан кезде реттемеңіз. Бұл автокөлікті бақылауды жоғалтуға және оның салдарынан апатқа алып келуі мүмкін.

Сыртқы артқы көрініс айналарының күйін реттеу


Электржетекпен реттеу

1. Сыртқы артқы көрініс айналарын реттеу интерфейсіне кіру үшін орталық дисплейде [Settings] (Баптаулар) – [Comfortable cabin] (Жайлы салон) түймелерін басыңыз және сыртқы

артқы көрініс айналарын реттеу белгішесін  таңдаңыз.




2. Осы интерфейсте реттеу қажет айнаны таңдаңыз, содан кейін сол жақ және оң жақ сыртқы айналардың күйін реттеу үшін руль дөңгелегінің оң жағындағы «Жоғары» **+**, «Төмен» **-**, «Солға» **⬅** және «Оңға» **➡** түймелерін немесе орталық дисплейде қалқымалы терезедегі экран көрсеткілерін басыңыз.



Күйді жадқа сақтау функциясы


Сыртқы айнаны реттеген кезде артқы көрініс айнасының күйін жадқа сақтау қажеттігін не қажет еместігін сұрайтын қалқымалы терезе пайда болады: Remember or not? («Жадқа сақтау?») және Save («Растау») және Cancel («Болдырмау») нұсқалары көрсетіледі. «Растау» нұсқасын таңдағаннан кейін біршама уақыт бойы Rearview mirror position has been saved («Артқы көрініс айнасының күйі сақталды») хабарламасы көрсетіліп тұрады.



Сыртқы артқы көрініс айналарының жиылуы

Сыртқы артқы көрініс айналарының автоматты жиылуы

1. Орталық дисплейде артқы көрініс айналарын автоматты жинау функциясының интерфейсіне кіру үшін [Settings] (Баптаулар) – [Comfortable cabin] (Жайлы салон) түймелерін басыңыз.




2. Артқы көрініс айналарын реттеу режиміне кіріңіз және Automatic folding rearview mirror («Артқы көрініс айналарын автоматты түрде жинау») функциясын қосыңыз/өшіріңіз.

3. Сыртқы артқы көрініс айналарын автоматты түрде жинау функциясы қосылы тұрғанда автокөлікті құлыптағаннан кейін сыртқы айналар автоматты түрде жиналады, ал автокөліктің құлпын ашқан кезде – автоматты түрде жазылады.

Сыртқы артқы көрініс айналарының электржетек көмегімен жиналуы

1. Орталық дисплейде артқы көрініс айналарын жинау/жазу функциясының интерфейсіне өту үшін [Settings] (Баптаулар) – [Comfortable cabin] (Жайлы салон) түймелерін басыңыз.

2. «Жинау» түймесін басыңыз, сыртқы артқы көрініс айналары жиналады, және орталық дисплейдің астыңғы бөлігінде Rearview mirrors have been folded («Артқы көрініс айналары жиналған») ескертуі көрсетіледі.



3. «Жазу» түймесін басыңыз, сыртқы артқы көрініс айналары жазылады, және орталық дисплейдің астыңғы бөлігінде Rearview mirrors have been unfolded («Артқы көрініс айналары жазылған») ескертуі көрсетіледі.



⚠ Ескертпе:

Сыртқы айналарды жинамас бұрын олардың бетінде мұз және қар секілді бөтен материалдардың бар-жоғын тексеріңіз және оларды тазалап алыңыз, әйтпесе сыртқы айналар зақымдалуы мүмкін.

Сыртқы айналарды жылыту

Автокөлікті қосқаннан кейін орталық дисплейде кондиционер жүйесінің баптаулар интерфейсіне кіріңіз. Сыртқы айналарды жылыту функциясын қосу үшін артқы әйнектің электржылытқышының түймесін  басыңыз. Бұл функцияны өшіру үшін осы түймені және бір рет басыңыз.

Ішкі артқы көрініс айнасы

Автокөліктің қозғалысын бастамай тұрып ішкі артқы көрініс айнасын автокөліктің артындағы кеңістіктің максималды кең көрінісін қамтамасыз ететіндей етіп реттеп алыңыз. Артқы орындықтарға немесе жүксалғыш бөлімге көрініске кедергі келтіретін заттарды қоймаңыз.

Автоматты түрде күңгірттелетін артқы көрініс айнасы ✖: көзді қарықтырудың

алдын алу автоматты функциясы көріністің жарықтығын және

шағылысуларды азайту үшін және автокөліктің сыртындағы жарықтың қарқындылығына байланысты айнаның күңгірттелу дәрежесін өз бетінше реттейді. Қолмен реттеу қажет емес.



Автокөліктің күйі және жарықты басқару

Автокөліктің күйі



Автокөліктің күйі туралы көрсетілетін ақпарат функцияларды баптауға, функцияларды қолдануға және автокөліктің жинақтамасына байланысты. Функцияларының суреттерде берілген сипаттамалары анықтама үшін ғана берілген, сәйкессіздіктер

анықталған жағдайда автокөліктің нақты жинақтамасын басшылыққа алу керек.

1. Индикаторлар: орталық дисплейдің жоғарғы бөлігінде көрсетіледі және автокөлік функциялары мен жүйелерінің күйі туралы ақпарат береді.
2. Селектордық күйі: ағымдағы таңдалған күйі (P/R/N/D).
3. Спидометр: автокөліктің қазіргі жылдамдығы.
4. Электр тартымындағы жүріс қоры: аккумулятор батареясының қалған заряды негізінде есептелген шамамен алынған жүріс қоры.
5. Батарея зарядының индикаторы: автокөліктің тартқыш аккумулятор батареясының қалған

- зарядының деңгейін көрсетеді.
6. Автокөлік жүйелерінің ескертулері: алдыңғы соқтығысуды болдырмау жүйесінің, автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесінің, артқы соқтығысу туралы ескерту жүйесінің, соқыр аймақтарды бақылау жүйесінің және басқа функциялардың нұсқауларын көрсету.
7. Виджет туралы ақпарат: автокөліктің жүріс қоры мен жалпы жүрісі туралы ақпаратты көру үшін саусағыңызбен солға немесе оңға қарай жылжытыңыз.
8. Шиналардағы ауа қысымы: барлық төрт дөңгелектің шиналарындағы қысым мәндерін көрсету.

9. Автокөліктің күйі: есіктердің күйін көрсету және қауіпсіздік белдіктерін тақпау туралы ескертулер.

10. Қуат көрсеткіші: автокөліктің ағымдағы шығыс қуаты.

Дыбыстық ескертулер мен нұсқамалар

Бұрылыс көрсеткіштері

Автокөлік қосылған кезде және ақпараттық ойын-сауық жүйесіне солға немесе оңға бұрылу сигналдары келіп түскен кезде, ол бұрылу белгілерінің жыпылықтауымен синхронды түрде дыбыстық сигналдар шығарады.

Жабылмаған есік туралы ескерту

Егер автокөлік қосулы және селектор Р қалпында болмаған кезде қандай да бір есік ашық қалса, барлық есіктер жабылғанша жүйе үздіксіз дыбыстық белгі беріп тұрады.

Тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің сигнал беру жүйесі

Егер автокөліктің қуаты қосылып тұрғанда жүргізуші немесе алдыңғы және артқы орындықтардағы жолаушылар қауіпсіздік белбеулерін тақпаса, көлік жылдамдығы белгіленген мәннен асқан кезде ескертуші дыбыс сигналы беріле бастайды. Ескертуші дыбыс сигналы жүргізушінің байланбаған қауіпсіздік белдігінің бақылау шамының жыпылықтауымен

синхронды түрде беріледі. Егер жүргізуші немесе алдыңғы жолаушы 5 минут ішінде қауіпсіздік белбеуін тақпаса, ескерту сигналы өшеді.

Құлыпты ашу режиміне сәтті ауысу

Автокөлік қосылып, құлыпты ашу режиміне көшкен кезде дыбыс сигналы беріледі.

Кілттің жоқ екенін ескерту

Егер автокөлік іске қосылғаннан кейін кілт табылмаса, үш реттік дыбыс сигналы беріледі.

Сыртқы жарықтар

Жарықты басқару интерфейсі




Шамдардың тиісті функциясын қосу немесе өшіру үшін орталық дисплейдегі [Settings] (Баптаулар) – [Lights] (Шамдар) интерфейсіндегі тиісті батырманы басыңыз.

Биіктікті реттеу: жақын жарық фараларының көлбеулігін реттеу жақын жарықпен жолды жарықтандыру қашықтығын өзгертуге мүмкіндік береді. Көлбеу неғұрлым үлкен болса, жақын

жарықтар соғұрлым алысқа түседі; көлбеу неғұрлым кіші болса, жақын фаралар соғұрлым жақынға түседі.

Сыртқы жарықтарды басқару интірегі



Қозғалыс жолағын ауыстыру сигналдары: жарықты басқару интірегін жоғары немесе төмен бірінші қалыпқа жылжитсаңыз, оң немесе сол жақ қозғалыс жолағының ауысуы туралы сигнал беріледі де, автокөліктің тиісті

жағындағы бұрылыс көрсеткіштері 3 рет жыпылықтайды.

Бұрылыс сигналдары: оңға немесе солға бұрылу сигналын беру үшін жарықты басқару иінтірегін жоғары немесе төмен екінші қалыпқа жылжытыңыз, сонда автокөліктің тиісті жағындағы бұрылыс көрсеткіштері үздіксіз жыпылықтайды. Жарықты басқару иінтірегін аралық жағдайға қайтарыңыз немесе бұрылыс сигналын өшіру үшін руль дөңгелегін кері бұрыңыз.



Шалғай жарық: таяу жарық қосылғанда, шалғай жарықты қосу үшін жарықты басқару иінтірегін өзіңізден алыстатыңыз. Шалғай жарықты таяуға ауыстырып-қосу үшін жарықты басқару иінтірегін қайтадан өзіңізден кері итеріңіз.

Шалғай жарық сигналы: жарықты басқару тетігін өзіңізге қарай тартыңыз, шалғай жарық қосылады; иінтіректі жіберіңіз, сонда шалғай жарық өшеді.

Күндізгі жүріс жарықтары

Егер габариттік жарықтар өшірулі болса, онда автокөлікті қосқан кезде күндізгі жүріс жарықтары автоматты түрде қосылады.

Фара жарығын автоматты түрде ауыстырып-қосу жүйесі (HMA)

Фара жарығын автоматты түрде ауыстырып-қосу жүйесі (HMA) жолақта қозғалу кезінде көмек жүйесінің камерасын қолданады. Егер HMA жүйесі алдында келе жатқан автокөліктің артқы шамдарын, қарсы келе жатқан автокөліктің шамдарын немесе айналадағы жарықтың жоғары деңгейін анықтаса, ол автоматты түрде шалғайжарықты таяу жарыққа ауыстырады.



Егер айналадағы жарық деңгейі төмен болса және алда көлік құралы жоқ болса, жүйе қайтадан шалғай жарықты қосады.

⚠ Ескертпе

НМА жүйесі – бұл кез келген жол жағдайында жұмыс істей алмайтын қосалқы функция. Жүргізуші қозғалыс қауіпсіздігіне жауапты және автокөлікті басқарған кезде әрқашан мұқият болуы керек.

Ескертпе

Тиісті жағдайларда НМА жүйесі таяу және шалғай жарық арасында ауысуға көмектеседі. Келесі жағдайларда немесе келесі жол учаскелерінде жүйе таяу және шалғай жарық арасында ауысуды орындамауы мүмкін. Бұл жағдайда қолмен ауыстырып-қосыңыз:

- Нөсер жауын, қалың тұман, қар қалың жауған кезде немесе балшықты жолмен қозғалу.
- Жолда немесе оның жанында жаяу жүргіншілер немесе велосипедшілер бар.
- Тік бұрылыстан өту.

Ескертпе

Егер қарама-қарсы келе жатқан көліктердің фараларының жарығы қандай да бір нәрсемен (мысалы, бөлу жолағы) жабылған болса, НМА жүйесі шалғай жарықты өшірмеуі мүмкін.

Бұл функцияны қосу немесе өшіру үшін орталық дисплейдегі [Settings] (Баптаулар) – [Lights] (Шамдар) – [HMA] батырмасын басыңыз.

Бұл функцияны қосқаннан кейін орталық дисплейдің жоғарғы жағында ақ индикатор жанады . Орталық дисплейдегі жарықты басқару қосқышын AUTO күйіне қойыңыз, сонда функция күту режиміне ауысады.

Функция күту режимінде болған кезде тәуліктің қараңғы уақытында және автокөліктің жылдамдығы 30 км/сағ-тан жоғары болған кезде ол автоматты түрде іске қосылады және орталық дисплейдің жоғарғы бөлігінде жасыл индикатор көрсетіледі .

Бұл функция камера алда келе жатқан көлікті немесе көше шамын анықтаған кезде немесе айналадағы жарық деңгейі жоғары болған кезде шалғай жарықты автоматты түрде өшіреді.


Камера алдында келе жатқан көліктің 3 секундқа көрінбей қалғанын байқағанда, шалғай жарық қайта қосылады.

Орталық дисплейдегі жарықты ауыстырып-қосқышты AUTO-дан басқа жағдайға ауыстырғанда немесе шалғай жарыққа қолмен

ауыстырғанда, бұл функция күту режиміне өтеді және шалғай және таяу жарық арасында ауысу автоматты түрде орындалмайды.

Салон жарығы

Алдыңғы төбе шамы



Шамды басқару: алдыңғы төбе шамдарын қосу және өшіру жарық шашыратқышқа қол тигізу арқылы жүзеге асырылады.


Апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосқыш: апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосу үшін алдыңғы төбе шамының

панеліндегі қосқышты  басыңыз, содан кейін барлық

бұрылыс көрсеткіштері бір уақытта жыпылықтай бастайды. Апаттық сигнал беру жүйесін өшіру үшін апаттық сигнал беру жүйесін ажыратқышты тағы бір рет басыңыз.

Күнқағар қалқаны ауыстырып-қосқыш: күнқағар қалқаның күйін реттеу үшін электр жетегі бар күнқағар қалқаны ауыстырып-қосқышты басыңыз.

Салонның артқы бөлігіндегі шамдар




Артқы шамдарды жарық шашыратқышты басу арқылы қосып/өшіруге болады.

Визуалды қосалқы жүйе

Қосымша шынайылықтың проекциялық дисплейі


Проекциялық дисплейдің индикациясының сипаттамасы



1. Мәтіндік хабарлама: IACC функциясы қосылған кезде жүргізушінің қолдары ұзақ уақыт бойы рульде болмаса, жүйе ескерту хабарламасын шығарады.

2. Солға бұрылу сигналы: берілген символ солға бұрылу көрсеткіші жұмыс істеп тұрғанда көрсетіледі.
3. Алда келе жатқан автомобильді индикациялау: ACC немесе IACC функциясы жұмыс істеп тұрған кезде алда келе жатқан көлік анықталса, оның орнын көрсететін ескерту индикаторы пайда болады.
4. Жылдамдық режимін бақылау камерасының индикаторы: жүйе алдыңғы жағында жылдамдық режимін бақылау камерасын тапқан кезде, осы символ жанады.
5. Оңға бұрылу сигналы: берілген символ оңға бұрылу көрсеткіші жұмыс істеп тұрғанда көрсетіледі.
6. Bluetooth арқылы телефон қоңырауының ақпараттық дисплейі.
7. Алдыңғы жаяу жүргінші индикаторы: ACC немесе IACC функциясы жұмыс істеп тұрған кезде алдыңғы жаяу жүргінші анықталса, жаяу жүргіншінің көлік алдындағы жағдайын көрсететін ескерту белгісі көрсетіледі.
8. Көрінбейтін аймақтағы объектіні анықтау индикаторы: көрінбейтін аймақта объект болған кезде көрсетіледі.
9. Жағдайды қайта құру.
10. Жалпы индикаторларды көрсету аймағы.
11. Жүріс қорының индикаторы: [Settings] (Баптаулар) – [AR-HUD] (Проекциялық дисплей) мәзіріндегі [Total range] (Жүріс қоры) қосқышын қосқан кезде, орталық дисплейде ағымдағы жүріс қоры туралы ақпарат берілген уақыт аралығына сәйкес динамикалық түрде өзгеретін мән түрінде көрсетіледі.

Ескертпе: жоғарыдағы суретте проекциялық дисплейдің стандартты көрсету режиміндегі индикаторлардың күйі көрсетілген.



Айнала шолу жүйесі – көлікті тұраққа қоюға көмектесетін құрылғы, ол төрт камера (алдыңғы, артқы, оң және сол жақтағы) арқылы автокөліктің айналасындағы кеңістікті түсіріп алады, содан кейін, алынған суреттерді жоғарыдан қарағандағы панорамалық көрініске біріктіріп, оларды орталық дисплейге шығарады.



Функцияны қосу:

1. Панорамалық суретке өту үшін орталық дисплейдегі [App center] (Қолданбалар орталығы) – [360 surround view] (Айнала шолу жүйесі) батырмасын басыңыз.
2. Панорамалық кескін функциясын қосу үшін орталық дисплейдегі [Жылдам басқару] – [360 panorama] (Панорамалық кескін) батырмасын басыңыз.

3. Артқы жүріс (R) күйін таңдағанда, артқы көріністі бейнелеу интерфейсіне автоматты түрде ауысады.
4. [360 surround view] (Айнала шолу жүйесі) қосымшасында [Settings] (Баптаулар) – [Steering activating panorama switch] (Бұрылыс көрсеткіші қосылғанда панорамалық көрініс жүйесін іске қосу) батырмасын басыңыз. Егер автокөліктің жылдамдығы сағатына 15 км-дан аз болса, онда оң немесе сол жақ бұрылыс сигналын қосқан кезде панорамалық кескін автоматты түрде сол немесе оң жақтағы көрініске ауысады.
5. Егер автокөліктің жылдамдығы сағатына 15 км-дан кем болса және автокөліктен белгілі бір

қашықтықта кедергі табылса, онда айнала шолу жүйесі автоматты түрде қосылады.

6. Панорамалық кескін режиміне кіру үшін рульдегі **360** батырмасын басыңыз.

Панорамалық кескін режимінен шығу тәсілдері:

1. Автокөліктің алдыңғы жүріс жылдамдығы сағатына 30 км-дан асқанда панорамалық кескін режимінен шығу орын алады.
2. Панорамалық кескін режимі қосулы тұрған кезде панорамалық кескін режимінен шығу үшін рульдегі **360** батырмасын басыңыз.
3. [360 surround view] (Айнала шолу жүйесі) – [Close] (Өшіру)

батырмасын басыңыз немесе панорамалық кескін режимінен шығу үшін панорамалық кескін қосымшасы экранынан тыс дисплейдің кез келген жерін басыңыз;

4. Селектор иінтірегін R жағдайынан кез келген басқа жағдайға ауыстырғанда панорамалық кескін режимінен автоматты түрде шығу орын алады.
5. Панорамалық кескін режимінен шығу үшін Exit рапорта ("Панорамадан шығу") пәрменін айтыңыз.

Ескерту

- Камера объективінің зақымдануын болдырмау үшін оны жылтыратуға арналған қайрақ қағазын, жылтырату

машиналарын және басқа да құралдарды немесе өткір құрылғыларды пайдалануға қатаң тыйым салынады.

Автокөлікті тұраққа қою және басқару кезіндегі көмек

Алдыңғы және артқы дискілі тежегіштер

Автокөлік гидравликалық дискілі тежегіштермен жабдықталған. Жұмыс тежегішін қосу немесе өшіру үшін тежегіш педалін басыңыз немесе босатыңыз.

Автокөлікті әрбір іске қосқанда алдымен автомобильдің қозғалысқа дайындық режиміне кіру үшін тежегіш педалін аздап басу керек (Ready).

Ready режиміне кіргеннен кейін шұғыл тежеуді күшейткіш жұмыс күйіне ауысады. Бұл кезде тежегіш педальдарындағы күш іске қосылмаған автомобильге

қарағанда әлсіздеу және бірқалыпты болады.



Ескерту

Автокөлік қозғалысын бастамас бұрын тежеу жүйесінің индикаторы қалыпты жұмыс істейтініне көз жеткізіңіз.

Тежегіш қыспақтары тозу датчиктерімен жабдықталған. Егер тежеу кезінде металл пластинаның сықыры естілсе (тежегіш дискісіне металл серіппелі датчиктің тиіп шықырлауы), тежегіш қыспақтарын ауыстыру үшін Changan Automobile өкілетті сервис орталығына мүмкіндігінше тезірек хабарласыңыз.

Тежеуіш қалыптарының үйкелісті жапсырмаларының шекті

Ескерту

тозуына жеткеннен кейін сапарға шықпаңыз, әйтпесе жол апатының қаупі айтарлықтай артады.

Электрлі тұрақ тежегіші (EPB)

EPB жүйесінің негізгі функциялары: статикалық тежеу функциясы қозғалыс басталғанда көмек көрсету, қызып кеткенде қайта тежеу,

кері кетуді болдырмау функциясы, динамикалық тежеу функциясы және автоматты түрде іске қосу.

Автокөлікті тоқтатқаннан кейін Р батырмасын басыңыз немесе орталық дисплейден [Settings] (Баптаулар) – [Safety and maintenance] (Қауіпсіздік және

қорғау) – [Electronic handbrake] (Электрондық тұрақ тежегіші) тармағын таңдаңыз. Тұрақ тежегіші қосылады және орталық дисплейде EPB  жүйесінің индикаторы жанады (қызыл).

Тұрақ тежегішін ажырату үшін алдымен тежегіш педалін басып, содан кейін Р жағдайынан D/R/N жағдайына ауысады. Электрлік тұрақ тежегіші өшеді және сәйкес индикатор да сөнеді. Тұрақ тежегішін қосқанда және ажыратқанда электр қозғалтқышының дыбысы естіледі, бұл қалыпты құбылыс.



Ескерту

Автокөліктің өздігінен қозғалуының алдын алу және қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін

автокөліктен шығар алдында тұрақ орнын (P) таңдаңыз.

Бақылау шамы  жанған жағдайда автомобильді тексеру және жөндеу үшін Changan Automobile авторизацияланған қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Қозғалысты бастауға көмектесетін жүйе (DAA)

Қозғалысты бастауға көмектесетін жүйе (DAA) – EPB көмекші функциясы. DAA жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде жүргізушіге EPB пернесін басудың қажеті жоқ, өйткені EPB автокөлік қозғалысын ыңғайлы бастау үшін келесі шарттар орындалған кезде тұрақ тежегішін автоматты түрде босатады.

DAA жүйесінің жұмыс шарттары: жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі байланған, жүргізушінің есігі дұрыс жабылған, селектор D немесе R жағдайында.



DAA жүйесін қозғалысты артқы жүріспен бастағанда қолдануға болады. Белсендірілген DAA жүйесінде артқы жүріспен орнынан қозғалу кезінде мұқият және сақ болыңыз.

Қызып кету кезінде қайта тежеу (HTR)

HTR – EPB-нің көмекші функциясы. Жиі тежеу тежеу механизмдерінің қызып кетуіне әкелуі мүмкін. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін

HTR жүйесі автоматты түрде іске қосылады. Тұраққа қойылғаннан кейін белгілі бір уақыт өткен соң жүйе автомобильді орнында сенімді ұстауды қамтамасыз ету үшін автоматты түрде қайтадан іске қосылады. Бұл кезде электрқозғалтқыштың дыбысы естіледі, бұл қалыпты құбылыс.



Бірнеше рет үздіксіз тежеген соң қауіпсіз тұраққа қоюды қамтамасыз ету үшін автокөлікті тегіс жолға қоюға тырысыңыз.

**Динамикалық тежеу функциясы (DBF)**

DBF – EPB-нің көмекші функциясы. Қалыпты қозғалыс кезінде шұғыл тежеуді орындау үшін Р батырмасын басып тұрыңыз. Шұғыл тежеу үшін Р батырмасын басу керек – егер Р батырмасын жіберсе, тежеу енді жүзеге асырылмайды.

**Ескерту**

DBF функциясын тек шұғыл жағдайда автомобильді тежеу үшін пайдаланыңыз.

Артқа сырғуды болдырмау функциясы (RAR)

RAR – EPB-нің көмекші функциясы. Тұраққа қойылғаннан кейін жүйе автокөліктен кері кетуін анықтайды және автомобильді орнында ұстап

тұру үшін тежегішті автоматты түрде қайта іске қосады. Бұл кезде электрқозғалтқыштың дыбысы естіледі, бұл қалыпты құбылыс.

Автоматты түрде іске қосу (AUTO APPLY)

Автокөлік өшірілгеннен кейін электрлік тұрақ тежегіші автоматты түрде қосылады.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін автокөліктен шығар алдында тұрақ тежегішінің автомобильді ұстап тұрғанына көз жеткізіңіз. Егер AUTO APPLY функциясы қосылған болса, онда келесі әрекеттер орын алады:

- Электр қуатын өшіргеннен кейін орталық басқару дисплейіндегі Р индикаторы шамамен 20 секунд жанады.

- Артқы тежегіштер жағынан шамамен 2 с электр қозғалтқышының жұмыс дыбысы естіледі.

**Ескерту**

Сүйеу қажет болған жағдайда электрлік тұрақ тежегішін босату үшін орталық дисплейдегі [Settings] (Баптаулар) – [Safety and maintenance] (Қауіпсіздік және қорғау) – [Trailer mode] (Сүйреу режимі) батырмасын басыңыз (толығырақ «Техникалық қызмет көрсету» – «Төтенше жағдайлардағы іс-әрекеттер» – «Сүйреу» – Сүйреу режимі" бөлімінен қараңыз). Егер сүйреу сүйреу режимінде жүзеге асырылмаса, бұл автомобильдің зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесі (AUTO HOLD)

AUTO HOLD функциясы автокөлікті орнында автоматты түрде ұстап тұруды қамтамасыз етеді. Бұл функция қосулы тұрған кезде орталық дисплейде  индикаторы жанады, ал жүргізуші тіпті тежегіш педалін босатса да автокөлік артқа қарай кері кетпейтін болады.

Автоматты түрде ұстап тұру функциясы (AUTO HOLD) жүргізушіге келесі жағдайларда көмектеседі:

- Орнынан қозғалған кезде, әсіресе құлама беткейлерде.
- Құлама беткейлермен қозғалған кезде.

- Жолмен қозғалыс кезінде тоқтап, күту қажет болған кезде.

Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесінің іске қосылу шарттары:

- Автокөлік толығымен қозғалыссыз.
- Орталық дисплейде READY индикаторы жанады
- Жүргізуші есігі жабық.
- Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуін таққан немесе жүргізуші орындығының бос еместігін анықтайтын датчик бар.
- EPB ақауды бақылау шамы сөніп тұр.

- ESP жүйесінде ақаулар жоқ.
- Тежегіш педалі толық басылған.

Егер автокөлік AUTO HOLD жүйесі іске қосылғаннан кейін артқа қарай сырғи бастаса, онда AUTO HOLD жүйесі автокөлік қозғалысын болдырмау үшін тежегіш жүйесінің күшін автоматты түрде арттырады. Осы уақытта ESP жүйесінің электр қозғалтқышының жұмыс дыбысы естіледі. Автокөлік қайтадан артқа сырғыған жағдайда AUTO HOLD жүйесі автокөлікті автоматты түрде тұрақ тежегішіне орнатады, бұл жүйенің қалыпты алгоритмі.

Егер автокөлік қозғалысын бастаған кезде AUTO HOLD автоматты ұстап тұру жүйесі жұмыс істесе, акселератор педалін басыңыз немесе тежегіш педалін босатыңыз, содан кейін оны ұстап тұру режимінен шығу үшін қайтадан қатты басу керек.

Ескертпе

AUTO HOLD жүйесі әдепкі бойынша қосылған.

Автокөлік автоматты түрде ұстап тұру жүйесінің және көтерілу кезінде қозғалысты бастауға көмектесу жүйесінің (HHC) жұмыс істеу шарттары бір уақытта орындалған кезде, алдымен auto HOLD жүйесі іске қосылады және оның жұмысы кезінде орталық

Ескертпе

дисплейдегі индикатор  жанады.

AUTO HOLD жүйесі автокөлікті қозғалыссыз күйде ұстай бастаған сәттен бастап шамамен 3 минуттан кейін автоматты түрде электромеханикалық тұрақ тежегішіне ауысады.

AUTO HOLD жүйесі іске қосылған кезде ESP жүйесінің жұмыс дыбысы естіледі, бұл қалыпты жағдай.

Автоматты түрде ұстап тұру жүйесі тұрақ тежегішін алмастырмайды. Автокөлікті қауіпсіз көлденең бетке тұраққа қойыңыз

Автокөліктің сырғып және тайып бара жатпағанына көз жеткізіңіз.

Ескертпе

Егер AUTO HOLD жүйесі жұмыс істеп тұрғанда жүргізуші есігін ашса, онда автокөліктің сырғып кетуін болдырмау үшін жүйе бірден электромеханикалық тұрақ тежегішіне ауысады. Ауыстыру процесінде автокөлік шанағы шамалы дірілдеуі мүмкін, бұл қалыпты жағдай.

Егер AUTO HOLD жүйесінде ақау пайда болса, орталық дисплейде

Бақылау шамы  жанады. Диагностикалау және жөндеу үшін Changan Automobile өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Тежегішті блоктау жүйесі (ABS)

Тайғақ жолмен жүрген кезде төтенше жағдай туындаса, тежеген кезде ABS жүйесі автокөлік дөңгелектерінің бекітілуіне жол бермейді, бұл автокөліктің тұрақтылығы мен басқарылуын сақтауға көмектеседі.

ABS жүйесі іске қосылған кезде тежегіш педалінде діріл сезіледі, ал мотор бөлімінде ABS жүйесінің жетегі тиісті дыбыспен іске қосылады. Бұл қалыпты жағдай.

Бағыт тұрақтылығын сақтайтын электрондық жүйе (ESR)

ESP жүйесі автокөліктің күйін бақылау үшін сенсорларды пайдаланады. Автокөлік жүргізуші белгілеген траекториядан

ауытқыған кезде (мысалы, кенет бұрылғанда немесе қозғалыс жолағын ауыстырған кезде) ESP жүйесі автокөліктің тұрақтылығын жақсарту, апат ықтималдығын тиімді төмендету және жүргізу қауіпсіздігін арттыру үшін дөңгелектердегі тежеу сәтін немесе электр жетегінің айналу сәтін басқарады.

ESP жүйесі іске қосылғанда индикатор  жыпылықтайды, тежегіш педалі айқын дірілдейді және алдыңғы бөлікте жетек пен электромагниттік клапан тиісті дыбыспен іске қосылады. Бұл қалыпты жағдай.

Қосу және өшіру: ESP функциясын қосу немесе өшіру үшін орталық дисплейдегі [Settings] (Баптаулар) – [Driving mode] (Басқару режимі) – [ESP function] (ESP функциясы) батырмасын

басыңыз. ESP функциясын өшіргеннен кейін орталық дисплейде индикатор  OFF жанады; ESP функциясын қайта қосқаннан кейін индикатор  OFF өшеді.

Егер ESP жүйесінде ақау пайда болса, орталық дисплейде индикатор  жанады, ол жүргізушіге ESP функциясының жұмыс істемейтінін еске салады. Диагностикалау және жөндеу үшін Changan Automobile өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Ескерту

Жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ESP функциясын өшіру ұсынылмайды.

Тежеу күшін бөлудің электрондық жүйесі (EBD)

EBD функциясы тежеу кезінде тежеу күшін автоматты түрде реттейді, бұл тежеу кезінде автокөліктің сырғу қаупін азайтады және қозғалыс қауіпсіздігін арттырады.

Ескертпе

EBD функциясы жұмыс істеп тұрған кезде электромагниттік клапанның дыбысы естілуі мүмкін, бұл қалыпты жағдай.

Бос айнарудан сақтау жүйесі (TCS)

TCS жүйесі автокөліктің жетекші доңғалақтарының сырғуын болдырмауға арналған. Жетекші дөңгелек тайған кезде TCS жүйесі тарту күшін сақтау үшін электрқозғалтқыштың айналдыру сәтін бақылауда ұстайды және автокөліктің жүріс тұрақтылығын, үдеуін, орнықтылығын және басқарылу мүмкіндігін жақсарту үшін жетекші дөңгелектердің тайып кетуін болдырмау немесе

азайту арқылы тартқышты сақтау үшін дөңгелекті тежейді.

ESP функциясын қосу немесе өшіру үшін орталық дисплейдегі [Settings] (Баптаулар) – [Driving mode] (Басқару режимі) – [ESP function] (ESP функциясы) батырмасын басыңыз.

Егер автокөлік қарға, батпаққа немесе құмға батып қалса, электр қозғалтқыштың номиналды айналдыру моментін қалпына келтіру үшін және кедергіні еңсеру мақсатында қуатты арттыру үшін бос айнарудан сақтау жүйесін (TCS) өшіру ұсынылады.

Өрге қозғалысты бастауға көмектесетін жүйе (HNC)

HNC жүйесі жүргізушіге еңістіктен ыңғайлы қозғалуға көмектеседі. Тежегіш педалін жібергеннен кейін жүйе автокөлікті шамамен бір

орында ұстап тұрады, жүргізушіде акселератор педалін басып, қозғалысты бастауға жеткілікті уақыт қалуы үшін 2 секунд қалуы тиіс. Бұл автокөліктің еңіске қарай сырғуын болдырмауға мүмкіндік береді.

Еңістен түсуге көмектесетін жүйе (HDC)

HDC функциясы жүргізушіге тік беткейлерден түсу кезінде көмектеседі, тежегіш жүйесі арқылы жылдамдықты белсенді түрде бақылайды. HDC қосылған кезде жүргізуші тежегіш педалін немесе үдеткіш педалін басу арқылы автокөліктің берілген жылдамдығын өзгерте алады. HDC жүйесі әдепкі бойынша сәндірілген. HDC функциясын қосу немесе өшіру үшін орталық дисплейде [Settings] (Баптаулар) – [Driving mode] (Басқару режимі) –

[Hill Descent Control] (Төмен түсуге көмектесу жүйесі) тармақтарын таңдаңыз. HDC жүйесі іске қосылған кезде автокөлік ішіндегі электрқозғалтқышы мен клапандардың дыбысы естілуі мүмкін, бұл қалыпты жағдай.

Жайлы тоқтау (CST)

CST функциясы – бұл көрінетін серпілістерді қоспағанда, апаттық емес жағдайларда автокөліктің бірқалыпты баяулауы мен тоқтауын қамтамасыз ететін жайлылықты арттыру функциясы. CST функциясын қосу немесе өшіру үшін орталық дисплейде [Settings] (Баптаулар) – [Driving mode] (Жүргізу режимі) – [Comfort Stop] (Жайлы тоқтау) тармақтарын таңдаңыз. CST функциясы іске қосылғаннан кейін

Автокөліктің тежеу жолы біршама ұлғаяды. Тиісінше, алдыңғы көлікке немесе кедергіге дейінгі қашықтықты арттырыңыз.

Рульмен басқаруды электрлі күшейткіш (EPS)

EPS жүйесі жүргізушіге рульді бұру үшін қажетті күшті тиімді азайтады, бұл автокөлікті төмен жылдамдықта басқаруды жеңілдетеді және ыңғайлы етеді, ал жоғары жылдамдықта тұрақты етеді. Бұл көлік жүргізудің жайлылығы мен басқарудың тұрақтылығын арттыруға ықпал етеді.

Келесі жағдайларда EPS жүйесінің сигналды шамы жанбайды, бірақ жүргізуші рульдік дөңгелекте күштің жоғарылауын сезінуі мүмкін, бұл қалыпты жағдай:

- Автокөлік қозғалмай тұрған кезде руль дөңгелегінің ұзақ уақыт бойы жиі айналуы электрлік басқару күшейткішінен пайда болатын қосалқы күштің азаюына әкелуі мүмкін. Бұл жағдайда жүйенің қызып кетуіне жол бермеу үшін руль дөңгелегінің айналуын тоқтату ұсынылады. Руль дөңгелегін бұдан әрі айналдырмас бұрын күшейткіштің электрқозғалтқышының салқындауын күтіңіз.

Ескертпе

Руль дөңгелегін бұрған кезде рульдік басқару күшейткішінің электрқозғалтқышының дыбысы (гуілі) естілуі мүмкін. Бұл қалыпты жағдай.

Ескертпе

Руль механизмін, руль бағанын немесе рульді бөлшектемеңіз/және қайта құрастырмаңыз. Ауыстыру қажет болса, өкілетті Changan сервис орталығына хабарласыңыз.

Ескерту

Ұзақ уақыт бойы қозғалыссыз тұрған кезде руль дөңгелегінің жиі айналуы EPS жүйесіне зақым келтіруі мүмкін.

Руль дөңгелегін ең шеткі жағдайда 10 секундтан артық ұстамаңыз, себебі бұл күшейткіштің электр қозғалтқышының зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Круиз-контроль

Бейімделетін круиз-контроль (ACC)

Жүйе туралы жалпы мәліметтер



Жүргізушіге көмектесетін интеллектуалды жүйе автокөлік радарлары мен камералары арқылы шынайы уақыт режимінде көлік құралының айналасындағы жағдайды бақылайды. Бірдей жиілік диапазонында жұмыс істейтін радиоастрономиялық қызметтерді қорғау үшін автокөлік радарларымен жабдықталған көлік құралдары жергілікті радиоастрономиялық обсерваториялардың радиокедергілерден қорғалған

Ескертпе

аймақтарына кірмеуі керек (нақты орындар жергілікті ережелерге сәйкес анықталады).

Бейімделетін круиз-контроль алдыңғы бампердің артына орнатылған миллиметрлік диапазон радарының көмегімен автокөліктің берілген жылдамдығын ұстап тұруға арналған. Егер автокөліктің алдындағы көлік құралы белгіленген жылдамдықтан төмен қозғалса, онда автокөлік осы көлік құралына дейін тұрақты қашықтықты сақтай отырып, автоматты түрде жылдамдығын арттырады және баяулатады.

Бейімделетін круиз-контрольді қолданар алдында осы бөлімді мұқият және толық оқып шығыңыз.



Нақты жол жағдайының күрделілігіне, жолдың немесе ауа райының нашарлығына байланысты радар әртүрлі жағдайларда алда келе жатқан көліктерді дер кезінде анықтай алмайды. Нашар ауа райы немесе жол жағдайларында қозғалғанда, ACC функциясын өшіріп, автокөлікті қолмен басқаруға көшіңіз.

Бейімделетін круиз-контроль жүргізушіні алмастыра алмайды, сондықтан жүргізуші әрқашан автокөлікті бақылауды, жылдамдық режимін және жол қозғалысы ережелерін сақтауды, сондай-ақ автокөлікті басқару үшін толық жауапкершілікті өз мойнына алуы керек.

Ескерту

Бейімделетін круиз – контроль бір қозғалыс жолағында бір бағытта қозғалып бара жатқан көлік құралдарын ғана бақылайды. Ол жолдағы қарсы келе жатқан, қозғалмайтын, баяу қозғалатын немесе көлденең бағытта қозғалатын көліктерге, жаяу жүргіншілерге, жануарларға және басқа да объектілерге мән бермейді және мұндай объектілерді (мысалы, жол конустары, бағаналар, қорғаныс қоршаулары, тастар және т. б.) анықтамауы мүмкін.

Бейімделетін круиз-контроль жылдамдығы жоғары автомагистральдарда және жақсы жабыны бар жолдарда қолдануға арналған. Жүйені қиын жол немесе ауа райы жағдайларында

Ескерту

қолданбаңыз, мысалы (соның ішінде, бірақ олармен шектелмей):

- радиолокациялық сигналдар қатты шағылысатын жерлерде (көп деңгейлі автотұрақтар, тоннельдер, обсерваториялар, темірбетон көпірлер және т. б.);
- қала көшелерінде, тау жолдарында, ұзаққа созылатын көтерілулер мен еңістерде;
- күрделі ауа райы жағдайларында (тұман, жаңбыр, қар, бұршақ және т. б.), тайғақ және бұралаң жолдарда, тік еңістері мен бұрылыстары бар жолдарда және т. б.;

Ескертпе

Бейімделетін круиз-контроль кезінде тежеу дыбысы естілуі мүмкін, ал автокөліктің баяулауы кезінде тежегіш педалі «қаттырақ» болуы мүмкін (бұл ретте жүргізуші бұрынғысынша автокөліктің тежеу үшін тежегіш педалін пайдалана алады). Бұл қалыпты жағдай.

Бейімделетін круиз-контрольдің тиімділігі басқа көлік құралын сүйреу кезінде төмендейді. Автокөліктің құрылымын өзгерту (мысалы, шасси биіктігін азайту, алдыңғы нөмір белгісінің бекіту тақтасын ауыстыру және т. б.) АСС жүйесінің өнімділігін айтарлықтай төмендетіп, тіпті оның жұмысын бұзуы мүмкін. Автокөліктің конструкциясына өзгерістер енгізу (мысалы,


Ескертпе

шанаққа үлдір жағу) жүйенің жұмыс істемеуіне себеп болуы мүмкін.


Келесі жағдайларда (аталғандарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) АСС жүйесінде қолданылатын радар алда келе жатқан көліктерді дәл анықтай алмауы немесе кешігіп анықтауы мүмкін, соның салдарынан жүйе автокөліктің қозғалыс жылдамдығын немесе көліктер арасындағы қашықтықты реттей алмайды. Сондықтан жүргізуші көлік тізгінін уақытылы өз қолына алып, қажет болған жағдайда бейімделетін круиз-контрольді өшіруі керек.

- Бұрылыстағы қозғалыс
- Автокөлік бұрылысқа кіргенде немесе одан шыққанда радар алдында келе жатқан көлік құралын

Немесе көрші жолақта келе жатқан көлік құралын анықтай алмауы мүмкін.




- Көлемді емес жүк тиелген немесе арнайы жабдықпен жабдықталған көлік құралының артындағы қозғалыс
- Радар алдында келе жатқан көлік құралында көлік құралының бүйірінен, артынан немесе үстінен оның габаритінен тыс шығып тұрған объектілерді немесе жүкті анықтай алмайды.




- Шағын габаритті көлік құралының артындағы қозғалыс
- Радар алдында келе жатқан мотоциклдер мен велосипедтер сияқты шағын көлемді көліктерді, сондай-ақ шанағының контурлары анық емес ерекше пішінді көліктерді анықтай алмауы мүмкін.
- Басқа көлік құралын автокөліктің қозғалыс жолағына ауыстыру
- Егер автокөлік қозғалыс жолағына ауысқан кезде басқа көлік құралы радардың


анықтау аймағына түспесе, радар оны дер кезінде анықтай алмайды.




- Беткейлер мен еңістердегі қозғалыс
- Автокөлік көтеріліп немесе түсіп келе жатқанда радар алдында келе жатқан көліктерді байқамауы мүмкін.



- Жолдағы қозғалыссыз көлік құралдары
- Радар қозғалмайтын немесе баяу қозғалатын көлік құралдарын анықтай алмайды.




- Басқа көлік құралына көлбеу қозғалыс
- Радар автокөліктің қозғалыс бағытына қатысты қандай да бір бұрышпен қозғалған көліктерді тануға қабілетсіз.



- Милиметрлік диапазондағы радармен жабдықталған басқа да құрылғылардың болуы
- Осындай жиілік диапазонында жұмыс істейтін басқа радарлар тудыратын кедергілер көлік құралдарын тануды қиындатуы немесе мүмкін емес етуі мүмкін.
- Аударылу немесе жол-көлік оқиғасы кезінде

– Алдында келе жатқан көлік құралының шанағы соқтығысқан, аударылған, деформацияланған жағдайда жүйе осы көлік құралын анықтай алмауы мүмкін.



Басқару түймелерінің орналасуы мен функциялары



Бейімделетін круиз-контрольді қосу: руль астындағы ауыстырып-қосқышты төменге қарай итеріңіз.

Бейімделетін круиз-контрольді өшіру: руль астындағы ауыстырып-қосқышты жоғарыға қарай тартыңыз.



⚠ Ескертпе

Модель жиынтығына байланысты түймелердің орналасуы әртүрлі болуы мүмкін.

||: қашықтықты арттыру.


| |: қашықтықты азайту.

+^o : белгіленген жылдамдықты арттыру.

SET : белгіленген жылдамдықты азайту.

Уақыт интервалы мен арақашықтық: алда жүріп бара жатқан көлік құралына дейінгі қашықтық.

Жүйе интерфейсі



1. Бейімделетін круиз-контроль күйінің индикаторы

- Ақ: жүйе дайын күйде.
 - Жасыл: жүйе белсенді.
 - Қызғылт сары: жүйенің ақаулығы.
 - Сұр: жүргізушінің уақытша басқаруы.
2. Белгіленген жылдамдық
 3. Белгіленген уақыт және алда келе жатқан көлік құралына дейінгі арақашықтық
 4. Алда келе жатқан көлік құралы
 5. Автокөлік пен алдында келе жатқан көлік құралының арақашықтығы
 6. Автокөлік

Ескертпе

Автокөлік пен алдыңғы көлік арасындағы қашықтық, сондай-ақ орталық дисплейде көрінетін көршілес қозғалыс жолақтарындағы көлік құралдарының орналасуы шынайы жағдайдан өзгеше болуы мүмкін.

Алдында келе жатқан көлік құралдарын мұқият бақылап, нақты жол жағдайына байланысты автокөліктің қозғалыс жылдамдығын және арақашықтықты сәйкесінше реттеу қажет. Жүргізуші жүргізу қауіпсіздігіне толық жауап береді, сондықтан қажет болған жағдайда автокөлікті уақытылы және қауіпсіз тоқтату үшін оны басқаруға араласуы керек.

Ескертпе

Жарық кедергілері (мысалы, орталық дисплейдегі жарқылдар немесе күннен қорғайтын көзілдірік кию) және айналадағы шу (мысалы, көлік салонындағы қатты музыка) әсерінен орталық дисплейден ескерту ақпаратын оқу қиынға соғуы мүмкін. Жүргізуші әрдайым көлік құралының қозғалыс режиміне және жол жағдайына назар аударуы, автокөлікті басқаруға уақытылы араласуы және шұғыл шаралар қабылдау үшін ескерту хабарламаларының пайда болуын күтпеуі керек.



Нұсқаулықтар

Егер круиз-контроль күйінің индикаторы ақ жарықпен жанса, онда бұл жүйенің келесі әрекеттерді орындау мүмкін болатын дайындық жағдайында екенін көрсетеді.

ACC функциясын іске қосу

Жүргізуші тұтандырғыш іске қосылған сәттен бастап ACC жүйесін бірінші рет пайдаланғалы жатқанда, оны руль жанындағы қосқышты төмен қарай итеріп іске қосу керек. Одан әрі тұтатудың бір циклі бойына ACC жүйесін $+$ түймесін немесе $\overline{\text{SET}}$ түймесін қайта басу арқылы іске қосуға болады (толық мәліметтерді «ACC жүйесінің жұмысын қайта бастау» тармағынан қараңыз).

ACC функциясы іске қосылғаннан кейін круиз-контроль күйінің индикаторы жасыл жарықпен жанады.

Кейбір жағдайларда ACC жүйесін іске қосу мүмкін емес, мысалы, қауіпсіздік белбеуін тақпаса немесе D позициясын таңдамаса. Орталық дисплейдегі нұсқауларды орындаңыз.

Белгіленген жылдамдықты реттеу

Круиз-контрольді іске қосқаннан кейін жүргізуші $+$ немесе $\overline{\text{SET}}$ түймелерін реттей алады. Белгіленген жылдамдықты реттеу диапазоны: 20-дан 150 км/сағ дейін.

- Түймені қысқа уақыт басқанда жылдамдық мәні 5 км/сағ қадаммен артады немесе

кемиді; түймені ұзақ уақыт басқанда жылдамдық мәні 1 км/сағ қадаммен үздіксіз өзгереді. Түймені басу ұзақтығы ұлғайған сайын, жылдамдықты реттеу қадамы біртіндеп артады.



Ескертпе

Жүргізуші уақытша басқаруға араласып, автокөлікті жылдамдатқанда, $\overline{\text{SET}}$ түймесін басу арқылы көліктің ағымдағы жылдамдығын берілген жылдамдық ретінде орната алады. Егер автокөлік жылдамдықты шектеу белгілерін тану функциясымен жабдықталған болса, ең жоғары рұқсат етілген жылдамдық мәнінің үстінде SET белгішесі көрсетілген кезде ең жоғары рұқсат етілген

 Ескертпе

жылдамдық мәнін берілген мән ретінде орнату үшін  түймесін басыңыз.

- Бұрылыстардан өткен кезде АСС жүйесі бұрылыс қисықтығының дәрежесіне және автокөліктің жылдамдығына байланысты автокөлікті автоматты түрде баяулататын болады. Тік бұрылыстарда автокөлік күрт баяулайды. Жолдың қисық сызықты бөлігін өткеннен кейін АСС жүйесі автокөлікті бұрын берілген жылдамдыққа дейін үдетеді.

 Ескерту

Жол жағдайларының күрделілігіне байланысты (мысалы, бұралаң жолмен қозғалғанда немесе тік бұрылыстарда) және жүйенің анықтау қабілетінің шектеулілігіне байланысты АСС жүйесімен автокөліктің жылдамдығын арттырғанда және баяулатқанда бұрылыстан қауіпсіз өтуіне кепілдік беру мүмкін емес. Жол жағдайына сәйкес жылдамдық режимін сақтаңыз және рұқсат етілген жылдамдықты асырмаңыз.

Уақыт аралығын (арақашықтықты) реттеу

АСС жүйесін іске қосқаннан кейін уақыт аралығын (алда келе жатқан көлік құралына дейінгі қашықтықты) ұлғайту үшін  түймесін немесе оны азайту үшін  түймесін басыңыз.

Барлығы алда келе жатқан көлік құралына дейінгі қашықтықты дәйекті түрде арттыратын 4 уақыт аралығының мәні қарастырылған. Оталдыру тетігіш қайта қосқан сайын үнсіз келісім бойынша уақыт аралығының соңғы берілген мәні орнатылады.

Ілесіп жүру режимінде қозғалыс кезінде автокөлік пен алдыңғы көлік құралының арасындағы қашықтық үш түспен көрсетіледі: жасыл (берілген мәнге іс жүзінде сәйкес келеді), сары (берілген

мәнге жақын) және қызыл (берілген мәнге өте жақын). Қашықтықты қызыл түспен көрсету кезінде қозғалыс жылдамдығын немесе қашықтықты уақытылы реттеңіз және қажет болған жағдайда көлікті басқаруды өз мойныңызға алыңыз.



Ескертпе

Уақыт аралығының (қашықтықтың) мәні оны реттеу кезінде ғана көрсетіледі.

Уақыт аралығы неғұрлым қысқа болса, жүргізушінің әрекет ету

Ескертпе

уақыты соғұрлым аз болады. Алдағы ағын тығыздығы, ағымдағы ауа райы және жол жағдайлары сияқты сыртқы факторларды ескере отырып, берілген жылдамдық пен уақыт аралығын орнатыңыз.

Бейімделетін круиз-контроль жұмысын тоқтату

Егер бейімделетін круиз-контроль белгілі бір уақыт бойы белсенді болса онда келесі әрекеттер орындалғанда немесе келесі шарттар сақталғанда (оның ішінде аталғандар бірақ олармен шектелмей) ол уақытша жұмысын тоқтатады және дайындық жағдайына көшеді:

- Автокөлік жүріп келе жатқанда, тежегіш педалі басылады.
- Тұрақ тежегіші іске қосылады.
- Автокөлік алдындағы көлік құралының артынан тоқтағаннан кейін артқа қарай сырғиды.
- Руль астындағы ауыстырып-қосқыш жоғарыға қарай итеріледі.
- Жүргізуші есігі ашылады.
- ESP функциясы өшеді.
- D селекторының күйі өшеді.
- Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі шешіледі.
- HDC/ESP/ABS/AEB функциясы іске қосылады.
- Жүйе 15 минуттан артық белсенді үдеу режимінде болады немесе автокөліктің жылдамдығы 155 км/сағ-тан асады.
- Автокөліктің бейімделетін круиз-контроль жұмысына әсер ететін басқа жүйесі ақаулы.

Егер ACC жүйесі автокөлікті толыққанды бәсеңдетсе, ол тежегіш педалін басқан кезде өшпейді.

Ескертпе

Апат қаупі бар кез келген қауіпті жағдай туындаған кезде ACC жүйесін мәжбүрлі түрде өшіріп, дереу автокөлікті басқаруды өз мойнына алу керек.

Бейімделетін круиз-контроль жұмысын қалпына келтіру

Егер ACC жүйесі бұған дейін іске қосылған және күту режиміне ауыстырылған болса:

+^o түймесін басыңыз, ACC жүйесі қайта іске қосылады және бұрын белгіленген жылдамдыққа қайта оралады.

SET түймесін басыңыз, ACC жүйесі қайта іске қосылады және автоматты түрде ағымдағы жылдамдықты белгіленген жылдамдық ретінде орнатады.

Ескертпе

+ түймесін басып, ACC жүйесінің жұмысын қалпына келтіру кезінде бұрын белгіленген жылдамдық автокөлік қозғалысының ағымдағы жылдамдығынан барынша ерекшеленуі мүмкін. Автокөліктің белгіленген жылдамдығыолдың осы бөлігінде белгіленген жылдамдық шегіне сәйкес келетініне алдын ала көз жеткізу керек. Абай болыңыз, көліктің жылдамдауы мен бәсеңдеуін мұқият бақылап, жүру

Ескертпе

жылдамдығын уақытылы реттеп отырыңыз.

Жүргізушінің белсенді үдеу режимі

ACC жүйесі жұмыс істеп тұрғанда, жүргізуші автокөлікті үдету үшін акселератор педалін басса, жүйе белсенді үдеу режиміне ауысады (автоматты басқарудан қолмен басқаруға көшу режимі). Акселератор педалін босатқаннан кейін, жүйе автокөлікті басқаруды автоматты түрде қайта қолға алады.



Ескертпе

Белсенді үдеу режимінде басқару толығымен жүргізушіге беріледі, ал бейімделетін круиз-контроль уақытша жұмысын тоқтатып,

Ескертпе

автокөліктің жылдамдауын және баяулауын басқармайды.

Тоқтап, содан кейін қозғалысты қайта бастау

Егер алдыңғы көлік құралы баяу тоқтай бастаса, ACC жүйесі автокөлікті толығымен тоқтағанша баяулатады. Осыдан кейін аспаптар тақтасының дисплейінде

«Уақытша тоқтату» қозғалысты қайта бастау үшін $+$ түймесін басыңыз. Алдыңғы жақтағы қауіпсіздікті қадағалаңыз” деген хабарлама көрінбесе, ACC жүйесі алдыңғы көлік құралына ілесе отырып, автокөліктің қозғалысын автоматты түрде қайта бастайды.

Аспаптар панелінің дисплейінде көрсетілген хабарлама пайда болса, көлік құралы қозғалысын қайта бастау үшін $+$ түймесін басыңыз немесе акселератор педалін жеңіл басыңыз.



Келесі жағдайларда (оның ішінде аталғандармен шектелмей) автокөлік толық тоқтағаннан кейін ACC жүйесі жұмысын тоқтатады және тұрақ тежегіші автоматты түрде қосылады:

- Автокөліктің тоқтап тұру уақыты 3 минуттан асады.


- Жүргізуші есігі ашылады.
- Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі шешіледі.
- ESP функциясы өшеді.
- D селекторының күйі өшеді.

Автокөлікті басқаруға араласу қажеттілігі туралы бейімделетін круиз-контрольдің ескертуі

ACC жүйесі автокөліктің жалпы тежеу күшінің ең көбі 40%-ын пайдалануға қабілетті.

ACC жүйесінің тежеу күші алда келе жатқан көлікке дейінгі қажетті қашықтықты сақтауға жеткіліксіз болған жағдайда, орталық дисплейде «Басқаруды дереу өз қолыңызға алыңыз» деген ескерту хабарламасы пайда болады. Мұндай жағдайда автокөлікті басқаруға дереу араласып,

соқтығысудың алдын алу үшін тиісті шараларды қолға алу қажет.



Ақауларды жою

ACC жүйесі радардың ақаулығын, оның бұғатталуын немесе тиісті жүйенің істен шығуын анықтаған кезде, круиз-контроль күйінің индикаторы қызғылт сары түспен жанады, ал орталық дисплейде хабарлама көрсетіледі:

- Радар бұғатталған
 - Орталық дисплейде «Алдыңғы радар бұғатталған» деген хабарлама көрінсе, радардың бетін тазалап шығыңыз.
 - Егер радар бетін тазартқаннан кейін хабарлама ұзақ уақыт бойы жойылмаса, көлікке қызмет көрсету үшін Changan ресми сервис орталығына хабарласыңыз.
- Жұмысқа қабілеттілікті шектеу. Егер келесі ақаулық туралы хабарламалар ұзақ уақыт бойы жоғалмаса немесе автокөлікті қайта оталдырғаннан кейін қайтадан пайда болса, автокөлікті тексерту үшін Changan-ның уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз:
 - ACC жүйесі уақытша қолжетімді емес.
 - ACC жүйесінің ақаулығы.
 - ACC жүйесінде байланыс істен шықты.

Келесі жағдайларда радарды калибрлеу үшін Changan авторизацияланған қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз:

 - Радарды немесе алдыңғы бамперді шешіп, қайта орнатқаннан кейін.
 - Радар нашар бекітілген немесе сыртқы әсерден оның монтаждау жағдайы бұзылған.
 - Автокөлік соқтығысты.
 - ACC жүйесінің жұмыс істеу тиімділігі төмендеді (мысалы, анықтау қашықтығы айтарлықтай қысқарды немесе жүйе жиі көршілес қозғалыс жолақтарындағы көлік құралдарын қате анықтайды).
- АЕВ жүйесінің қалыпты жұмысы бұзылған (мысалы, жиі қате тежеулер болады немесе қате ескертулер беріледі).

Ескертпе

Автокөліктің алдыңғы бөлігімен дұрыс жұмыс істемеу радардың ығысуына себеп болуы мүмкін, бұл ACC жүйесінің тиімділігіне әсер етеді. Сондықтан техникалық қызмет көрсету жұмыстарын тек қана Changan авторизацияланған қызмет көрсету орталығында жүргізу керек.

Кіріктірілген бейімделетін круиз-контроль (IACC)

Жүйе туралы жалпы мәліметтер

IACC жүйесі алда келе жатқан көліктерді анықтау және жол белгілерін тану үшін бейімделетін круиз-контроль радары мен LDW жүйесінің камерасын пайдаланады. IACC жүйесі автокөліктің қозғалыс жылдамдығын реттеу арқылы белгіленген жылдамдық режимін немесе алдыңғы көлікке дейінгі қажетті қашықтықты сақтауға көмектеседі. Сонымен қатар, ол автокөлікті ағымдағы жол жолағының шегінде ұстап тұру арқылы қосымша руль басқаруын қамтамасыз етеді.

IACC жүйесін қолданар алдында осы жүйені пайдалану ережелерімен, шектеулерімен

және талаптарымен толық танысу үшін осы бөлімді мұқият оқып шығыңыз. Кез келген сәтте автокөлікті басқарудағы басымдық жүргізушіде болады.

Келесі жағдайларда жүргізуші қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қауіпті уақтылы анықтап IACC жүйесінің жұмысын тежегіш педалін басу, руль астындағы ауыстырып қосқышты жоғары қарай бұру немесе руль дөңгелегін бұру арқылы тоқтатуы керек:

- Автокөлік алдында немесе көршілес жолақтарда келе жатқан көліктерге дейін жеткілікті қауіпсіз қашықтықты сақтамайды.
- Рульдік басқару жүйесі арқылы жүзеге асырылатын басқару автокөліктің тік бұрылыстарды қалыпты өтуі үшін жеткіліксіз болып табылады.
- Автокөлік IACC жүйесінің мүмкіндіктері шектеулі жағдайларда қозғалып келеді.

 Ескерту	Ескерту	Ескерту
IACC жүйесін қолданған кезде жүргізуші руль дөңгелегін екі қолымен үнемі ұстап отыруы және көліктің алдыңғы, бүйір және артқы жағындағы жол жағдайын мұқият қадағалауы қажет. IACC жүйесін пайдаланғанның өзінде де, жүргізуші автокөлікті басқаруға, жол қозғалысы ережелерін сақтауға, қауіпсіз арақашықтық пен жылдамдықты ұстап тұруға әрдайым толықтай жауапты болады. IACC жүйесін пайдалану ережелерін бұзу жол-көлік оқиғасына әкеп соғуы мүмкін, мәселен, басқа көлік құралдарымен немесе айналадағы объектілермен	соқтығысуға себеп болуы ықтимал. IACC жүйесі – автокөліктің тежелуі мен руль басқаруын барынша жұмсақ етіп қамтамасыз ететін жүргізушіге көмекші жүйе. Жүйе соқтығысуды толықтай болдырмауға қабілетсіз және кез келген ауа райы мен жол жағдайында, сондай-ақ барлық жол түрлерінде рульді басқаруға қажетті көмекті қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан жүргізуші жол жағдайын мұқият қадағалап, жүйенің төтенше шаралар қабылдау қажеттігі туралы ескертуін күтпестен, автокөлікті басқаруға дер кезінде араласуы тиіс.	IACC жүйесі жоғары жылдамдықты автомагистральдарда және жабыны жақсы жолдарда қолдануға арналған. Төменде аталған жағдайларда IACC жүйесін қолданбаңыз, себебі жүйенің әрекеті жүргізуші күткеннен өзгеше болуы, ол өздігінен сөніп қалуы немесе тіпті көлік маңындағы, бірақ жүйе анықтай алмаған нысандармен соқтығысуға әкеп соғуы мүмкін: Нашар ауа райы немесе шектеулі көрініс жағдайлары (мәселен, жаңбыр, қар, тұман, құм дауылы, шаңның көптігі, жарықтың жеткіліксіздігі, көзді қарықтыратын жарық, жарқыл шағылысулар, тоннельге кіру


Ескерту

мен одан шығу, ағаштардың қарама-қайшы көлеңкелері және т. б.).


- Тегіс емес немесе тайғақ жолдар (мысалы, таулы жолдар, тік бұрылысты жолдар, ойлы-қырлы жолдар, су, қар, мұз, майлы дақтар, құм және т. б. басқан жолдар).
- Күрделі жол жағдайлары (мысалы, кептеліс, қиылыстар, бүйірден қатты жел соғатын учаскелер, жол жұмыстары жүргізілетін учаскелер, эстакадалар, жол жүру ақысын төлеу пункттері және т. б.).

шектелмей) IACC жүйесі пайдаланатын радар мен камера алда келе жатқан көліктерді және жол сызықтарын дұрыс тани алмауы мүмкін, нәтижесінде жүйе қашықтықты, жылдамдықты немесе автокөліктің қозғалыс траекториясын реттемейді. Осыған байланысты жүргізуші автокөлік тізгінін уақытылы өз қолына алып, қажет болған жағдайда IACC жүйесін өшіруі тиіс.


- Бірнеше қозғалыс маршруты
 - Егер автокөліктің алдында жол айырығы болса немесе қозғалыс жолақтарының саны өзгерсе, жүйе қажетті қозғалыс бағытын анықтай алмайды және дұрыс емес жолақты таңдауы немесе жұмысын тоқтатуы мүмкін.



Келесі жағдайларда (оның ішінде аталғандар, бірақ олармен




- Жолдағы кедергілер
- Егер автокөліктің алдындағы жолда жөндеу жұмыстары жүргізілсе немесе ақаулы көлік құралы болса және айналып өту бағыты жол белгілерімен көрсетілмесе немесе автокөліктің алдында жол төсемі болмаса, жүйе қозғалыс жолағын автоматты түрде ауыстыра алмайды.




① Жол қоршаулары



- Автокөліктің өту кеңістігін шектеу
- Жүйе жол-көлік оқиғасының себебі болуы мүмкін жолдың жүру бөлігіне шығып тұрған немесе оның үстіне төніп тұрған бөгде объектілерді (мысалы, жолдың үстіне төніп тұрған, бөлу жолағында өсіп тұрған ағаштардың бұтақтары және т. б.) тани алмайды.



- Жүйе алдында келе жатқан шағын габаритті баяу қозғалатын көлік құралдарын, сондай-ақ шанақ контурлары анық емес ерекше пішінді көлік құралдарын, әсіресе автокөлік жоғары жылдамдықпен немесе алда келе жатқан көлік құралына қандай да бір бұрышпен қозғалған кезде байқамай қалуы мүмкін, бұл соқтығысу қаупін тудырады.




- Жол белгісінің сәйкессіздігі
- Егер белгі сызықтары нашар ажыратылатын болса (бұлдырланған, өшірілген, жол төсемінде жарқын жарқылдар бар, жарықтандыру жағдайлары үнемі өзгереді, таңбалау ағаштардың немесе қоршаулардың көлеңкесінде және т. б.), ретсіз болса (мысалы, қиылыстарда, жолайрықтарда, айрықтарда, эстакадаларда және т. б.),

жүйе автокөліктің қозғалыс траекториясын болжай алмайды, соның салдарынан автокөлікті басқаруда қателіктер болуы мүмкін және тіпті жүйе өшіп қалуы мүмкін.

- Тегіс емес жолмен жүру
- Дөңгелек шұңқырға, тасқа және жол төсемінің басқа да тегіс емес жерлеріне соғылған кезде автокөліктің қозғалыс бағыты бір сәтке өзгеруі мүмкін, соның салдарынан автокөлік ағымдағы қозғалыс жолағынан ауытқуы мүмкін. Жүйе автокөліктің қатты шайқалуынан және жол белгілерін тану мүмкін еместігінен жұмысын уақытша тоқтатуы мүмкін.
- Жүйе жол белгілері сызықтары ретінде оларға

-
- ұқсас объектілерді, мысалы, жол жиегін белгілеу сызықтарын (әсіресе тоннельдерде), шина іздерін, жол төсемінің түйіскен жерлерін, қарлы жолдарды және т. б. қате тануы мүмкін, нәтижесінде автокөлік жолақтың ортасынан ауытқуы немесе қозғалыс бағытын қысқа уақытқа өзгертуі мүмкін.
 - Автокөлік бұрылысқа кіргенде, тайғақ жолда немесе жоғары жылдамдықпен күрт бұрылыстан өткенде жүйе жүргізушіге көлікті қозғалыс жолағында ұстап тұруға көмектесе алмауы немесе тіпті жұмысын уақытша тоқтатуы мүмкін.
 - Кептелісті жолдармен жүру
 - Жүйе автокөлікке қауіпті жақындаған көлік құралдарына жауап бермеуі мүмкін, әсіресе алдыңғы көлік құралының соңынан жүру режимінде жүктелген жолмен қозғалған кезде, бұл соқтығысу қаупін тудырады.
 - Егер автокөлік жүру режимінде қозғалған кезде алдында келе жатқан көлік құралы бұрыла бастаса, автокөлік оның артынан жүреді, нәтижесінде көршілес қозғалыс жолағында келе жатқан басқа көлік құралымен соқтығысуы мүмкін.
 - Егер автокөлік жүру режимінде қозғалған кезде алдында келе жатқан көлік құралы қайта реттеле бастаса, автокөлік жолақтың шетіне қарай ығысуы мүмкін, бұл көршілес қозғалыс жолағында тұрған көлік құралдарымен соқтығысу қаупін тудырады.



- Күшті электрмагниттік сәуле шығару EPS жүйесінің жұмысын бұзуы мүмкін. Күшті электрмагниттік өріс тудыратын құрылғыларды электр күшейткіші бар рульдік механизмге жақын қоймаңыз. Автокөлік ұзақ уақыт бойы күшті электрмагниттік әсер ету жағдайында болған кезде (мысалы, жоғары вольтты қосалқы станциялардың жанында) рульдік басқарудың электрлік күшейткішінің

жұмысына назар аударыңыз. Қандай да бір нормадан ауытқуларды анықтаған кезде IACC жүйесін пайдалануды тоқтатыңыз және автокөлікке қызмет көрсету үшін дереу Changan авторизацияланған қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

- Басқа көлікті сүйреген кезде IACC жүйесін пайдаланбаңыз. Бейімделетін круиз-контроль радары мен LDW жүйесінің камерасы бұзылуы мүмкін жағдайларда IACC жүйесін пайдаланбаңыз.

Ескертпе

Сенсордың жанындағы (ішкі артқы көрініс айнасын орнату аймағында) желдеткішті жөндеуге қатаң тыйым салынады. Жарықшақтар мен басқа да зақымданулар камераның тиімділігіне әсер етуі мүмкін, нәтижесінде жел әйнегін тұтастай ауыстыруға тура келеді.

IACC жүйесін пайдалану кезінде аспаптар панеліне жарық шағылыстыратын заттарды қоймаңыз, өйткені жарқын жарқылдар алдыңғы камерамен жол белгілерін тануға кедергі келтіруі мүмкін, бұл жүйенің жұмыс тиімділігін төмендетеді.

Басқару түймелерінің орналасуы мен функциялары



IACC жүйесін іске қосу үшін: руль астындағы қосқышты төмен қарай қатарынан екі рет итеріңіз.

IACC жүйесінің жұмысын тоқтату үшін: руль астындағы қосқышты жоғары қарай бұраңыз.



$\uparrow$: белгіленген жылдамдықты арттыру.

$\overline{\text{SET}}$: белгіленген жылдамдықты азайту.

$\parallel$: уақыт аралығын (арақашықтықты) арттыру

$\perp$: уақыт аралығын (арақашықтықты) азайту

Жүйе интерфейсі



1. IACC жүйесі күйінің индикаторы

- Ақ: жүйе дайын күйде.



- Сұр: жүйенің жұмысын уақытша тоқтату.
 - Жасыл: жүйе белсенді.
 - Қызғылт сары: жүйенің ақаулығы.
2. Бейімделетін круиз-контроль күйінің индикаторы
- Ақ: жүйе дайын күйде.
 - Жасыл: жүйе белсенді.
 - Қызғылт сары: жүйенің ақаулығы.
 - Сұр: жүйені өшіру.
3. Белгіленген жылдамдық
4. Белгіленген уақыт аралығы (алда келе жатқан көлік құралына дейінгі арақашықтық)
5. Алда келе жатқан көлік құралы
6. Автокөлік пен алдында келе жатқан көлік құралының арақашықтығы
7. Автокөлік
8. Белгі сызығының индикациясы
- Сұр: анықталмады.
 - Ақ: анықталды.
 - Қызыл: қозғалыс жолағынан шығу туралы сигнал беру жүйесі.
 - Қызғылт: қозғалыс жолағынан ауытқуды түзету.
 - Жасыл: IACC жүйесінің араласуы.
9. Көлік құралы көрші жолақта



Ескертпе

Автокөлік пен алдыңғы көлік арасындағы қашықтық, сондай-ақ орталық дисплейде көрінетін көршілес қозғалыс жолақтарындағы көлік құралдарының орналасуы шынайы жағдайдан өзгеше болуы мүмкін.

Алдында келе жатқан көлік құралдарын мұқият бақылап, нақты жол жағдайына байланысты автокөліктің қозғалыс жылдамдығын және арақашықтықты сәйкесінше реттеу қажет. Жүргізуші жүргізу қауіпсіздігіне толық жауап береді, сондықтан қажет болған жағдайда автокөлікті уақытылы және қауіпсіз тоқтату үшін оны басқаруға араласуы керек.

Ескертпе

Жарық кедергілері (мысалы, орталық дисплейдегі жарқылдар немесе күннен қорғайтын көзілдірік кию) және айналадағы шу (мысалы, көлік салонындағы қатты музыка) әсерінен орталық дисплейден ескерту ақпаратын оқу қиынға соғуы мүмкін. Жүргізуші әрдайым көлік құралының қозғалыс режиміне және жол жағдайына назар аударуы, автокөлікті басқаруға уақытылы араласуы және шұғыл шаралар қабылдау үшін ескерту хабарламаларының пайда болуын күтпеуі керек.

Ескертпе

IACC жүйесі жұмыс істеп тұрғанда және автокөлік жүріс режимінде қозғалғанда, алдында келе жатқан көлік құралы ақ түспен көрсетіледі.

Нұсқаулықтар

IACC жүйесінің жұмыс жылдамдықтарының диапазоны 0-130 км/сағ құрайды.

- Жолақ бойымен қозғалыс кезіндегі көмек
- IACC жүйесі басым тәртіппен ағымдағы қозғалыс жолағының екі жағындағы жол белгісі сызықтарын тану арқылы автокөлікті қосалқы рульдік басқаруды қамтамасыз етеді. Бұл

жағдайда IACC жүйесі жолақты бақылау режимінде болады, ал орталық дисплейдегі IACC белгішесі мен белгілеу сызықтары жасыл түспен, ал алда келе жатқан көлік құралы (егер ол анықталса) ақ түспен көрсетіледі.

- Кептелісте қозғалу кезіндегі көмек
- Егер автокөліктің жылдамдығы 60 км/сағ-тан төмен болса, ал жол белгілерінің сызықтары танылмаса, автокөлік алдынан табылған ілеспе көлік құралының соңынан ілесе алады. Бұл жағдайда IACC жүйесі ілесу режимінде болады, орталық дисплейдегі IACC белгішесі жасыл түспен,

ал алда келе жатқан көлік ақ түспен көрсетіледі.

Ескертпе

Кептелісте қозғалған кезде жүйенің көмегі көлік құралдары бір-бірінің артынан келе жатқан жағдайда ғана мүмкін болады. IACC жүйесін төлем қабылдау пункттеріне кіреберістерде және олардан шығу кезінде, ретсіз қозғалыс жағдайында, мезгіл-мезгіл пайда болатын кептелістерде және күрт бұрылыстарда пайдаланбаңыз.

Егер алда келе жатқан көлік жылдам бұрылса, IACC жүйесі оның артынан келе жатқан көліктің бағытын өзгерте алмайды. Бұл жағдайда жүйе нысана ретінде басқа көлік құралын таңдай алады немесе


Ескертпе

бейімделетін круиз-контроль режиміне ауысып, автокөлікті бұрын берілген жылдамдыққа дейін жеделдете алады. Сондықтан жүргізуші әрқашан жүйенің жағдайына назар аударуы керек және қажет болған жағдайда IACC жүйесін өшіріп, автокөлікті басқаруды өз қолына алуы керек.

Қашықтықтың жеткіліксіздігі немесе жүйенің кеш реакциясы салдарынан туындауы мүмкін соқтығысуларды болдырмау үшін кептелісте қозғалыс кезінде қолайлы уақыт аралығын белгілеу ұсынылады.

IACC жүйесін қосу


Автокөліктің оталдыру жүйесі қосылған немесе қозғалтқышы іске қосылған кезде IACC жүйесін қосу үшін орталық дисплейден [Settings] (Баптаулар) – [Intelligent driving] (Жүргізу кезінде көмек көрсету жүйелері) тармақтарын таңдаңыз.



ИАСС жүйесін іске қосу

ИАСС жүйесін іске қосқаннан кейін, егер оны іске қосу шарттары орындалса, орталық дисплейдегі ИАСС белгішесі ақ жарықпен жанады (экранның қара фонында ақ түспен немесе ақ фонда қара түспен көрсетіледі). Бұл жағдайда рульдік қосқышты екі рет төмен қарай бұраңыз және ИАСС жүйесі автокөліктің жылдамдығын, баяулауын және қозғалыс бағытын түзетуді автоматты басқару режиміне ауысады.

Жүйені іске қосқаннан кейін орталық дисплейдегі ИАСС жүйесінің күй индикаторы жасыл жарықпен жанады және жүргізуші жүру режимінде қажетті қозғалыс жылдамдығы мен уақыт аралығын (қашықтықты) орната алады.



Кейде ИАСС жүйесі іске қосыла алмайды, мысалы, әйнек тазалағыштың жоғары жылдамдығы кезінде және жол сызықтарының айқындығы жеткіліксіз болған кезде, сондықтан орталық дисплейде көрсетілетін жүйенің ескерту

хабарламаларына
аударыңыз. назар



Ескертпе

IACC жүйесінің әрбір іске қосылуы кезінде берілген жылдамдық ретінде 20-дан 130 км/сағ дейінгі диапазондағы автокөліктің ағымдағы қозғалыс жылдамдығы қабылданады.

IACC жүйесі іске қосылғанда онымен бір мезгілде бейімделетін круиз-контроль іске қосылады, сондықтан автокөліктің жылдамдығын және баяулауын басқару алгоритмі ACC жүйесі жмыс істегендегідей болады.

Егер IACC жүйесінің жұмысы кезінде жүргізуші акселератор педалін кенет басса, автокөліктің жылдамдығы үздіксіз артады, бұл IACC жүйесі тарапынан қосалқы

Ескертпе

рульдік басқарудың тиімділігіне әсер етуі мүмкін. Жүргізуші әрдайым автокөліктің күйіне назар аударып, оны дер кезінде басқаруға алуы керек.

Белгіленген жылдамдықты реттеу

IACC жүйесін іске қосқаннан кейін жүргізуші берілген жылдамдықты бейімделетін круиз-контрольді қолданған кездегідей әдіспен орната алады. «Белгіленген жылдамдықты реттеу» т. қараңыз.

Уақыт аралығын (арақашықтықты) реттеу

IACC жүйесін іске қосқаннан кейін жүргізуші бейімделетін круиз-контрольді қолданған кездегідей уақыт аралығын (қашықтықты) реттей алады. «Уақыт аралығын (арақашықтықты) реттеу» т. қараңыз.

IACC жүйесінің жұмысын тоқтату

- IACC жүйесін мәжбүрлеп өшіру IACC жүйесі кез келген ауа райы мен жол жағдайында тиімді жұмыс істей алмайды. Қажет болған жағдайда жүргізуші қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін IACC жүйесін өз бетінше өшіруі керек. IACC жүйесін мәжбүрлеп өшіру үшін:

- руль астындағы қосқышты жоғары қарай бұраңыз немесе тежегіш педалін басыңыз.

Мәжбүрлі ажыратудан кейін IACC жүйесін кейіннен іске қосу үшін руль астындағы қосқышты екі рет төмен тарту керек.

- IACC жүйесін автоматты түрде өшіру IACC жүйесі автокөліктің басқа жүйелерімен бірге жұмыс істейді. Егер басқа жүйелердің жағдайы жұмыс жағдайына сәйкес келмесе, IACC жүйесі автоматты түрде жұмысын тоқтатады. IACC жүйесі келесі жағдайларда автоматты түрде жұмысын тоқтатады:

- Камераны бөгде нысан жауып тұр.
- Автокөліктің басқа жүйелері ақаулы немесе ажыратылған.

- Жолақтағы қозғалысқа көмектесу жүйесі ақаулы.

- Жүргізуші рульден қолын алады.

- Автокөліктің жылдамдығы рұқсат етілген ең жоғары шектен асып кетті.

- Бейімделетін круиз-контрольдің ажыратылуына әкелетін басқа жағдайлар туындайды.

Автоматты түрде ажыратудан кейін IACC жүйесін кейіннен іске қосу үшін руль астындағы қосқышты екі рет төмен тарту керек.



Ескертпе

Егер IACC жүйесі ақаулық салдарынан жұмысын тоқтатса,

Ескертпе

ақаулықты жойғаннан кейін IACC жүйесін қайта пайдаланбас бұрын автокөліктің қозғалтқышын қайта іске қосу керек.

IACC жүйесінің жұмысын уақытша тоқтату: IACC жүйесінің шектеулері салдарынан кейбір жағдайларда ол жұмысын уақытша тоқтатуы мүмкін, мысалы, жол белгілерінің бір немесе екі сызығы жоғалғанда, жүргізуші рульді белсенді түрде бұрғанда және т. б.



- IACC жүйесін уақытша өшірген кезде тек қосалқы рульдік басқару функциясының жұмысы тоқтатылады, бірақ жүйе автокөліктің үдеуі мен баяулауын бақылауды жалғастырады. Уақытша өшіру шарттары жойылғаннан

кейін, жүйе жұмысы автоматты түрде қайта басталады.

- Егер жүйенің уақытша тоқтап қалу кезеңі белгіленген уақыттан асып кетсе, жүйе толығымен өшіріледі. Жүйені қайта іске қосу үшін рульдік ауыстырып-қосқышты қайтадан төменге қарай тарту керек.

IACC жүйесінің жұмысын қалпына келтіру

Егер IACC жүйесі уақытша жұмысын тоқтатса, $+$ түймесін басыңыз. Осыдан кейін жүйе қайтадан іске қосылады және қозғалыстың бұрын белгіленген жылдамдығын ұстап тұруға оралады.


⚠ Ескертпе

Жүргізуші әрқашан жүйенің күйіне назар аударуы, жүйенің ажыратылуын уақытылы байқап, IACC жүйесі қайта іске қосылғанға дейін автокөлікті басқаруды өз мойнына алуы керек.

IACC жүйесінің автокөлікті басқаруға араласу қажеттілігі туралы ескерту

Қозғалыс жолағын бақылау режимінде жұмыс істеу кезінде IACC жүйесі жоғары жылдамдыққа немесе жолдың тайғақ бетіне байланысты автокөлікті қозғалыс жолағының ортасында ұстай алмаса, ол жүргізушіге автокөліктің қозғалыс жолағынан шығу қаупі туындаған кезде басқаруды өзіне алу қажеттілігі туралы ескерту


береді. Бұл жағдайда жүргізуші бірден автокөлікті басқаруға кірісуі керек.



Жүргізушінің мінез-құлқын бақылау

IACC жүйесі – жүргізушіге көмек көрсету жүйелері. Жұмыс барысында жүргізушінің мінез-құлқын үздіксіз бақылап отырады. Егер жүйе жүргізушінің рульді екі қолымен ұстамайтынын анықтаса, ол жүргізушіні мәтіндік хабарлама және орталық дисплейдегі тиісті сурет, сондай-ақ дыбыстық сигнал беру арқылы ескертеді.

Егер ескертуден кейін жүргізуші дер кезінде көлік тізгінін өз қолына алмаса, IACC жүйесі өз жұмысын автоматты түрде тоқтатып, апаттық жарық сигнализациясын қосады.



индикаторы қызғылт сары жарықпен жанады.

IACC жүйесінде ақау пайда болған жағдайда ACC жүйесінің немесе LDW жүйесінің ақауларын жоюға арналған бөлімді қараңыз. Егер ақауды өз күшіңізбен жоя алмасаңыз, автокөлікке қызмет көрсету үшін Changan авторизацияланған қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Ақауларды жою

Миллиметрлік диапазонның алдыңғы радары, алдыңғы камера немесе байланысты жүйелер дұрыс жұмыс істемеген жағдайда IACC жүйесі апаттық жұмыс режиміне ауысады, ал күй

Қосалқы қауіпсіздік жүйелері

Автоматты шұғыл тежеу жүйесі (АЕВ)

Жүйе туралы жалпы мәліметтер

АЕВ жүйесіне бетпе-бет соқтығысу туралы ескерту функциясы (FCW) және автоматты шұғыл тежеу функциясы (АЕВ) кіреді.

FCW функциясы алда жүріп бара жатқан автокөлікпен соқтығысу қаупі туындаған жағдайда жүргізушіге тежеу қажеттігі туралы уақтылы хабар береді.

Егер жүргізушінің тежегіш педаліне қосатын тежегіш күші жеткіліксіз болса, АЕВ функциясы жүргізушіге автокөлікті тежеуге көмектеседі. Егер жүргізуші соқтығысу қаупіне мүлдем жауап бермесе, АЕВ

функциясы соқтығысуды болдырмау немесе оның салдарының ауырлығын төмендету үшін тежеуді дербес қолданады.

АЕВ жүйесін пайдаланар алдында осы бөлімді мұқият және толық оқыңыз.



Ескерту

АЕВ жүйесі жүргізушіге тек белгілі бір жағдайларда ғана көмек көрсетуге қабілетті. Жүргізуші жүргізу қауіпсіздігі үшін толық жауап береді және автокөлікті ұдайы бақылап отыруы тиіс.

АЕВ жүйесі тек сол бағытта қозғалып келе жатқан немесе қозғалыстың сол жолағында автокөліктің алдында тұрған жылжымайтын көлік құралдарына ғана жауап қайтарады, ол қарама-

Ескерту

қарсы немесе көлденең бағытта қозғалып келе жатқан көлік құралдарына жауап қайтармайды. Ол (ІАСС жүйесімен жабдықталған үлгілерден басқа) жаяу жүргіншілерге, жануарларға және жолдағы басқа да объектілерге жауап білдірмейді және мотоциклдер мен велосипедтер сияқты радиотолқындардың шағылысу алаңы шағын объектілерді байқамауы мүмкін.

Жүйеге тән шектеулерге байланысты оның жалған іске қосылуын толығымен болдырмау мүмкін емес.

АЕВ жүйесі мен АСС жүйесі автокөліктің алдында қозғалып келе жатқан көлік құралдарын

анықтау үшін миллиметрлік диапазондағы алдыңғы радарды пайдаланады. Интеграцияланған бейімделген круиз-бақылаумен (IACC) жабдықталған модельдерде АЕВ жүйесі автокөліктің алдында объектілерді табу үшін алдыңғы радар мен алдыңғы камераны бірлесіп пайдаланады. Алдыңғы радар мен алдыңғы камераға тән шектеулер де АЕВ жүйесінің жұмыс тиімділігіне әсер етеді.

Ескерту

Іс жүзіндегі Нақты жол жағдайының күрделілігіне, жол жағдайының нашарлығына, ауа райының немесе басқа жағдайлардың нашарлығына байланысты жүйе әрдайым нақты анықтауға кепілдік бере алмайды. Келесі жағдайларда (санамаланғандарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) АЕВ жүйесі жұмыс істемеуі немесе оның жұмысының тиімділігі төмендеуі мүмкін, сондықтан толық АЕВ жүйесіне сүйенбеңіз, жүйенің іске қосылуын тексермеңіз және жүйе автокөлікті баяулатады деп күтпеңіз:


- Қолайсыз ауа райы жағдайларында (мысалы,

Ескерту

қатты жаңбыр, қатты қар, бұршақ және т. б.) және тайғақ жол бетінде (мысалы, жолдың мұз басқан, қар басқан, ылғалды немесе батпақты учаскелері және т. б.).

- Қайта сапқа тұрғаннан, қозғалыс жолағын ауыстырғаннан және/немесе күрт бұрылғаннан кейін нысаналар анықталған кезде, сондай-ақ автокөлікке жақын орналасқан нысананы шұғыл тежеу кезінде.
- Радарға сыртқы факторлардың әсері кезінде (мысалы, электромагниттік кедергілер, жер асты тұрақтарында, тоннельдерде,

 Ескерту	Ескерту	Ескерту
темір көпірлерде, рельстерде, құрылыс алаңдарында, ені мен биіктігі бойынша шектелген қақпаға өту кезінде - және т. б. радиосигналдың бірнеше рет шағылысуы). - Радарды орнату жағдайы өзгерген кезде, мысалы, қатты діріл немесе шамалы соққы салдарынан. - Камера төмен температурада немесе ауа райының нашар жағдайында дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Жаңбыр, қар, тұман және жарықтың нашарлығы камераның жаяу жүргіншілерді тануға және АЕВ жүйесінің жұмыс	тиімділігін төмендетуге мүмкіндік береді. - Датчиктің беті құс саңылауымен, балшықпен, мұзбен, жәндіктермен және т. б. ластанған кезде - автокөліктің конструкциясына өзгерістер енгізу (мысалы, шасси биіктігін азайту, алдыңғы нөмірлік белгінің монтаждау панелін ауыстыру және т. б.) АЕВ жүйесінің тиімділігін төмендетуі немесе жалған іске қосылу жиілігін арттыруы мүмкін. - Жүргізуші акселератор педалін кенеттен басқанда. - Көліктің алдында сұлбасы анық емес және ерекше	шанақ пішіндегі көлік құралы қозғалғанда. Жүйені қалай пайдалану керек АЕВ функциясын қосу немесе өшіру үшін орталық дисплейде [Settings] (Параметрлер) – [Intelligent driving] (Жүргізушіге көмек көрсету жүйелері) – [Safety assist] (Қосалқы қауіпсіздік жүйелері) түймесін басыңыз.



⚠ Ескертпе

Келесі жағдайларда АЕВ функциясын өшіру керек:

- автокөлікті сүйрету кезінде;
- автокөлікті динамометриялық стендте тексеру кезінде;
- егер радарды орнату жағдайы өзгерсе (мысалы, артқа соқтығысу нәтижесінде).

АЕВ жүйесі жүргізушіге көрінбей, фондық режимде жұмыс істейді.

Ескертпе

Егер жүйе алда келе жатқан көлік құралын байқаса, ол қауіпті жақындау дәрежесіне қол жеткізгенге дейін ескерту бермейді немесе автокөлікті басқаруға араласпайды.

Соқтығысу қаупі анықталған кезде жүйе тежегіш жүйесінің реакция уақытын азайту үшін қауіп деңгейіне сәйкес тежегіш гидрожетегінде қысымды алдын ала арттырады. Қысымды арттыру процесінде электр~~магниттік~~ клапандар мен ESC жүйесінің сорғысы қосылады, сондықтан жүргізуші мотор бөлігінен естілетін тұйық дыбысты естуі мүмкін. Бұл АЕВ жүйесінің жұмысы кезінде пайда болатын қалыпты құбылыс.

FCW функциясы


Егер автокөлік алда келе жатқан көлік құралына ұзақ уақыт бойы тым жақын қозғалып келсе, орталық дисплейде «Қауіпсіз арақашықтықты ұстап тұрыңыз» хабарламасы көрсетіледі. Бұл ескерту автокөлік 60-тан 150 км/сағ. дейінгі жылдамдықпен қозғалғанда ғана көрсетіледі.



Егер автокөліктің орташа немесе жоғары жылдамдықпен қозғалысы кезінде алда келе жатқан көлік құралымен соқтығысу қаупі туындаса, орталық дисплейде «Соқтығысу қаупі» хабарламасы көрсетіледі және үздіксіз дыбыстық сигнал соғылады. Жаяу жүргіншілерді тек алдыңғы шолу

180

камерасымен жабдықталған үлгілерде ғана тану мүмкін. Алдыңғы камера мен алдыңғы радарға тән шектеулер АЕВ жүйесімен жаяу жүргіншілерді де табу тиімділігіне әсер етуі мүмкін. Бұл функция автокөлік қозғалысының жылдамдығы төменде келтірілген диапазондарда болған жағдайда іске қосылады.



- Қозғалыссыз көлік құралдары үшін: 15–150 км/сағ.
- Қозғалыстағы көлік құралдары үшін: 15–150 км/сағ.
- Жаяу жүргіншілер үшін: 15–85 км/сағ.



Егер алда келе жатқан көлік құралымен соқтығысу қаупі артса, онда АЕВ функциясы тез және қысқа мерзімді тежеуді жүзеге асырады.

FCW функциясы келесі жағдайларда жұмыс істемеуі мүмкін (атап өтілгендерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмейді):

- FCW функциясы өшірілсе.
- Селектордың D күйі таңдалмаса.
- автокөліктің жылдамдығы жүйе жылдамдығының жұмыс диапазонына сәйкес келмесе.
- Жүргізуші тежегіш педалін басса немесе белсенді түрде маневр жасаса.
- Жүргізуші акселератор педалін шұғыл басса.
- Автокөліктің электр қуаты


- өшірілсе.
- Соқтығысу қаупі артта қалса.
- Автокөлік тұрақсыз болса.
- Жүйені қайта баптау орындалып жатса.
- ESP жүйесінде ақау болса.
- Орталық дисплей жарамсыз болса.
- АЕВ жүйесінде ақау болса.
- Алдыңғы радар бөгде объектімен жабылса.
- Камера бөгде объектімен жабылса (жаяу жүргіншілер үшін).

Жүргізуші FCW жүйесінің сезімталдығының үш деңгейінің бірін таңдай алады: жоғары, стандартты және төмен. Жүйенің сезімталдығы неғұрлым жоғары болса, ол соқтығысу қаупі туралы соғұрлым ертерек хабарлайды, ал

ескертулер анағұрлым жиілей түседі.

АЕВ функциясы

Егер FCW функциясымен ескерту берілгеннен кейін жүргізуші тежегіш педалін баспаса немесе тежегіш күші жеткіліксіз болса, АЕВ жүйесі жүргізушіге автокөлікті тежеуге көмектеседі, ал орталық дисплейде «Соқтығысу қаупі. АЕВ жүйесі қосулы» хабарламасы көрінеді. Бұл функция автокөлік қозғалысының жылдамдығы төменде келтірілген диапазондарда болған жағдайда іске қосылады.



- Қозғалыссыз көлік құралдары үшін: 4-60 км/сағ.
- Қозғалыстағы көлік құралдары үшін: 4-150 км/сағ.
- Жаяу жүргіншілер үшін: 4-60 км/сағ.

- 10-30 км/сағ жылдамдықпен көлденең бағытта қозғалып келе жатқан велосипедшілер үшін: 4-60 км/сағ.

Жүйе мынадай жағдайларда жұмыс істемеуі мүмкін (санамаланғандарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей):

- АЕВ функциясы өшірулі болса.
- Жүргізуші қауіпсіздік белбеуін тақпаса.
- Селектордың D күйі таңдалмаса.
- Автокөліктің жылдамдығы жүйе жылдамдығының жұмыс диапазонына сәйкес келмесе.
- Жүргізуші тежегіш педалін басса немесе белсенді түрде маневр жасаса.

- Жүргізуші акселератор педалін шұғыл басса.
- Автокөліктің электр қуаты өшірілсе.
- Соқтығысу қаупі артта қалса.
- Автокөлік тұрақсыз болса.
- Жүйені қайта баптау орындалып жатса.
- ESP жүйесінде ақау болса.
- АЕВ жүйесінде ақау болса.
- Алдыңғы радар бөгде объектімен жабылса.
- Камера бөгде объектімен жабылса (жаяу жүргіншілер мен велосипедшілер үшін).

**Ескертпе**

АЕВ жүйесі автокөлік қауіпсіз тоқтағанға дейін 2 секунд бойы оны белсенді тежейді. Әрі қарай жүйе тежегішті босатады, ал жүргізуші көлікті уақытылы басқаруы керек (мысалы, тежегіш педалін басу арқылы).

Артқы жүріспен қозғалу кезіндегі шұғыл тежеу жүйесі (RCTB)

Жүйе туралы жалпы мәліметтер

RCTB жүйесінің функциясы автокөліктің артқы бамперінің сол және оң жағында орнатылған миллиметрлік бүйірлік радарлардың көмегімен іске асырылады.

Артқа жүру кезіндегі шұғыл тежеу функциясы (RCTEB) автокөліктің артына көлденең бағытта келе жатқан көлік құралдарымен соқтығысу қаупі болған кезде, оны артқа жүру кезінде тежеуді жүзеге асырып, соқтығысуды болдырмайды немесе оның салдарының ауырлығын азайтады.

Егер жүргізушінің тежегіш педаліне қосатын тежегіш күші жеткіліксіз болса, RCTEB функциясы жүргізушіге автокөлікті тежеуге көмектеседі. Егер жүргізуші соқтығысу қаупіне мүлдем жауап бермесе, RCTEB функциясы соқтығысуды болдырмау немесе оның салдарының ауырлығын төмендету үшін тежеуді дербес қолданады.

RCTEB жүйесін пайдаланар алдында осы бөлімді мұқият және толық оқыңыз.

**ЕСКЕРТУ**

RCTEB жүйесі жүргізушіге тек белгілі бір жағдайларда ғана көмек көрсетуге қабілетті. Жүргізуші жүргізу қауіпсіздігі үшін толық жауап береді және автокөлікті ұдайы бақылап отыруы тиіс.

RCTB жүйесі көліктің артында көлденең бағытта қозғалатын көлікпен соқтығысу қаупі болған жағдайда ғана іске қосылады. Егер көлік құралы автокөлік артында онымен бір бағытта қозғалса, автокөлік артында жылжымайтын көлік құралдары, жаяу жүргіншілер, жануарлар және жолдағы басқа да объектілер болса, сондай-ақ егер көлік құралы радиолокациялық толқындарды әлсіз көрсеткен жағдайда, мысалы мотоцикл мен

ЕСКЕРТУ

велосипедті, жүйе іске қосылмайды.

Жүйеге тән шектеулерге байланысты оның жалған іске қосылуын толығымен болдырмау мүмкін емес.

RCTEB функциясы

RCTEB функциясы – RCW жүйесінің бір бөлігі болып табылатын RCTA функциясының негізінде жасалған жетілдірілген функция. Ол миллиметрлік диапазондағы артқы радарды және автокөліктің артында көлік құралдарын табу үшін артқы жүріс кезінде ескерту жүйесін пайдаланады. Бұл функцияны табу және шектеу диапазоны RCTA функциясымен бірдей. Егер RCTA жүйесін іске қосу шарттары орындалса және автокөлік артқа жүру кезінде жүйе көлденең бағытта келе жатқан көлік құралымен соқтығысудың болмай қоймайтынын анықтаса, RCTEB функциясы тежегішті автоматты түрде іске қосады. Бұл функция автокөліктің жылдамдығы 4-15 км/сағ аралығында іске қосылады.

RCW жүйесіне тән объектілерді табу бойынша шектеулер де RCTB жүйесінің жұмыс тиімділігіне әсер етеді.

ЕСКЕРТУ

RCTB жүйесі негізінен автокөлік тұрақта артқа қозғалғанда соқтығысуды болдырмауға арналған. Нақты жол жағдайының күрделілігіне, жол жағдайының нашарлығына, ауа райының немесе басқа жағдайлардың нашарлығына байланысты жүйе әрдайым нақты анықтауға кепілдік бере алмайды. Келесі жағдайларда (бірақ олармен шектелмей) RCTB жүйесі жұмыс істемеуі немесе оның тиімділігі төмендеуі мүмкін, сондықтан RCTB жүйесіне толық сүйенбеңіз, жүйенің іске қосылуын



ЕСКЕРТУ

тексермеңіз және жүйе автокөлікті баяулатады деп күтпеңіз:

- Қолайсыз ауа райы жағдайларында (мысалы, қатты жаңбыр, қатты қар, бұршақ және т. б.) және тайғақ жол бетінде (мысалы, жолдың мұз басқан, қар басқан, ылғалды немесе батпақты учаскелері және т. б.).
- Нысана жабылған және кенеттен пайда болған, ал **мәжбүрлі тоқтату** көлік құралы мен автокөлік арасындағы бұрыш осы функция үшін белгіленген диапазоннан асып кеткен, нысаналы көлік құралы радарды табу диапазонының

ЕСКЕРТУ

шегінен шыққан және т. б. жағдайларда.

- Радарға сыртқы факторлардың әсері кезінде (мысалы, электромагниттік кедергілер, жер асты тұрақтарында, тоннельдерде, темір көпірлерде, рельстерде, құрылыс алаңдарында, ені мен биіктігі бойынша шектелген қақпаға өту кезінде және т. б. радиосигналдың бірнеше рет шағылысуы).
- Радарды орнату жағдайы өзгерген кезде, мысалы, қатты діріл немесе шамалы соққы салдарынан.
- Датчиктің беті құс саңылауымен, балшықпен,


ЕСКЕРТУ

мұзбен, жәндіктермен және т. б. ластанған кезде

- Автокөлік конструкциясына RCTB жүйесінің тиімділігін төмендетуге немесе жалған іске қосылу жиілігін арттыруға қабілетті өзгерістер енгізілсе (мысалы, шасси биіктігін азайту, алдыңғы нөмірлік белгінің монтаждау панелін ауыстыру және т. б.).

Жүйені қалай пайдалану керек

RCTB функциясын қосу немесе өшіру үшін орталық дисплейде [Settings] (Параметрлер) – [Intelligent driving] (Жүргізушіге көмек көрсету жүйелері) – [Safety assist] (Қосалқы қауіпсіздік жүйелері) түймесін басыңыз.



⚠ ЕСКЕРТУ

RCTB жүйесі жүргізушіге көрінбей, фондық режимде жұмыс істейді. Егер жүйе автокөліктің артында қозғалып келе жатқан көлік құралын байқаса, ол жақындаудың қауіпті деңгейіне жеткенше автоматты тежеуді жүзеге асырмайды.

RCTEB функциясын келесі жағдайларда міндетті түрде өшіру керек:

- автокөлікті сүйрету кезінде;
- егер радарды орнату жағдайы өзгерсе (мысалы, артқа соқтығысу нәтижесінде).

Қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту жүйесі (LDWS)

Жүйе туралы жалпы мәліметтер

LDWS жүйесі – бұл автокөліктің жоғары жылдамдықпен қозғалысы кезінде жүргізушіні жол таңбалары сызықтарын байқаусызда қиып өтуі туралы хабардар ететін қосалқы жүйе. Жүйе алдыңғыжолқағар әйнектің артында орнатылған зияткерлік камераның көмегімен автокөлік алдындағы қозғалыс жолағындағы таңбаны таниды және визуалды және дыбыстық дабылдың, сондай-ақ автокөлік жол таңбасы сызығын қиып өткен кезде рульдік доңғалақтың дірілінің көмегімен жүргізушіге хабарлайды.

 ЕСКЕРТУ

LDWS жүйесі – бұл кез келген жол жағдайында жұмыс істей алмайтын қосалқы функция. Жүргізуші қозғалыс қауіпсіздігі үшін жауап береді және автокөлікті жүргізу кезінде әрдайым ұқыпты болуға тиіс.

Белгілеу сызықтары анық көрінетін және белгіленген қағидалар мен нормаларға сәйкес түсірілген жағдайда ғана жүйе жүргізушіні ескертуі немесе түзету шараларын (осындай функция болған кезде) қабылдауы мүмкін.

Қолайсыз ауа райында жүйе дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін, ал жауын-шашын қар, тұман, жеткіліксіз жарықтандыру немесе қарама-қарсы қатты

ЕСКЕРТУ

жарықтандыру (мысалы, тоннельге кіру немесе одан шығу) оның жұмыс істеуіне кері әсерін тигізуі мүмкін.

Келесі жағдайларда немесе жолдың келесі учаскелерінде жүйе жұмыс істемеуі немесе жалған ескертулер беруі мүмкін:

1. Жол төсеміне уақытша жол таңбасы (мысалы, жөндеу жұмыстары кезінде және т. б.) салынса.
2. Жол жабынының беті зақымдалса, жарықтары болса немесе су басқан болса.

ЕСКЕРТУ

3. Жолақ сызықтары лаймен, шаңмен, қармен және т. б. жабылған болса.
4. Камера бөтен затпен жабылса.
5. Автокөлік тар жолмен немесе кілт бұрылыстармен жүріп келсе.

 ЕСКЕРТУ


Алдыңғы Желқатар әйнектің датчикке жақын жөндеуге қатаң тыйым салынады (артқы көріністің ішкі айнасын орнату аумағында). Жарықтар мен басқа да зақымдар камера жұмысының

⚠ ЕСКЕРТУ

тиімділігіне әсер етуі мүмкін, нәтижесінде алдыңғы жөңке әйнектің толығымен ауыстыруға тура келеді.

Нұсқаулықтар

LDWS функциясын қосу немесе өшіру үшін орталық дисплейде [Settings] (Параметрлер) – [Intelligent driving] (Жүргізу кезіндегі көмек көрсету жүйелері) – [Lane assist] (Жолақта қозғалу кезіндегі көмек көрсету жүйесі) түймешігін басыңыз.




LDWS функциясы қосылғаннан кейін:

- Егер автокөлік 60 км/сағ кем жылдамдықпен қозғалса, жүйе дайындық режимінде болады және орталық дисплейде LDWS жүйесінің жай-күйінің индикаторы ақ түспен көрсетіледі.
- Автокөліктің жылдамдығы сағатына 60 км-ден асқанда, жүйе автоматты түрде белсенді күйге өтеді және орталық дисплейде LDWS

жүйесінің жай-күйінің индикаторы жасыл түспен көрсетіледі.

Егер камера автокөліктің екі жағындағы жол таңбаларының сызықтарын танытын болса, орталық дисплейде оларға сәйкес келетін сызықтар ақ түспен, егер де бір жағын таныса – бір сызық ақ түспен көрінеді, ал екіншісі сұр түспен қалады; егер камера автокөліктің екі жағындағы сызықтарды танымаса, олардың екеуі де сұр түспен көрсетіледі.



⚠ ЕСКЕРТУ

Жүргізуші әрқашан көлікті қауіпсіз және дұрыс басқаруға толық жауапты.

- Автокөлік ағымдағы қозғалыс жолағынан ауытқыған кезде

ЕСКЕРТУ

жүйе үздіксіз дабыл белгісін бермейді немесе ауытқуларды түзетпейді. Жүйе ағымдағы қозғалыс жолағынан ауытқу туралы ескерту бергенде немесе рульдік басқаруға араласқанда жүргізуші қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін автокөлік қозғалысының траекториясын дереу түзетуі тиіс.

- Жүйенің жұмыс қабілеттілігі шектелген жағдайларда (мысалы, жаңбыр, қар, тұман, құмды дауыл, нашар көріну және т. б.) қозғалыс жолағынан ауытқу туралы сигнал беру функциясы немесе рульдік басқарудағы

ЕСКЕРТУ


көмек функциясы іске қосылмауы немесе кешігіп іске қосылуы мүмкін. Жұмысқа жарамдылығы шектеулі жүйені пайдаланбаңыз.

- Жүйемен қамтамасыз етілетін қосалқы түзету әсері автокөліктің ағымдық қозғалыс жолағынан тыс шығуын, әсіресе тайғанақ жолмен, тік бұрылыста, жоғары жылдамдықпен және т. б. қозғалысын үнемі болдыра бермейді.

Ескерту тәсілдері

[Settings] (Параметрлер) – [Intelligent driving] (Жүргізу кезіндегі көмек көрсету жүйелері) – [Lane assist] (Жолақта қозғалу кезіндегі көмек көрсету жүйесі) – [Lane departure assist mode] (Жолақтан шығу туралы ескерту режимі) орталық дисплейде LDWS жүйесінің ескерту режимін таңдау үшін:

- Дыбыстық дабыл.
- Рульдің дірілдеуі.
- Дыбыстық дабыл + рульдің дірілі.



Орталық дисплейдегі көзбен шолу сигнализациясы мынадай түрде жүзеге асырылады: аспаптар комбинациясындағы белгілеу сызығы қозғалыс жолағынан ауытқу туралы сигнал беру іске қосылғанда қызыл түспен немесе жүйемен ауытқуды белсенді түзету кезінде қызғылт сары түспен көрсетіледі. Толығырақ ақпаратты «ACC жүйесінің интерфейсі» тармағынан қараңыз.

Қозғалыс жолағынан ауытқу туралы дабыл іске қосылған кезде


автокөліктің қозғалыс бағытын дереу түзету керек.

Режимдерді таңдау

Жүйенің жұмыс режимін орталық дисплейдегі [Intelligent driving] (Жүргізу кезіндегі көмек көрсету жүйелері) [Driving assistance] (Жүргізушіге көмек көрсету жүйелері) мәзірінен таңдауға болады:

Ауытқудың алдын алу және түзету.

- Ерте ескерту.
- Ауытқуды түзету.
- Ерте ескерту + ауытқуды түзету.
- Өшірулі.



Егер ескерту режимі таңдалса, автокөлік ағымдағы қозғалыс жолағынан ауытқыған кезде жүйе ескерту береді.

Егер ауытқуды түзету режимі таңдалса, онда автокөлік қозғалыс жолағының шегінен шыққан кезде жүйе автокөлік қозғалысының траекториясын түзету үшін рульдік басқаруға уақытша араласатын болады.

Жоғарыда көрсетілген нұсқалардың кез келгенін таңдау кезінде қозғалыс жолағынан шығу

туралы ескерту жүйесінің индикаторы жасыл жарықпен жанады.

Егер ауытқуды түзетумен ертерек ескерту режимі таңдалса, жүйе бір мезгілде ескерту береді және автокөлік қозғалысының ағымдағы қозғалыс жолағынан ауытқыған кездегі траекториясын түзетеді.

Жүйе өшірілген жағдайда қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту жүйесінің индикаторы қызғылт сары жарықпен жанады.

Дыбыстық дабыл немесе рульдің дірілі іске қосылған кезде жүйенің ағымдағы жай-күйінің белгісі жыпылықтай бастайды.

Ақауларды жою

Егер жүйе камераның бөгде затпен жабылғанын, істен шыққанын, калибрлеу орындалмағанын немесе байланысқан жүйе істен шыққанын анықтаса,

LDW  жүйесінің индикаторы қызғылт сары жарықпен жанады, ал орталық дисплейде тиісті хабарлама көрсетіледі:

- Алдыңғы камера бұғатталған.
- Жолақта қозғалыс кезінде көмек көрсету жүйесі ақаулы.
- Жолақта қозғалыс кезінде көмек көрсету жүйесінің деректерін беру сәтсіз аяқталды.

Егер ақаулық туралы хабарлама ұзақ уақыт бойы жойылмаса немесе автокөлік қайта іске қосылғаннан кейін қайтадан пайда болса, автокөлікті тексеру үшін Changan авторизацияланған сервис орталығына хабарласыңыз:

Арттан соқтығысу туралы ескерту жүйесі (RCW)

Жүйе туралы жалпы мәліметтер

RCW жүйесі қайта құру кезіндегі көмек функциясын (LCA) (соқыр аймақтарды бақылау (BSD)), қозғалыс жолағын ауыстыру кезіндегі соқтығысу қаупі туралы ескерту функциясын (LCCW), артқа шығу кезіндегі көмек жүйесін (RCTA), артқа соқтығысу туралы ескерту функциясын (RCW) сондай-ақ есіктің ашылу қаупі

туралы ескерту функциясын (DOW) қамтиды.

Нысаналарды табу және жүйені басқару блоктары (миллиметрлік диапазондағы радарлар) артқы бампердің ішінде автокөліктің сол және оң жақтарында орнатылған.



Ескерту

RCW жүйесі тек қосалқы болып табылады және соқтығысудың алдын алуға немесе оның салдарының ауырлығын азайтуға қабілетсіз. Сондықтан жол қозғалысы кезінде жолдағы жағдайды мұқият қадағалап отырыңыз.

RCW жүйесі негізінен қозғалыстағы көлік құралдарын анықтауға арналған, бірақ қолайлы жағдайларда ол сондай-ақ жаяу жүргіншілер, велосипедшілер және балалар арбалары сияқты кіші көлемді объектілерді анықтай алады, олардың айналасына және датчиктерге аксессуарлар орнатпаңыз және жапсырмалар жапсырмаңыз.

Ескерту

Датчиктерді өздігіңізден шешіпеңіз, орнатпаңыз немесе ауыстырмаңыз.

Ескертпе

Датчиктерге тән шектеулердің салдарынан жүйе мынадай жағдайларда (санамаланғандарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін, сондықтан қозғалыс кезінде абай болыңыз және жол жағдайын мұқият қадағалаңыз:

- Жүйе қозғалыссыз тұрған немесе қарама-қарсы бағытта қозғалатын көлік

Ескертпе

құралдары мен басқа да объектілерге жауап білдірмейді.

- Қар, құм немесе балшық жолмен қозғалған кезде.
- Нашар ауа райында қозғалыс кезінде (мысалы, қатты жаңбыр, тұман, қар жауған кезде).
- Тік еңістермен және бұрылыстармен қозғалған кезде.
- Басқа көлік құралын сүйрету кезінде.

Егер датчик жабық болса немесе автокөліктің айналасында елеулі кедергілер болса, жүйе жалған

Ескертпе

дабыл белгісін беруі мүмкін. Кедергіні уақтылы жойыңыз және қажет болған жағдайда жүйені өшіріңіз:

- Артқы бампер лас немесе қар қабатымен жабылса, оған қосымша аксессуарлар, сәндік элементтер және т. б. орнатылса.
- Автокөліктің айналасында металлдық заттардың саны көп болса (мысалы, зауыт, контейнерлік терминал, құрылыс алаңы және т. б.).

Радиолокациялық датчиктің мардымсыз ығысуы жүйе жұмысындағы іркілістерге әкелуі мүмкін. Егер датчик пен оның қоршаған беті соққы алған болса,


 Ескертпе

жүйенің жұмыс істеу қабілеттілігін
тексеру үшін Changan
авторизацияланған сервис
орталығына хабарласыңыз.

Жүйені қалай пайдалану керек

RCTB функциясын қосу немесе өшіру үшін орталық дисплейде [Settings] (Параметрлер) – [Intelligent driving] (Жүргізушіге көмек көрсету жүйелері) – [Safety assist] (Қосалқы қауіпсіздік жүйелері) түймесін басыңыз.


Жүйе автокөлікті электрмен қоректендіруді соңғы рет сөндіру алдында берілген баптауларды сақтайды.



ЛСА функциясы

LCA функциясы BSD және LCCW функцияларын қамтиды.

Егер қозғалыс кезінде, әсіресе қозғалыс жолағы бұрылған немесе ауысқан кезде бақыланатын аймақта қауіпті қашықтықта тұрған көлік құралдары табылса, жүргізушіге артқы көріністің сыртқы айнасындағы индикаторды қосумен ескертілетін болады.



Табу аймағы



- ## 1. BSD функциясын табу аймағы

2. LCCW функциясын табу аймағы
- A. Осы автокөлік
- B. Басқа көлік құралы

Жұмысшы шарттары


Егер осы функция қосылған болса, ал автокөліктің жылдамдығы сағатына 15 км-ден асса, онда аймақтағы қозғалыстағы көлік құралы (1) немесе аймақтағы тез жақындап келе жатқан көлік құралы (2) анықталған кезде жүйе бұл туралы индикаторды қосу арқылы жүргізушіге хабарлайды. Егер осы сәтте тиісті жақтан бұрылыс көрсеткіші қосылса, ескерту индикаторы жыпылықтай бастайды, ал орталық дисплей дыбыстық ескерту береді.

Егер автокөлік төмен жылдамдықпен (сағатына 15 км-ден кем) қозғалса, онда рульді жақындап келе жатқан көлік құралына бұрған немесе осы жақтан бұрылу көрсеткіші қосылған кезде BSD функциясы әдеттегі ескерту береді.


Артқы жүріспен шығу кезінде көмек көрсету жүйесі (RCTA)

RCTA функциясы автокөліктің тұрақ орнынан шығуы кезінде және жол жағдайын шолу қиын болған басқа жағдайларда (мысалы, тар кеңістікте, түнгі уақытта, тұман кезінде және т. б.) жүргізушіге қауіп туралы ескертуге қабілетті.

Егер функция іске қосылып, автокөлік артқы жүріспен қозғалса, онда автокөліктің бүйірінен тез жақындап келе жатқан басқа көлік құралымен соқтығысу қаупі туындаған кезде жүйе жүргізушіні артқы көріністің сыртқы айнасындағы индикатордың жыпылықтауымен, дыбыс сигналымен және орталық дисплейде ескерту белгісінің пайда болуымен ескертеді.




Табу аймағы




RCTA функциясы артқа жылжығанда әрдайым уақытылы ескерту жасай алмайды. Мысалы, егер табу аймағы автокөлікке

жақын орналасқан басқа объектілермен жабылып, бұл табу қашықтығының азаюына алып келсе, жүйе жақындап келе жатқан көлік құралы автокөлікке өте жақын болған кезде ғана іске қосылады.

- Табу аймағы жақын орналасқан көлік құралдарымен жабылған.




- Табу аймағы қабырғалар немесе гүлзарлар сияқты басқа объектілермен жабылған.




RCW функциясы

Егер функция қосулы болса және селектордың тұтқасы D жағдайында тұрса, автокөліктің артынан тез жақындап келе жатқан көлік құралымен соқтығысу қаупі туындаған кезде орталық дисплейде ескерту хабарламасы көрсетіледі және жүргізушіге қауіп туралы ескерту үшін дыбыстық дабыл беріледі. Сонымен қатар, апаттық жарық дабылы (екі рет жыпылықтау) жылдам жыпылықтайды, бұл көлік құралының артында келе жатқан жүргізушіні ескертеді.



Табу аймағы




Жұмысшы шарттар Жұмыс шарттары

Функция келесі жағдайларда іске қосылады: Автокөліктің қуат көзі қосулы, ал селектор тұтқасы D күйінде болса.


DOW функциясы

Егер қозғалыссыз тұрған көлікте есікті ашқан кезде артқы жағынан келе жатқан көлікпен соқтығысу қаупі болса, жүргізуші мен

жолаушыға артқы көріністің сыртқы айнасындағы индикатордың жыпылықтауы, орталық дисплейдегі ескерту хабарламасы және дыбыстық сигнал арқылы көліктің есігін ашу немесе шығу қаупі туралы ескертіледі (дыбыстық ескертуді жүйе параметрлері мәзірінде өшіруге болады).



Табу аймағы



Жұмысшы шарттар Жұмыс шарттары

Автокөлік тоқтағаннан кейін функция мынадай жағдайларда іске қосылады:

- Автокөліктің электр қуаты өшірулі, ал есіктердің бәрі ашық болса.
- Электр қуатын өшіру және есіктерді ашу сәтінен бастап 5 минуттан аз уақыт өтсе.

Ақауларды жою

Келесі жағдайларда орталық дисплейде «RCW функциясының ақаулығы» хабарламасы көрсетіледі, ал артқы көріністің сыртқы айнасындағы ескерту индикаторы тұрақты жарықпен жанады:

- Радиолокациялық датчик ақаулы болса.
- Басқа, байланысты жүйенің контроллері жарамсыз болса.
- Радиолокациялық датчик сыртқы әсер, мысалы соққы, нәтижесінде зақымдалған, ал оның монтаждау жағдайы радардың қалыпты жұмыс диапазонынан тыс орналасса.



Келесі жағдайларда орталық дисплейде «Артқы радар бұғатталған» хабарламасы көрсетіледі, ал артқы көріністің сыртқы айнасындағы ескерту индикаторы тұрақты жарықпен жанады:

- Радиолокациялық датчик балшық, мұз немесе қар қабатымен жабылса, оған қосымша аксессуарлар немесе сәндік элементтер, жапсырмалар жапсырылған және т. б. орнатылса

Егер радар бұғатталған болса, одан ластануларды, кез келген қосымша элементтерді немесе жапсырмаларды жойыңыз. Ұзақ уақыт лас жолмен қозғалғаннан кейін артқы бампердің радиолокациялық датчик орнатылған орнындағы ішкі және сыртқы беттеріндегі ластануларды

жуып тастаңыз. Датчикті және оның айналасын әрдайым таза ұстаңыз.

Егер жүйенің дұрыс жұмыс істемеуі туралы ақпарат көрсетіле берсе, автокөлікті тексеру үшін Changan авторизацияланған қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.



Ескертпе

Сыртқы артқы көрініс айнасындағы ескерту индикаторы автокөліктің электр қуаты қосылған сайын жанады. Егер ол 3 секундтан кейін өшсе, бұл жүйенің дұрыс жұмыс істейтінін білдіреді.

Жол қатарын қатаң сақтау жүйесі (ELKS)

Жүйе туралы жалпы мәліметтер

Қозғалыс жолағында шұғыл ұстап тұру жүйесі (ELKS) соқтығысуды болдырмауға немесе автокөлік қозғалыс жолағынан ауытқыған және оның қарсы немесе ілеспе бағытта келе жатқан жол қоршауымен немесе басқа көлік құралдарымен соқтығысу қаупі болған кезде автокөлікті рульмен басқаруға араласу арқылы олардың салдарының ауырлығын азайтуға көмектеседі.

Жүйе қозғалыс жолағындағы және автокөлік алдындағы жолдың шетіндегі жол таңбаларын, сондай-ақ қарсы келе жатқан көлік құралдарын алдыңғыжелқағар әйнектің артында орнатылған зияткерлік камераның және

автокөліктің сол және оң жақтарындағы артқы бамперінің ішінде орнатылған миллиметрлік диапазондағы екі радардың көмегімен таниды.

Қозғалыс жолағында шұғыл ұстау жүйесі жол жиегі анықталған кездегі қозғалыс траекториясын шұғыл түзету функциясын (ELKS-ge), қарама-қарсы көлік құралдары анықталған кездегі қозғалыс траекториясын шұғыл түзету функциясын (ELKS-O) және артынан жақындап келе жатқан көлік құралдары анықталған кездегі қозғалыс траекториясын шұғыл түзету функциясын (ELKS-LCS) қамтиды).



Ескертпе

ELK жүйесі – бұл кез келген жол жағдайында жұмыс істей алмайтын қосалқы функция. Жүргізуші қозғалыс қауіпсіздігі үшін жауап береді және автокөлікті жүргізу кезінде әрдайым ұқыпты болуға тиіс.

Белгілеу сызықтары анық көрінетін және белгіленген қағидалар мен нормаларға сәйкес түсірілген жағдайда ғана жүйе жүргізушіні ескертуі немесе түзету шараларын қабылдауы мүмкін.

Қолайсыз ауа райында жүйе дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін, ал жауын-шашын қар, тұман, жеткіліксіз жарықтандыру немесе қарама-қарсы қатты жарықтандыру (мысалы,

Ескертпе

тоннельге кіру немесе одан шығу) оның жұмыс істеуіне кері әсерін тигізуі мүмкін.

Мынадай жұмыс жағдайларында немесе жолдың келесі учаскелерінде жүйе жұмыс істемеуі немесе басқаруға қателесіп араласуы мүмкін:

- Жол төсеміне уақытша жол таңбасы (мысалы, жөндеу жұмыстары кезінде және т. б.) салынса.
- Жолақ сызықтары лаймен, шаңмен, қармен және т. б. жабылған болса.
- Камера бөтен затпен жабылса.

⚠ Ескертпе

- Автокөлік тар жолмен немесе кілт бұрылыстармен жүріп келсе.
- Басқа көлік құралын сүйрету кезінде.

Жөлқағар-эйнегін датчикке жақын жөндеуге қатаң тыйым салынады (артқы көріністің ішкі-айнасын орнату—аумағында). Алдыңғы өйнекті датчикке жақын жөндеуге қатаң тыйым салынады (артқы көріністің ішкі айнасын орнату аумағында). Жарықтар-мен-басқа да зақымдар-камера жұмысының тиімділігіне әсер етуі мүмкін. нәтижесінде жөлқағар—эйнегін толығымен—ауыстыруға тура келеді. Жарықтар мен басқа да зақымдар камера жұмысының тиімділігіне әсер етуі мүмкін.

Ескертпе

нәтижесінде алдыңғы өйнекті толығымен ауыстыруға тура келеді.

Радиолокациялық датчиктің мардымсыз ығысуы жүйе жұмысындағы іркілістерге әкелуі мүмкін. Егер датчик пен оның қоршаған беті соққы алған болса, жүйенің жұмыс істеу қабілеттілігін тексеру үшін Changan авторизацияланған сервис орталығына хабарласыңыз.

Нұсқаулықтар

Автокөліктің электр қуатын қосқаннан кейін орталық дисплейде ELK функциясын қосу немесе өшіру үшін [Settings] (Баптаулар) – [Intelligent driving] (Жүргізу кезіндегі көмек көрсету

жүйелері) – [Lane assist] (Жолақта қозғалу кезіндегі көмек көрсету жүйесі) басыңыз.



ELK функциясын іске қосқаннан кейін автокөліктің жылдамдығы жүйенің жұмыс жылдамдығынан асып кетсе (ELK-LCS үшін – 40 км/сағ, ELK_re үшін – 60 км/сағ), жүйе күту режиміне көшеді. Егер датчик жол таңбаларының сызықтарын автокөліктің екі жағынан танитын болса және бұл ретте көліктің қозғалыс жолағынан ауытқуына байланысты артынан жақындап келе жатқан көлік

құралымен немесе жол қоршауымен соқтығысу қаупі болса, жүйе автокөлік қозғалысының траекториясын түзету үшін қысқа мерзімде іске қосылады.



Жүргізуші әрқашан көлікті қауіпсіз және дұрыс басқаруға толық жауапты.

- Жүйе рульдік басқаруда үздіксіз көмек көрсете алмайды. Жүйе рульдік басқаруға араласқан кезде жүргізуші жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін автокөлік қозғалысының траекториясын дереу түзетуі тиіс.

Ескерту

- Жүйенің жұмыс қабілеттілігі шектелген жағдайларда, мысалы, жаңбыр, қар, тұман, құм дауылы, нашар көріну және т. б. салдарынан рульдік басқарудағы көмек функциясы іске қосылмауы немесе қажетсіз іске қосылмауы мүмкін. Жұмысқа жарамдылығы шектеулі жүйені пайдаланбаңыз.

Ақауларды жою

Алдыңғы камера, бүйірлік радарлар немесе байланысқан жүйелер жарамсыз болған жағдайда ELK жүйесінің тиісті функциялары ажыратылады. RCW жүйесінің немесе LDW жүйесінің

ақаулықтарын жоюға арналған бөлімін қараңыз. Егер ақаулықты өз бетінше жою мүмкін болмаса, автокөлікті тексеру үшін Changan авторизацияланған сервис орталығына хабарласыңыз.

Цифрлық Сандық бейнежазғыш

Жүйе туралы жалпы мәліметтер

Цифрлық бейнежазғыш (DVR) жол-көлік оқиғаларын тергеу үшін осы ақпаратты одан әрі пайдалану мақсатында жол жағдайын автокөліктің алдында, артында, сол және оң жағында бейнежазбаны, автокөлік салонында дыбыстарды жазуды және автокөлік қозғалысы кезінде оның параметрлері туралы ақпаратты сақтауды жүзеге асыра алады. Бұдан басқа, DVR жүйесі фотосуретке түсіру және автокөлік

Пайдалану жөніндегі ұсынымдар



Цифрлық Сандық бейнежазғыш бағдарламасын келесі тәсілдермен ашуға болады:

1. Мультимедиялық жүйенің қолданбалар мәзіріндегі [DVR] белгішесін басыңыз.

айналасындағы жағдайды нақты уақытта көру, жазылған бейнені көрсету және орталық дисплей арқылы бейнені көрсету уақытын теңшеу сияқты функцияларды іске асыруға мүмкіндік береді.

Автокөліктің электр қуатын қосқаннан кейін бейне жазғыш әдепкі бойынша өшірілген күйде болады және жазба жүзеге асырылмайды. Циклдік бейнежазбаны қолмен іске қосу үшін бейнежазғыш интерфейсында тиісті ажыратқышты басу қажет.

Автокөліктің жай-күйі туралы ақпарат

Қозғалыс кезінде автокөліктің жай-күйі туралы ақпарат бейнежазғыш интерфейсінің жоғарғы бөлігіндегі жай-күй жолында көрсетіледі. Автокөліктің жай-күйі туралы

ақпаратты жазу автокөліктің сыртындағы немесе ішіндегі жағдайдың бейнежазбасы қосылғаннан кейін мүмкін болады. Жай-күй жолы мынадай ақпаратты (солдан оңға қарай) қамтиды: қозғалыс жылдамдығы, ағымдағы уақыт, автокөліктің VIN-нөмірі, жүйенің жай-күйі, жүйе сигнализациясының жай-күйі, тежегіш педаліның жай-күйі, акселератор педаліның жай-күйі, фаралардың алыс жарығының жай-күйі, фаралардың жақын жарығының жай-күйі, бұрылыстың сол және оң көрсеткіштерінің жай-күйі, қауіпсіздік белдігінің жай-күйі және селектордың таңдалған жағдайы.

2. Күй жолағының жоғарғы бетіндегі  белгішені басыңыз, содан кейін [Кәдімгі жазба] ажыратқышын басыңыз.

Шұғыл бейнежазба

Егер циклдық бейнежазба қосулы болса, автокөліктің шұғыл тежелуі немесе соқтығысуы жағдайында жүйе бейнені автоматты түрде белгілі бір уақыт аралығында (оқиғаға дейін 15 секунд және одан кейін 15 секунд) циклдық бейнежазба процесінде қайта жазылмайтын жеке файл ретінде сақтайды.

Шұғыл бейнежазба мынадай шарттардың кез келгенін орындау кезінде жүзеге асырылады:

- Орталық дисплейдегі жылдам қатынас мәзіріндегі шұғыл бейнежазба түймешігі басулы.
- Рульдегі шұғыл бейне жазбаның теңшелетін батырмасы басулы. Шұғыл бейнежазба функциясын кнопканы баптау қалқымалы терезесін шақыру үшін рульдің төменгі сол жақ бұрышын басу арқылы рульдегі теңшелетін түймешікке бекітуге болады.
- Автокөлікті шұғыл тежеу белгісі келіп түссе.
- Автокөліктің соқтығысуы туралы дабыл келіп түссе.

Жаяу жүргіншілерді құлақтандырудың акустикалық жүйесі

Қозғалыс кезінде электр автокөліктер іс жүзінде шу шығармайды. Жаяу жүргіншілердің назарын аудару үшін автокөлік арнайы акустикалық жүйемен жабдықталған, ол көліктің төмен жылдамдықпен қозғалысы кезінде жаяу жүргіншілерді көлік құралының жақындағаны туралы ескертетін дыбыстық дабыл береді.

Жүйе қосылған кезде, автокөлік 30 км/сағ-тан аз жылдамдықпен алдыңғы жүріспен, сондай-ақ артқы жүріспен жүру кезінде ескерту сигналын шығарады. 0-ден 20 км/с дейінгі жылдамдықтар аралығында ескерту сигналының дыбыстық деңгейі мен жиілігі

автокөлік жылдамдығының ұлғаюымен өседі, ал 20-дан 30 км/с дейінгі жылдамдықтар аралығында дыбыстық сигналдың деңгейі мен жиілігі сигнал беру толық тоқтатылғанға дейін біртіндеп азаяды. Алға және артқа жүру кезіндегі дыбыс сигналы жұмысының алгоритмі бірдей.

Дыбысты баптау

Бұл мүмкіндікті өшіру немесе дыбыстық эффектілерді жеке қалауыңыз бойынша реттеу үшін орталық дисплейде [Settings] (Параметрлер) – [Sound] (дыбыстар) – [low speed pedestrian alarm] (жаяу жүргіншілерді дыбыстық ескерту) түймесін басу арқылы дыбысты басқару интерфейсіне кіріңіз.

Жылдам баптау

Бұл функцияны бір рет түрту арқылы қосуға немесе өшіруге болатын жылдам қол жеткізу мәзірін ашу үшін орталық дисплей бетін оңға сырғытыңыз.

Ескертпе

- Жаяу жүргіншілерді құлақтандырудың акустикалық жүйесін тек уақытша өшіруге болады. Жүйе өшірілгеннен кейін үнемі ескерту сигналы шығады, ал орталық дисплейде мәтіндік ескерту көрсетіледі, бұл ретте көлік құралының электр қуатының көлесі қосылғанында жүйе автоматты түрде қосылады.
- Жаяу жүргіншілерді құлақтандыру жүйесін сөндіруге автокөлік қысқа қашықтыққа жылжыған кезде және оның жанында адамдар болмаған кезде ғана рұқсат етіледі.

 Ескертпе

Автокөлікті төмен жылдамдықпен басқарған кезде жаяу жүргіншілерге ескерту жүйесі үнемі қосұлы болуы керек.

Жүйе уақытша өшірілген жағдайда жүргізуші қоршаған ортаны мұқият қадағалап, барынша сақтық танытуы тиіс.

Автокөлікті зарядтау және зарядының бітуі

Зарядтау және зарядының бітуі

Баяу зарядтау

Баяу зарядтау зарядтау бағанасынан немесе тұрмыстық электр желісінен жүзеге асырылуы мүмкін. Зарядтау бағанасынан зарядтау: автокөлікті арнайы ауыспалы токтың зарядтау жабдығының көмегімен зарядтау.

Тұрмыстық электр желісінен зарядтау: автокөлікті 220 В кернеулі және ток күші 16 А тұрмыстық электр желісінің розеткасынан зарядтау құрылғысының көмегімен зарядтау

Автокөлікті зарядтау алдында селектордың Р қалпы таңдалғанына көз жеткізіңіз.


Зарядтау пистолетін қосу және зарядтауды бастау үшін төменде келтірілген іс-қимыл тәртібін сақтаңыз.

Автокөліктің зарядтау портының люктерін ашу

Зарядтау портының люгі шанақтың артқы бөлігінде автокөліктің сол жағында болады.



Автокөліктің есігін ашыңыз, зарядтау портының люгін ашу үшін, оны басыңыз, содан кейін баяу зарядтау үшін ажыратқыштың шаңнан қорғайтын қаптамасын шешіңіз.



1. Зарядтау портының люгі
2. Тез зарядтауға арналған ажыратқыштың шаңнан қорғайтын қаптамасы
3. Баяу зарядтауға арналған ажыратқыштың шаңнан қорғайтын қаптамасы

Зарядтау пистолетін қосу

Зарядтау пистолетін баяу зарядтау ағытпасына салыңыз.

Автокөлікті тұрмыстық электр желісінен зарядтау кезінде зарядтау құрылғысын алдымен

220 В/16 А үш контактілі электр розеткасына қосыңыз (розетка міндетті түрде жерге тұйықталуы тиіс, әйтпесе автокөлікті зарядтау басталмайды), содан кейін зарядтау пистолетін баяу зарядтау ағытпасына салыңыз.

Зарядтауды бастау

Зарядтауды бастау үшін зарядтау бағанасында картамен өткізіңіз немесе кодты сканерлеңіз (ауыспалы токтың тұрмыстық электр желісінен зарядтағанда бұл қадамды өткізіп жіберіңіз).

Зарядтау күйін бақылау

- Орталық дисплейдегі  белгісі: зарядтау кабелі дұрыс қосылған.
- Орталық дисплейдегі  белгісі: зарядтау жүзеге асырылуда.


Зарядтауды аяқтау

Автокөліктің есігін ашыңыз, зарядтау пистолетін баяу зарядтауға арналған ағытпадан шығарыңыз, шаңнан қорғайтын қаптама кигізіп, зарядтау портының люгін жабыңыз.

Автокөлікті тұрмыстық электр желісінен зарядтау кезінде алдымен зарядтау пистолетін баяу зарядтау ағытпасынан суырыңыз, содан кейін зарядтау құрылғысының ашасын электр розеткасынан ажыратыңыз.

Егер зарядтау пистолетін әдеттегі тәсілмен ажырату мүмкін болмаса,

автокөліктің жүк бөлімшесінің сол жағында орналасқан зарядтау ағытпасының авариялық бұғаттау арқанын қолмен тартыңыз.



Ескертпе

1. Егер автокөліктің аккумуляторлық батареясын зарядтау деңгейі сыртқы зарядтау құрылғысына берілген зарядтау деңгейінен асып кетсе, автокөлік зарядталмайды.
2. Егер жоғарыда көрсетілген шарт сақталса, бірақ автокөлік әлі де зарядталмаса, Changan

Ескертпе

авторизацияланған сервис орталығына хабарласыңыз.

3. Аккумуляторлық батареяның температурасы тым жоғары немесе тым төмен болса зарядтау тогы батареяны зақымданудан қорғау үшін шектеледі, сондықтан зарядтау уақыты артады.
 4. Егер қоректендіру көзінің кернеуі 220 В төмен болса, зарядтау құрылғысының шығу қуаты шектеледі, сондықтан зарядтау уақыты да артады.
- Автокөлікті зарядтау алдында зарядтау портының құрғақ екеніне және онда бөгде

Ескертпе

заттардың (мысалы, судың ағуы, ұсақ тастар және т. б.) жоқтығына көз жеткізу қажет. Зарядтау портының люгін ашыңыз, автокөліктің зарядтау ағытпасы мен зарядтау пистолетінің жайкүйін мұқият тексеріңіз, зарядтау ағытпасы мен зарядтау тапаншасының ішінде бөгде заттардың жоқтығына көз жеткізіңіз.

- Зарядтау аяқталғаннан кейін ағытпаның ішіне су тамшыларының және бөгде бөлшектердің кіруін болдырмау үшін зарядтау ағытпасының шаңнан

Ескертпе

қорғайтын қаптамасын кигізіңіз.

- Егер зарядтау кезінде автокөліктің қозғалтқышын іске қосу қажет болса, алдымен автокөліктің есігін ашып, зарядтау пистолетін автокөліктің зарядтау ағытпасынан ажырату қажет.
- Зарядтау портының ішіндегі дренаждық тесіктің мұзды қоспамен бітелуін болдырмау үшін автокөлікті ашық ауада жаңбырлы және қарлы күндері зарядтамау ұсынылады, өйткені бұл зарядтау портында зарядтау пистолетінің қосылуы мен ажыратылуын қиындатуы

Ескертпе

мүмкін мұздың пайда болуына әкеледі.


Тез зарядтау

Тез зарядтау арнайы тұрақты токтың зарядтау жабдығының көмегімен жүзеге асырылады және автокөлікті тез зарядтауға мүмкіндік береді.

Автокөлікті зарядтау алдында селектордың Р қалпы тандалғанына көз жеткізіңіз.

Автокөліктің зарядтау портының люктерін ашу

Автокөліктің зарядтау портының люктерін ашыңыз және тез және баяу зарядтау үшін ағытпалардың шаңнан қорғайтын қаптамаларын шешіңіз.



1. Зарядтау портының люгі
2. Тез зарядтауға арналған ажыратқыштың шаңнан қорғайтын қаптамасы
3. Баяу зарядтауға арналған ажыратқыштың шаңнан қорғайтын қаптамасы

Зарядтау пистолетін қосу

Зарядтау пистолетін тез зарядтау ағытпасына салыңыз.

Зарядтауды бастау

Зарядтауды бастау үшін зарядтау бағанасында картаны жүргізіңіз немесе кодты сканерлеңіз.

Зарядтау күйін бақылау

- Орталық дисплейдегі  белгісі: зарядтау кабелі дұрыс қосылған.
- Орталық дисплейдегі  белгісі: зарядтау жүзеге асырылуда.

Зарядтауды аяқтау

Зарядтауды тоқтатыңыз және зарядтау бағанасын сөндіріңіз, автокөліктің есігін ашыңыз, зарядтау пистолетін тез зарядтау ағытпасынан шығарыңыз, екі ағытпаның шаңнан қорғайтын қаптамаларын кигізіп, зарядтау портының қақпағын жабыңыз.

Ескертпе

- Егер автокөліктің аккумуляторлық батареясын зарядтау деңгейі сыртқы зарядтау құрылғысына берілген зарядтау деңгейінен асып кетсе, автокөлік зарядталмайды.
- Егер жоғарыда көрсетілген шарт сақталса, бірақ автокөлік әлі де зарядталмаса, Changan авторизацияланған сервис орталығына хабарласыңыз.
- Аккумуляторлық батареяның температурасы тым жоғары немесе тым төмен болса зарядтау тоғы батареяны зақымданудан қорғау үшін



Ескертпе

шектеледі, сондықтан зарядтау уақыты артады.



Ескертпе

1. Автокөлікті зарядтау алдында зарядтау портының құрғақ екеніне және онда бөгде заттардың (мысалы, судың ағуы, ұсақ тастар және т. б.) жоқтығына көз жеткізу қажет. Зарядтау портының люгін ашыңыз, автокөліктің зарядтау ағытпасы мен зарядтау пистолетінің жай-күйін мұқият тексеріңіз, зарядтау ағытпасы мен зарядтау тапаншасының

Ескертпе

ішінде бөгде заттардың жоқтығына көз жеткізіңіз.

2. Зарядтау аяқталғаннан кейін ағытпаның ішіне су тамшыларының және бөгде бөлшектердің кіруін болдырмау үшін зарядтау ағытпасының шаңнан қорғайтын қаптамасын кигізіңіз.
3. Егер зарядтау кезінде автокөліктің қозғалтқышын іске қосу қажет болса, алдымен тез зарядтау процесін тоқтату, содан кейін зарядтау пистолетін бұғаттаудан шығару және оны

Ескертпе


автокөліктің зарядтау ағытпасынан ажырату қажет.

4. Зарядтау портының ішіндегі дренаждық тесіктің мұзды қоспамен бітелуін болдырмау үшін автокөлікті ашық ауада жаңбырлы және қарлы күндері зарядтамау ұсынылады, өйткені бұл зарядтау портында зарядтау пистолетінің қосылуы мен ажыратылуын қиындатуы мүмкін мұздың пайда болуына әкеледі.

Зарядтау тогын реттеу

1. Әдепкі бойынша зарядтау тогы 32 ампермен шектеледі. Егер тұрмыстық электр

желісінің жүктеме қабілеті жеткіліксіз болса, зарядтау тогының шамасын орталық дисплей экранында азайтуға болады.



- Ең жоғары зарядтау тогын реттеу баяу зарядтау үшін ғана мүмкін болады.

⚠ Ескертпе

- Егер зарядтау пистолетін қосу үшін тұрмыстық электр желісінің розеткасы

Ескертпе

пайдаланылса, сымдардың қызып кетуін болдырмау үшін ток күші 16 А-ден артық розетканы пайдалану ұсынылады.

- Зарядтау тогының шамасын қосылған зарядтау кабелі үшін қол жетімді максималды токтан жоғары қоймаңыз.
- Нақты зарядтау тогы электр желісіндегі кернеудің ауытқуына немесе электр желісіндегі жүктеменің өзгеруіне байланысты белгіленген шегіне жетпеуі мүмкін, бұл зарядтау тиімділігіне әсер етуі мүмкін.

Автокөліктің қуатын сыртқы тұтынушымен босату

Автокөліктің электр қуатын қосыңыз, селектордың Р күйін таңдаңыз және разрядты пистолетті қосыңыз. Автокөлік айнымалы токтың жұмыс кернеуі 220 В сыртқы электр тұтынушыларын қоректендіру үшін пайдаланылуы мүмкін.

Тартқыш аккумулятор батареясы зарядының деңгейі төмен кезінде автокөлік қосылған құрылғыларға қоректендіруді автоматты түрде тоқтатады.

**Іс-қимыл тәртібі**

1-қадам: автокөлікті жақсы желдетілетін орынға қойыңыз, автокөліктің электр қуатын қосыңыз және беріліс селекторының тұтқасын Р жағдайына ауыстырыңыз.

2-қадам: автокөліктің зарядтау портының люгін ашыңыз.

3-қадам: баяу зарядтау үшін ағытпаға разрядты пистолетті салыңыз, электр жабдығын ұзартқыштың екінші жағындағы розеткаға қосыңыз.

4-қадам: ұзартқыштағы қуат қосқышын басыңыз және сыртқы тұтынушыға қуат беруді көрсететін жарық индикаторының қосылуын күтіңіз.

5-қадам: сыртқы құрылғының жұмысы аяқталғаннан кейін

қуаттау ажыратқышын сөндіріңіз және құрылғыны зарядтау кабелінің розеткасынан ажыратыңыз, разрядты пистолетті алып тастаңыз және зарядтау портының қақпағын жабыңыз. Егер разрядты пистолет ажыратқышта бұғатталып, оны алу мүмкін болмаса, алдымен автокөліктің есігін ашыңыз, содан кейін разрядты пистолетті ажыратыңыз. Егер зарядтау пистолеті әдеттегі тәсілмен алынбаса, «Баяу зарядтау» бөлімінде пистолетті авариялық бұғаттаудан шығару жөніндегі нұсқаулықты қараңыз.

**Ескерту**

- Автокөлікті разрядтау кезінде ұзартқыштың ағытпаларына жанасуға қатаң тыйым салынады.

Ескерту

- Ашаға және розеткаға ылғал қолмен тиіспеңіз.
- Балаларға электр құрылғысына жанасуға немесе оны пайдалануға рұқсат етпеңіз.
- Тозған қуат кабелі, жарылған оқшаулағыш қабаты немесе басқа зақымдары бар құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Автокөліктің зарядтау ұяшығына бір мезгілде тұрақты токтың зарядтау пистолеті мен айнымалы токтың разрядтау пистолеті қосылған кезде сыртқы құрылғыларға қуат беру тоқтатылады.

 Ескерту

- Қуаты ұзартқыштың рұқсат етілген қуатынан асатын электр аспаптарын қосуға үзілді-кесілді тыйым салынады.
- Автокөліктің разрядтау кернеуі 220 В құрайды. Басқа номиналды қуаттау кернеуі бар электр жабдығын автокөлікке қосу жабдық пен автокөліктің зақымдануына әкелуі мүмкін.

Күтім және техникалық қызмет көрсету

Мерзімдік техникалық қызмет көрсету кестесі

Автокөлікті қалыпты жағдайда пайдалану кезінде оған күнделікті техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес қызмет көрсетіңіз. Автокөлікті пайдалану кезінде төменде көрсетілген жағдайларда пайдалану сұйықтықтарын тексеру және ауыстыру жұмыстары жиі жүргізілуі керек.

- Қысқа қашықтыққа жиі бару.
- Тегіс емес немесе лас жолдармен жүру.
- Шаң жолдармен жүру.

- Өте төмен температура жағдайларында жүру немесе тұзды ерітіндімен өңделген жолдармен жүру.
- Төмен температура жағдайында қысқа қашықтықтарға жиі бару.

Ескертпе

◆ белгісімен белгіленген техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды Changan авторизацияланған дилері орындауға тиіс. Техникалық қызмет көрсету бойынша қалған барлық жұмыстарды пайдаланушы «Өздігінен техникалық қызмет көрсету» бөлімінде келтірілген нұсқауларға сәйкес өздігінен орындай алады.

Ескертпе

Қосалқы бөлшектерді немесе шығыс материалдарын ауыстыру қажет болған кезде автокөлік өндіруші жеткізетін түпнұсқа өнімді пайдалану ұсынылады.

Автокөлікке 10 жыл пайдаланудан немесе 300 000 км жүрістен кейін техникалық қызмет көрсету төмендегі кестеде көрсетілген кезеңділікпен орындалуы тиіс.

Кестеде пайдаланылатын шартты белгілер:

- П – тексеру, қажет болған жағдайда реттеу, майлау, тазалау немесе ауыстыру.

- Р – реттеу
- 3 – ауыстыру.

Күнделікті техникалық қызмет көрсету кестесі

Техникалық қызмет көрсету орны	Қызмет көрсету кезеңділігі	Уақыт кезеңі немесе жүрілген жол (қайсысы ерте келетініне байланысты)											
	км x 1000	5	15	25	35	45	55	65	75	85	95	105	
	Айлар	6	18	30	42	54	66	78	90	102	114	126	
Күштік агрегат													
◇ Күштік агрегаттың ағытпалары (босауы, зақымдануы)		п	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п
◇ Жерге тұйықтау болттары, күштік агрегат сымдарының бұрау клеммалары (босау, зақымдану)		п	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п
◇ Күштік агрегаттың бекіту болттары (босауы, зақымдануы)		п	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п
◇ Күштік агрегаттың салқындату жүйесі (ағу, зақымдану, құбыр жалғауларының босауы)		п	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п
◇ Күштік агрегат редукторының корпусы, жартылай өстік сальниктер, құю және ағызу тесіктерінің тығындары, сапуналар (майдың ағуы, зақымдануы)		п	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п
◇ Күштік агрегат корпусы (тазалық, ластанудың болмауы)		п	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п
◇ Электрлік жетек редукторындағы майлау майы	Бірінші техникалық қызмет көрсету кезінде немесе 5000 км жүгіріске жеткен кезде электр жетегінің редукторындағы майлау майын ауыстырыңыз, одан әрі әрбір 60 000 км сайын немесе әрбір 3 жыл сайын майды ауыстырыңыз.												
Жоғары вольтты сымдардың бумасы													
◇ Жоғары вольтты сымдардың бумасының жалғағыш болттары (босауы, зақымдануы)		п	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п
◇ Жоғары вольтты сымдардың бумасының жалғағыш клеммалары (зақымдануы)		п	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п
◇ Сымдардың жоғары вольтты бумасын оқшаулау (зақымдалу)		п	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п
Тартқыш аккумуляторлық батарея													
◇ Аккумулятор батареясы корпусының зақымдануы		п, Р	п, Р	п, Р	п, Р	п, Р	п, Р	п, Р	п, Р	п, Р	п, Р	п, Р	п, Р
◇ Аккумулятор батареясының бекіту болттары		п, Р	п, Р	п, Р	п, Р	п, Р	п, Р	п, Р	п, Р	п, Р	п, Р	п, Р	п, Р

Күнделікті техникалық қызмет көрсету кестесі

(босау, зақымдану)												
◇ Оқшаулау кедергісі	П, Р 3	П, Р 3	П, Р 3	П, Р 3	П, Р 3	П, Р 3	П, Р 3	П, Р 3	П, Р 3	П, Р 3	П, Р 3	П, Р 3
◇ Аккумуляторлық батарея ұяшықтарындағы кернеу айырмашылығы	П, Р 3	П, Р 3	П, Р 3	П, Р 3	П, Р 3	П, Р 3	П, Р 3	П, Р 3	П, Р 3	П, Р 3	П, Р 3	П, Р 3

Күнделікті техникалық қызмет көрсету кестесі (жалғасы)

Техникалық қызмет көрсету орны		Қызмет көрсету кезеңділігі	Уақыт кезеңі немесе жүрілген жол (қайсысы ерте келетініне байланысты)										
		км x 1000	5	15	25	35	45	55	65	75	85	95	105
		Айлар	6	18	30	42	54	66	78	90	102	114	126
Шасси және шанақ	◇ Тормозная жидкость	п	п	п	п	п	3	п	п	п	3	п	п
	◇ Алдыңғы тежегіштер: тежегіш дискілер мен қалыптар	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п
	◇ Артқы тежегіштер: тежегіш дискілер мен қалыптар	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п
	◇ Тежегіш шлангілер мен түтіктер	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п
	Шиналар	п	п, Р	п, Р	п, Р	п, Р 3	п, Р 3	п, Р 3	п, Р 3	п, Р 3	п, Р 3	п, Р 3	п, Р 3
	Доңғалақтар мен доңғалақ сомындары	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п
	◇ Болттар мен гайкалар	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п
	◇ Рульдік механизм (люфт, бекіту сенімділігі)	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п
Электр жабдығы	Электр сымдары, ағытпалар және жарықтандыру аспаптары	–	–	п	–	п	–	п	–	п	–	п	п
Кондиционер жүйесі	◇ Салқындатқыш агент саны	–	–	п	–	п	–	п	–	п	–	п	п
	◇ Салқындату жүйесі	–	–	п	–	п	–	п	–	п	–	п	п
	◇ Компрессор	–	–	п	–	п	–	п	–	п	–	п	п
	◇ Конденсатор	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п
	◇ Буландырғыш	п	–	п	–	п	–	п	–	п	–	п	п
	◇ Құрғатқыш ресивер	–	–	п	–	п	–	п	–	п	–	п	п
	◇ Салқындатқыш агенттің құбырлары	–	–	п	–	–	–	п	–	п	–	п	п

Күнделікті техникалық қызмет көрсету кестесі (жалғасы)

	◇ Ауа баптау сүзгісі	П	П, З	П, З	П, З	П, З	П, З	П, З	П, З	П, З	П, З	П, З
Қозғалтқыштың салқындату жүйесі	◇ Салқындату сұйықтығы	П	П	З	П	З	П	З	П	З	П	З
	◇ Шлангілер мен қосқыштар	–	–	П, Р	–	П, Р	–	П, Р	–	П, Р	–	П, Р



Бақылау тізімі

Техникалық қызмет көрсету кезіндегі сақтық шаралары

Автокөлікті тексеру, реттеу немесе техникалық қызмет көрсету бойынша кез келген жаңа жұмыстарды жүргізу кезінде Changan авторизацияланған сервис орталығына жүгініңіз. Жарақаттану мен автокөліктің зақымдануын болдырмау үшін мынадай сақтық шараларын сақтаңыз:

1. Автокөліктің электр қуаты қосылғаннан кейін жоғары вольтты сымдарға және тиісті ескерту тақтайшаларымен белгіленген автокөліктің кернеудегі құрылғыларына жанасуға тыйым салынады.
2. Жоғары вольтты сымдармен және жабдықтармен жұмыс істеуге дайындалмаған персоналды жіберуге үзілді-кесілді тыйым салынады; барлық жұмыстарды білікті elektrik жүргізуі тиіс.
3. Автокөлікті жөндеу немесе техникалық қызмет көрсету алдында электр қуаттағышты өшіріп, теріс клемманы аккумуляторлық батареядан ажырату керек.
4. Сақ болыңыз, электр тізбегінің қысқа тұйықталуын болдырмау үшін аккумулятор батареясының оң және теріс шықпаларына тиіспейіз.
5. Автокөліктің іске қосылғанына немесе қосылмағанына қарамастан, автокөліктің электр қуаты қосылған кезде аккумуляторлық батареяны, жоғары вольтты құрылғыларды, датчиктерді немесе басқа да сезімтал компоненттерді алуға тыйым салынады.
6. Автокөлік жүйелерінің қалыпты жұмыс істеуінің бұзылуын болдырмау үшін автокөлікке радиокедергі тудыруы мүмкін жабдықты орнатпаңыз.
7. Жоғары вольтты жабдықтың бетін тазалау кезінде ластануларды шығару үшін тек құрғақ шүберекті пайдаланыңыз; электр жабдығының бөлшектерін сумен жууға қатаң тыйым салынады. Автокөлік шанағын жуу кезінде басқару блоктарының ішіне судың түсуіне жол бермеңіз.

-
8. Автокөлікті көтеру кезінде домкратты тартқыш аккумуляторлық батареяға тіреуге болмайды. Автокөліктің астында жұмыс істеген кезде оны сенімді тіректердің көмегімен тіреңіз және жеке қорғаныш құралдарын пайдаланыңыз.
9. Аккумуляторлық батареялар мен жоғары вольтты жабдықтардың жанында ашық от көздерін, ұшқындарды пайдаланбаңыз және тез тұтанатын материалдарды сақтамаңыз.
10. Сымдарды аккумуляторлық батареяға қосқан кезде полярлықты міндетті түрде сақтаңыз. Электр тізбегінің қысқа тұйықталуын болдырмау үшін ешқашан оң сымды батареяның теріс шығуына, ал теріс сымды оңға жалғамаңыз.
11. Пайдаланылған майлар мен салқындатқыш сұйықтықтарды балалар мен үй жануарлары үшін қол жетімсіз жерде сақтаңыз.
12. Тартқыш электр қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде оның ішіне киімнің, құралдардың және басқа да заттардың түсуіне жол бермеңіз.
13. Күйікті болдырмау үшін аккумулятор батареялары немесе электр қозғалтқыштары сияқты жылу бөлетін автокөлік агрегаттарына тиіспеңіз.

Тартқыш аккумуляторлық батареяға қызмет көрсету

Автокөлікті тасымалдау немесе сақтау кезінде аккумуляторлық батареяның қалыпты жұмыс істеу қабілетін қамтамасыз ету үшін тасымалдау немесе сақтау алдында аккумуляторлық батареяны зарядтау дәрежесі кемінде 40% құрауы ұсынылады.

Егер автокөлік ұзақ уақытқа (3 айдан астам) пайдаланудан шығарылса, тартқыш аккумуляторлық батареяның заряд деңгейі 40% -дан асатынына көз жеткізіңіз. Егер тартқыш аккумуляторлық батареяның заряд деңгейі 20% -дан төмен болса, автокөлікті 7 күннен артық тұрақта қалдырмаңыз. Көрсетілген мерзімнен асқан жағдайда аккумуляторлық батареяны ең аз дегенде 40% зарядтаңыз.

Тұрақта ұзақ уақыт тұру

Автокөліктің ұзақ тұруы қажет болған жағдайда ол үшін жақсы желдетілетін, таза және құрғақ, онда автокөлік ауа райының қолайсыздығына және тікелей күн сәулесінің әсеріне ұшырамайтын орынды таңдау керек.

1. Егер автокөліктің тұрақ мерзімі бір айдан асса, шамадан тыс разрядталу салдарынан аккумулятор батареясы істен шығуы мүмкін. Кері клемманы аккумуляторлық батареядан ажырату ұсынылады.
2. Автокөліктің барлық есіктерін жабыңыз және құлыптаңыз. Автокөлікті үй-жайда сақтау кезінде есікті немесе терезені аздап ашу ұсынылады.

3. Автокөлік шиналарын аккумулятор батареялары мен жанар-жағармай материалдарынан алыс сақтау керек.

4. Шиналарды зауыт тақтайшасында көрсетілген ең жоғары қысымға дейін толтырыңыз. Шиналардың деформациялануына жол бермеу үшін шиналардың күйін өзгерту мақсатында автокөлікті аптасына бір рет жылжытып отырыңыз. Ай сайын шиналардағы қысым көрсеткіштерін тексеріңіз.

Ай сайынғы тексеру

- Салқындату сұйықтығының кеңейткіш бағы

Кеңейткіш бактағы салқындатқыш сұйықтықтың деңгейін тексеріңіз:

ол MIN белгісінен жоғары болуы тиіс.

- Жұмыс сұйықтықтарына арналған келте құбырлар, шлангілер мен бактар

Жылыстау орындарын тексеріңіз.

- Жоғары вольтты компоненттер

Аккумулятор батареяларының, электр жетектің және жоғары кернеулі сымдардың жарамдылығын тексеріңіз.

- Ауа баптағыштың дренаждық түтігі

Кондиционердің дренаждық түтігін зақымдануға немесе бітелуге тексеріңіз (түтік зақымданған немесе бітелген жағдайда жиналатын су автокөлік салонының еденіне ағады).

- Тұрақ тежегішінің жұмысы

Тұрақ тежегішінің жарамдылығын, оны қосу мен өшірудің оңайлығын тексеріңіз.

- Доңғалақ сомындарын тарту

Доңғалақ болттары мен сомындарын бекітудің сенімділігін тексеріңіз.

- Әйнектазартқыштар

Әйнектазартқыштардың щеткалары мен тұтқаларының күйін тексеріңіз.

- Дыбыс сигналының жұмысы

Дыбыс сигналының дұрыс жұмыс істеуін тексеріңіз.

- Руль

Рульде шамадан тыс люфтінің болуын тексеріңіз.

- Педальдар

Тежегіш педальдің бос және жұмыс жүрісін тексеріңіз.

Күнделікті тексеру

- Сигнал шамдары мен индикаторлар

Барлық сигналдық шамдардың, индикаторлар мен басқару органдарының дұрыс жұмыс істеуін тексеріңіз.

- Артқы көрініс айналары

Артқы көрініс айналарының шағылыстыратын беттерінің тазалығына және айналардың дұрыс реттелгеніне көз жеткізіңіз.

- Есіктер, жүк бөлімшесінің қақпағы және капот

Барлық есіктер мен капоттың жатық ашылуын, сондай-ақ

олардың сенімді жабылуын тексеріңіз.

- Шанақтың сыртқы түрі

Шанақ панельдерінің лак-бояу жабынын сызаттардың және басқа да ақаулардың болуына тексеріңіз. Қажет болған жағдайда зақымдалған элементтерде коррозияның пайда болуын болдырмау үшін шанақтың жабынын мүмкіндігінше тезірек жөндеңіз.

- Жарық аспаптары

Жарықтандырудың барлық аспаптарының (бас жарық фаралары, артқы шамдар, габариттік оттар, бұрылыс көрсеткіштері, тоқтату сигналдары, тұманға қарсы фаралар және т. б.) дұрыс жұмыс істеуін тексеріңіз.

- Жоғары вольтты компоненттер

Аккумулятор батареяларының, электр қозғалтқышының және жоғары кернеулі сымдардың жарамдылығын тексеріңіз.

Автокөлікті тазалау және оған күтім жасау

Шанақ және сыртқы бөлшектер

Автокөлік шанағының тазалығы

Жалпы мәліметтер

Автокөлікке жүйелі және тиісті түрде техникалық қызмет көрсету оның бастапқы қасиеттерін сақтауға көмектеседі және шанақты тот басудан және лак-бояу жабынының ақауларынан қорғауды қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады.



Шанақ бетіндегі дақтарда автокөлік элементтерінің коррозиясы мен зақымын тудыра алатын еріткіштер немесе коррозиялық белсенді заттар болуы мүмкін.

Шаң мен батпақты уақтылы кетіріп отырыңыз, себебі олар шанақ бетінде неғұрлым ұзақ тұрса, кейін автокөлікті тазалау соғұрлым қиын болады. Шанақта тұрақты және кетуі қиын дақтар пайда болған жағдайда лак-бояу жабынының зақымдалуына жол бермеу үшін өкілетті дилердің көмегіне жүгініз.

Келесі жағдайларда автокөлікті дереу жуу қажет:

1. Автокөлік шанағын шаң басқан немесе ол балшыққа былғанған.
2. Теңіз жағалауымен немесе тұзбен өңделген жолдармен жүргеннен кейін.
3. Көмір тозаңымен, майлы булармен, темір бөлшектерімен немесе химикаттармен ластанған орындарда жүргеннен кейін.
4. Егер шанақтың лак-бояу жабыны тас көмір шайырымен, ағаш шырынымен, өлген жәндіктермен немесе құс саңғырығымен ласталған болса.

5. Автокөліктің лак-бояу жабынына бензол немесе бензин секілді агрессивті сұйықтықтар тиген кезде.

 Ескертпе

- Автокөлікті шақырайған күннің астында жумаңыз.
- Автокөлікке күтім жасау үшін сатылымда қолжетімді тазартқыш және дезинфекциялағыш құралдарды қолданған жағдайда коррозияға, пластмасса, жылтыр, былғары немесе резеңке бөлшектердің түсінің оңып кетуіне немесе қабыршақтануына жол бермеу үшін өнімнің нұсқаулығын мұқият оқып

шығыңыз немесе өндірушінің кеңесін алыңыз.

- Қолданар алдында тазартқыш құралдың лак-бояу жабынына әсерін шанақтың шағын бөлігіне тексеріп көруге кеңес беріледі; құралдарды бүрку арқылы емес, сүрту арқылы жағыңыз.
- Шанақтың боялған бетін тазалаған кезде ысқыштар, мұзға арналған қырғыштар және басқа да қатты заттар қолданбаңыз, бетті сызып және зақымдап алмауыңызды қадағалаңыз.
- Суық ауа райында суды есіктердің құлыптарына, есіктерге, есік тұтқаларына, капотқа және жүксалғыш бөлім қақпағына бүрікпеңіз,

себебі бұл судың есік тұтқаларында, құлыптарында және тығыздауыштарында қатып қалуына алып келуі мүмкін.

- Автокөлікті жуғаннан кейін тежелу тиімділігі төмендеуі мүмкін, сондықтан тежегіштердің қалыпты жұмысы қалпына келгенше қозғалыс кезінде абай болыңыз және жолдағы мән-жайды мұқият қадағалаңыз.

Алдыңғы немесе артқы әйнектің ішкі бетін тазалағаннан кейін жұмсақ шүберекті суға жеңіл малып алыңыз да, әйнекті көлденең бағытта (қыздырғыш сымдарға немесе антеннаға параллель) абайлап сүртіп шығыңыз. Қыздырғыш сымға

немесе антеннаға сызат түсірмеңіз және зақым келтірмеңіз.

Автокөлік шанағына балауыз жаққан кезде оның алдыңғы әйнекке тимеуін қадағалаңыз. Зақымдалуынан сақтану үшін күңгірт бояуы бар бөлшектерді, пластмасса сәндік элементтерді, фаралардың және артқы шамдардың шашыратқыштарын балауызбен ысқыламаңыз және жылтыратпаңыз.

Жылдың жауын-шашынды мезгілінде әйнектер мен есіктердің тығыздауыштарында құм мен шаңның бар-жоғын жүйелі түрде тексеріп отырыңыз, оларды ластауыштарынан уақтылы сүртіп тазалаңыз.

Суық ауа райында автокөлікті жуғаннан кейін үстіңгі люкті ашыңыз және люктің әйнек

панелінің тығыздауышын жұмсақ шүберекпен құрғатып сүртіңіз.



Ескертпе

- Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде автокөлікті жууға немесе оған балауыз жағуға қатаң түрде тыйым салынады.
- Автокөлікті жуар алдында зарядтау портының люгін тексеріңіз және оның тығыз жабылғанына көз жеткізіңіз.
- Автокөлікті жуған және тазалаған кезде келесі құралдар мен материалдарды қолдануға тыйым салынады:
 1. Құрғақ, қатқыл немесе қатты мата.

Ескертпе

2. Тым қатты құралдар мен қырғыштар.
 3. Абразивті тазалағыш құралдар.
 4. Еріткіштер немесе құрамында еріткіші бар тазалағыш сұйықтықтар.
- Лас автокөлікті немесе ауаның қатты шаңдану жағдайларында жылтырату әрекетін орындамаңыз.
 - Әйнектерді жууға арналған құралдарды қыздырғыш элементтері немесе антенналары бар әйнектердің ішкі беттерін тазалау кезінде қолдануға тыйым салынады.
 - Үстіңгі люктің тығыздауыштарын майлау

Ескертпе

үшін DuPont XP1A6 майлағышын;
бағыттауыштарды майлау үшін Natto Dowsyn2602 майлағышын қолданыңыз.

- Бамперлерді және есіктердің қорғаныш молдингтерін тазалауға шиналарды тазалауға арналған құралдар немесе әмбебап тазартқыш құралдар секілді коррозиялық белсенді заттектерді қолданбаңыз, себебі олар бөлшектердің коррозиясына және оңып кетуіне алып келуі мүмкін.

Автоматты автомобильдерді жуу орындары

Автокөліктің биіктігі және ені бойынша шектеулерді есепке ала отырып щеткасыз автожуу орындарын пайдалануға кеңес беріледі.

Барлық есіктерді, терезелерді және үстіңгі люкті жабыңыз, жүксалғыш қақпағын/есігін құлыптаңыз және сыртқы артқы көрініс айналарын жинаңыз.

Егер автокөлікке сәндік немесе қорғаныш үлдір жабыстырылған болса, ыстық балауыз қолданбаңыз.

Жоғары қысымды жуу қондырғылары

Жу қондырғысындағы су температурасы 60 °C-тан төмен болуы тиіс.

Су пистолетінің бүріккіші шанақ бетінен кемінде 40 см қашықтықта орналасуы тиіс; су біркелкі бүркілуі тиіс.

Суды датчиктерге, камералардың объективтеріне және қорғаныш үлдірлеріне тек аз уақыт қана бүркуге болады, бұл ретте су қысымы 100 бардан аспауы тиіс.

Кетуі қиын дақтарды кетірмес бұрын сулап, жібітіп алу қажет.

Ескертпе

- Жоғары қысымды су пистолетінің бүріккішін есіктердің, терезелердің, үстіңгі люктің және алдыңғы бөлім капотының саңылауларына бағыттамаңыз.

**Ескертпе**

- Жоғары қысымды су арынын әйнектердің бетінен қарды және мұзды кетіруге қолданбаңыз.
- Жоғары қысымды су пистолетінің бүріккішін тығыздауыштарға, шиналарға, резеңке құбыршектерге, оқшаулағыш материалдарға және автокөліктің басқа да сезімтал элементтеріне (мысалы, есіктердің құлыптарына) бағыттамаңыз. Суды ұзақ уақыт бойы бір аймаққа бүркіп тұрмаңыз.
- Жоғары қысымды су арынын автокөліктің түбін және автокөлік дөңгелектерін жууға қолданбаңыз.

Ескертпе

- Жоғары қысымды аппаратпен жуу боялған беттерге жабыстырылған сәндік элементтердің зақымдалуына немесе қатпарланып қабыршақтануына алып келуі мүмкін.

Қолмен жуу

Автокөлікті жуар алдында дақтарды судың көп мөлшерімен жібітіп алыңыз.

Шанақ бетін жұмсақ жөкемен немесе шанақты жууға арналған матамен тазалаңыз.

Жууды автокөліктің төбесінен жоғарыдан төмен қарай бастау қажет, ең соңғы кезекте дөңгелектерді, есіктердің табалдырықтарын және түптің

басқа элементтерін жуу қажет. Автокөліктердің арнайы тазартқыш құралдарын тек кірі кетпей тұрған жағдайда ғана қолдану қажет.

Күңгірт лак-бояу жабыны бар шанақты жууға қойылатын талаптар

Күңгірт лак-бояу жабынының бетін жұмсақ шүберектің немесе көпсітілген этиленвинилацетаттан жасалған щетканың көмегімен қолмен жуу қажет.

Лактау әсерін беретін жуғыш құралдарды қолдануға тыйым салынады.

**Ескерту**

Күңгірт лак-бояу жабындарының зақымдалуынан сақтану үшін оларға балауыз жақпаңыз және мұндай беттерді жылтыратпаңыз.

Ескерту

Күнгірттік әсерінің бұзылуынан сақтану үшін күнгірт беттен құс саңғырығын, ағаш шайырын, жағармайды, майды, салқындату сұйықтығын және т. б. уақтылы сүртіп кетіріңіз.

Автокөліктің лак-бояу жабынын қалпына келтіру үшін түзеткіш қарындаштарды қолданбаңыз. Күнгірт лак-бояу жабыны зақымдалған жағдайда Changan өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Шанақтың лак-бояу жабынына күтім жасау

- Боялған беттерге күшті қышқылдардың немесе сілтілердің тиюіне жол бермеңіз.

- Автокөліктің ағаштардың астында ұзақ уақыт бойы тұруына жол бермеңіз (құс саңғырығы, тозаң және жәндіктердің қалдықтары коррозия тудырады). Лак-бояу жабынының зақымдалуының алдын алу үшін боялған беттерден құс саңғырығын, өсімдіктердің тозаңын, жеміс шырынын, ағаш шырынын, жәндіктердің қалдықтарын, ағаштардың тұқымдарын және басқа да бөтен материалдарды ылғал шүберектің көмегімен сүртіп дереу сүртіп кетіріңіз.

- Автокөлікті химиялық зауыттардың маңайында немесе ауада темірдің ұсақ бөлшектері болуы мүмкін басқа орындарда (құрыш зауыттары, темір жолдар және

т. б.) пайдаланбауға тырысыңыз.

- Жолдармен жүрген кезде үлкен көлік құралдарынан (мысалы, жүк автокөліктерінен) қашық жүріңіз.
- Тастардың соғылуынан лак-бояу жабынында жарықтардың пайда болуының алдын алу үшін қара жолдармен төмен жылдамдықпен жүріңіз.
- Автокөлікті тікелей түсетін күн сәулелерінің астында ұзаққа қалдырмаңыз. Автокөлікті ашық жерде ұзақ уақыт тұраққа қойған жағдайда шанақтың лак-бояу жабынын оңып кетуден қорғауға арналған автокөлік тысқабын қолданыңыз.
- Боялған беттерге ұшқыр заттектердің, мысалы, бензин

буларының немесе мотор майының тиюіне жол бермеңіз. Шанаққа азын-аулақ сұйықтық тиген жағдайда оны арнайы тазартқыш дәкемен дереу сүртіп алыңыз.

- Балауызбен жүйелі түрде өңдеу боялған беттерді қорғауға мүмкіндік береді. Жылына кемінде екі рет сапасы жоғары қатты балауызбен жылтырату әрекетін жүргізуге кеңес беріледі. Жоғары сапалы балауызды құрамды шанақ бетіне автокөлікті жуғаннан кейін бетінде көзге көрінетін су тамшылары қалмаған кезде жағыңыз.
- Егер автокөліктің лак-бояу жабынының жылтыры кетіп қалса, оны жылтыратуға болады (жылтыратқыш

құралдың құрамында балауыз болуы тиіс).

- Егер автокөліктің лак-бояу жабыны сызылған болса, зақымдалған бетті тазалап, кептіріңіз, майда түйіршікті № 1500 егеуқұм қағазбен ажарлап алыңыз да, содан кейін жүннен жасалған жылтыратқыш дөңгелекпен жылтыратыңыз. Егер лак-бояу жабынының ақауларын кетіру мүмкін болмаса, өкілетті дилердің көмегіне жүгініңіз.

Шанақ элементтеріне күтім жасау

Есік пен терезе тығыздағыштарын жылына кемінде бір рет майлауға кеңес беріледі. Ұзаққа шыдамдылығын және тығыздағыш қасиеттерін арттыру, сондай-ақ жабысып қалуына және

сықырлауына жол бермеу үшін резеңке тығыздауыштарға таза шүберектің көмегімен силиконды майлағыш (мысалы, Klüberalfa MR 3-500) жағу қажет.

Ұзақ уақыт сақтауға қойған жағдайда силиконды майлағышты барлық есіктердің және жүксалғыш бөлім қақпағының тығыздауыштарына бүрку қажет. Жабысып қалуының алдын алу үшін тығыздауыштардың қосылған жерлеріндегі боялған бетке балауыз жағу қажет.

Есіктер мен капоттың топсалары, тіреулері мен құлыптарын жүйелі түрде майлап отыру қажет.

Коррозияға қарсы қорғаныш

Коррозияның пайда болу себептері Автокөлікте коррозияның пайда болуының негізгі себептері келесілер болып табылады:

- Автокөліктің шассиі, шанағы және рамасы секілді қол жеткізу қиын орындарда уақыт өте келе жиналатын тұз, балшық, ылғал және химиялық заттектер.
- Соққылардың, сызаттардың немесе басқа механикалық зақымданулардың салдарынан лак-бояу жабынының қабыршақтануы, соның ішінде тастар мен құмнан пайда болған жарықтар және т. б.
- Жоғары ылғалдылық коррозияның тез пайда болуына ықпал етеді. Егер автокөліктің қандай да бір бөлігі ұзақ уақыт бойы жоғары ылғалдылық жағдайларында болса, тіпті автокөліктің басқа бөліктері құрғақ күйінде қалса да, автокөлік коррозияға ұшырайды. Егер жоғары

ылғалдылық жағдайында автокөліктің бір бөлігі желдетудің нашар болуына байланысты тез кебе алмаса, бұл бөлшектердің коррозиясын тездетеді.

Коррозия түзілуінің алдын алу бойынша шаралар

Автокөліктің әрдайым таза және құрғақ болуын қадағалаңыз.

Автокөлікке күтім жасау кезінде автокөліктің төменгі жағындағы есіктер мен дренаждық саңылауларды тексеріп, оларды жылы немесе суық сумен шайыңыз. Дренаждық саңылаулар шанақ қуыстарының жақсы желдетілуін қамтамасыз етуі тиіс.

Лак-бояу жабыны зақымдалған немесе қабыршақтанған жағдайда зақымдалған бетті мүмкіндігінше тезірек қалпына келтіру керек.

Зақымдалған металл беттерді атмосфералық ауаның ұзақ әсеріне ұшыратпаңыз.

Таза және құрғақ екеніне сенімді болу үшін автокөлік салонын жүйелі түрде тексеріңіз. Автокөлік ішіне, мысалы, кілемшенің астына ылғалдың, шаңның және құмның кіруі коррозияны тездетуі мүмкін.

Коррозиялық белсенді химиялық заттектерді (қышқылдар, сілтілер, тұздар, тыңайтқыштар және т. б. секілді) тасымалдаған кезде оларды тасымалдауға арнайы контейнерлерді қолданыңыз және түсіргеннен кейін автокөлікті бірден тазалап алыңыз.

Қыста автокөлікті тұз немесе басқа реагенттермен өңделген жолдармен жүргеннен кейін дереу жуыңыз.

Автокөлікті ылғал, нашар желдетілетін жерлерде қалдырмаңыз, автокөлікті гараж боксында жумаңыз.

Жарық

Жарық аспаптарының булануы/қыраулануы

Сыртқы жарық аспаптарының жұмысы кезінде олардағы ішкі

қысым желдету саңылаулары арқылы реттеледі. Фараның ішіне дымқыл ауа кірсе және фара шашыратқышының температурасы төмен болса, фаралар булануы мүмкін (теріс температурада мұз қабаты пайда болады). Фаралардың булануы – бұл жарық аспаптарының жұмысына кері әсер етпейтін қалыпты құбылыс.

Фаралар буланған жағдайда ылғал шашыратқыштардың ішкі бетінде конденсацияланады. Конденсат уақыт өте келе сейіледі, алайда болашақта оның қайта пайда болмайтынына кепілдік беру мүмкін емес. Буланудың толық сейілуі қоршаған орта температурасы, ылғалдылық және фараларды пайдалану уақыты сияқты факторларға байланысты 2 күннен 3 күнге

дейін немесе одан да көп уақытты алуы мүмкін.

Фаралардың булану дәрежесін бағалау

Автокөліктің қозғалтқышын оталдырыңыз, фаралардың шалғай жарығын қосыңыз және оны шамамен 30-40 минутқа қосулы күйінде қалдырыңыз (автокөлік температурасы өте төмен үй-жайдың ішінде тұруы тиіс). Фараларды қарап шығыңыз:

1. Фараның ішінде көзге көрінетін жиналған су болмауы тиіс.
2. Фарадан 1 м қашықтықта оның буланып тұрғаны көрінбеуі тиіс.

Егер жоғарыда көрсетілген шарттар орындалса, фара ақаусыз.

Фаралар жарығының айқындығы

Автокөлік құралдарының фаралар жарығының айқындығы

сәйкес нормалармен қатаң түрде регламенттелген, барлық көлік құралдарындағы жарық тым күшті немесе тым көмескі болмауы тиіс, әйтпесе бұл апатқа алып келуі мүмкін. Бұл автокөлік жолдың оң жағымен қозғалуға арналғандықтан қарсы келе жатқан көлік құралдарының көздерін қарықтыруға жол бермеу және қауіпсіздік деңгейін жоғарылату үшін сол жақ фараның жарық шоғыры оң жақпен салыстырғанда төменірек бағытталған болуы тиіс.

Егер фаралар жарығы сізге жеткілікті дәрежеде айқын емес болып көрінсе, фараларды тексерту және реттету үшін Changan өкілетті сервис орталығына хабарласуға кеңес беріледі. Фаралар жарығының айқындығына кез келген механикалық реттеуді өз бетіңізше орындауға тыйым салынады.

Әйнектазартқыш щеткалары

Әйнектазартқыш щеткаларын тексеру

Щетканың тегістігін тексеру үшін оның резеңке таспасының жиегімен саусағыңыздың ұшын жүргізіп көріңіз. Егер щетканың жиегінде көзге көрінетін зақымдар бар болса немесе щетка алдыңғы әйнектің тиісінше тазалануын қамтамасыз етпесе, оны дереу ауыстыру қажет.



Егер щетканың тазалығы жеткіліксіз болса, щетканың резеңке таспасын суға малынған жұмсақ жөкемен тазалаңыз.



Алдымен алдыңғы әйнекті және әйнектазартқыш щеткасын арнайы тазартқыш құралмен тазалап алыңыз, содан кейін оларды таза сумен шайыңыз.

Егер әйнекті және әйнектазартқыш щеткасын тазалағаннан кейін алдыңғы әйнекте бұрынғыша айғыз із немесе сатпақ қалатын болса, әйнектазартқыш щеткасын ауыстыру қажет.

**Ескертпе**

Егер алдыңғы әйнекте немесе әйнектазартқыш щеткасында бөгде заттар көрінсе, әйнектазартқыш щеткасының резеңке жолағына зақым келтірмеу үшін оларды әйнектазартқышты қолданар алдында алып тастаңыз.

Ескертпе


Қыста әйнектазартқышты қоспас бұрын әйнектазартқыш щеткалары мен алдыңғы әйнекті мұз бен қардан толық тазалап алыңыз.

Әйнектазартқыштың щеткаларын бензинмен, керосинмен, бояуға арналған еріткіштермен немесе басқа ұқсас заттектермен тазалауға қатаң түрде тыйым салынады.


Әйнектазартқыш иіңтіректерін немесе басқа элементтерін зақымдамау үшін, әйнектазартқыш иіңтіректері мен щеткаларын қолмен кері қайырмаңыз және бұрамаңыз.

Әйнектазартқыш щеткаларын ауыстыру

1. Селектордың Р күйін таңдаңыз және әйнектазартқышты өшіріңіз.
2. Әйнектазартқыш щеткаларын сервистік күйге келтіру үшін орталық дисплейде [Settings] (Баптаулар) – [Safety and maintenance] (Қауіпсіздік және қорғаныш) – [Wiper repair mode] (Әйнектазартқыштың сервистік режимі) түймелерін басыңыз.



3. Әйнектазартқыштың иіңтірегін көтеріңіз, бекіткіш түймесін ф көрсеткісімен көрсетілген бағытта басыңыз және иіңтіректен шешіп алу үшін әйнектазартқыш щеткасын ф көрсеткісімен көрсетілген бағытқа қарай тартыңыз.



4. Орату кері тәртіппен орындалады.
5. Әйнектазартқыштың сервистік режимін өшіріңіз, сонда щеткалар автоматты түрде бастапқы күйіне қайтып оралады.



Ескертпе

Әйнектазартқыш иіңтірегін көтермес бұрын әйнектазартқышты сервистік режимге келтіру қажет, әйтпесе көтерген кезде иіңтірек капотқа

Ескертпе

тірелетін болады, бұл иіңтіректің немесе капоттың лак-бояу жабынының зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Әйнектазартқыштарға техникалық қызмет көрсету бойынша ұсыныстар

Егер әйнектазартқыштар ұзақ уақыт пайдаланылмаса, щеткалары басылып, деформациялануы мүмкін. Мұндай жағдайда олар алғашқы бірнеше жұмыс операциясы кезінде қозғалғанда дірілдеуі, күшті шуыл шығаруы және әйнекті толық тазаламауы мүмкін. Ақаулық әдетте әйнектазартқыштың аз уақыт жұмыс істеуінен кейін байқалмай қалады.

Автокөлік тұрақта ұзақ уақыт тұрған жағдайда щеткаларының деформациялануына жол бермеу үшін әйнектазартқыш иінтіректерін көтеріп қоюға кеңес беріледі. Қозғалысты бастамас бұрын әйнектазартқыш щеткаларын бастапқы күйіне қайтарыңыз (щетканың жұмыстық беті әйнекке перпендикуляр).

Ескертпе

Әйнектазартқыш иінтірегін көтермес бұрын әйнектазартқышты сервистік режимге келтіру қажет, әйтпесе көтерген кезде иінтірек капотқа тірелетін болады, бұл иінтіректің немесе капоттың лак-бояу жабынының зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Ауаны кондициялау жүйесінің сүзгісін ауыстыру

Автокөлік салонына таза ауаның келуін қамтамасыз ету үшін ауаны кондициялау жүйесінің сүзгісін техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес қарап тексеріңіз және ауыстырыңыз (толығырақ мәліметті «Күтім жасау және техникалық қызмет көрсету» бөлімінің «Мерзімдік техникалық қызмет көрсету» тармағынан қараңыз). Ауаны кондициялау жүйесінің сүзгісін ауыстыру үшін Changan өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Ескертпе

- Ауаны кондициялау жүйесінің ауа қармауыш торының бөтен материалдармен бітеліп қалмауын қадағалаңыз.


- Сүзгі шаңның, өсімдік тозаңының және басқа да тітіркендіргіш бөлшектердің ауамен бірге автокөлік ішіне кіруінің алдын алуға көмектеседі.
- Сүзгіні жүйелі түрде ауыстыру автокөлік салонындағы ауаның жоғары тазалық деңгейін ұстап отыруға мүмкіндік береді.

Жұмыстық сұйықтықтарға арналған бактар

Салқындату сұйықтығы

Кеңейткіш бактегі салқындату сұйықтығының деңгейін тексеріңіз және оның MIN (минималды деңгей) және MAX (максималды деңгей) белгілерінің арасында орналасқанына көз жеткізіңіз. Егер сұйықтық деңгейі MIN белгісінен төмен түсіп кетсе, салқындату сұйықтығын қосымша құю және салқындату жүйесін тексерту үшін Changan өкілетті сервис орталығына хабарласуға кеңес беріледі. Салқындату сұйықтығын қосымша құймас бұрын сұйықтықтың шашырап атқылауынан және күйік шалу ықтималдығынан сақтану үшін

қозғалтқышты толық суытып алыңыз.



⚠ Ескертпе

Қосымша құю үшін қату температурасы – 40 °C Changan Automobile салқындату сұйықтығын қолданыңыз (оны басқа сұйықтықтармен араластыруға рұқсат етілмейді).

Салқындату сұйықтығы ретінде кермек суды (мысалы, құбырдан,

Ескертпе

өзеннен суын және құдықтан немесе бұлақтан алынған суды) пайдаланбаңыз.

Салқындату сұйықтығы абайсызда көздеріңізге тиіп кеткен жағдайда оларды ағып тұрған судың көп мөлшерімен жуыңыз және медициналық көмекке жүгініңіз.


Деңгейді тексеру

1. Қозғалтқыш капотын ашыңыз.
2. Мотор бөлімінің сәндік қаптауышын шешіп алыңыз.
3. Кеңейткіш бактегі салқындату сұйықтығының деңгейін тексеріңіз. Егер деңгей MIN белгісінен төмен түскен болса,

салқындату сұйықтығын
қосымша құю керек.

Тежегіш сұйықтығы

Тежегіш қыспақтарының тозуы тежегіш сұйықтығы деңгейінің біртіндеп төмендеуіне әкеледі. Бактегі тежегіш сұйықтығының деңгейін мезгіл-мезгілімен тексеріп отырыңыз және оның әрдайым MIN (минималды) және MAX (максималды) белгілерінің арасында орналасуын қадағалаңыз.



Кеңейткіш бактегі тежегіш сұйықтығының деңгейін тексеру

Егер бактегі тежегіш сұйықтығының деңгейі тым төмен болса, MAX белгісіне жеткізіп сұйықтық құйыңыз.

Автокөліктің жүрген жолы ұлғайған сайын сұйықтық деңгейі төмендейді, бұл тежегіш қыспақтарының тозуынан

туындайтын қалыпты құбылыс. Тежегіш сұйықтығы деңгейінің айтарлықтай төмендеуі тежеу жүйесі жұмысының тиімділігіне әсер етуі мүмкін. Орталық дисплейде тежеу жүйесінің сигнал шамы  қосылған жағдайда мүмкіндігінше тездетіп тежегіш сұйықтығының деңгейін тексеру қажет. Егер сұйықтық деңгейі әдеттен тыс төмен болса, автокөліктің тежеу жүйесін

тексерту үшін Changan өкілетті сервис орталығына хабарласу қажет.

Ескертпе

Кеңейткіш бактің қақпағын ашып, тежегіш сұйықтығын қосымша құймас бұрын бак ішіне қоқыстардың түсуіне жол бермеу үшін қақпақты және оның айналасындағы бетті мұқият тазалап алыңыз. Тежегіш сұйықтығын әрбір ауыстырғаннан кейін тежеу жүйесінде қалып қойған ауаны шығару үшін тежеу жүйесін айдау қажет.

 Ескерту

Құрамында ылғалы жоқ жаңа тежегіш сұйықтығын ғана пайдаланыңыз. Тежегіш сұйықтығына шаң, су, мұнай өнімдері және басқа да қоспалардың түсуі тежеу жүйесінің зақымдалуына және бұзылуына әкелуі мүмкін.

Тежегіш сұйықтығын ауыстырған немесе қосымша құйған кезде тек ұсынылған тежегіш сұйықтығын ғана қолданыңыз және сұйықтықтардың әртүрлі маркаларын араластырмаңыз, әйтпесе тежеу тиімділігі төмендеуі мүмкін.

 Қауіпті

Абай болыңыз және тежегіш сұйықтығының теріге немесе көзге тиіп кетуіне жол бермеңіз. Егер бұл орын алса, терінің немесе көздің зақымдалған аймағын судың көп мөлшерімен жуыңыз. Тітіркену пайда болған жағдайда мүмкіндігінше тездетіп медициналық көмекке жүгініңіз.

Әйнекжуғыш сұйықтығы

Әйнекжуғыш бағіндегі жуу сұйықтығының деңгейін жүйелі түрде тексеріп отырыңыз және оны уақытылы толтырып жүріңіз. Қоршаған орта температурасы 0 °C болғанда қатпайтын әйнекжуғыш сұйықтығын қолдану қажет.

 Ескертпе

Әйнекжуғыш бағына құбыр суын, салқындату сұйықтығын, сабынды суды немесе осыған ұқсас ерітінділерді қоспаңыз, себебі олар әйнекжуғыш бүріккіштері мен өткізгіш құбырларын бітеп тастауы, сондай-ақ алдыңғы әйнекте айғыз

Ресми сатушылардан сатып алынған сапалы әйнекжуғыш сұйықтығын ғана пайдаланыңыз. Сапасыз сұйықтық бүріккіштерді бітеп тастауы, сорғыны және әйнекжуғыштың басқа да бөлшектерін зақымдауы мүмкін. Әйнекжуғыш ақаулы болған жағдайда жүйені тексерту және жөндету үшін Changan өкілетті сервис орталығына мүмкіндігінше тезірек хабарласыңыз.

 Ескертпе

іздер қалдыруы және сол арқылы көріністі нашарлатуы мүмкін. Сонымен бірге салқындату сұйықтығының шанақтың боялған беттеріне тиюі лак-бояу жабынының зақымдалуына және оңып кетуіне алып келуі мүмкін.

Ескертпе

Сұйықтықтың теріге, көздерге немесе ауызға тиюіне жол бермеңіз.

 Ескертпе

Әйнекжуғыш сұйықтығы жанғыш келеді, сондықтан әйнекжуғыш бағына ұшқындардың тиюіне жол бермеңіз.


Қозғалтқыш қызып тұрғанда немесе жұмыс істеп тұрғанда сұйықтықты қосымша құюға қатаң тыйым салынады.

Электр жабдығы

Сақтандырғыштар блогы

Сақтандырғыштар

Мотор бөліміне және автокөлік салонына орнатылған монтаждық блоктарда сақтандырғыштардың орналасу схемасы мотор бөліміне орнатылған сақтандырғыштар блогы қақпағының ішкі жағына бейнеленген.



Мотор бөліміндегі сақтандырғыштар блогы мотор бөлімінде жолаушылар салоны жағында орналасқан.

Салондағы сақтандырғыштар блогы алдыңғы жолаушы жағында, аспаптар тақтасының артында, ұсақ-түйек тартпасының артқы бөлігінің үстінде орналасқан.



Ескерту

Автокөліктің электр жүйесіне қандай да бір өзгертулер енгізуге қатаң түрде тыйым салынады. Автокөліктің электр жабдығын жөндеу тек Changan өкілетті сервис орталығында орындалуы тиіс.

Сақтандырғыштарды ауыстырмас бұрын автокөлікті электрмен қоректендіруді өшіру қажет.

Сақтандырғыштарды ауыстырған кезде сипаттамалары ауыстырылып жатқан сақтандырғыштармен бірдей жаңаларын орнатыңыз. Өйтпесе автокөліктің электр жабдығына зақым келуі мүмкін.

Егер жаңа сақтандырғыш орнатқаннан кейін бірден күйіп кетсе, автокөлікті электрмен



Ескерту

қоректендіруді дереу өшіру және автокөлікті жөндеу үшін Changan өкілетті сервис орталығына хабарласу қажет.

Сақтандырғыштарды ауыстыру

1. Мотор бөліміндегі сақтандырғыштар блогының үстіңгі қақпағын ашыңыз (автокөлік салонындағы сақтандырғыштар блогының қақпағы жоқ).
2. Әрбір сақтандырғыштар блогының ішінде сақтандырғыштарды суырып алуға арналған пинцет бар. Сақтандырғыштардың орналасу схемасын пайдаланып, тиісті электр тізбегін қорғап тұрған

сақтандырғышты суырып алыңыз.

3. Ішіндегі балқығыш қыстырмасын қарап көріп, сақтандырғыштың күйіп кеткенін не күйіп кетпегенін тексеріңіз.
4. Сақтандырғыштың күйіп кету себебін анықтаңыз және оны жойыңыз.
5. Сақтандырғышты ауыстырыңыз.

Аккумулятор батареясы

Аккумулятор батареясы зарядының өздігінен таусылуы

Аккумулятор батареясы өздігінен разрядталады. Тіпті автокөліктің электр жүйесінен ажыратылған болса да, аккумулятор батареясының заряды автокөлік ұзақ (екі айдан көп) тұрған жағдайда айтарлықтай төмендейді. Аккумулятор батареясының өздігінен разрядталу жылдамдығына температура, сақтау жағдайлары және басқа да факторлар әсер етеді.

- Қоршаған орта температурасы жоғарылаған сайын зарядтың өздігінен таусылу жылдамдығы артады.
- Ылғалдылығы және ауасының шаңы жоғары үй-жайда

сақтаған кезде аккумулятор батареясының өздігінен разрядталуы жеделдейді.

Аккумулятор батареясы өздігінен разрядталуын қалай азайтуға болады

- Аккумулятор батареясының оң және теріс клеммалары сенімді тартылған болуы тиіс.
- Аккумулятор батареясының бетін таза ұстаңыз.
- Автокөлік тұрақта ұзақ уақыт тұрған кезде, аккумулятор батареясын шешіп алыңыз, содан кейін оны ауа температурасы орташа болатын құрғақ бөлмеде сақтаңыз.
- Автокөлікті электрмен қоректендіру өшірулі тұрғанда автокөліктің электр құрылғыларын және басқа

тұтынушыларын ұзақ уақыт бойы пайдаланбауға тырысыңыз.

Аккумулятор батареясының сыйымдылығының азаюы

Аккумулятор батареясы сыйымдылығының азаюының негізгі себептері:

- Электр энергиясын үнемі тұтынатын электр құрылғыларының (мысалы, айдап өкетуге қарсы сигнал беру жүйесінің) жұмысы.
- Токтың жылыстауларына алып келетін электр жабдығы оқшаулағышының нашар сапасы.
- Сым батареяның теріс шықпасына жалғанған күйде қалған кезде статикалық токтан және тізбектердегі

жылыстау тогынан туындаған сыйымдылықтың азаюы.

- Автокөліктің жоғары вольтті жүйесін қоспастан салонда электр құрылғыларын қосу.

Аккумулятор батареясының сыйымдылығын тексеру

Жүктеме ретінде автокөлік фараларын қолдана отырып вольтметрдің көмегімен аккумулятор батареясының кернеуін тексеріңіз: вольтметрді аккумулятор батареясына жалғаңыз, аккумулятор батареясының клеммаларындағы кернеуді өлшеңіз, содан кейін бас жарық фараларын қосыңыз. Егер аккумулятор батареясының кернеуі 11,5 В-тан асатын болса және бірден төмендемейтін болса, батареяны бос жүріспен қосымша зарядтағаннан кейін қалыпты пайдалана беруге болады. Егер



бас жарық фараларын қосқаннан кейін кернеу бірден түсіп кететін болса, аккумулятор батареясын шешіп алу және бөлек зарядтау қажет.

Аккумулятор батареясын ауыстыру тәртібі

Аккумулятор батареясын шешіп алған кезде алдымен батареяның теріс клеммасын, содан кейін оң клеммасын ажыратыңыз.



Аккумулятор батареясын орнатқан кезде, алдымен оң клеммасын жалғаңыз, содан кейін теріс клеммасын жалғаңыз және M10 салма немесе мүйізше кілтімен бекітіңіз.

Дөңгелектер мен шиналар

Автокөлікте өлшемі 255/45R20 шиналар қолданылады. Бұл протектор анағұрлым жалпақ, қапталының биіктігі төмен және отырғызу диаметрі үлкен төмен профильді шиналар. Осының арқасында олар автокөліктің жақсырақ басқарымдылығын қамтамасыз етеді.



Ескертпе

- Кәдімгі шиналармен салыстырғанда төмен профильді шиналар ойықтарды, кәріз люктерінің қақпақтарын немесе жиектастарды басқанда зақымдануға көбірек бейім. Сондықтан олардағы тиісті

Ескертпе

ауа қысымын ұстап отыру ерекше маңызды.

- Тегіс емес жолдармен жүргенде, ойықтардан немесе сораптардан өткенде шиналар мен дөңгелектердің қызмет ету мерзімін қысқартуы мүмкін күшті соққылардан сақтану үшін автокөлік жылдамдығын алдын ала азайтып алыңыз.
- Шиналар мен дөңгелектерді жүйелі түрде (3000 км жол жүрген сайын) әркелкі тозуының және зақымдануының белгілеріне қатысты тексеріп отыруға кеңес беріледі. Егер шиналарда ісіктер немесе жарықтар, ал дөңгелектерде – зақымдар байқалса, тексерту

Ескертпе

және бөлшектерді ауыстыру үшін Changan өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Шиналар

Шиналарды жөндеуге арналған жинақ

Шиналарды жөндеуге арналған жинақ қалдық тереңдігі 6 мм-ден кем емес протектордың шағын тесілулерін уақытша жөндеуге ғана арналған. Қалған жағдайларда жолдағы көмек қызметіне жүгінуге кеңес беріледі.

Шиналарды жөндеуге арналған жинақты пайдалану бойынша нұсқаулықтарды жинақпен қоса берілетін құжаттамадан қараңыз.

Ескертпе

Ауа компрессорын автокөліктің 12 В электр розеткасына қоспас бұрын компрессордың өшірулі тұрғанына көз жеткізіңіз.

Ауа компрессорының үздіксіз жұмыс істеу уақыты 10 минуттан аспауы тиіс.

Шинаға герметик құйғаннан кейін жоғары жылдамдықпен қозғалудан және күрт үдеуден сақтаныңыз.

Шиналар герметигі тек зақымдалған шиналарды төтенше жағдайда уақытша жөндеуге ғана арналған. Оны қолданғаннан кейін шинаны ауыстырту үшін мүмкіндігінше тездетіп кәсіби шина монтаждау шеберханасына жүгініңіз.

**Ескертпе**

Ол үшін Changan өкілетті сервис орталығына жүгінуге және жұмыс персоналына шинаның ішінде герметигі бар екенін міндетті түрде хабарлауға кеңес беріледі.

Шиналарды жөндеуге арналған герметик – бұл бір реттік шығындалу материалы (әрбір баллон тек бір шинаны жөндеуге есептелген). Шинаны жөндеуге арналған герметикті қолданғаннан кейін оны тиісті түрде кәдеге жаратыңыз. Сондай-ақ Changan өкілетті дилерінен герметигі бар жаңа баллон сатып алуға кеңес беріледі.

Шиналарға арналған герметиктің жарамдылық мерзімі аяқталғаннан кейін оны жаңасына ауыстырыңыз. Герметиктің

Ескертпе

өндірілген күні герметигі бар баллонда көрсетілген (14 таңбалы кодтың алдыңғы 6 цифры өндірілген жылды, айды және күнді білдіреді), сол жерде герметиктің жарамдылық мерзімі де көрсетілген.

**Ескерту**

Шинаға арналған герметиктің киімге, теріге немесе көзге тиюіне жол бермеңіз.

Герметик тиген жағдайда зақымдалған аймақты дереу сумен жуыңыз.

Аллергиялық реакция пайда болған жағдайда мүмкіндігінше

Ескерту

тездетіп медициналық көмекке жүгініңіз.

Герметикті кездейсоқ жұтып қойған жағдайда ауыз қуысын мұқият шайыңыз және көп мөлшерде су ішіңіз. Құсық шақыруға тырыспаңыз, дереу медициналық көмекке жүгініңіз.

Шиналарға техникалық қызмет көрсету


Шиналардың ірі кедергілерге (мысалы, ойықтарға, жиектастарға және т. б.) соғылуынан және оларға мініп кетуден сақтаныңыз.

Шинаның қапталдарында үйкелген жерлердің және кесіктердің пайда болуына жол бермеңіз. Шиналарда зақымдардың, бөтен заттардың

және әркелкі тозу белгілерінің бар-жоғын жүйелі түрде тексеріп отырыңыз. Шина протекторының әркелкі тозуы дөңгелектердің түйісу бұрыштарының дұрыс реттелмеуін білдіруі мүмкін.

Протектор жырашықтарынан бөтен заттарды жүйелі түрде тазалап алып отырыңыз.

Барлық шиналардың тозу индикаторларының күйін ай сайын тексеріп тұрыңыз. Егер протектордың беті тозу индикаторларына дейін тозған болса, шинаны ауыстыру қажет.



Шинаның протекторында немесе қапталында әркелкі тозу, зақымдар, ойылулар немесе ісінулер анықталған жағдайда шинаны дереу ауыстырыңыз.

Шинадағы ауа қысымын кемінде айына бір рет тексеріңіз және оны тиісті деңгейде ұстап отырыңыз. Шиналардағы ауа қысымының номиналды мәндері шиналардың сипаттамалары бар тақтайшада көрсетілген.

Қоршаған орта жағдайлары өзгерген жағдайда шиналардағы ауа қысымын уақтылы тексеріңіз.

Алты жыл пайдаланған соң тіпті көзге көрінетін зақымдары болмаса да, шиналарды міндетті түрде ауыстыру қажет.



Қатты тозған шиналарды пайдалануға қатаң түрде тыйым салынады – бұл өте қауіпті. Шиналардың тозуы олардың жол бетімен ілінісуін нашарлатады, тежелу тиімділігіне және автокөліктің басқарымдылығына кері әсер етеді.

Автокөлікке өлшемі мен түрі бастапқыда орнатылғандармен бірдей дөңгелектер мен шиналарды ғана пайдалануға рұқсат етіледі. Олай болмаған

Қауіпті

жағдайда автокөліктің басқарымдылығы мен қауіпсіздігі нашарлауы мүмкін, бұл апаттар мен күрделі жарақаттар қаупін тудырады.

Шиналардағы қысымды қалай тексеру керек


1. Шина шұрасынан қалпақшаны шешіп алыңыз.
2. Шинадағы ауа қысымын манометрмен өлшеңіз. Егер суық шинадағы қысым ұсынылғанға сәйкес келмесе, оны реттеңіз.
3. Шиналардағы қысымды тексеріңіз. Егер қысым шектен тыс болса, ауа қысымын азайту үшін шина шұрасының

ішінде орналасқан өзекшені басыңыз.

4. Қысымды тексеріп, реттеп болғаннан кейін шаң мен ылғалдың кіруден қорғау үшін қалпақшаны шұраға кигізіңіз.

Дөңгелектерді алмастырып салу

Автокөліктің алдыңғы және артқы дөңгелектерінің шиналарының біркелкі тозуын қамтамасыз ету және олардың қызмет ету мерзімін ұзарту үшін алғашқы техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 10 000 км сайын шиналардың орындарын ауыстырып салуға кеңес беріледі. Автокөлік дөңгелектерінің орындарын ауыстырып салу схемасы суретте көрсетілген. Шиналардың әркелкі тозуы анықталған жағдайда дөңгелектерді ауыстырып салу әрекетін жиірек орындау қажет.



Дөңгелектерді ауыстырып салғаннан кейін шиналардағы ауа қысымының және дөңгелек сомындарын бұрап қатыру сәттерінің нормативтік мәндерге сәйкес келетініне көз жеткізу қажет.

Ескерту

Дөңгелектердің орындарын уақтылы ауыстырып салмау шиналардың әркелкі тозуына алып келуі мүмкін.

Шинаны ауыстыру

Автокөліктің түпнұсқа шиналары басқарымдылық, тұрақтылық және қозғалыс кезіндегі жайлылық секілді автокөліктің ең үздік пайдаланушылық сипаттамалары қамтамасыз етілетіндей етіп іріктелген.

Шиналарды ауыстыру үшін Changan өкілетті сервис орталығына хабарласуға кеңес беріледі.

Түпнұсқа шиналарды өлшемі, көтеру қабілеті, жылдамдық индексі және т. б. секілді басқа сипаттамалары бар жаңаларына ауыстыру немесе автокөлікте бір мезгілде радиалды және диагоналды шиналарды пайдалану автокөліктің тежелу тиімділігінің төмендеуіне, тұрақтылығы мен

басқарымдылығының нашарлауына алып келеді.

Барлық шиналарды бірге ауыстыруға кеңес беріледі. Егер мүмкіндік немесе бұған қажеттілік болмаса, шиналарды алдыңғы немесе артқы осьте жиынтығымен ауыстыруға кеңес беріледі. Тек бір шинаны ауыстыру автокөліктің басқарымдылығына кері әсер етеді.

Тежегішті блоктау жүйесі (ABS) жұмыс істеу кезінде барлық дөңгелектердің айналу жылдамдығын салыстырады. Сондықтан шиналарды ауыстырған кезде автокөліктің түпнұсқа шиналарымен бірдей өлшемі бар шиналарды қолдану қажет. Шина өлшемін немесе оның конструкциясын өзгерту дөңгелектің жылдамдығын өлшеу дәлдігіне әсер етуі және жүйенің

жұмысындағы бұзылуларға алып келуі мүмкін.



Ескерту

Сәйкес келмейтін шиналарды орнату автокөліктің басқарымдылығы мен тұрақтылығын нашарлатуы мүмкін, бұл жол-көлік оқиғасының ықтималдығын жоғарылатады.

Қысқы шиналар

Қарлы немесе мұз басқан жолдармен жүру кезінде қысқы шиналарды пайдалану ұсынылады.

Қысқы шиналарды пайдалану сырғанақ беттерде автокөліктің басқарымдылығын айтарлықтай жақсартарды.



Қысқы шиналарды қоршаған ортаның орташа тәуліктік температурасы 7°C -тан төмен болған кезде орнату керек.

Қысқы шиналарды іріктеген кезде түпнұсқа шиналардағыдай өлшемі, типі және көтеру қабілеті бар шиналарды таңдау қажет, бұл ретте шиналардың рұқсат етілген жылдамдығы мен олардағы ауа қысымы автокөлік өндірушісінің талаптарына сәйкес келуі тиіс. Бұл талаптардың орындалмауы автокөліктің қауіпсіздігі мен басқарымдылығына кері әсер етеді, бұл жол-көлік оқиғаларының қаупін арттырады.

Орташа тәуліктік ауа температурасы 7°C -тан жоғары көтерілген жағдайда қысқы шиналарды уақтылы жазғыларына немесе бүкілмаусымдық шиналарға ауыстырып алыңыз.

Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPMS)

Жалпы мәліметтер

Автокөліктің қозғалысы кезінде TPMS жүйесі барлық шиналардағы қысымды қадағалайды. Егер шиналардағы ауа қысымы нормаға сәйкес келмесе, жүйе ескерту сигналын береді.

Шиналардағы ауа қысымы туралы ақпарат орталық дисплейде көрсетіледі. Автокөліктің қозғалысы кезінде шиналардың күйі туралы ақпарат орталық дисплейде көрсетіледі, сондықтан жүргізуші әрдайым шиналардағы ауаның ағымдағы қысымын тексере алады.

Егер шинадағы ауа қысымы нормаға сәйкес келмесе, сәйкес сигнал шамы жанады. Егер дабыс сигналының іске қосылуы

шинадағы ауаның тым төмен қысымына ғана байланысты орын алса, индикатор шинадағы қысым автокөлік шиналарының сипаттамалары бар тақтайшада көрсетілген мәнге сәйкес реттелгеннен кейін бірнеше минут өткен кезде автоматты түрде сөнеді.

TPMS жүйесінің жұмыс істеуі тек автокөлік дөңгелектері қысым датчиктерімен жабдықталған болса ғана мүмкін болады.

Сақтық шаралары

Шиналардағы ауа қысымын жүргізу жағдайларын есепке ала отырып, салқын шиналарға арналған ұсынылған қысымға тең етіп орнату қажет. Ауа қысымын айына бір рет салқын шиналарда тексеру және түзетіп отыру қажет. Шиналар келесі шарттар сақталған

жағдайда салқын болып есептеледі:

- Автокөлік тікелей күн сәулелері түспейтін орында кемінде 3 сағат бойы қозғалыссыз тұрғанда.
- Автокөлік жүріп өткен қашықтық 1,6 км-ден аспайды.

Шиналардағы ауа қысымын реттеген кезде манометрмен өлшеу мен TPMS жүйесінің өлшеу нәтижелерінің арасында айырмашылық болуы мүмкін. Шиналардағы ауа қысымын TPMS жүйесінің көрсеткіштері бойынша реттеу қажет.

TPMS, мысалы, шина бөтен затпен тесілген жағдайда қысымның толық шығып кетуі туралы жүргізушіге ескерте алмайды. Бұл жағдайда абайлап, руль дөңгелегін тез бұрудан сақтана отырып,

автокөліктің жүрісін баяулатыңыз және оны тоқтатыңыз.

Шинаға ауа үрлегеннен кейін ондағы ауа қысымының мәні автокөліктің қозғалысы басталғаннан кейін біршама уақыт өткен кезде жаңартылады.

Келесі жағдайларда TPMS жүйесінің қалыпты жұмысы бұзылуы мүмкін, осының салдарынан шиналардағы қысымның сигнал шамы қателесіп қосылуы мүмкін:

- Автокөлік электр өткізу желілерінің немесе радиотаратқыштардың жанымен қозғалып келеді (мысалы, әуежайда, электр өткізу желілерінің бағанының жанында және т.с.с.).
- Автокөлікте немесе оның жанында радиотаратқыш

құрылғылар (мысалы, сымсыз құлаққаптар, бейнежазғыш және т.с.с.) қолданылып жатыр.

Жүйенің ескертуі

Егер TPMS жүйесі бір немесе бірнеше шинадағы қысымның төмендегенін анықтаса, шиналардағы қысымның сигнал шамы жанады. Бұл жағдайда руль дөңгелегін тез бұрудан сақтанып, жайымен қозғалу жылдамдығын түсіріңіз және автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. Біршама уақыт күте тұрыңыз, содан кейін салқын шиналарда ауа қысымын реттеңіз.

Егер шиналардағы ауа қысымын реттеу жылы үй-жай ішінде жүргізілген болса, шиналардағы қысым сигнал шамы қоршаған орта температурасы төмендегеннен кейін жануы мүмкін. Бұл температуралар ауытқуынан туындаған қысым өзгерісімен байланысты және жүйе жұмысының бұзылуы болып табылмайды. TPMS жүйесінде

ақаулық пайда болған жағдайда шиналардағы қысым сигнал шамы үздіксіз жанып тұрады. Бұл жағдайда жүйені тексерту және жөндету үшін Changan өкілетті сервис орталығына мүмкіндігінше тезірек хабарласыңыз.

TPMS жүйесі жүргізушіге шиналардағы ауа қысымын қадағалауға көмектеседі және ақаулықтың туындағаны туралы ерте бастан ескерте алады, алайда ол апаттық жағдайлардың толық алдын алуға қабілетті емес. Автокөліктің қозғалысы кезінде көрсетіліп тұрған шиналардағы ауа қысымы ғана шиналардағы ағымдағы нақты өлшенген қысым мәні болып табылады.

Автокөлік қозғалыссыз тұрғанда шиналардағы қысым көрсетілмейді және көрсетіліп тұрған мән тек анықтамалық мақсатта ғана

беріледі. Шиналарды ауыстыру қажет болса, жұмыстарды дұрыс орындамаудың салдарынан датчикке зақым келтірудің алдын алу үшін Changan өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Автокөліктің дөңгелектерін ауыстырып салғаннан кейін дисплейде көрсетілетін деректер шиналардың нақты орналасуына сәйкес болуы үшін TPMS жүйесін қайта баптау қажет.

TPMS жүйесінің ескертуші хабарламасы

Ескертпе

Егер шиналардағы ауа қысымын реттеу жылы үй-жай ішінде жүргізілген болса, шиналардағы қысым сигнал шамы қоршаған орта температурасы төмендегеннен кейін жануы

Ескертпе

мүмкін және керісінше. Бұл температуралар ауытқуынан туындаған қысым өзгерісімен байланысты және жүйе жұмысының бұзылуы болып табылмайды. Қоршаған орта температурасы әртүрлі аймақтарда жүргізген кезде шиналардағы қысымды уақтылы тексеріп және реттеп отыру, содан кейін TPMS жүйесін қайта баптау қажет.

TPMS жүйесін қайта баптау барлық төрт шинадағы ауа қысымын салқын шиналар үшін белгіленген нормативтік мәндерге сәйкес реттегеннен кейін орындалуы тиіс. Қайта баптағаннан кейін жүйе автокөліктің қозғалысы кезінде қалыпты жұмысын қайта

Ескертпе

жалғастырады. TPMS жүйесін қайта баптауды келесі жағдайларда орындау қажет:

1. Бір немесе бірнеше шинадағы қысымды реттегеннен кейін.
2. Кез келген дөңгелектің шинасын ауыстырғаннан кейін.
3. Бір жылдан немесе 10 000 км жол жүріп өткеннен кейін шиналарға қосымша ауа үрлеуге және жүйені қайта баптауға кеңес беріледі.

Сипаттамалары Changan Automobile компаниясы ұсынған сипаттамалардан өзгеше жаңа шиналар қолдану TPMS жүйесінің



қалыпты жұмысының бұзылуына алып келуі мүмкін.

Дөңгелектер

Дөңгелекті ауыстыру

Егер дөңгелектің құрсауы майысқан, жарылған немесе тот басқан болса, шина одан ажырап кетуі мүмкін. Сондықтан дөңгелектерді уақтылы ауыстырыңыз.

Алюминий дискілерді қолдану бойынша ұсыныстар

- Жеңіл қорытпалы дискілерге арналған арнайы сомындарды қолданыңыз.
- Дөңгелекті қайта орнатқан немесе ауыстырған соң 1600 км жол жүргеннен кейін дөңгелек сомындарының сенімді қатырылғанын тексеріңіз.

Төтенше жағдайлардағы іс-әрекеттер

Төтенше қызметтерді шақыру жүйесі (ECALL) *

Төтенше қызметтерді шақыру жүйесінің сипаттамасы

Бұл автокөлік күрделі жол-көлік оқиғасы жағдайында жүргізушінің қоғамдық қауіпсіздік бірыңғай диспетчерлік қызметімен (PSAP) дауысты байланысын қамтамасыз ететін ECALL төтенше қызметтерді шақыру жүйесімен жабдықталған.

ECALL жүйесін белсендіру тәсілдері

1-тәсіл: автоматты белсендіру.

Автокөлік соқтығысқан, аударылған немесе басқа төтенше жағдай орын алған кезде жүйе дабыс сигналын береді және автоматты түрде апаттық-құтқару қызметіне қоңырау салады. Байланыс орнатылғаннан кейін дауысты байланыс арқылы диспетчермен диалог басталады және автокөліктің мультимедиа жүйесінің дыбысы өшіріледі.

2-тәсіл: қолмен белсендіру.

Егер көмек қажет болса, жүргізуші немесе жолаушы келесідей тәсілдермен төтенше шақыруды орындай немесе оның күшін жоя алады.

- Қоңырау шалу: апаттық сигнал беру түймесіндегі қорғаныш қақпақты ашыңыз, SOS түймесін 3 секундтан ұзақ басып тұрыңыз немесе 10

секунд ішінде түймені 5 рет басыңыз. Жүйе апаттық сигнал беру жүйесін қосады, автоматты түрде апаттық-құтқару қызметінің диспетчеріне қоңырау салады, байланыс орнатылғаннан кейін дауысты байланыс арқылы әңгімелесуді бастайды және автокөліктің мультимедиа жүйесінің дыбысын өшіреді.

- Қоңыраудың күшін жою: төтенше қоңырау шалуды қолмен орындағаннан кейін және диспетчерлік орталықпен байланыс орнатылғанға дейін пайдаланушы SOS түймесінің жанында орналасқан  түймесін басып қалу арқылы төтенше қоңырауды аяқтай алады. Егер төтенше қоңырау автоматты түрде жүзеге асырылып жатса, оны бұл

түймені басу арқылы үзу мүмкін емес.



MSD деректерін беру

Минималды деректер жинағы (MSD) – бұл төтенше қызметтерді шақыру жүйесі белсендірілгеннен кейін көлік құралы диспетчерлік орталыққа беретін деректер, бұл диспетчерге көлік құралының орналасқан жері туралы тез ақпарат алуға және оқиға орнына құтқару бригадасын тез жіберуге

мүмкіндік береді. MSD деректерінің жинағы келесі ақпаратты қамтиды: көлік құралының типі, көлік құралы шанағының нөмірі, көлік құралының орналасқан жерінің координаталары, көлік құралының күштік қондырғысының типі, жол-көлік оқиғасы туралы мәліметтер және т. б.

Апаттық сигнал беру жүйесі және құралдар жинағы

Апаттық жарық сигналын беру жүйесі

Апаттық жарық сигналын беру жүйесінің ажыратқышы  төбе жарығының алдыңғы панелінде орналасқан.

Апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосу үшін ажыратқышты басыңыз, осыдан кейін сол жақ және оң жақ бұрылыс

көрсеткіштері бірге жыпылықтай бастайды. Апаттық жарық сигналын беру жүйесін өшіру үшін ажыратқышты және бір рет басыңыз.

Апаттық жарық сигналын беру жүйесі тіпті автокөлікті электрмен қоректендіру өшірулі тұрғанда да жұмыс істей береді.

Жарық кеудеше шағылыстыратын




Жарық шағылыстыратын кеудеше салынған сөмке алдыңғы жолаушы орындығының алдында орналасқан ұсақ-түйек тартпасының ішінде сақталады.

Ескертпе

Апаттық аялдау жағдайында жарық шағылыстыратын кеудешені кию, жүксалғыш бөлімнен апаттық аялдау белгісін шығарып алу және жол үстіне орнатып қою қажет.

Апаттық аялдау белгісін жергілікті заңдар мен жол қозғалысы ережелерін сақтай отырып орнатыңыз.

Борттық құрал



1. Сүйреу құлақшасы
2. Апаттық аялдау белгісі
3. Шиналарды жөндеуге арналған герметик
4. Ауа компрессоры

Құралдар жинағы жүксалғыш едені панелінің астындағы жәшікте сақталады.

Автокөлікті сүйрету

Сүйреу режимі

Автокөлікті сүйреу режимін қосу немесе өшіру үшін орталық дисплейде [Settings] (Баптаулар) – [Safety and maintenance] (Қауіпсіздік және қорғаныш) – [Trailer mode] (Сүйреу режимі) түймелерін басыңыз.



Сүйреу режимін тек келесі шарттар бір мезгілде орындалған жағдайда ғана белсендіруге болады:

- Автокөліктің есіктерінің құлпы ашық.
- Берілістер селекторы Р күйінде тұр
- Тежегіш педалі басулы.

Жоғарыда берілген шарттардың бәрінің орындалып тұрғанына көз жеткізіп алып, Trailer mode («Сүйреу режимі») түймесін басыңыз, сонда орталық дисплейде төменде көрсетілген қалқымалы терезе көрсетіледі.



Қалқымалы терезедегі Confirm («Растау») түймесін басқаннан кейін автокөлік сүйреу режиміне ауысады.

⚠ Ескертпе

- Сүйреу режимін қосқаннан кейін селектор иінтірегі Р күйінен N күйіне ауысады, ал тұрақ тежегіші өшіріледі. Автокөліктің ылдиға қарай жылжып кетуіне жол бермеу үшін сүйреу режимін тек тегіс көлденең бетте ғана қосыңыз.
- Егер сүйреу кезінде автокөліктің жылдамдығы 8 км/сағ-тан асса, автокөлік автоматты түрде сүйреу режимінен шығады, дыбыс сигналы беріледі және тұрақ тежегіші қосылады. Автокөлікті сүйреу жылдамдығын мұқият қадағалап отырыңыз.

Автокөлікті сүйреу кезіндегі сақтық шаралары

Сүйреу ұғымы автокөлікті эвакуатор платформасына тиеуді ғана білдіреді.

Автокөлікті электрмен қоректендіру өшірулі тұрғанда рульмен басқару электрлі күшейткіші жұмыс істемейді, ал тежегіш педалін басу және руль дөңгелегін бұру үшін көбірек күш салу қажет болады.

Автокөліктің зақымдалуына жол бермеу үшін оны көтеру және бекіту үшін шанақтағы және шассидегі арнайы нүктелерді пайдаланыңыз.

Қарқынды үдеулерден, шұғыл тежелулерден және маневрлерден аулақ болыңыз, себебі бұл сүйреу құлақшаларына, сымарқандарға және тіркегіштерге шектен тыс жүктеме түсіреді, бұл олардың үзілуіне және автокөліктің зақымдануына алып келуі мүмкін.

Егер ақаулы автокөлік қозғалысын жалғастыра алмайтын болса, оны сүйреуді мәжбүрлі түрде жалғастыруға тырыспаңыз.

Автокөлікті сүйреген кезде түзу қозғалуға тырысыңыз.




Ескерту

- Сүйреу сымарқанын автокөліктің сүйреу құлақшасынан өзге кез келген басқа бөлшектеріне бекіту автокөліктің зақымдалуына алып келуі мүмкін.
- Сүйреу сымарқандары немесе тіркегіштер автокөліктің сүйреу құлақшасына сенімді бекітілген болуы тиіс.
- Автокөлікті сүйреген кезде жұлқу әрекеттеріне жол бермеңіз, тұрақты және біркелкі тарту күшін ұстап отырыңыз.

Сүйреу құлақшаларын бекіту орындары

Сүйреу құлақшасы автокөліктің жүксалғыш бөлімінде құралдар жинағымен бірге сақталады. Сүйреу құлақшасын жүксалғыштан шығарып алыңыз.







Алдыңғы сүйреу құлақшасына арналған монтаждық саңылау автокөліктің оң жағында алдыңғы бампердің астыңғы бөлігінде орналасқан. Монтаждық саңылаудың қақпағын ашыңыз және оған сүйреу құлақшасын бұрап салыңыз.

Автокөліктерді эвакуациялау қызметі

Автокөлікті сүйреу қажет болса, Changan өкілетті сервис орталығына немесе кәсіби түрде автокөліктерді эвакуациялаумен айналысатын басқа компанияларға хабарласуға кеңес беріледі.

Автокөлікті сүйреу үшін жүк платформасымен, манипулятор кранымен немесе жүкшығырмен жабдықталған эвакуатор қолдануға кеңес беріледі.

Автокөлікті сүйреу тек автокөлікті эвакуатор платформасына толық тиеу жолымен жүзеге асырылуы тиіс.



Өзге нұсқаулар

Дөңгелектерінің бәрі жерде тұрған автокөлікті сүйреу бойынша кеңестер:

- сүйреу тек автокөліктің алдыңғы бөлігінен ғана және автокөлікті эвакуатор платформасына тиеу мақсатында ғана жүзеге асырылуы тиіс. Бұл ретте автокөліктің дөңгелектері, осьтері, күштік агрегаты, рульмен басқару жүйесі және тежегіштері ақаусыз болуы тиіс.
- Басқарудан айырылып қалмау үшін сүйрейтін көлік құралының массасы сүйрелетін автокөлік массасынан көбірек болуы тиіс.
- Сүйреу құлақшасын тексеріңіз және оның зақымдалмағанына және сынбағанына көз жеткізіңіз.

- Сүйреу құлақшасына сүйреу сымарқанын немесе тіркегішті бекітіңіз.
- Сымарқанды күрт жұлқудан аулақ болыңыз, тұрақты және біркелкі тарту күшін ұстап отырыңыз.
- Сүйрелетін автокөліктің қозғалтқышын қосыңыз, селектор иінтірегінің N күйін таңдаңыз және тұрақ тежегішін өшіріңіз.
- Сүйреу таспасының ұзындығы 5 метрден аспауы тиіс, ал таспаның және бекіткіштерінің түсі көзге жақсы ажыратылатын болуы тиіс.
- Автокөлікті абайлап жылжытыңыз және сүйреу кезінде сүйреу таспасының салбырауына жол бермеңіз.

- Екі көлік құралының да жүргізушілері бір-бірімен үнемі байланыс ұстап отыруы тиіс.
- Ылдиға қарай ұзақ түсетін жолмен жүргенде автокөліктің тежегіштері қызып кетуі мүмкін, мұның салдарынан тежеу тиімділігі төмендейді. Мезгіл-мезгілімен тоқтап, тежегіштерді суытып отыру қажет.
- Автокөліктің тежеу жүйесі ақаулы болған жағдайда оны сүйреу үшін жүк платформасы бар эвакуатор қолдану қажет.
- Сүйреу режимін тек автокөлікті жүкшығырмен эвакуатор платформасына тартып шығару немесе автокөлікті тұрақ орнынан шығарып алу үшін ғана қолдану қажет. Сүйреу режимінде автокөліктің қозғалу жылдамдығы 5 км/сағ-тан

аспауы тиіс, ал автокөлікті 10 м-ден аспайтын қашықтыққа ғана жылжытуға рұқсат етіледі. Көрсетілген шектеулерден асыру автокөліктің қызып кетуіне немесе күрделі ақауларына алып келуі мүмкін, ондайларға зауыттық кепілдіктің әрекеті таралмайды.

Қозғалтқышты сыртқы қорек көзінен оталдыру

Егер аккумулятор батареясының разрядталуының салдарынан автокөлік қозғалтқышын оталдыру мүмкін болмаса, қозғалтқышты келесі жолмен сыртқы қорек көзінен оталдыруға әрекет жасап көруге болады:

1. Автокөлік есігінің құлпын механикалық кілтпен ашыңыз және жүксалғыш есігін

апаттық жағдайда ашқаннан кейін жүксалғыш бөлімнің оң жағындағы сәндік қақпақты шешіп алыңыз (жүксалғыш бөлімнің сол жағындағы сәндік қақпақ динамикті жауып тұрады және оны шешіп алуға болмайды).

2. Сыртқы қорек көзін автокөліктің жүксалғыш бөліміне орналастырыңыз, аккумулятор батареясының барлық клеммаларын тексеріңіз, коррозиясын кетіріңіз және барлық қақпақтардың сенімді қатырылғанына көз жеткізіңіз.
3. Сыртқы қорек көзінің қызыл түсті оң (+) сымын разрядталған аккумулятор батареясының оң (+) клеммасына жалғаңыз. Сыртқы қорек көзінің қара

түсті теріс (-) сымын
разрядталған аккумулятор
батареясының теріс (-)
клеммасына жалғаңыз.



4. Аккумулятор батареясы
разрядталған автокөлікті
электрмен қоректендіруді
қосыңыз.
5. Оталдыру сымдарын кері
тәртіппен ажыратыңыз. Шешіп
алған кезде сымдарды

автокөліктің металл беттеріне
қоймаңыз.

Ескерту


Көлденең қимасының ауданы
25 мм²кем емес автокөлікке
сәйкес келетін оталдыру
сымдарын ғана қолданыңыз.

Егер аккумулятор батареясы
қандай да бір көзге көрінетін
себептерсіз жиі разрядтала
беретін болса, автокөлікті
тексерту үшін Changan өкілетті
сервис орталығына
хабарласыңыз.

Автокөлікті көтеру және домкратпен көтеру

Автокөлікті көтеру үшін келесі
әрекеттерді орындаңыз:

1. Автокөлікті көтергіштің
ортасына орналастырыңыз.
2. Көтергіш табандарының
тірегіш алаңдарын шанақ
табалдырықтарының астыңғы
бөлігіндегі түп панельдерінде
сәйкес таңбалармен
белгіленген автокөлікті көтеру
үшін арнайы белгіленген тірек
нүктелерінің астына
орналастырыңыз. Тірек
нүктелерін білдіретін
таңбалардың орналасқан жері
төмендегі суретте көрсетілген.
Көтергіш табандарының
тіреуіш алаңдарын
аккумулятор батареясының
астына орналастырмаңыз.



3. Автокөліктің дұрыс көтерілуін қамтамасыз ету үшін тіреуіш алаңдардың биіктігі мен күйін реттеңіз.
4. Көтергіштің табандарын қажетті биіктікке көтеріңіз де, тіреуіш алаңдардың шанаққа сенімді жанасатынына көз жеткізіңіз.
5. Көтергіш өндірушісінің нұсқауларын орындаңыз және көтергіштің барлық сақтандырғыш стопорларын міндетті түрде іске қосыңыз.

Ескерту

Зарядтау кабелі қосұлы тұрған автокөлікті көтермеңіз.

Қауіпті

Жазатайым жағдайлардан сақтану үшін егер тиісінше тіреу тұрақтылығы қамтамасыз етілмеген болса, ешбір жағдайда көтерулі тұрған автокөліктің астында жұмыс істемеңіз.

Ескерту

Автокөлікті көтеру кезінде көтергіш табандарын аккумулятор батареясына тіреуге тыйым салынады. Көтергіш табандарын шанақтағы автокөлікті көтеруге арналған арнайы нүктелердің астына ғана орнатыңыз. Бұл автокөлікті тек суретте көрсетілген тірек нүктелерінен ғана көтеруге рұқсат етіледі. Кез келген басқа нүктелерінен көтеру автокөлікті зақымдауы мүмкін. Кепілдіктің әрекеті автокөлікті дұрыс көтермеудің салдары болған кез келген зақымдарға таралмайды.

Автокөлік сипаттамалары

Автокөлік таңбаламасы


Электр жетектің моделі мен сериялық нөмірі

Электр жетектің моделі мен сериялық нөмірі келесі орындарда көрсетілген:

1. Жүксалғыш бөлім есігінің сол жақ топсасының үстінде.



2. Тартқыш электрқозғалтқыштың корпусында.



1. Электржетек моделі
2. Сериялық нөмірі


Төлқұжаттық тақтайша

Автокөліктің төлқұжаттық тақтайшасы шанақтың оң жақ ортаңғы бағанының астыңғы бөлігінде орналасқан.



Автокөліктің сәйкестендіру нөмірі (VIN)


Автокөліктің сәйкестендіру нөмірі (VIN) келесі орындарда көрсетілген:



VIN нөмірін диагностикалық жабдықтың көмегімен оқу: VIN нөмірін және автокөліктің күйі туралы ақпаратты Changan өкілетті дилерінің арнайы диагностикалық жабдығының көмегімен OBD диагностикалық ағытпасы арқылы оқуға болады.

Техникалық сипаттамалар

Өлшемдері



Белгілеуі	Өлшем	Мәні
A	Ұзындығы (мм)	4750
B	Ені (мм)	1930
C	Биіктігі (мм)	1625
D	Дөңгелек базасы (мм)	2900
E	Алдыңғы шығу бұрышы	880
F	Артқы шығу бұрышы	970
G	Алдыңғы дөңгелектердің жолтабаны (мм)	1640
H	Артқы дөңгелектердің жолтабаны (мм)	1650

Автокөлік массасы

Автокөлік параметрі	Мәні
Отыратын орындар саны	5
Жабдықталған массасы (кг)	2025
Максималды рұқсат етілген толық массасы (кг) 2435	2435

Автокөліктің пайдаланушылық сипаттамалары

Динамикалық көрсеткіштері мен үнемділігі		Мәні
Динамикалық көрсеткіштері	Автокөліктің максималды жылдамдығы (км/сағ)	180
Жүріс қоры	Аралас циклдегі электр тарту күшімен жүріс қоры (км)	560
Үнемділігі	Электр энергиясын тұтыну (кВт-сағ/100 км)	16,3

Ескертпе: әртүрлі пайдалану жағдайларының салдарынан нақты жүріс қоры жоғарыда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Жұмыстық сұйықтықтар мен майлау материалдары

Сұйықтық	Спецификация	Көлем
Редуктор майы	Castrol BOT805C EV	1,0 л
Салқындату сұйықтығы	LEC-II-40	11,6 л
Ауаны кондициялау жүйесінің компрессорының майы	FVC 56EA	140 мл
Ауаны кондиционерлеу жүйесінің хладагенті	R134a	480 г
Әйнекжуғыш сұйықтығы	ZT-30	3,0 л
Тежегіш сұйықтығы	THZY4 немесе DOT4	(950 ± 50) мл

Электрлі жетектің сипаттамалары

Параметр	Мәні
Моделі	XTDM16
Электрқозғалтқыш типі	Тұрақты магниттері бар синхронды электрқозғалтқыш
Электрқозғалтқыштың шындық қуаты (кВт)	160

Тартқыш аккумулятор батареясының сипаттамалары

Параметр	Мәні
Аккумулятор батареясының қуаты (кВт сағ)	79,97
Батарея типі	NCM
Номиналды керуі (В)	352
Аккумулятор батареясының сыйымдылығы (А сағ)	227
Аккумулятор батареясының өндірушісі	Chongqing Changan Automobile Co., Ltd.

Дөңгелектер мен шиналардың сипаттамалары

Шиналардағы қысым

Дөңгелек дискісінің өлшемі	Шиналардың сипаттамала ры	Шиналардағы қысым			
		Жүктемесіз		Толық жүктемемен	
		Алдыңғы	Артқы	Алдыңғы	Артқы
20x8,5J	255/45R20	270 кПа (2,7 бар)	270 кПа (2,7 бар)	270 кПа (2,7 бар)	290 кПа (2,9 бар)

Дөңгелектерді орнату бұрыштары (жүктемесіз)

Параметр		Мәні
Алдыңғы дөңгелек	Бұрылу осінің көлденең еңкею бұрышы	$12,28^{\circ} \pm 0,75^{\circ}$
	Бұрылу осінің бойлық еңкею бұрышы	$5,05^{\circ} \pm 0,75^{\circ}$
	Құлау бұрышы	$-0,329^{\circ} \pm 0,75^{\circ}$
	Түйісу бұрышы	$0,232^{\circ} \pm 0,2^{\circ}$ (жалпы түйісу)
Артқы дөңгелек	Құлау бұрышы	$-1,061^{\circ} \pm 0,75^{\circ}$
	Түйісу бұрышы	$0,124^{\circ} \pm 0,2^{\circ}$ (жалпы түйісу)

Оқиғалар туралы деректер тіркегіші (EDR)

Бұл автокөлік оқиғалар туралы деректерді тіркегішпен (EDR) жабдықталған.

EDR жүйесінің контроллері қауіпсіздік жастықтарын басқару блогына кіріктірілген. EDR жүйесі жазып алған деректерді оқу үшін автокөлікке немесе EDR жүйесінің контроллеріне физикалық қолжетімділік қажет.

Келесі жағдайларды қоспағанда біздің компаниямыз EDR жүйесі жазып алған ақпаратты үшінші тұлғаларға жария етпейді және бермейді:

- Автокөлік иесінің немесе жалға алушысының келісімімен.
- Құқық қорға органдарының, соттардың немесе үкімет ұйымдарының ресми сұратуы бойынша.
- Сот талқылауларында жеке қолдану үшін.

Қажет болса, EDR жүйесі жазып алған ақпарат келесі мақсаттар үшін қолданыла алады:

- Көлік құралдарының қауіпсіздігі саласындағы зерттеулер және әзірлемелер.
- Көлік құралының иесі және оның көлік құралы туралы ақпаратты жария етпестен зерттеулер және әзірлемелер үшін деректерді үшінші тұлғаларға беру.

Қолданылатын қысқарған сөздер тізімі

Қысқарту	Ашып жазу
ABS	Тежегішті блоктауға қарсы жүйесі
ACC	Бейімделетін круиз-контроль
AEBS	Автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесі
AR-HUD	Шынайы көрініспен толықтырылған проекциялық дисплей
ALR	Автоматты түрде бұғатталатын тарту құрылғысы
APA	Тұраққа қоюға көмектесетін автоматты жүйе
AUTO APPLY	Автоматты қолдану
AUTO HOLD	Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы
BDC	Шанақтың орталық контроллері
BCU	Аккумулятор батареясын басқару блогы
CAB	Қауіпсіздік қалқасы
DAA	Қозғалысты бастауға көмектесетін жүйе
DAB	Жүргізушінің қауіпсіздік жастығы
DBF	Динамикалық тежеу функциясы
DVR	Цифрлық бейнежазғыш
EBD	Тежеу күшін үлестіретін электрондық жүйе
EDR	Оқиғалар туралы деректерді тіркегіш
EDS	Күштік агрегат
ELK	Қозғалыс жолағында төтенше ұстап отыру жүйесі


Қысқарту	Ашып жазу
ELK re	Жолдың жиегіне жақындаған жағдайда жолақта шұғыл ұстап отыру функциясы
ELK_LCS	Жолақтың ортасынан ауытқыған жағдайда жолақта шұғыл ұстап отыру функциясы
EPB	Электрмеханикалық тұрақ тежегіші
EPS	Рульмен басқару жүйесінің электрлі күшейткіші
ESC	Тұрақтылықты бақылау электронды жүйесі
ESL	Селектордың электронды иінірегі
ESP	Бағыт тұрақтылығын сақтайтын электронды бағдарлама
HMA	Фаралардың шалғай жарығын ауыстырып қосу жүйесі
HDC	Ылдиға қарай қозғалу кезінде көмектесетін жүйе
HNC	Өрде қозғалысты бастауға көмектесетін жүйе
HTR	Қызып кеткенде тежеу күшін реттеу жүйесі
IACC	Кіріктірілген бейімделетін круиз-контроль
IP	Аспаптар тақтасы
LAS	Жолақпен қозғалу кезінде көмектесетін жүйе
LCA	Жолақ ауыстыруға көмектесетін жүйе
LCD	Сұйық кристалды дисплей
LDWS	Қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту жүйесі
LED	Жарықдиод
OTA	Сымсыз байланыс технологиясы
PAB	Жолаушының қауіпсіздік жастығы

Қысқарту	Ашып жазу
PDU	Электрмен қоректендіруді үлестіру блогы
PTC	Оң температура коэффициенті
RAR	Артқа жылжып кетудің алдын алу функциясы
RCTA	Артқы жүріспен шығу кезінде көмектесетін жүйе
RCTB	Артқы жүріспен жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесі
RCW	Арттан соқтығысу туралы ескерту жүйесі
SAB	Бүйірлік қауіпсіздік жастығы
SEA	Автокөліктен түскен кездегі қауіп туралы ескерту жүйесі
SBR	Тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің сигнал бергіші
SRS	Пассивті қауіпсіздік жүйесі
SVDC	Автокөліктің интеллектуалды орталық контроллері
TBOX	Телематика жүйесінің блогы
TCS	Бос айнарудан қорғау жүйесі
TFT	Жұқа үлдірлі транзистор
ITMS	Кіріктірілген температураны бақылау жүйесі
TPMS	Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі
TSP	Телематика қызметтерін көрсетуші
ISA	Интеллектуалды жылдамдықты шектеу жүйесі
USB	Әмбебап бірізді шина
VIN	Автокөліктің сәйкестендіру нөмірі

Апаттық-құтқару жұмыстары кезінде шанақты кесу аймақтары

Автокөлік шанағының элементтерін кескен кезде құтқарушылар сәйкес құралдарды, мысалы, гидравликалық кескіштерді пайдалануы, сондай-ақ күрделі жарақаттардан сақтану үшін сәйкес жеке қорғаныш құралдарын киіп жүруі тиіс.

Жол-көлік оқиғасы жағдайында жүргізушіні және жолаушыларды қорғау үшін автокөлік шанағы беріктігі жоғары болаттан жасалған элементтермен күшейтілген. Оларды кесу арнайы жабдықтың көмегімен жүзеге асырылуы тиіс. Жоғары температуралар мен жоғары кернеу аймақтарындағы, соның ішінде төмендегі суретте көрсетілген қауіпсіздік жастықтары жүйесінің элементтерінің және автокөліктің жоғары вольтті компоненттерінің жанында орналасқан шанақ панельдерін кесуге тыйым салынады.



ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ СТАНЦИЯЛАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

(Техникалық қызмет көрсету станциялары туралы ақпаратты төмендегі кестеге енгізіңіз.)

№	Станцияның атауы	Станция нөмірі	Мекенжайы	Телефон
1				
2				
3				
4				
5				
6				

ЖӨНДЕУ ТАРИХЫ

№	ТҚКС нөмірі	Жөндеу күні	Жүрілген жол	Ақаудың сипаттамасы	Тапсырыс-өкімдеме нөмірі	Ауыстырылған бөлшектер	Кепілдік шеңберінде	Техникалық қызмет көрсету станциясының мөрі
1							Иә ☐ Жоқ ☐	
2							Иә ☐ Жоқ ☐	
3							Иә ☐ Жоқ ☐	
4							Иә ☐ Жоқ ☐	
5							Иә ☐ Жоқ ☐	
6							Иә ☐ Жоқ ☐	

7							Иә ☐ Жоқ ☐	
8							Иә ☐ Жоқ ☐	
9							Иә ☐ Жоқ ☐	
10							Иә ☐ Жоқ ☐	
11							Иә ☐ Жоқ ☐	
12							Иә ☐ Жоқ ☐	
13							Иә ☐ Жоқ ☐	
14							Иә ☐ Жоқ ☐	

15							Иә ☐ Жоқ ☐	
16							Иә ☐ Жоқ ☐	
17							Иә ☐ Жоқ ☐	
18							Иә ☐ Жоқ ☐	

**ЖҮЙЕЛІ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ
КӨРСЕТУ ТАРИХЫ**

Сату алдындағы дайындық
Тапсырыс-наряд №: _____
Күні: _____ Жүрілген жол: _____
Дилердің мөрі:
Сервистік кеңесші: _____
Қолы: _____
Бірінші ТҚК (5000 км)
Тапсырыс-наряд №: _____
Күні: _____ Жүрілген жол: _____
Дилердің мөрі:
Сервистік кеңесші: _____
Қолы: _____

15 000 км

Тапсырыс-наряд №: _____

Күні: _____ Жүрілген жол: _____

Дилердің мөрі:

Сервистік кеңесші: _____

Қолы: _____

25 000 км

Тапсырыс-наряд №: _____

Күні: _____ Жүрілген жол: _____

Дилердің мөрі:

Сервистік кеңесші: _____

Қолы: _____

35 000 км
Тапсырыс-наряд №: _____ Күні: _____ Жүрілген жол: _____ Дилердің мөрі: Сервистік кеңесші: _____ Қолы: _____
45 000 км
Тапсырыс-наряд №: _____ Күні: _____ Жүрілген жол: _____ Дилердің мөрі: Сервистік кеңесші: _____ Қолы: _____

55 000 км
Тапсырыс-наряд №: _____ Күні: _____ Жүрілген жол: _____ Дилердің мөрі: Сервистік кеңесші: _____ Қолы: _____
65 000 км
Тапсырыс-наряд №: _____ Күні: _____ Жүрілген жол: _____ Дилердің мөрі: Сервистік кеңесші: _____ Қолы: _____



75 000 км
Тапсырыс-наряд №: _____ Күні: _____ Жүрілген жол: _____ Дилердің мөрі: Сервистік кеңесші: _____ Қолы: _____
85 000 км
Тапсырыс-наряд №: _____ Күні: _____ Жүрілген жол: _____ Дилердің мөрі: Сервистік кеңесші: _____ Қолы: _____

95 000 км
Тапсырыс-наряд №: _____ Күні: _____ Жүрілген жол: _____ Дилердің мөрі: Сервистік кеңесші: _____ Қолы: _____
105 000 км
Тапсырыс-наряд №: _____ Күні: _____ Жүрілген жол: _____ Дилердің мөрі: Сервистік кеңесші: _____ Қолы: _____

